


ШАПАУ ҚАШАУҰЛЫ



ҒҰМЫР  
ҒИБРАТЫ



Шапау Қашауұлы

*Ғұмыр зибраты*



Қарағанды, 2022

## **Шапау Қашауұлы**

Ғұмыр ғибраты. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2022. - 190 бет.

Шапау Қашауұлы 1948 жылдың 12 қыркүйегінде Жанаарқа ауданы Ақтау ауылының Райыс елді мекенінде дүниеге келген. Еңбекке ерте араласқан бозбала жігіт жасынан қазақтың қариялық сөздеріне ден қойып, аңыз-әфсаналарды зердесіне тоқып өсті. Ауыл шаруашылығы қызметтерінде басшылық қызметтер атқарған Шапау үнемі ат үстінде болып, дала сырын жүрегіне түйіп өскен қазақ. Қолдарыңызға тигелі отырған бұл кітап зерделі азаматтың көне көз қариялардан естігендері мен халықтың бай ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын көңіл сүзбесінен өткізіп, түсінгенін зерделең, түсінгенін қорытқан ойлы, тағылымды түннелерден құралған. Кітап ата-баба дәстүрін дәріштейтін бүгінгі ұрпақ пен көшпелі оқырманға арналған.

© Шапау Қашауұлы, 2022

© «Medet Group» ЖШС, 2022

## **Бір сәттік дүние**

Менің бала кезімде Ақтау тауының күп бағыс жақ алдында көп мал қыстаулары болды. Атап айтқанда: Балүңгір, Қараяңгір, Тайбағар, Жекетау, Қайнар, Саңқай, Дүйсенбай көңі, Сүйінбай көңі, Қоңқар көңі, Бекмағанбет, Қаксал көңі, Байбосып көңі, Қарабұжыр, Балабұжыр, Райс, Қарашоқы. Әкем мені жанына ертіп алып осы қыстауларды аралатып көрсетті. Қыстаулар сайдың сал-саласына салынғандықтан арасындағы қатынас жолдары жалғыз аяқ соқпақ болатын. Мен орта мектеп бітірген соң 1966-жылдан 1975-жылға шейін тоғыз жыл әкемнің қойшылық таяғын алып қой бақтым. Осы жылдар ішінде Ақтау тауының айналасын атпен де, жаяу жүріп те сан мәрте айналып, аралап шықтым. Аң аулауға құмарлықтың салдарынан жылдың төрт мезгілінде, адам жүретін соқпақпен де, аң соқпағымен де, шаршап-шалдығып кезіп бақтым. Бұдан көп жылдар бұрын осы қыстақтарда қыстап отырған малыны қауымы қыста бір-біріне осы жалғыз аяқ жолмен қатысып (боранда, тұманда, түн кезінде де) отырышты. Бір есімде қалғаны Жүнісов Рахмеди деген әкеміз күз аяғында атпен шылбырынан жетектеп жүріп жалғыз аяқ соқпақ жолдың тасын алып газартып жүргенін көрдім.

Ақтау тауының тастары көбіне ақ тас болғандықтан "Ақтау" атапған шығар. Алыстан қарағанда керілген ақ шымалдық сияқты көрініс береді. Сайларындағы бұлақ басына өскен терек, долана, ырғай, шырғай, тал, қараған, тобылғыларының өзі бойшаң болып өседі. Тал-шілік арасына өскен қарақаттары мен итмұрыны мөлдіреп көз жауын алады. Кейінде ел көшіп, адам, мал аяғы баспаған соң алысқа ұзап ақпай, кейбіреулері ызаға айналып қалды. Бұлақтан жоғары өсетін долана ағашының жемістері жанырақ арасынан үзіліп түсер жүзім сияқты әсер береді. Доланың тікені ұсақ құстарға қамқоршы, пана болады. Құғыншы құстар долана тікеніне ұрынып қаламыз деп тайқып кетеді екен. Ерте кезде долана тікенін кесіп алып, қайнатып ішкі ағзаға, сыртқы тері жараларына жағып ем жасапты.

Бұлақтың екі жағына шыққан жалбыз бен киік отының иісі мұрын жарып көкірегіңді ашады. Сонымен қоса аласа өсетін өткір иісті сұр жусан иісі қосылғанда бұлақ басы әтір сепкендей болады. Терек пен талдарға шырмалып өсетін құлмақтары июль айында нағыз піскен уақытында барсаңыз ашыған нан иісі шығып, сиыр емшегіңдей сарғыш гүлдері жіпке өйін қойғандай көрінеді. Бұрындары осы құлмақты теріш алып, нан ашытқысына, сонымен қоса сыра ашытуға пайдаланған. Атпен аралап жүрсең ұйысып өскен шалғын шөбінің өзі аттың алқымын соғып, тұсаулағандай әрең жүргізеді. Неше түрлі гүл көрінісі қалы кілемдей қайталанбас дүние. Жан-жағың қозғалысқа толы, гүлге қонған көбелек,

шырын сорған ара, неше түрлі гүлді тозаңдандыратын қоңыз, шыбын-шіркейлер, талдан-талға ұшып-қонған торғайлар мен көкек үлдері күй ойнаған оркестрдей әсер береді.

Бала кезімізде әкеміздің айтуымен бұлақ көздеріне түскен шөп, тал жапырақтары мен тастарын, су бетіндегі салындысын алып, су ағар аяғын қолмен, қамшы сабымен, не сырық ағашпен (күрек болмағанда) жолын ашатынбыз. Содан кішкене тосып қарап отырсаң мөлдір су, төменгі лай шөп-шаламды қуалап ағып бір тазарып қалады.

Бұлақ басынан тұнады, су анасы бұлақ, жол анасы аяқ дегендей. Жер ананың өзі тіршілік бар жерде ғана көрікті, оның өзінде адамдық жанашырлық жасасаң.

Арқары тау басында асыр салған демекші, көктем шыға арқарлар Ақтау тауының елсіз аласа тауларына екі-екіден бөлініп, өздеріне қолайлы жерді, су көздеріне таяу маңды мекен етеді. Қысқы өлі жүні түсіп қызылкер жүн шығып жер өңіне қарай астасады. Арқардың сақтығы да өзгеше, құлағы әр дыбыстың қай жақтан шыққанын айнығпай айырады.

Бір-біріне хабарды түмсығымен пысқырып немесе алдыңғы аяғымен жерді теуіп жеткізеді, қозысын қызғанған қой сияқты. Сезік алып қашқанда, жоғары не төменге қарай, қасқыр мен тазылар ілесе алмай қалып, жартасқа бекінгенде (текшеге) ешқашан алдырмайды. Адамға қарама қарсы қарап тұрғанда айбаттылығы сондай (тас қиясында тұрғанда) кейде сескенесің. Туған қозылары түсі қоянның көжегіне ұқсас және иіссіз болады. Қанып келе жатып тасаға қимылысыз жата қалса өмірі таба алмайсың, тек шыбын қакқан құлағы қозғалып содан ұсталып қалады. Жаз-күз айлары бойы елсіз жазық аласа тау-төбелерге жайылып семіріп, қонданып қар беки Ақтау тауының сілеміне шығады. Ол кезде таудың бір түп көдесі мен жусаны төңкерілген табақтай ұйысып өсіп жетіледі. Бұл кезде арқарлар үңгірге топтасады да жеңімпаз құлжа иелік етеді.

Олар жайылғанда да жатқанда да күндіз-түні кезектесіп қас қакпай күзетеді. Қыста көбіне үйірімен жартас маңына таяу өскен арша арасына жатады. Қауіп төнсе, жартас кемеріне тұрып алып қорғанады. Жазда да солай. Көлемді арша арасының топырағын шұңқырлап ойып, соған жатады. Сол ойылған жерден бауырымен салқындық алып шөлдемейтін шығар. Арқарлар бір тастан екінші тас арасына, суат арасына сайдан өтер кезеңге жалғыз аяқ соқпақ салып бөгетсіз өтетін болады. Өйткені секем алып қашқанда кедергісіз сол соқпағы арқасында қашып құтылады. Кейбір көзімен көрмеген адамдар, арқар биік жартастан басымен секіреді дейді, анығында олай емес, тастан-тасқа құзға секіргенде тек төрт аяғымен тең келіп түседі.

Құрыш қолды білекпен, балтырдан күшті дене жоқ дегендей. Қыстың секірік аязында, қырау басқан қарлы тау беткейінде маңғазданып жайылып қатқан арқарлар тобын көргенде табиғат жаратылысына таң қаласың.

Қараүңгір деген қыстақта қыстағанымызда 1964-жылы кешке қарай тау басынан төмен қарай түсіп келе жатқан арқарлардың алдынан жақпар тасарды паналай отырып тосып алатынымын. Әрине әуестік. Үйден 250-300 метрдей жерде арқартас деген бөлек, биік жартаас бар. Сол тас тасасына тығылып отырып, өзімнен отыз-қырық қадамдай жерге келіп жайылған арқарларды тамашалаймын. Өмірде қайталанбайтын көріністі көріп, керемет сезімге бөленесің.

Таудың көркі, батырлардың сұсты жүзін көргендей әсер аласың. Мүйіздері шаңырақтай, түйе құлақ, ұзын кірпікті өткір көздері қиырды шалатын, дене қозғалысы маңғаз, иек астынан бастап тосі, бүкіл бауыры күйіскандығына шейін аһнақ, екі қапталы сұрғылт, жоп арқасының ортасында, шоқтығынан құйрығына шейін қара қылшық жал сияқты сызығы болады. Алдыңғы екі аяғының бақайлары артқы аяғының бақайынан үлкен болады.

Таутеке тау сұлулығының шыңы десе болады. Сакалы сапсынып, биік жақпарға шығып алып, мәрмәр қос мүйізі қолға ұстаған қос алдаспандай ұшы жоғары шапшыла тұрғанда кереметтің кереметі.

Арқар мен Таутекенің қылшық жүнінің арасында өте майда түбігі бар, құс жүнінің су жұқпайтынындай ол да суық пен желді өткізбейді. Арқар қара етті болады. Майды Құлжалары желкесі мен төсіне, қойы сүбесі мен ішіне жинайды.

Жылдың төрт мезгілі тылсым тіршілік үшін өмір тынысы. Қыста шаң-тозаңнан тазарып, өсімдік атаулы тыныс алады, адам мен жан-жануарлар да суықтан сақтанып қымтанады. Көктем - аты айтып тұрғандай, жер ана оусанып, жылы күн нұрымен айналасып тіршілік нәрін береді.

Адамдар мен жан-жануарлар да, өсімдіктер де көктем шуағына кенеліп, шаттыққа бөленеді. Мал төлдеп, мал аузы көкке тиіп, адам аузы аққа тиеді. Жер жасыл желек киіп жаңарады. Көктемгі қар суымен сай-сала жуылып, жылы ақ жауынмен тау-тас, иен дала жуылып жаңарады. Кәрі жасарып, жастар қызғалдақтай құлпырып қауыз ашады. Қой қоздап қорада шу дегендей бір күнгі тырнаның тыруы, қаз-үйрек үндері, ұшып өткен аккумулятының қайталанбас сыңғыры, сәскедегі көкке қалықтап көтерілген өзгөрғай шырылына не жетсін.

Көктемде өзім көзіммен көрген бір жағдайға әлі күнге таң қаламын. Баланың жұдырығындай даланың боз торғайы жердегі өскен бір түп көденің түбіне ұя салып 3-4 жұмыртқа басады. Бір отарда 700 бас қой бар, 1800 сирақ бар. Осы қой отарының аяғы бір түп көде түбіндегі ұяны өлшеуіне, жаратқан ие өзі қағып қорғайды-ау деген ойға қаласың. Өлде еш жерде жоқ демесең қой да сол жерде ұя, жұмыртқа барын сезіне ме екен? Жайшылықта бір кішкене жерде жатқан затты қой тұяғы қағып домалатып оқиқа жерге алып кетеді ғой. Тағы бір тылсым ұғым, өткен көктемде ұя

басқан қарлығаш, келесі жылы аман-сау қалғандары сол ұясына жеткенше асығады екен. Судағы балықтар да солай, ұылдырықтан шабақ балық болып өскен жеріне, су сағасына өлермендікпен азан шегіп жетеді екен, тірі қалғандары.

Адамдар да туған, кіндік қашым тамған жерім, отаным деп өмір кешеді. Ұйқыда болсаң түсіңе кіреді.

Жаз деген атына сай, бүкіл тіршілік қайта қыс, көктем болмайтындай ашылып-шанылып той-тойлап қалай өткенін білмей қалады. Жайлаудағы қатар қоныстанып отырған малшы ауыл бір-біріне ерулік беріп күнде шақырыс болады. Жиналып алып, қыдырып қымыз ішу, белқа ойнау, домбыраншыларға күй тартқызып тыңдаудың өзі бір ганибет. Шешелеріміздің жұмысы өмірі таусылған ба, бие байлау, сиыр сауу, қаймақ қайнатып, май шайқау, іркіт жинап күрт қайнату, ірімшік дайындау тағы тағылар.

Жалғаса беретін тіршілік сияқты жаз өтін семіз сарала күз келеді. Өсімдік атаулы пісіп-жетіліп, егін сарғайып, шөп шабу, тасу, күзем алу, қойдан қозы айыру, қой-ешкі сауу, қарбалас шак болады.

Қатар көрші ауыл әйелдері бірігін жүн сабап, киіз басу салты жалғасады. Бойлап өскен ши алқабынан ши тартып, қауызын аршып ши тоқу да жұмыс.

Күрт қайнатқанда сырлы ағаш қасықпен күрт көбігін таласа-тармаса жалайтынбыз. Түн асқан қазандағы піскен сүт бетінің қағп татыған қалың қаймағын айтсаңызшы. Қазан түбінің күйген қаспағы да тәтті болушы еді. Күзге қарай күзеуге қонысымен біздер, балалар қап-қап ақ жана, кара, аң арасынан шөмшек, тал арасынан томар жинап, отынды мол егін жинап, сыртынан құрым киізбен жауып қоятынбыз. Жауып-шанып болып тамақ пісіруге, киім кештіруге құрғақ отынның көп болғанын қалаймыз.

Тағы бір шаруа алабота жұлып, оны тақыр тас үстіне ортеп сақар дайындау. Оны май қосып қайнатып кара сабын дайындайды. Сабын шайқаған үйден қол басындай бұзаушық сабын алатын. Қойшылар қой отарын ерте өргізіп, түсте далаға жусатып ауылға інірде оралатын. Қойды көктемде 7-күн, күзде 7-күн апына жаю керек деп отыратын әкеміз.

Қозысынан бөлген аналық қой жаюы келіссе жылдам қонданады. Қысқа шелді түскен қой отары, жатар орын жарты құрсақ дегендей қора іші таза жылы болса күйін бермей көктемге шығады. Күйлі саулықтар қозысы да тез жетіліп семіреді, құйрығын көтере алмай қалған қозыларды талай көрдім. Оның бәрі ауа райының тазалығы мен шөбінің шүйгін құнарлы болуы салдарынан екен. Жылдар өте келе ауа райы да адамдар да өзгеруде ғой. Сол кездегі әкелеріміз күздің, тал-теректің сарғайып түскен бір жапырағын алақанына салып қарап, е, біз де бір күндері осы сары жапырақтай, сары соқпақтан ауып кетерміз деп ойлаған да шығар. Бұрынғы әкелеріміз бен шешелеріміз ақ-көңіл, адал жаңдар екен. Бір-біріне туыс

бауыр болып күн кешітті. Бір ақсақалға сәлем берсең сәлем алып, қай баласың деп сұрайтын. Мен әкемнің атын айтсам, ой, өз балам екенсің ғой деп, не жиен, не құда бала екенсің деп өзіне бір туыс етін алатын. Үлкен шешелеріміз бұзауын айдан әкелін берсең не суын жеткізіп берсең көп жаса қарағым, мұғалім бол деп камзолшың қалтасынан тәтті немесе күрт алып беретін. Біз де жанымыз қалмай көмектесуге дайын тұратынбыз. Бұл күнде сол әке-шешелеріміздің жасына біз де келіп, өткен жыл, күндерді еске алып, қазіргі уақытпен салыстырсаң, сол өткен уақыт әлдеқайда жақсы екен. Сол әлеуметтік жағдайдың төмендігінің өзінде жоқ деген сөзді ауыздарына алмаған екен. Ауыздарынан Алласы түспеген, ешкіміе қиянаты жоқ, қонақжай қариялар өмірі бір-бір дастан екен. Өзім жүрген, көріп-білген сол жалғыз аяқ соқпақпен енді кім жүрер дейсің? -тек аңдар ғана жүрер, жүрсе.

Жаз деп едің күз болды, күз деп едің қыс болды, бұл не деген іс болды,- депті бір үйленбеген сұрбойдақ жігітке құрбылары. Сол сияқты күз бітіп қыс басталды.

Алғашқы ақулла қар түскенде жер беті ақ қорне жамылғандай қоз қарықтырып, суық ызғар денесіңді шымырлатады. Қар жауғаннан кейін, тазыңды ертін, атқа қонсаң қолыңа сойылна алып түлкі қакқан қандай қызық. Түлкі аулағанда ағып алу, қакқанмен алу қызық емес, қызығы: түлкі қанып, тазың жетін аузына түсіре алмай, түлкі олай жалғарып, былай жалғарып құтылып кете алмай, өзің артынан далақтап шауып келе жатсаң нағыз қызық осы. Тазы енді жетін күйрыққа ауыз сала бергенде қу түлкі күйырығын бір жағына бұра қашқанда тазы жер қауып, кейде құлап қалып, тұра сала ызаланғанынан үріп-үріп жіберіп, тағы да әй сені ме деп қайта ауыз сала бергенде күйырығын жоғары көтеріп жеткен тазының діңкесін құрғалды. Тазы да қууға шамасы келмей, кейін қалған кезде болдырған түлкі қашуды қойып өзіне қарай шабады, ат үстінен аған сермегенше ат бауырына кіріп үрғызбайды. Қуған тазы мен қашқан түлкінің болдырып екі жерге құлағанын көресің. Түлкі көзі мөліін, артқы екі аяғын кеудесімен сүйретіп, тілі салақтап жантая құлады. Мен де аттан түсе салып қолымдағы құрықшамен түлкіні кеңсірігінің үстінен бір ұрып қолымның қышуып қандырдым. Нағыз қызықтың көкесі осы. Ат та қара терге түсіп, омырауынан ақ көбік пашып, екі бүйірін соғып жүр. Мен де ыстықтағаннан киім омырауын ашып, бас киіммен маңдай терімді сүргемін. Тазы екі өкнесін соғыш шөкесінен түсіп, қар қауып шөлін басуда. Түлкіні құйрығынан алып жерге үйіріңмен үш тоғыз деп үш рет соғып қашжығаға байлайсың.

Бұрынғы кезде екі түлкі айдалада кездесіп, бірін-бірі иіскен тұрғанда оқыстан келіп қалған аңшыларды көріп, ал қаштық, енді қашан кездесеміз



дегенде, екіншісі мыналардың сықпыты жаман екен, енді тымақ базарында кездесерміз депті дейді.

Түлкінің ажалы жүзінің қызылдығы дейді екен. 1958-жылы Райс қыстауын қыстадық. Мен үшінші класта оқимын. Мектеп Жекетау қыстағында, арасы бес шақырымдай жер. Атпен барып-келіп оқимын. Боран күндері бара алмай қаламын. Қыстаудың солтүстік жағында елу метрдей жерде бір кішкене төбешік бар, күнгей беті ылғиы кара жер болып жатады. Жауған қарды қатты жел қағып кетеді. Сол жерге шілдер келіп теуіп жайылады. Борасын, сырма жүргенде тепкен жерінен анда-санда көтерген бастары ғана көрінеді. Сабақтан келгеннен кейін соларды аңдып қарап жүремін. Бір күні шешем, әкемнің атының құйрығынан ұзын бір бұрымынан қыл жұлып әкел, саған шілге құратын тұзақ жасап берейін деді. Мен қуана келісіп айтқанын орындалым. Шешем қылдан біраз дұзақ жасап, жіңішке жіпке қатар дізін байлап жел тұзақ дайындап берді. Екі басына кіші темір қазық жасап, шіл жайылатын төбеге апарып құрдым. Тұзақтың екі жағына майда шөп ұптағына араластырып жем шаштым. Оқуға барып келген соң, шілдер қашан келер екен деп шыдамсыздана күттім. Бір кезде сай жақтан қиғыт-қиғыт деген шілдің даусы шықты. Алдында бастаушысы бар жиырма төрт шіл үйірі бірінің соңынан бірі жүгіріп тұзақ құрған жерге келе сап, шашылған жемді таласып-тармасып теріп жей бастады. Мен де иә, сәт деп, көз айырмай қараудамын. Бір кезде бір шіл екіншісін қуамын дегенде мойынынан тұзаққа түсті. Сол мезетте, мен де орнымнан тұра сала тұзаққа қарай жүгірдім. Мені көрген шілдер керілген тұзақ астынан ұша жөнелгенде тағы екеуі тұзаққа түсті. Келе сала біртіндеп бауыздап алып үйге жүгірдім. Үйге кіре шешеме үш шіл әкелдім деп қуандым. Шешем де қуанып, тұзағың қанды болсын деп жатыр. Қайтадан тұзақ көздерін көзден қалпына келтіріп қойдым. Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі тамағы үшін, тамақ шіркіннің істетпейтін амалы бар ма?

Бір сағат өтпестен шілдер қайта келді. Бұл жолы сабыр сақтап қарап отырдым. Жем теуіп жатқан шілдер ешқайда назар аудармайды. Бір шіл аяғынан тұзаққа түсіп, жан-жағына қанатымен талпынып басқаларына маза бермейді. Бір кезде екінші шіл мойынынан түсіп ол да көтеріліп ұшам деп қос қанатын жайып жоғары секіреді, тұзақ жібере ме дәрмені таусылады. Жанындағы шілдер жерді тауық құсап құшырлана тебеді. Енді үшінші шіл аяғынан түсті, үш шіл жан-жағын ұйпа-түйпа қылып далбалақтағанда басқалары енді есін жигандай, қиғыттан келген жағына қарай дүр көтеріліп ұша жөнелді. Қыстың қысқа күні кешке ұласып, мен алты шіл олжаладым. Сонымен сол үйірден жалғыз шіл ғана аман кетті. Енді шіл аулау аяқталған шығар деп сабағым мен үй ішінің жұмысымен жүргенде, әкем қойды қоралап, атын ашық арадағы шөп салған оттығына байлап үйге кіріп, балам, тұзаққа екі шіл түсіпті, барып алып кел деді. Жүгіре шығып қарасам шынында екі шіл тұзаққа түсіпті. Екі шілді бауыздап алып, тұзақтың

маңына қайтадан жем шашып қойдым. Сөйтсем далада шіл үйірлері көп болар екен.

Аталарымыздың шілдің боғындай шашылған казак деп айтқан сөзі, жанама ма деп ойлаймын. Үйіткені сайда, қалың жыныс тобылғы, қараған ирасында қысты күні топталып ұйысып түнеп шыққан шіл киі табак пумағындай болып кездеседі. Шілдердей ұясымен жүретін құс көрмедім. Үядан шыққандары қашан жұп құрып кеткенше.

Шілге ұқсас бұлдырық, бөдене еті де адам ағзасына пайдалы жеңсік пе. Бұлдырықтар да тобымен жүретін шөл құсы. Ең ақыры екі аяғының тирбиған табандарының өзі жүн өскінімен қапталған. Шөлде, ыстық құмда жүргенде аяғын осы өскіндері ыстықтан қорғайды. Бұлдырықтар шөлге төзімді, түйе сияқты құстас санатына жатады. Бірнеше күн су ішпей, ыстық құм алкабында өмір кешетін құс. Бірнеше жүздеген, су көзінен алыс ғұмыр кешкенде шыдамдылығы олар су көзіне келіп шөлін басқанда әрқайсысы 250-300 грамдай су ішеді екен. Машинамен қара жол үстінде келе жатсаңыз оң, оң бес бұлдырық жол жиегіне шөп дәндерін теріп жеп жүргенін көресіз. Шауыры төсінен бастап қара жүн өскен, құйрығы қарлығаштың құйрығындай екі айыр болып келеді.

Көктем кезінде, сусыз далада ұя басатын тарғақ құс та өз алдына бір ерекшелігімен танымал. Қой жайып келе жатқанда қай жерден шыққаны белгісіз, аяғы-аяғына жұқпай жүгіре жөнелгенде таң қаласын. Жұмыртқасын тегіс жерге салып, сақтығына ешбір теңеу таппайтын құс. Үшпа кезімізде тарғақ жұмыртқасын тауып алсаңдар пісіріп жемендер, жесендер беттеріне секпіл түседі деп әке-шешелеріміз айтып отыратын.

Осындай құс санатына жататын, көктемде суы көлкіп жататын ең дауыт жерді мекендейтін құс қызғыш. Бала күнімізде төбемізге шүйіліп, бұл жер біздікі, кетіңдер деп, ең аяғы итке шейін қуалайтын. Әсіресе қоразы, қашан сол аймақтан кетіп қалғанша маза бермей қуалап тыным ішпайтын. Аңдар інін қорғап, неше түрлі іс-әрекетке барса, құстар да өсіп-өту кезінде тыным алмайды. Кей кезде адам баласы осы аң-құс құрлы өмір кешуге дәрменсіздік көрсетеміз ғой.

Біз адамдар, дүниені жасаймыз, өркендетеміз, әрі жауызбыз, жасғанымызды шағып күл-қоқысқа айналдырамыз. Адам деген киелімізді бір деңгейде ұстап тұрудың өзі таразы тасындай аумалы-төкіпсіз кезеңге келіп толғандыруда. Жас кезімізде албырттық па, ештеңеге мән беріп, көп ойланбайтынбыз. Осы күні ертең не болар екен, ылғый жиксылық-тыныштық болса екен деп тілеу тілен, атқан таңнан бір үміт күтін оянасың.

Бұрынғы өткен әкелеріміз бен шешелеріміз сияқты күздегі сарғайған жыпырақтай, жел лебімен тал бұтағынан үзіліп, шиыршық атып жерге түсерміз.

## Өз ой-пікірім

Біз кімбіз, қайда барамыз? Осы сұрақ мені ойғандырып маза бермейді. Әрине өткен өмірге өкінбейсің. Өкінесең де өткен өтті қайта оралмайды.

Мен де бұл күнде балалықты, жігіттікті, азаматтықты басынан өткерген, жақсы-жаманды айыра білетін жасқа келіп отырған зейнеткермін. Сарыарқа оның ішінде Жаңаарқа ауданына қарасты Ақтау тауының баурайындағы Райс қыстауында өмірге келіп, жақсы-жаманды көріп, ащы-тұщысын татқан, қазақ десе ішкен асын жерге қоятын, салт-сананың, қазақы дәстүрдің жоғары тұруына ат салысатын бір кішкене ғана шалмын. Қазақ болғаннан кейін, еліңнің, жұртыңның амандығын тілеп, ел мерейінің үстем болуына өзіңше ат салысасың. Кеше қандай болып едік, бүгін қандай болдық, ертең қандай боламыз деп ой түйесің. Қазақ елінің хандық құрған уақытынан бастап, нелер заман өтті, аштық, отарлаушылық, атып-асу, қырғын соғыс, тым-тырақай шет елдерге қану, міне қаншама зұлмат біздің елдің басынан өтті. Сонда да орынында бар оңалар дегендей, кешегі желтоқсандағы қыршыпшынан қиылған ұл-қызларымыздың бұғау бұзып, өмірлерін құрбан етіп елімізге әнерген тәуелсіздігін әрі қарай қалай жалғастырамыз? Гәп осында.

Ел ерге қарайды деген, қарапайым қазақ кімге сеніп, өркенден өседі, әлеуметтік жағдайын қалай көтереді? Әрине өздері. Осы өздері дегенде ең бірінші елдің білімділігі мен денінің саулығы керек-ақ. Оған да, елге жақсы көшбасшы, ақ-адал, керуенбасы, азамат болса. Халық қой сияқты момын, серкесі болмаса алға бір аттап баспайды, ал жақсы көсем болса, ықты-жарды тыңдамай өтетін жерінен өтіп, баратын жеріне жетеді. Тағы да өзімізге өзіміз қарсы шығамыз. Қазақ халқын өссін-өркендесін деген басшы өзін-өзі жарнамаламайды. Еліміздің жерің, отан ана байлығын, жер-ана байлығын келешек-болашақ ұрпақтар үшін көзінің қарашығындай сақтауы тиіс. Жердің асты-үсті байлығын халық өзі көрсе әлеуметтік жағдайы әрине жақсы болмақшы.

Бүгінгі күнгі қазақ елінің байлығы, шет ел инвесторларының қолында болып, өзімізге көбігі мен қаспағы ғана қалып отыр. Бұл біздің биліктің жалпақ шешейлігі. Өзі жақсы болып өмір сүрсе, атағы жер жүзіне жайылып мәлім болса болғаны. Қарапайым халық, тағы мен қарақан басы үшін садаға, олай демесеке амалың жоқ. Бір қарапайым мысал: Мен қысқы соғымға 6-7 жылқы сойып, көршілерімді күнде қонаққа шақыра берсем, менен жақсы адам жоқ. Бәрі де мені қоллаптап, атымды барған жерлеріне айтып, шашбауымды көтереді. Мені солай дәріптеп жатқанда кеудеме нан пісіп, жан-жағымды көруден қаламын. Менің ойыма, дүниеде мен ғанамын деген сана қалыптасып, маңайыма өзімді қорғайтын тобыр-топтан

баскасына көз қиығым түспейді. Басшы солай адасады. Алсақан басшы ең бірінші - өзінің, өз елінің ана тілін қадірлемейді, қазақтың салт-дәстүрін ұмытады, келенек жастарға басқа тілді оқытады. Олай дейтініміз бүгінгі күні қазақ баспасөзі мен теле-радио хабары, ауылдан-астанаға шейін шет ел тілімен жазылған жарнамалар куә.

Үркердей қазақ елі енді ағылшын болып, не біздің жерімізге ағылшындар көшіп келіп тұра ма?

Осы уақыт аралығында, еліміздің білім саласының өзі көкпарға түсіп, кім қалғалы болса сол маман болып диплом алуға. Сол оқу бітірген жастар мамандығы бойынша жұмысқа орналасса күба-күн. Өкініштісі денсаулық саласы бойынша бітірген кейбір жастар, ауырып барсаң қай жеріңіз ауырады деп өзіңнен сұрайды. Басың ауырып, балғырдың сыздаса, ішетін дәрің У болып жатса, өркениетті ел қатарына қосыламыз деп оқып жатқан жастарымыз жұмыс іздеп, білім қуып шет ел асып жатса, тамақ-киім бағасы өсіп жатса, ел ішіндегі келеңсіз жағдайлар өршіп жатса, жемқорлар жұтып жатса, күнделікті шығып жатқан ата заңымыз кімді қорғап, кімге арапаны болмақ. Шығып жатқан заңда осы күні күйірығын ұстатпайды.

Бұрынғы Қытай елінің басшысы - Мао сияқты аныла сайрауына да жете алмай қалдық.

Құлағымыз есектікі, көзіміз қояндыкі, тіліміз үре алмайтын ит басынджидікі болды.

Заман өзгерді дейміз, заман емес қой бағатын қойшы өзгерді. Қоралап ашығып шыққан қой, қойшыға қайыру бермей ай далаға құрай қуалап шашылып кетеді. Тойынғанша басы қосылмайды. Отарды қайырып қораға қамау үшін де, көп еңбек немесе қатал заң керек. Ұлы сөзде ұяттық жоқ дегендей: Жылқы малы тілі жоқ демесең ол да адам сияқты. Жылқыға бірінші не адам болса, екінші иесі үйірдегі айғыр. Үйір үнемі жайлыста болғанда ит-құстан қорғайды, шашау шығармай, қысыр қалдырмай, басқа үйірге қоспай не болады. Айғыр қартайса үйірінен тай-байталды қуып шығады. Басы салбырап, үйір алды емес арғында қалады. Мал баққан қазақ 6-7 жылдан кейін үйірге басқа жас айғыр салады. Жас айғыр қызғаншақ, үйірін шашау шығармай, ықтияттан үнемі сақтықта болады. Ылғи үйірдің алдында, ауылға бастап, айдағанда да алдында ойқастап бастап отырады.

Бүгіндері ел ішінде, атқарылып жатқан әр жұмыс саласы қадағалаусыз болған соң сапасы төмендеп тұтынушылар жапа шегуде. Өмір сүру де, есеппен болғандықтан қазіргі біздің биліктің басқару жүйесі де осы қағидамен жүріп келеді. Биліктің жүйесі, қосылғыштардың орынын ауыстырғанмен қосынды өзгермейді деген теориямен келеді.

Қуанып халық, мінберден ақыл айтқанға,  
Мәз болып пенде кеудеге темір таққанға.

Кімдерге керек алдау сөз бенен марапат,  
Су болып ағып қазынаң шетке кетіп жатқанда.

Ойламаса елінің болашағын,  
Қалың елге араша болады кім.  
Патша болып не керек әкім болып,  
Таба алмаса халқының алашағын.

### **Жер мен адамдар**

Әдетте екі бала асыққа таласып тобелесе, ит терісін бастары қаптайтын ересектер жұдырық сермесіп жаға жыртқысалды. Бір-біріне неде жазып қалғанын өздері де білмейді. Қан соқпа болып арналысып, айқа таласқа түсіп жүрген кара жерге екеуі де құлайды, екеуі де шіриді; Ұр даласында шашылып қалған сүйектері сол күні қираған қылыштың найзаның сынықтарымен бірге, сол күні түскен аттың тезегімен бірге біра жатады да, бір күндері бәрі де тоныраққа айналады. Кеше ғат көкіректеріне симай, дүниенің төрт бұрышын қайта қондырып шықпас тыншымайтындай лепірген өр жүректері ессіз жонның құр құмырсақасының аузында кетеді. Екеуінің де артында қалған екі жетім бал ер жеткен соң әкелері өлген, соғыстан тірі қалған екі еркекке ерін келіп енді олар да алысады: Олар да бір-біріне тісін қайрайды. Олар жермен қос баяғыда қызды-қыздымен бастарын жұтқан екі өліктің де кегін көктейді. Ол екеуінен туған балалардың істейтіні тағы сол. Қара жерге бәрі біі Адамдар пайдам дегенін қылсын. Тірі жүрсе тірі жүргендері ауырысбайды, өлсе өлгендеріне қиналмайды. Әйтеуір, олар бір-бірін қанша кеуде қағып, асып-тасынанымен бұлап басқа барары жоғын жақс біледі. Адамдар бірін-бірі жеңсе жеңер, бірақ бұны жеңе алмайды. Же бетінде қанша қырғын соғыс болса да жеңіс жердікі. Ол үстінде сиыспаға адамдарды астына ап, оп-оңай-ақ сиыстырады. Бұл адамдардың сон неғып ұқпайтындарына таң қалады. Шетінен жер түбіндегіні қозғап өжектеп шыға келеді. Өздерінің жұмыр басы мен ошағының үш бұтыны пайдасына бастары жетпей жатып, әлдеқашан сүйегі қураған аруақт айтады. Аруақ түгендейміз деп жүріп, өздері де аруаққа айналғандары білмей қалады. Тәңірінің көл-көсір жаратқан жеріне қаралай сиыспа қырылысады да жатады; табиғаттың небір жайсаң жадырап, мөлді шашқан күндерінде қойнындағы жарын, қолындағы ұлын, қоралағы малы қызықтамай, біреудің іргесін бүлдіріп кеп, енді өзі іргеге құлағын түріп дүсір мен дүбірлі андып, сыбыр шықса құдайдың қасық кара суынн шашалып жұтып отырғаны. Сонымен тұрмай жанжал-жағаластан сә қолдары босаса, қалғаларына бір кішкене қаражат болса той жасап бәсекеге түсіп қызықтайды.

Көңілінің желі, қолының ебі болса өзіндеі екінші біреумен ұстастырып қояды. Олар бір-біріне ұқсас екі жан иесінің қатар жүрін, қатар тірлік құрғанына ош. Алайда бірін-біріне күртқызбақ. Олар тәңірінің берген екі көзі, екі қолы, екі аяғын да көпсініп, біреуін оққа ұрыпшырып жүреді. Осы бір күн ұрыс, бір күн егес, көрмесе жарылып кете жаздайтын адам пақыр ақыры жаңғыз басып жалматғын барып зорға тыншыды.

Күні кеше оны ір нәрсеге ұрынтып арам терге түсіріп жүрген қасындағы көп тобыр енді көз жастарын көл қылып жылдайды. Зар еңірет жер төбелейді, көктегі тәңірін қарғайды, өздерін қарғайтын ешкім жоқ. Олар мейлі жылай берсін. Жыламақ түгіл көздерінен қара қаны ақсын - жұбатпау керек, жылату керек. Жұбатсаң жұбанғын ашып, жаңа ғана жылағаны есінен шығып, сойқанға тағы кіріседі. Бұл адам деген хайуанның көзінен жас шыққанда барып, көкірегіне ақыл кіреді. Олардың көзі жастан айықса, көкірегі ақылдан айырылады. Адам қашан өзінің алақанындай төріне көңілі толғанда ғана пейілі кеңітінін, кісінің өз пейілі кеңімей тұрып, жер де, ел де кеңімейтінін, шанышылған бас пен шанышылған сүйектің еңбір елге ешқашанда шекара бола алмайтынын, адам өз бауырындағы оқпа мен өз қойнындағы жарын жарылқай алмай тұрып, көрші-көлеміне көңілі жібімей тұрып, байтақ елі мен күллі жұртына еш жақсылық жасай алмайтынын айт. Адамшылықтың басы аяушылық. Аяушылық жоқ жерде адамшылық та жоқ. Өзің ешкімді аямасаң, өзіңді де ешкім аямайды. Өзің бөтен елге жасанып барсаң, жараланып қайтқаныңа ызалаңба! Ол үшін көктегі құдайды да, жердегі жауыңды да қарғама, өзіңді өзің қарға. Жағ жерде көргеніңе бола өршеленбе, қайта тәубеңе кел! Адам, қалшына келсең сонда келесің; әйтпесе, етіне ашы тырнақ, өткір тіс батқан сайып орелене, оршелене түсетін сен де бір хайуансың. Айуан екенің бар, өзгенен адамшылық күтпе! Өлгеніңе өкінбе, көргеніңе кіжіңбе. Осы шынқандарымды ұғып отырсыңдар ма, жоқ әшейін, мынау қараны үйде мүлтіп-қалғып отыруға жалыққан соң бір сәт көңіл алдарқатқандарың ба? Түйке түсінетін құлақтарыңыз бар екен, соны енді көкейге түйер құлақтарыңыз бар ма? Қазір ұғып, ертең ұмытғын, қазір жылап, ертең есіріп жүрмейсіңдер ме? Әй қайдам. Сен бейбақтар осы дүниеге келгелі тауқыметті де аз тартқан жоқсыңдар. Бірақ солан не патуа шығардыңдар? Жалбырқасандар - адамсыңдар, масайрасандар - хайуансыңдар. Кісі қай дүниесіне тұншығып, қай қасиетінді медет тұтар.

## Нәңсі

Көңіл итке көз бен сөзден өтімді не бар?

Жадырай қараған әдемі қос жанар әуелі көңіліңе аяныш орнатады, ет-сүйектің елжіретеді. Еркектің шыдамсызының басын жұтып, әйелдің

шыдамсызының абыройын тоғи тынатын қандай қара пәленің де басы әрқашан сол бір елжіреуік сезімнен басталағын-ды. Елжіреуік сезім де бір, ұстамайтын ышқыр да бір, екеуі де абройыңды айрандай төгеді. Бұны ойлап тапқан жан баласы заң мен төрдің басынан аттап өтпек, мына бассыздық та, шамасы, содан өрбіген. Бұл әлгі шарифатта көп айтылған Ібіліс пен әзәзілдің қайда жүретінін де анық білмейді. Алайда бұған сол пәленің қай-қайсының да жүретін жалғыз мекені адамның көңілі ғана сияктанады да тұрады. Бірақ әйел пақыр аласұрғанда не тындырады. Соңынан қалмағанды омақастырар қайрат онда жоқ. Ұрғашының қашанғы қайраны біреу-ақ. Еркек басын беріп құтылатын жерден әйел намысын тонатып құтылады. Жазықсыз жанар...

Қайдағы жазықсыз жанар? Ақ некені төсегіне көз алартса, одан артық атаңның басын шапқаны керек пе? Қосағының етегіне көзің сұқтағаны, іргеңнен найза шошандатқаннан кем оспадарлық па? Еркектік басын былай қойғанда, кез келген жұмыр басты еркекке олап асқан қорлық, олап асқан маскара бар ма?

Басынып болған соң, бас ұрғаны неге керек? Кез келген жалба тонды, жұлма тымақты қара таяқтың кешірмейгінін бұл қайтін кешіре алады. Еркек үшін ата-мекеннің тыныштығы, ата-бабаның аруағы, ақ некенің беріктігінен артық намыс жыртатындай не бар? Алтын басты азаматтың асқар таудай абыройын көбелек көңіл ұрғашының делең-делең етегіне тәуелді қылып қойған құдай шебер-ай! Жаратқан иенің еркек кіндікке жасаған жалғыз қысастығы болсаосы шығар. Сонда дейсің-ау әйел сорлыны әзәзіл жолдан ақ некелі қосақ еткен ер абройы, ата-ананың батасы, көлденең жұрттың көзі мен сөзі- ештеңе жоқтата алмағаны ма? Соның бәрі ашқарак нәпсі мен адасқан көңілді айқара бүркеп тұратын жылқыны құйрығынан өрілген алақандай қыл перденің орнына жүре алмағаны ғой. Жұмыр басты пенденің кез келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рахатынсыз қонған бақ пен атактың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды.

Алтын менен асылға толы сарайдан не керектің бәрін тапқанмен сол бақытты таба алмай, аласұратын болғаны ғой. Пенделік бақыт деген де сол шығар.

Адамға лайық аз ғана тіршіліктің де, бәлкім, бар мән, бар мағынасы тек сонда тұрған шығар. Оған арғыға қанша кереленіп құлаш ұрғанымен пендеге бәрі бір қанағат та, бақыт та бітпейтін болар, түптеп келгенде жай әншейін ашқарактық, тойымсыз нәпсінің ындынын күйтеген күпірлік қана шығар.

Күпірлік жүрген жерде рақат пен ләззат болмақ емес.

## Тылсым ғұмыр

Жаңа туады, ескі өледі. Туды-қуанды, өлді-жылады. Міне өмірдің шынамас заңы осылай. Адам жақсыға жарылмайды, жаманшылыққа өтпейді. Екеуін де көтере алады. Бәлкім, адамның өмірі басқа тіршілік иелерінің жасынан қысқа да, қызықты да болғандықтан даарттық шығар.

Дүниедегі көп өмір сүретін жәндіктің бірі тасбақа екен. Ол төрт жүз жыл жасаса керек. Көпті көретін сығырдан тартып жасайтын құс Құмай тақара. Ол өлексе жеп, жалқаяқ жеп өтеді бұл дүниеден. Бес жүз жыл аузын араммен аптап өткізетін көрінеді. Сор мен зордан сүрген өмір не өмір? Өлексе аңдып, өлмес күн көрін бес жүз жыл жер бетін былғағанша жән етіп өте шыққан құйрықты жұлдыздай қас қағым ғұмыр кешкен артық-ақ қой.

Дүниеде адамның ақылы жетпес ғажайыптар болады. Анаконда деген бес-алты метрлік жылан екі жыл тамақ жемей жүре алады. Үнді мұхитындағы бір аралда соқатра деген ағаш өседі. Оны сол маңдағы ел астахар ағаш деседі екен. Өйткені оның төңірегіндегі мал-жан, тіршілік иелушының бәрі өліп, өртеніп жоқ болып, қайта өсіп, жаңарып жетіліп жатқанда, жаңағы ағаш бес-алты мың жыл өсіп, жапырақ жайып тұра береді екен. Сөйлеп тілі жоқ, ішін-жеп тамағы жоқ қатқан ағаштың дүниеде бары не, жоғы не? Меңірейіп, серейіп алты мың жыл тұрғанша мөңіреп бес күн кешкен өмір артық емес пе одан.

Қазақ оны жақсы айтқан: "Дүркін-дүркін дүркінде, дүниең өтер бір күнде. Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура болып зіркілде!". Қазақ халқы жалпы қай халық болса да халық айтқан сөз өлшемей, пішпей шырмаған. Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады, яғни мың күнді өмірің түк болмай бір-ақ күнде мүлдем кетесің. Жер томпайтасың, өкесің деген хабар болмайды., бір-ақ күнде жоқ бола саласың, сондықтан өсіп, сүркіт-сүлесок жүре бермей белде-белде өмірде анда-санда болса да, өшіп дүркін-дүркін сілкініп, желпініп, дүркіндеп-дүркіндеп қой деп отыр той қазақ.

Ал осында артық нәрсе бар ма? Өзің той-томалаққа, топқа-тобырға араңаспай, торқалы той топырақты өлімнің біріне төбенді көрсетпей үлестеміңе отыра-омала берші, өзіңнен-өзің басылып, көңілің түңеріңкі, өңің қарар тартып, еңкерістен жау көргендей еңсең түсіп, бұл кенде, өрік те дүниеде өзіңнің бар екендің ұмытасың, жүнжисің.

Қазақ "Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура болып зіркілде!" кенде, бастық бол да біреуді сабап ал деп отырған жоқ, мейлі мәулетті, мейлі сәулетті, мейлі нәубетті ғұмыр кешсең де, сол тоқты тоймас, шөміш кешпес қысқы күндей қысқа өмірді барқадыр тауып өткіз, нәмәрттікпен емес, мәрттікпен өткер деп отыр ғой. Алпыс күн атан болғанша яғни тас бақана төрт жүз жыл мимырт өмір сүргенше, қаңтарда жараған бурадай



өміріңді бұрық-сарк кайнатып өткіз, бір күні бұл дүниеден қолыңнан суға кеткен сабындай жылп еге түсетініңді естен шығарма деп отыр казак.

Балам, көргені көп шал кісі ілгерінді-кейінді сөйлеп кетеді. Мен әлгі жұрт айта беретін шалдың үш шағына (мактаншақ, ашуланшақ, қызғаншақ) іліндім бе, білмеймін. Жас, әрине, өз орынып адамнан алмай қоймайды.

Дегенмен мен әлі берісе қоймаспын деп ойлаймын.

Біз ауылда өстік. Өнеге алған жеріміз жұмысшы табының мал шаруашылығының ортасы. Өмірге деген көзқарасымыз да, ауылға деген патриоттық сезіміміз де - бәрі өскен ортамыздың ықпалымен қалыптасты. Солардың тілегімен, солар үшін күреспен шынықтық. Ал біздің ортамыздың шырқын бұзатын әрбір жат көрініс біздің де жүрегімізді айнытып, сезімімізді жиіркентеді. Мансапқорлық, баю жолын көксеу өз басының камын ойлап, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру - біздің қоғамымыздың салтанатын бұзатын жекесұрып жамандықтан екені егде зейнеткерлер біз түтілі жас балаға да белгілі. Бұған бұқпантайлық, жағымпаздық, қорқақтықты да қосу керек.

### **Женіс-кімдікі**

Ертеде ағайынды екі жігіт болыпты. Араларынан қыл өтпейтін тату екен. Бір күні үлкенінің әйелі: - Сендердің қатар жүргендерің біздің арқамыз десе: - Бізді ешкім де бөле алмайды, - деп ері кеудесін ұрыпты. - Көгерміз уақытысында, - деп сөз таластырмапты әйелі. Күндердің күнінде қой сойылып, бас-сирағымен ет асылады. Ет желініп болған соң, інісі мен келіні отауына кетеді. - Не байқадың? - дейді әйелі абыржыған күй танытып. Не байқаушы едім, тыныштық шығар! - деп, ол жалтақтайды. - Ендеше тыңда. Екі көзіңнің бірі жау деп талай айтқанмын саған. Құлағана ілдің бе? - Жайшылық па ей? - Ана келінің екі алдыңғы сирақты өз балаларына беріп, екі артқы сирақты біздің балаларға сұрланып ұстата салды. Өз балалары алда, біздің балалар артта жүрсін деп ырымдағаны ғой оның, дейді бұлан-талан болып. Ері: "Мұның сөзінің де жаны бар-ау" деген ойға ат басын тіреп: - Әйеліне шамасы жетпеген әлгі ынжық итті шақыр, көзін ағызып алдына түсірейін, - деп қызынады ғой баяғы. Сонда әйелі шек-сілесі ката күліп: Оу, батыр екенсің, бөлінбейтін болат емес па едің. Басқасын былай қойғанда, бір сөз үшін қан сөлінді қашырдың. Әйел сынына шыдамай сыр алдыратының бар, неге күмпілдедің басында депті. Қапелімде сөз таба алмай ері басын сипап төмен қарапты.

Тура осы жоғарыдағы айтылған оқиға менің туған ауылымда ертеректе болыпты. Ақтау ауылының күн-батыс алдында Қосшоқы деген тау бар. Түйенің қос өркеніне ұқсайды. Үлкен шоқысының күн батыс алдында Қылышбай атты қыстау бар.

Қылышбай қыстауының оңтүстік шығысына қарай 4-км жерде Сақинбай қыстауы, одан шығысына қарай 2-км жерде Боранбай қыстауы.

Отаутас тауы осы қыстау алдында, қыпандан басқа бір тал шөп шықпаған үлкен тас тау.

Осы қыстаулар Сайдалы руының Сүгірәлі атасынан тарайтын Орманбай деген кісінің үш ұлының аты. Үлкені Боранбай, Қылышбай және Сақинбай.

Бастары қосылғанда біз өте татумыз деп мақтанады екен. Сонда үлкенінің әйелі, біз ғой сендерді осылай ұстап отырған дейді. Еркектер де қылышбай тәжікелесіпті. Ақырында үлкен ағасы Боранбай үш-төрт күн жолдаушы шығып кетеді. (Қыс болса керек) Бесінші күні Боранбай үйіне келсе әйелі, сен ғой далаға шықсаң мынау мына інімнің баласына, мынау күш інімнің баласына деп әкелесің. Ал інілерің сенің балаңа осы уақытқа шейін не әкеліп берді? Онымен қоймай ана Қылышбай кеше қойын біздің жердің қорығына салып қойды. Бүгінгі бұрқасында да сенің жеріңе жайып жатқан шығар дейді. Оған сенген Боранбай қайта киінін мен оны көрейін деп қолына сойылын ала салып атына қонады.

Луыланан шығып інісінің ауылына қарай желе шоқытып келсе Қылышбай қойшысымен екеуі қойын өздерінің қорығына шаңау шығармай бағып тұрады. Боранбай сол ашулы қалпында қолын сойылын көтеріп Қылышбайға қарай боктық сөз айтып келе бергенде інісі - ағама не болған, ашулы ғой деп ауылына қарай ат басын бұрып алып қаша жөнеледі. Інісі қашып, ағасы қуып ақыры Боранбай, Қылышбайға жетіп алып артынан сойылмен салып өтеді. Қылышбай аттан ауып түсіп қалады. Сойыл қарақұстан ката тиіп сол жерде өліп кетіпті. Қайта айналып келіп, артынан түсе қала жерде қимылсыз жатқан інісін оңап, басын көтерсе қимылсыз дене былқ-сылқ етіп ұстауына көнбейді. Інісінің жансыз денесін құшақтап, өкіріп жылаған екен дейді. Ер адамды - қыран етіп самғататын да, жыландай жолды-жолсызбен жорғалататын да әйел.

Көзге қораш, көңілге олқы көрінгенімен одан асып түсетін ер аз. Әйелдің аярлық тілін алған еркек бейбак. Бейбак еркектердің бақытты болғаны шамалы.

Адам не айтса да, не істесе де алдын ала ойланбаса осындай келеңсіз жағдайға қалары сөзсіз.

Оң қолың ашу бастаса, сол қолың арашашы болсын деген ғұламалар сөзі.

Ашу пышак, ақыл таяк, жона берсең таусылады.

## Жолаушы

Ерте кезде алыс-жақын сапарға шығатын жолаушылар өзіне өзі сенімді, әлді болса ғана жеке жүреді екен. Бір ауылдікі болса үштен, бестен ылғый тақ санмен жолға шығатын болыпты. Ол уақытта жол торушылар, ұрылар, керуен тонаушылар жиі кездеседі екен. Қарулары ақтабан сойыл, шокпар, кейде қылыш, өрім арасына қорғасын салып өрген сегіз таспа бұзау тіс, сабаласпай аттан түс дейтін сабы алты тұтам, өрім тоғыз тұтам дырау қамшылар екен. Жалғыз салт жүрген жолаушы қаруы осындай дырау қамшы болыпты.

Қуғанда, қашқанда ат үстінен ұрысқанда жеңіл, әрі ыңғайлы, сырт көзге жайбаракат көрінгенімен осы дырау қамшылар тиген жерін тіліп түсіретін, қоян-қолтық жердің бірінші қаруы болыпты. Ат үстінен құлашты кере сілтегенде сойылдан кем болмайды екен. Бұрындары жол торып, қарақшылықпен аты шыққандар сол аймаққа иелік етіп, кезіккендердің жақсы аттары мен киім, тамақтарын тартып алып отырыпты. Кейбір әлсіз жолаушылар оларға шамасы жетпейтіндіктен өздері беріліп жан сауғалапты. Жолаушы адам бірінші астындағы атына одан қалды өзінің күш-қайратына сеніп жүреді. Сондықтан жалғыз жолаушыға жолама, айнала қаш дейді екен.

Осындай бір тығыз-таяң кезде арқадан Шуға бармақшы болған Арғынның бір Жандай жігіті жалғыз сапарға шығады. Жол шығар алдында астындағы атын бір-екі күн, күн таластырып інін тартқызып, терін алады екен. Шыққан күні жолда кезіккен бұлақ басына қонады. Ертесіне қоржынындағы піскен етін жеп, торсықтағы сусынын ініп, торсыққа бұлақ суын құйып алып, алла деп атқа қонады. Бойындағы бар қаруы кісе қынындағы кездігі мен қолындағы жез сақиналап саптаған тобылғы сапты дырау қамшысы. Өзі де қаршығадай қатқан, ықшам денелі, ат үстінде көзге жас баладай, әлжуаз кейіп танытады. Күн еңкейген мезгілде бір белегір астынан өзімен бағыттас жүріп келе жатқан аттыны көзі шалады. Жандайдың астындағы есік пен төрдей торы төбел аты құлағын қайшылап, елеңдеп жүріс тілейді. Кім де болса жолығып жол сұрайын деген оймен тізгін тартып, жақындай келе жолаушыға сәлем береді. Бейтаныс жолаушыда сәлем алып, екеуіде жол болсын айтысады.

Көзінің қиығын салып байқаса, жолаушы алып денелі бір дәу, астындағы қара айғыры бауырынан жараған ауыздығын сүзе тартып, езуінен көбік шашып келеді. Дәудің сол жақ қарына ілген ақтабан, шокпар бас сойылы бар, бүлдіргесіне қыл шылбырдың жіңішке есілген жібін тағыпты, сондай мықты. Қанжығасында бұғалық қыл арқан, шумакталып байлап алыпты. Дәу де Жандайды ішіп-жейтіндей қас қақпай бақылап келеді екен. Бір кезде дәу, әй інішек қоналқа жер алыс, біраз ат басын жіберіп, жер өндірейік деп шаба жөнеледі. Жандай да дәудің бір арам ойы бар екенін сезіп, дәуден озбай әдейі артында қалады да, осыны өзім бұрын қармайын деп дәудің мінер жақ артына түсіп, реті келді-ау деген кезде

сүйретіліп келе жатқан сойылдың шокпар басын торы төбелдің алдыңғы аяғына бастыра бере, дәудің кара айғырының сауырын дойырмен бір тартады. Сойыл басы ат аяғына басылған кезде кара айғырда жаны шыға алдына қарай оқыс ытырылғанда дәу ақтабан сойылмен бірге жерге ауып түседі. Торы төбел ат дәуге аяғын тигізбей қарғын өте шығады. Жапбай болса шауып келе жатқан кара айғырға жанамалай келе шылбырынан алып, құлап қалған дәуге қайта орағытып келін тым жақындамай, ал ағасы не болды, шынынды айт дейді. Мен Кесік деген осы аймақтың жол торушы, қарақшы едім, сені сыртыңнан аңдып, астыңдағы атыңа қызығып соңыңнан сапарлас жолаушыдай болып көрініп, шаба жөнелгенде алдыма оздырып мына сойылмен бүйіріңнен бір нұқын торыңды олжаламақшы едім, сен мененде өткен жырынды екенсің, менің ойымда жоқ, атыңмен сойылымды бастырып, ұрмай-соқпай атымды олжалап тұрсың. Дүние кезек деген осы шығар, мен де талайды зар қаксатып, жапа шектіріп едім, көп асқанға бір тосқын дегендей болып тұрмын. Із-өкшең арқа жақ, өзің арғын боларсың, шынашақтай болып, жауырыны жер искемеген балуан едім, оншақты жігітті бұйым құрлы көрмейтін батыр едім, осы аймаққа ағым мәлім Кесік едім, сені бір әлжуаз адамға санап елемегендіктен мүсәпір болдым. Ер деген атың бар ғой, осы жайды ешкімге тісіңнен шығара көрме, бар жақсылығың сол болсын. Одан кейінгі сұрарым, бұғалық қыл арқанды ыстап кет депті де бұғалық құйрықты бүлдіргесін жоғары қаратып қос қолдап ұстап сол тұрған орнында тұрып қалды Кесік деп, әңгімесін аяқтапты Жаңдай жолаушы.

### **Қойма**

Бұл әңгімені менің бала кезімде үлкен кісілер айтып отырушы еді. Жәркеннің шешесі Ұлболсын айтты деп, онда ол кісі менің жас келін болып түскен кезімде болып еді депті. Ақтау совхозының Қосшоқы деген ауының екі ортасындағы асудың күн батыс алдында Қатпа сайы атты ыстау бар. Бұл қыстаулар Сайдалы руының Сүгірәлі тармағынан тарайтын Елбәйі оның ішінде Бақыбек тумаларының көңдері екен. Осы Қатпа ыстауында 9-10 үй Қоскелтір балалары Тырқыман, Жөкіман және Елжанман тағы немере туыстары қыстап шығады екен.

Қысқамаңда ер бала болмай, жалғыз қызының атын Ұлболсын қойған екен.

Алғашқы қызылдың шыққан кезі, аukatты адамдарды жер аударып, еркесейді дегенді естіп Қатпа қыстауындағы ағайындар келісіп алып, ешкімен басқа құнды заттары мен асылдарын жасырын түрде бір мықты ермен қоймақшы болып уәделеседі. Алдын-ала дайындалып, заттарын

буып-түйіп, май сінген құрым киізге орап бірнеше тең етіп дайындайды. Басшысы Қалқаман болып екі кісі атпен қойма қоятын жер ізлеп екі-үш күн ертелі-кеш ауылда болмапты. Бір күні таң атпай ауыл адамдары төрт түйеге буылып-түйілген теңдерді теңдеп дайындайды да, Қалқаманға бұл шаруа саған және қасындағы Қопаға аманат деп аттандырыпты. Түйелер соңына, түйе құмалағын теріп қоржынға салып алып отыратын екі ер баланы қосады. Ондағылары түйе құмалағы із болып қалады деп сактанғандары екен, екі бала Сарінген қыстауынан асқан соң ауылға кері қайтыпты. Әрі қарай, сай-сала, асу арқылы екі кісі кетіпті. Сонымен таң алдында кеткен екі адам қас қарая ауылға оралыпты. Қызылгас тауына барды ма, Шәлен тауына бұрылып кетті ме ешкім ештеңе білмепті. Сол өткен аласапыран уақытта байтал түгілі бас қайғы дегендей, балапан басына, тұрымтай тұсына дегендей бір қиын кезең болған екен. Ауқаттылар шетке ауып, әлсіздері өлместің күнін көріп не істерлерін білмепті. Әлділері әлсіздерінің киім-тамағын тартып алып, жол торып қаракшылықпен күн көріпті. Сол кезде де ұйымдасқандар ғана өктем болған екен. Сол кезде қойма қойғандар, қойманың қайда қойылғанын өздерінен басқа ешкімге тіс жарып айтпайды екен. Өзімізге бұйырмаса, ешкімнің қолына түспесін дейді ғой.

## Құланжал

Құлан жал болса мінгенім, құлын тон болса кигенім деген екен бұрынға уақытта.

Осы құлан жал ат қайдан шығады? Шабысқа талмайтын, мініске белі берік, қысқа түссе сіреу қарлы теуіп қорек айыратын жылқы тұқымы қайдан шығады екен. Жәмекең әулиенің биесіне шапқан суынның айғырынша, құланның айғыры да үйірге салса қалаге жарайтын болар. Түрікпендер құланның айғырын ұстау үшін, жануардың күнде су ішіп жүрген қағына білдірмей күшті шарап құйып қояды екен. Су ішіп үйренген қағына шұбырып барып қанатын жануарлар шөлдегенде қактағы шарапты сіміріп алып, көзі тұманданып тұрып қалады екен. (Қымызды әбден ашытып, бетіндегі мөлдір көк суын бірнеше күн жинап, құланның қағына құюға жетеді-ау деген мөлшерде әзірлеп алған соң арағынды апар да құланның күнде су ішіп жүрген қағына қос). Саны он бестей бір үйір құлан келіп, алдымен айғыры, қатар барған екі биесі шөлін қандырып алып, үстерінен тер моншақтап ағып, аяқтарынан әл кетеді. Сол кезде тұлпар мінуге құмар бірнеше әлді жігіттер құланның айғыры мен екі биесін нокталап қос арқанмен тақымдарына басып, көздерін байлап, құлақтарын танып, ауылға жылқы қамайтын биік албарға әкеліп кіргізгеннен кейін естерін жиғызбай ер салып, жүгендеп, тақымға басып үйретеді екен. Үйреткеннен кейін көп күндер үстінен түспей мініп есектей етіп, арбаға жегіп, жауыр етіп маза бермейді екен. Әбден үйреген соң, шідерлен

жылқыға қосады екен. Жылқыға үйренген соң көктемде құлан айғырын құлындаған қулық биелерге үйірге салады екен. Ал биесіне бесті айғыр салып жеке бағады екен. Жылқы мен құлан арасынан осылай жүйірік, белді аттар алады екен.

### Өмір сатылары

Шығыстың кеменгері Сағди, адамның орта жасы тоқсан деп есептеп, алғашқы отыз жылында оқып білім ал, келесі отыз жылында ел арала, жер таны, өмірдің не екенін түсін, соңғы отыз жылында сол өмірден көріп түйенінді кейінгі ұрпаққа үйрет, ұстаздық ет дейді екен. Жас кезімде осы ақыл санамызға қатты ұялағанды, бірақ орындай алмадық. Алпыстан асқаннан кейін жер танып, ел көремін бе деп едім, ол ойымда орындалмады. Өткен өмірің, туған жерің бүгінгі күндері көз алдыңа айнала келіп, көңілің көтеріліп, жастық шағың кино лентасындай көрініп бір шап танып қаласың.

Біз жаспыз. Екеумізде шетсіз-шексіз кең далала туып өспедік пе? Елестің қыспағында асығатын неден қысылыпшыз, біз? Жарқыран жаз келмей ме ертең? Кең даланың гүл-бәйшешегі жайқалмай ма? Тоғайда бүбүл сайрамай ма? Көлде аккумуляр сыңқылдамай ма? Қырда жылқышы асырмай ма? Сонда, бүкіл арканың ашық аспаны тұна қарап, күлімдеген сансыз жұлдызды күзетіп қосылмаймыз ба? Бұл қараңғы түнде, жанымызға жанымызды, тәнімізге тәнімізді біржола тұтастыра қосқанымызды екеумізден басқа кім біледі? Шын махаббатта ұрлық бола ма? Көпке аңғейтін шаттық емес пе ол...

Менінше, жыныстың табиғатын жас шағынан-ақ, яғни ескіре бастағаннан-ақ сезінбейтін адам баласы болмауға тиісті. Адам түгілі хайуанатта бұны сезінеді ғой деймін, оған мал шаруашылығымен шұғылданған, ояу өмірінің бәрі баққан малдарының арасында өтетін ауылдан талай мысалдар келтіруге болар еді, оның бұл арада қажеті жоқ. Есініп, тіршілік заңынан аз да болса мәлімет беретін сабақтың кітаптарынан берсем, "Жанды" дейтін хайуанат былай тұрсын, "Жансыз" дейтін өсімдіктер де жыныстың табиғатын өте нәзік сезінеді екен.

### Ат туралы

Арыстан - аң патшасы, жылқы мал патшасы деген сөз бар. Жылқының иесінен адалдығынан, тектілігінен олар тағылым аз болмаса біреуі.

О, не дегеніңіз. Жаратылысынан жылқы да, казак та сергек. Қандай өмірінде рухтағы таза тек, биіктік аңғарылмай қалмайды.

Жөні келгенде бір айғыр үйірден тұлнар болар құлынды артық көретін қасиет өзге жұрттардың бірде-бірінде жоқ екен. Жылқы мінез қазақ жылқы қасиетін тануда да қате баспаған. Оған серіміз Ақан, тұлнарымыз Құлагер мысал бола алады. Әлем тарихшыларының жылқы туралы жазбаларын оқып отырғанда, сол жылқы пайда болған қазақ жеріндегі толқын-толқын аламдар мен жылқы арасындағы байланыс туралы олар жан-жақты мәлімет беріп, екеуін бірінен-бірі бөліп алу қиянат екенін ескертелі.

Алдымен тектілік туралы әңгіме қозғағанда Аристотельдің: "Скиф патшасының үнемі құлындайтын мама биесі болады. Оның құлындарының бәрі жақсы жетіледі. Құйрық жалы сүзілген сондай құлынның біреуін айғыр салады. Осыдан да жақсы құлын туар деген оймен оны енесіне салмақшы болады. Жас айғыр бұған көнбейді. Биенің үстіне жабу жауып, жас айғырды қосады. Айғыр шабады. Шапқаннан соң биенің жабуып алғанда енесін таныған жас айғыр шапқылай жөнеліп, шыңғырып барып жартастан құлап өледі" деген сөзі ойға оралады. Бұл бізге аңыз тәрізді естілер, бірақ астарында үлкен шындық жатқаны анық. Жақсы айғыр желі басында биеге жапымайды дейді бұрынғылар. Оған қоса біз жауыз, жыртқыш деп айтатын қасқырларда жұптасар уақытында алам көзіне түспей елсізге шығап кетеді ғой.

Тексіздіктің белгісіне үлкендеріміз: жаман қаншық, күндіз де, түнде де ылығады деп күйіп отыратын. Жоғарылағыдай жат әдет ата-бабасынан жылқы бағып, оны қастерлеген халықтар үшін төбе шашынды тік тұрғызатын мәңгірттік қылық саналады.

Мәңгірттенуді осылайша қолдан жасау арқылы малды да, адамды да бұзуға болатынын білеміз. Бұған есе бергендер есерлікке ұрынады. Естілер есесін жібермейді, елдігін сақтайды, ұрпағының жанын да, қапын да таза ұстайды. Жер бетінен жоғалғысы келген жұрт сондай қылықтарға барады. Жылқыда тіл жоқ, бірақ бәрін түсінеді, түйсінеді. Жылқы еркіндікті сүйетін, бостандықтың символы. Қазақта жылқы сияқты кіршіксіз тазалықты қадірлеп, басынан сөз асырмайды. Қажет кезінде ұл-қызындай мәпелеген атымен оңашада сөйлесетін болған. Жалпы екі нәрседе қасиет бар екен дейді ата-бабаларымыз. Оның бірі - адам, екіншісі - жылқы деп түйіндейді.

Ал жылқының иесіне адалдығы да ғаламат. Шөл далада келе жатқанда су кездесе алдымен атына береді екен. Ат ішсе ғана өзі ішкен, ішпесе суда бір күдіктің болғаны деп түсінген. Бір замандары, жолаушы келе жатқан адам жартастан тамшылап тұрған суды көріп, атынан түсіп, жол саптыаяғына суды толтырып алып, енді іші берем дегенде аты тұмсығымен қағып жіберіпті. Жолаушы сезе қойып, жартастың үстіне шығып қараса, шығып жатқан су көмейінде жылан өлексесі жатыпты. Ат пен адамның сезімталдығы ерекше ғой. Бірінің тілі бар, екіншісі түйсігімен

дәстүрлі. Бұрынғы кезде бір қойшы арық атымен қой бағып жүреді. Бір күні ері аймақта үлкен той болып, бәйгеге аттар айдалып кетеді. Сол аттар ермен-бірі оза шауып әлгі қойшының жанынан өте шығады. Сол кезде қойшының астындағы қойтарысы күрсінген көрінеді. Сонда ердің айылы үнін кетітті. Қойшы да қара жаяу жан болмаса керек. Сол күннен бастап, қойшы өгізбен, жаяу бағып қойтарыны баптап бастайды. Қойтары бабына келгенде өзін-өзі жаратып жүреді. Мұны көрген қойшы атып бәйгеге қосаты. Қойтарысы тұшпар болып шығыпты. Бәйгенің алдын берменгі. Осы ермен айтатын бір сын-сыр бар. Аяғының желі бар жақсы аттың аяғының ішкі жағында, ашықтап ашып қарағанда қатар тұрған үш тесік таңқалады, (жуалдыздың көзіндей) Бұл барлық жылқыда бар. Ал осы тесік таңпа төртеу не бесеу болса онда ол жылқы жаман болмағаны. Аймақтарда атылған бәйгеге ат қосатын атбегілердің бір-бірінен жасырын айтпайтын, айтыпмайтын сырлары осы.

Ат-ердің қанаты. Осы аттарды жаратып, бабына келтірін мінетін ермен ер азаматтар мен батырлар. Батырлар жырындағы қарулар мен ат доселері туралы қандай бір тесеулер айтылады: "Алмас қылыш саркылдан, атып жүрек жаркылдан, өмілдірік сом алтын, құйысқаны құйма алтын, күлген бар түйме алтын" деген жыр шумақтары мысал.

Тағы бірі: Есім ханның ер-тұрманы туралы "Тоқымға желдік мінеді, ермен тауһар орнатқан, жабдықталған алтынмен, тіллә, дабыл төңкерін" деген. Мұның өзі біздің арғы бабаларымыздың шеберлігі мен ой өрісінің қиыншылықты биік, кіршіксіз екенін дәлелдейді.

Жылқы малының жершілдігі де айтарлық. "Шер батса кім іздемес туған елін, тұшпар да көксемей ме туған жерін" деп ақын жазушылар қырған откен ғой. Жылқыны қай жерге апарса да оның жапарынан туған қырып келбеті көрініп тұрады деген сөз бар.

Айсыз қараңғыда, қалың түнек тұманда, қарлы, ат құлағы көрінбейтін бұрында тек жылқы ғана адастырмай ауылға апарды. Жылдың төрт басында де өзін-өзі асырап қазақтардың осыншама ұлан байтақ жерін бағып қалғаны осы ер қанаты, жылқының арқасы емес пе?

Бұрынғы ұлылар сөзі

Алдағы уақытта - Адамнан иба кетер,

Аттан жал кетер,

Түйеден қом кетер,

Сиырдан әуке кетер,

Қойдан шайыр кетер,

Халықтап қайыр кетер - депті.

Жылқы малы айтады екен: мені бағып қағу үшін, маған иелік ету үшін менімен сырласу үшін, мені дүлдүл етіп шығару үшін - өзімнің



тұяғымнан да қатты адам керек деп. Сол қатты адам ғана менің сырымды ұғады дейді екен.

Бір бие жоктың асы, екі бие ел асы, үш бие бұлақ басы дегіті бұрынғылар.

### Аттың сыны

1. Басында қырып алар еті жок, тап-тақыр, үнқыр үйректің басындай үп-үзып, сүп-сүйір келеді. Бұл бае шапқанда денені ілгері алып ұшпады.

2. Екі жақтың жұтқыншақтың арасы сәбидің басы сиярдай, сағағы кең шауын келе жатқанда кең тыныстайды.

3. Танауына қол сиярдай болса, бұл демді бөкелнен кем тартпайды деген сөз.

4. Азулары қабанның азуларындай кекжие кейін бітеді. Бұл саркылмайтын кайрат белгісі.

5. Қабағы жұдырықтай түйілін бітеді, бұл шабыста тұлдануының белгісі.

6. Ат мойыны жолбарыстың денесіндей жұмыр, қой мойын, шапқанда талмайды.

7. Кеудесінің арасы алшаң, төсінің астынан адам жүгіріп өтетіндей кен. Осы кеудеге біткен өкімеге өмірі алқынбайды, ұзаққа шабады.

8. Шынтағы сыртына қарай айнала бітеді, ал қысыңқы шынтақ шапқанда қолтықты қысын тынысты тарылтады.

9. Алдынан қарасаң бөкесі шүмшигендеу болып көрінеді.

10. Артынан қарасаң жаяның кеңдігі салған төсектей кең болады.

11. Шын жүйріктің алды-арты тең келеді. Жүйрік үш түрлі болады. Бірінің алды, бірінің арты биік, енді бірінің алды-арты тең. Арты биік өрге шапқыш, алды биік ылдига шапқыш. Алды-арты тең өр мен ылдига бірдей шабады.

12. Тірсегі майысқан, бота тірсек, жолбарыстың тірсегіндей серішелі болады.

13. Құйма тұяқ қанша шапса қызбайды.

14. Құлағы құланға ұқсаса, түбі бос болып шапқанда кейін қарай жымышп жатып қалады. Ат құланға ұқсаса, семіргенде жылқыдай мойын қазысы мен картасына, жалына жинамайды. Майы етіне араласа бітеді. Сондықтан құланның жалы мен құйрығы селдір, қысқа болып шығады.

Ерен жүйрік ашуы келмесе шаппайды дейді. Жақсы ат мүсінін жасырып, көзге қораш болып көрінеді екен. Жүйрікке сын айтылмайды дейді.

Ықылым заманнан бері талай-талай сойқанды, шошымалы, аумалы-төкпелі оқиғаларды бастан кешірген ата-бабаларымыз төрт түлік малдың ішінен жылқыны өте-мөте қасиеттеп, ерекше құрметтеген. Оны Қамбар ата

деп қастерлен ән жырына қосқан. Бесіктегі баласын мейірлене емізіп отырған анасының өзі сәбиіне:

Құрығыңды майырып,  
Түнде жылқы қайырып,  
Жаудан жылқы айырып,

Жігіт болар ма екенсің? - деп баласына тілек тілеудің өзінде көп мән-мағына бар. Ата-бабаларымыздың дүниеге шыр етін келген жас иісі тіскегенде оны құлыным деп жылқы баласына тегіннен-тегін тепемеген. Әлгі бала ес білгенде "Үркейін деп тұрған жылқының шабынан түртпе"-деп сақтандырып отырған. Кейін әлгі бозбала ер жетіп, есейгенде "Жылқы мінезді жігіт екен" деп оның мінезіне де баға беріп отырған.

Жылқыны мақал-мәтелдеріне, ишендік, танқырлық, толғау, нақыл сөздеріне арқау еткен. (Шабаннан желмес туады, сараннан бермес туады, саңыраудан шақырса келмес туады) деп сөз саптауының өзі осының дәлелі.

Кейіндегі дамыған техникалар мен машиналардың қуатын ат күшімен сесптеуі де тегін емес. Ағып жатқан судың тереңдігін де "ат кекілінен" келді деп, жауған қарды да "ат шашасынан жауды" деп айтып жатады.

## Қымыз ыдыстары

Біздің казак халқы кымызды жеті түрлі ыдысқа ашытқан. Көнек - бұл тайыншаның, не ботаның мойын терісінен тігілген, көлемі орташа, сусынын қолмен шайқап ашытатын ыдыс, кымызды қытымырлау болады. Мұны көбіне бірер биелі отбасы істейді. Сосынғы мес - бұл керуен мен жорық ыдысы, ішінде сүт көліктің жүрісімен шайкалып ашиды, көбіне жылқының қарын терісінен жасалады. Келесі төресық, одан кейін тай саба, күнан саба. Сосынғы қол күбі, кымызға қайын күбі ғана дәм береді, сосын өкне қауак.

Кез келген жылқы терісі сабаға жарай бермейді. Етті-қоңды жылқының терісін пышак тигізбей сойып, шелін кетірмей ірен сояды. Көлеңкеге келтіреді. Ашыған кымыздың бетіне шыққан іркіттен и жасап, сол иге салады. Жылқы терісі бырқыраған и ішінде апта жарым жағалды. Сосын исеңді болған теріні кермеге іліп, қырғышпен түгін қырып түсіреді, шелін алады. Көгеріп таза терінің өзі қалады. Енді оны сабағып тігеді де иіне ыстық құм салып, тоқпақ ағашпен сыртынан ұрып отырып бір қалыңка келтіріп кептіреді. Оған жылқының сүрленген майын жағып өшіреді де тобылғы, мойыл, арша сияқты ағаштардың түтінімен бірнеше рет ыстайды. Осылай бапталған жылқы, түйе терісінен жасалған саба, мес, төресықтарға құйылған кымыз бұзылып өңезденбейді. Ысталған сабаға саумал құйып, ұзақ шайқайды, сосын саумалын төгіп тастайды. Қашан тері өмі кеткенше осы әдісті бірнеше рет қайталайды. Нағыз бал татитын

қымыз сабасы осылай дайындалады. Мес пен торсықты да осылай дайындайды. Ең асыл қымыз кол торсық пен тай сабанікі. Қамбар ата түлігі тазалықты, кербездікті, сұлулықты қажет етеді.

Қымыз ашығудың да жолы жіңішке. Оның алғашқы қорын ашытқы дейді. Бұл ашытқыны өткен жылғы сірге жияр кездегі қорынан сықпа құрт жасап, кептіріп сақтайды да сонымен алғашқы сауылған саумалды ашытады. Екінші саумалға сүрі қазының қабырғасын немесе жұлынды жая сүйегін, малта құрт салып ашытады. Ашыған тары, бидай көженің суын сауған саумалға косса болғаны. Осы ылыстағы қымызды көбірек пісіп бабында ұстаса, тілді үйірген қышқылтым, сүйкімді дәм тандайыңнан кетпейді, сарайылды ашқан хош иіс аңқын тұрады-ау шіркін.

Қымыз ашытатын ыдыс толық дайын болғаннан кейін, бие сүтінің қай уақыттағысы, қай жастағысының қасиетін білуіміз керек. Бар гәп бие сауатын ер мен әйелге байланысты. Тазалығында.

Ауылда тұрған соң, үй-үйді жағалап қымыз ішеміз. Бір үйдің қымызы сұйық ашы, бір үйдікі тіл үйіріп іше бергің келеді. Осы тұрғыда бір шешеміздің бие сауып, қымыз күтімін көзбен көріп, тамашалағым келіп ұлықсатын сұрадым. Озі де сондай ақ көңіл, жүзінен нұры тамған, алла деген ана болатын.

- Есінде болса ұғынын ал, деді де сөзін жалғастырды. Жазда пілде айының жаңасында жайылған биенің қымызы қулық, емдік қасиеті аз, сусын ғана. Айдың ортасында жайылған биенің қымызы дәрі. Жылқы ай жарығымен жайылып таңдаған шөбін теріп жейді, әсіресе ай сәулесімен ашылатын шашыратқы, таптырмас, өңіл деген шөптердің гүлі неткен қасиетті десенші. Айдың аяғында жайылған биенің қымызы арақ қана деп атам айтып отырушы еді деді.

Шешеміз бие сауатын шелекті әбден ысқылан жуды да суын сарқып күнге қаратып жатқызып қойды. Әбден кептірді. Сүтке жалғыз тамшы су қосылса қымыз қасиетінен айырылады, бие құрғақ ыдысқа сауылады деді. Шешей желідегі биелерді теріп сауды. Байқағаным, кәрі тіс биелерді тастап кетіп барады. Жакында ғана желіге үйретілген, әлі шабының қытығы кете қоймаған жас биелерге жанасады. Оларды сауу ешкі баққаннан бетер қиын. Елендеп бір орында тұрмайды. Шелекті тебеді, құлынына иімейді. Басын ұстап көмектесейін деп көріп едім, шешей: бөгде иістен мүлдем құжырады деп жолатпады. Шелекті сол білегіне іліп алып, тамағын лық-лық еткізіп, шабына иіліп, оң қолымен биенің сауырын сипады. Бөксесін қағады. Төмендей келіп жас қулықтың жұмсақ желінін ұстайды, оң тізерлеп, ұшы күлдіреген үрпіні созады. Ақшыл сүт сыздықтап шелекке тыз ете түседі. Биенің қытығы келіп жалт бұрылады. Шешей кері тайқиды. Тағы такайды, еркелетеді, өстіп жан тері шығып, көр бейнетке батып жүріп түске дейін қос шелектей сүтті әрең сауды. -Неге биенің басын ұстатып саумадыңыз? - Қарағым-ай, онда жылқы дірдектеп қорқып тұрады да сүттің маңызы

сартып қалып қояды. Жаксы кымызға биенің өз еркімен иіп берген сүті өзі келеді. - Егде биенің сүті желінде тұрады, ал жас биенікі тамырдан шығады. Әрі қаксақалдың сүті тез ашиды да, күші бірден бетіне шығады. Фид биенікі бабына екі түнемеліден соң ғана келеді, әл-куаты түбінде жоғары. Иә... Қымыз да жылкының мінезіне байланысты. Жас биенікі кісіні қасартады, дәрі болып еіседі. Терін сауып жүргенім сол ғой деді шешеміз.

Қымыз күткен казак ыдысында сыйлап ұстаған. Әр ыдыстың иесі болады. Жай кісілерге кымызды кесемен ұсынады. Келім-кетім көпшілік иісін. Мешкейлер мен саудагерлер тостағаннан еусындаған. Оларға құдыры мол болса болғаны. Дәмін алып тұшынып жатпайды. Зерен мен аял дөстәр ішкен. Жарықтықтың өзі де арудың көзіндей ойнап тұрады. Соккан зергеріне, шапқан ұстасына сай зеренің де әркіліеы болады. Тапшық жандарға кымызды алтын жалатқан көзеге құйып берген. Қаң күмістен соғылған көземен акын, сері, сына сал ішкен.

Ақ кымыз, бозғыл кымыз, сарғыл кымыз,  
Жылан көз кара майлы тарғыл кымыз.  
Уызы, саумалымен сүйектісі,  
Шарапсыз шабыт қосар албар кымыз.  
Қымыз - дертке шипа, ағзаға күш-куат беретін ұлттық еусын.

### Қымыз түрлері

Уыз кымыз - май айындағы (Биебаудағы).  
Қуан кымыз - ашыған кымызға саумал қосу арқылы.  
Қысыра кымыз - бірінші құлындаған бие кымызы.  
Бесті кымыз - пісіліп төрт күн тұрған кымыз.  
Бал кымыз - әбден пісілген, қазы майы қосылған кымыз  
Дөнен кымыз - үш күн пісіліп әбден бабына келгені  
Сары кымыз - жаз ортасы ауғанда, бие сүті қойылғанда.  
Түнеме кымыз - қалған кымызға бие сүті қосылғаны  
Қысыр кымызы - қыста тайымен сауылған кымыз  
Сірге жияр кымыз - бие ағытылғандағы кымыз.

Қамбар атаны соғымға соярадағы бата:  
Қарауылдың шөбін жеген жануар,  
Бөкеншінің суын ішкен жануар,  
Ер жігітке канат болған жануар,  
Пендесіне манат болған жануар,  
Шөлдегенде сусын болған жануар,  
Қазысына қасқыр тұншыққан жануар,  
Қымызына шал құтырған жануар,

Тұяғына от тұтатқан жануар,  
Тезегіне қой сүрінген жануар,  
Сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ, Біссімілла, аллаһу ақпар! - деп үш  
рет айтып бауыздайды екен.

Жәнібек

Жылқыға даритын мінез-қасиеттер (Бәйгі аттарға).

1. Еркектен - жайдары, сергектік, күштілік.
2. Әйелден - сұлулық, шығыңқы кеуде, жараулылық.
3. Қояннан - басының жеңілдігі, көз кеңдігі, ұшқырлығы.
4. Түлкіден - тік жортуы, құлағының әлемілігі, күлте құйрығы.
5. Есектен - күйма тұяғы, етсіз жақ, тамақ асты кеңдігі.

### Қымызға

Алдияр аруағына еткен қымыз,  
Сені ішкен мұратына жеткен қымыз,  
Мейлі дос, мейлі қас болған болсын,  
Иеңнің түкірігін ем еткен қымыз.  
Тізеден сегіз қарыс қара саба,  
Жыбырлап айналанда бала-шаға,  
Дүниеде неше түрлі дәм де бар ғой,  
Сонда да сенің жөнің жеке дара.  
Адамның дүниедегі бәрі досың,  
Сықыр ма, бұл не ғажап сенің осың  
Ерінге бір-екі күн тимей жүрсең,  
Келтірмей, құрыстатып көңіл қосын.  
Шалдардың піскен даусың есін алып,  
Отырtpай үйлеріне түрткі салып,  
Мейлің теп, мейлің ақыр, мейлің жекір,  
Кек қылмас саған ешкім көңлі қалып.  
Сапырсаң сар шараға құлаш керіп,  
Жиылған мейманыңа құйып беріп,  
Ата ұлын, ене қызын безіп тастап,  
Кетпей ме, екі ұдайға саған еріп.  
Ей, қымыз, ыза қылдың қолға түспей,  
Онда мен жүремін ғой күйіп-піспей.  
Жүректегі қапамды айтқызар ем,  
Өлсем де жұртқа беріп өзім ішпей.

### Қымыз ішу бәсі

Бәстескен екі кісі әуелі "Бойға тартар ішеді" Бұл он бір ожау. Ожаудың үлкен-кішісіне қарай). Саптыаяқпен ішеді. Екіншісі қолтық көтерер, ол 7 ожау. Мұны үлкен шарамен екі қолтықты көтеріп төрген тұрып ішеді. Одан кейін "мойын иер, көзге тиер", бұл төрт ожау. Бұл екі аққа құйылып, бір қолға ұсталып алма кезек ішеді. Төгін алмау керек. Төксе айып тартады. Одан кейін ыптықна. Бұл 9 ожау. Ең соңында атты-бетті. Ол 7 ожау. Мұнысы құстыру. Осы шарттан аман өткені жеңімпаз болады. Барлығы 38 ожау қымыз.

Жерде және сулағы хайуандардың өзін-өзі қорғайтын улы, сідігі, құсығы - Бірінші қауіпті.

1. Пума - кара ала борсық сияқты - өте қауіпті сідігі.
2. Піл - сідігі. (көп шашады). Құлақ түбінен сұйық шашады.
3. Кара құс - саңғырығы.
4. Жүз аяқты огород құрты (лимон қышқылы).
5. Жолбарыс сідігі. Шекара сақтау үшін улы.
6. Шағала балапанының құсығы - өзін қорғау үшін.
7. Қорқау, қоңыр ала тобымен жүретін сідігі.
8. Мадагаскар кеңгрюі - сідігі.
9. Ұзынтырнақты маймыл. Улы иісі.
10. Кит - иіс шығарады (сідігімен).

## Қыдыр

Бұл дүниеде адам ойынан үшқыр, адам қиялынан еркін не бар екен десеіші. Мен үйімде отырып-ақ, жер шарын күнде бір шарлап шығамын. Бұл да бір тағдырдың тәлкегі шығар. Кей кезде қасында ешкім болмағандай қаныздық күй кешесің. Адамның жақсы не жаман атануы, өмірінің қалай өтпінгасуына, тіршілік талқысына байланысты ғой деймін. Адам көңілі қыпмай нәзік, абайлап ұстамасаң сындырып алуыңда ғажап емес. Әйтеуір бір бірімізді баяғыда ұнататын едік қой деп, жүрек шіркінге де шектен тыс жұқарға беруге болмайды екен. Бұл тірлікте тозбайтын, жұқармайтын не бар? Темір екеш темір де тозады. Тас та, бетон да, гранит те мүжіледі. Ал өлең махаббаты - гүл іспетті, алақанға салып аялауды тілейді. Осы бір өмішпей айқын нәрселерді біз кейде ойламай қаламыз. Әлде ойланып - толануға, алды-артына бажайлап көз салуға мұршамыз болмай қалады да, сөзін шығар. "Ойлануға да уақыт керек" деген рас. Тірі кісі тіршілігін өтпейді ғой, бәрінен де дүниеден өтіп жатқан адамдарды айтсайшы. "Күн күркіреп, жаз шығар өлмегенге" деп, мінеки, өлмеген кісіге жаз да шықты. Бұл дүние кімге опа берер дейсің. Шет ауыл көшсе орта ауыл шет болады. Ер адаматтың жұлдызы жанып, бақытының ашылуы көп жағдайда, әйелге байланысты. Сені қор ететін де, зор ететін де сол әйел. Бұл туралы бұрынғы

бабалардан қалған мынадай тәмсіз сөз бар. Өткен уақытта қалай талпынса да жолы болмай, келдей қырсықтан құтыла алмай қойған бір жігіт батасын алып, қырсығын таркату үшін, Қыдыр атаны ізден шығыпты. Аз жүрді ме көп жүрді ме, бір қиырдан Қыдыр атаны жолықтырады. Мән-жайын түсіндіріп, "Маған дарыңыз" оң батаңызды беріңіз деп қолқа салады. Әсіл Қыдыр атаны ізден табу өте қиын, скінің бірінің көзіне түсе бермейді екен. Ал сәті түсіп, жолықтыра қалсаң рақым-шапағаты мол, жақсылық жасаудан бас тартпайтын көрінеді. Әлгі жігітке ықыласы түсіп, оң батасын береді, лариды. Бірақ оған мынандай ақыл айтады. "Бақ қарасаң, Қыдыр дарысын" деген тілекті естуіңіз бар ма? Сол сөз тегін айтылмаған. Мен саған даруын дарыдым-ау, бірақ Бақ қарамаса, төрт түлігің бәрібір сай болып кетпейді. Сен енді Баққа бар. Соның көзіне түс. Қайырымды Қыдыр ата әлгі жігітті біржола бақытты еткісі келіп, Баққа өзі ертіп барған екен дейді. Екі жарылқаушы жолыққаннан кейін, Қыдыр ата мынандай тілек айтады. - Мынау бір талабы таудай болса да, жолы болмай, бағы ашылмай жүрген бала екен. Мен бар ықыласыммен дарыдым. Енді сен осыған жақсылық қарап бер! Бақ әріптесінің сөзін жықпай, жігітке қарамақ болады. Алайда кесепат шалдың біреуге қарауы, қараса да көз қиығының түсуі қияметтен де қиын болса керек. Қарамаймын, көрмеймін демейді-ау, көзін жауып тұратын қалың қасы дүниені дұрыс көрсетпей келдергі жасайды екен. "Кәне, ол жігіт қайда тұр? Көрейіңші" деп қанша қараса да, Бақтың көзі жігітке түспей, айдалада шөмшек теріп жүрген қызыл көйлекті қызға түсе беріпті. Бақкеңнің кімге қараса да, тек бір-ақ рет қарайтын қырсығы тағы бар. Ақыры болмаған соң қыдыр ата жігітке мынадай ақыл беріпті. Жолың болмады, балам. Бақ саған қараймын дегенде, көзі сонау тұрған қызға түсіпті. Саған енді сол қызға үйленуден басқа амал жоқ. Жігіт Қыдыр атаның ақылын алып, әлгі қызға үйленеді. Қыдыр дарыған жігіт пен Бақ қараған қыз қосылған соң, не болатыны белгілі гой, екеуі ұзақ уақыт шатшадыман, бақытты өмір сүрген екен дейді.

Орта жастан асқан бір шал осындай оймен, тауы шағылып, енді қайтып тұрмастай күйге түспей ме? Оны бақытты етсе, осы бір әйел заты ғана бақытты ете алады дейді арғы жақтағы бір санырау сана.

## Мың түн

Мың бір түн - кітабы тіпті қарапайым десе де болғандай. "Апа, жездемнің серті бойынша, күн шықпай өлуіңіз керек. Аз ғана қалған өміріңіздің ішінде көп айтатын ертегілеріңіздің бірін айтып, артыңда қалатын менің мейірімді қандырсаңыз қайтер еді? Ол сөзің менің жүрегімде мәңгі қалсын" - деген. Дүниязада өтінішімен ашылады. Адам баласының бойында бола беретін тамам қорқақ, қарау, аяқ, астам қара күштерге әлсіз талмау тағдыры қыл үстінде тұрған Шахаризада ақыл

арқатымен сұлулық салтанатын қарсы қояды. Ұдайы бір әйелдің өкірлігі қырық есекке жүк бола бермейді екен.

Тіршілік қандай тәтті! Өмірдің тар жол, тайғақ кешуі сананың сират көңірінен де өткізеді. Пенде кей-кейде отқа ұмтылған пәруанадай парасат ерекесінен себездеп тау сәулесі рахман нұрын шапшыратып, ұяң үмітке өтпіндірады. Бірте-бірте махаббат сезімі оянып, өмірге құштарлық арқанын қаперсіз адам байқамай да қалады. "Мың бір түннің" ұзын ырғағында жұмыр басты пендеге тән кам-қаракеңің бәрі де бар: мықтылық пен осалдық, мейірімділік пен мерездік, қайырымдылық пен қатыгездік, өлік пен парықсыздық, даналық пен дүниеқоңыздылық, сұлулық пен құрпайы ұсқынысyzдық қоян-қолтық, бетпе-бет келіп, баз бірде итжығыс дүшпін шарпысын жатады. Көк пен жер, ауа мен топырақ, от пен су арақандай. "Менің бұл кіріп отырған үйімнен әлдепеше жүздеген қыз о дүниеге сапар шекті. Мен де солардай жарық дүниеге көш айтатын жанның өрміні. Бұрынғылардан айрықша менің жанымда қалдыр деп тілеймін.

Атамыздың қартайған шағында көрген көзінің ағы мен қарасындай өткізгі едік. Арғымнан ерген жалғыз сипілім Дүниязала бірге келіп, есік ашында қалды. Сонда өзім өлгенше дидарың көрін отыруға рұқсат етіңіз" депті бас кейіпкер. Ол жалғанның жасампаздығына сендіреді: Ей, Ұлы бақытты патшам, әлемнің алуан түрлі әңгімесін айтып, сізбен бірге отыз үш ай өмір өткіздім. Барлық әңгімеде болған уақиға өмірден бақыт, игілік ізденішті.

Сіздің алдыңызда осыншама әңгімені өмір үшін айттым. Бір түннен өткізіп келетін өлімді мың бір түнге ұзаттым. Өмірлі көксеткен кісі өз басы мәңгілік қалуга емес, келешек өмірінің өркендеуі үшін көксейді. Мен сол мәңгіме жеттім. Олар - мына үш бала. Бұлар екеуімізден өрбіген бұтақ, шығып түліміз. Мәңгілік өмір сүретін адам болған емес, болмайды да. Антқан сертіңіз бойынша, мені өлтіріңіз. Сізге ұзақ жасап, бақытты өмір өткізіп олуыңызға тілегіммен бірге, осы үш нәрестені аманат етем. Пәк қанына сәбилердің әкесі - сіз, анасы - мен. Бұған әділет таңірісі куә. "Патша ана мен балаларды қоса құшақтап, өкіріп жылап жіберді". Соншама ұзаққа жасап, бақытты жұмырлы хикаялар аяқталып, жақсылық тас жүректі жібітті. Көңіл түшті тарап, жан тазарды. Өмірші де ет пен сүйектен жаралған адам екен, өмірші білдірді. "Жауыздық дүние қараңғы түндей батып, адамдық өмір өткізіп тандай жарқырасын! Енді адам өлтірмеске ант етемін. Өлім жазасы өлтірілген адам өлтірушілерге ғана болсын!" деді де патша беліндегі қылышты өзінің төнген өлімді жеңіп шыққан Шахаризаданың қолына ұстатты. Бұларға тек тән құмарлығын оятады деп кім айтты? Мәңгілік өмірдің өткізіп салғанат құруы емес пе? Онысы ең соңында екеуара сыр-сұхбат сұрағанда да аңғарылмай ма?" Шахриар: Ұлы бақытты патшам, бұл менің өмірім осы сияқты көп әңгімелер халықтың ұшқыр қиялы. Жок кісінің



ойында дүниеде жоқтың бәрі болады. Олар дүниедегі кедей болса да, ой өрісіне ұнан теңіз бай"

Қалқаман Әбдіқадыров Шаһаризадамен сырласып, біршама жылын сарп еткенін түспалдан қимай қонғасалды.

Қош айттым Шаһаризадаға елу бесте,

Шыдадым не айғасада мың бір кешке.

Персі, араб, түрік, моңғол түрлі тілден,

Жібек аң казакшалап тіктім кесте

Тақыр кедей -Уа Құдай! - жанның бәрін жаратқан сен болсаң, олардың күн көріс үлесін бөліп қойған өзің болсаң, бұлардың теңсіздігі қалай?! Саған жазықты кісі жарымайтын болса, менің жазығым қанша? Өмірімнің ішінде еш пендеге істеген қиянатым жоқ. Барлық қиянаттан аулақ жүрмін. Күн көрістің барлық ауыр азабы менің басымда болса да, барлығына төздім, барлығына үшкіршілік қылдым. Жатсам, тұрсам өзінді ауызымнан тастаған жоқпын, бес уақыт намазымды қаза қылмадым. Отыз күн оразаны да уақытымен ұстадым. Аш құрсақ жүрсем де қайыр садақа да бердім. Күйім осылай болған соң қажылыққа бара алмадым, оны өзің көріп отырсың. Ал жарылқан жатқан адамдардың ішінде озбыр, қиянатшылар толып жатыр. Айтқаныңды істемек түгілі, атыңды ауызына алмайтыны көп. Сонда да ас-киімнің тәуірін соларға жазып, есенсіз байлық өмірге кенелтіп, сондай адамдарды жарылқауың қалай? Олар ертең өлеседі басына алтып күмбез орнайды. Еш нәрседен кешіде емес тәңірең. Сөйлеймін десең - тілің де бар, кәнекей айта ғой, мені жарылқауың шетке қаққандай кінәлі қайсы? Өмір бойы тер төгіп, атал еңбек етумен келем, осыдан басқа не жазығым бар?

Мың бір түннен:

"Сіз дүниеге келетін кезде ешкімнен рұқсат сұраған жоқсыз, сіз дүниеден кететін кезде де ешкімнен рұқсат сұрамайсыз".

## Қылша

Далала, тауда өкеен шөп. Күзде жұлып алып, насыбайға күнге пайдаланады, әрі піскен жылы сүтке малып, ұйытқып айран, ашытқысы ретінде пайдаланған. Ерте кезде қасқырға, өнгескен адамдар бір-бірін өлтіру үшін осы қылшадан у алған көрінеді. Ол үшін жазда құлағы бар үлкен қара қазанды, бір құлағын тесіп оған жуан сым өткізін байлап июнь айындағы өсіп тұрған қылша үстіне төңкеріп қояды екен. Арала ай өткенде, атпен келген адам, ат үстінде тұрып (жел жағынан келіп) арқан үстіндегі күршекті қазан құлағына оралған сымға кигізіп алып, желге қарсы біраз жерге шейін шабады екен. Қазан шалқасынан түскен кезде, аттан түсіп, қазан ішіне жабысқан сарғыш бояуды ағаш сапты пынақпен қырып алып,

дайындан алып келгенше шыны ыдыстың ішіне салады да аузын мықты ғығынмен жауын сақтайтын болатын. Осы у-ды Оңтүскен адамның ағынын ер үзенісінің табан тігер үстіне жақса, ол адам үйіне жетін өле ме, не орта жолда өле ме бітпейр өледі екен. Жайылған у табаннан өтеді екен. - Бірде той болған ауылда, онак қасында тамақ асып жүрген бір жас келіншек, қормедегі аттар арасындағы бір адам шетте тұрған кара қок аттың үзенгісіне бір затты жаққаның көреді. Байқамаған сынай таныған, не болар екен деп аңиды. Бір кезде, көрсе көз тойғандай, сымбатты жігіт жаңағы атты кермеден шешіп алып енді мінем дегенде, аға деген ашы дауыетан оқые тұрып қалады да, не болды қарағым деп келіншекке қараты. Келіншек тұрып, аға үзенгісіне ит сарып кетті дейді. Келіншектің сөзіне күсімен жігіт қойынан кездігін алып, екі үзенгінің таралысынан қылып тастан атқа қарғын мінші, келіншекке, қарағым көсегең көсерін, ұл ту деп батасын берін жүрін кетіңгі деп айқан қариялардан естіген әңгіме еді.

*Шыңғыс, 2016 ж.*

Абайды сүңдетке отырғызғанда "құдай-ай, бұл сұмдықты көргенше қызғын неге жаратпалың! - дейді. Сонда шешесі ақылсыз балам-ау, қыз болсаң бата таппас на едің, содан ? - десе, ойбай, онысы тағы бар екен той деп жылдауын қойынты.

Зеренің немересі Абайға берген, құдайлан тілеген батасы: - Я құдай ар тілегім болсын, бейуақтанғы тілегім қаранныыма әкесінің осы ит мінезін бере қорме, інае бауырлығын бере қорме! Я, Жасаған! - деп бетін сшапты. Оз шешесі Үлжан да "әмин" деп бата қылынты.

Осы Абайымызды сабан, таякка жыққан атақты бұзак Әбен деген екен. Осы Әбен Жамбыл өлгенде де: Оледі мен айтпаймын кекесімен. Оледі мен айтпаймын төгесінен. Оғыз жыл Сталин деп бақылаған, Қазақстан айырылды текесінен, - деп жоқтау айтын бірнеше жылға сотталған екен.

Пенде дүние мен билікке ешқашан тойған емес. Бірақ, соның ақыр аяғын ойламайғындары жаман-ақ. Дүние шектен тыс молайтса, оны ақыры бір күні құсағынын білмейді. Биік мансапка көп ұмтылып, жоғарылаған сайын, оны ұстап тұру қиын болатынын тағы да ойлап жатпайды. Пендеге жарық дүние не үшін беріледі? - өз тірлігіне иелік жасамаса, қиындыққа қасқайып қараса тұрмаса, көрінгеннің дегеніне көніп, бас шұлғи берсе яки ауырдың үстімен, жеңілдің астымен өмір сүргенді қалай көріп, басқаға еш мойын бұрмаса, бұны да өмір сүру деуіміз керек пе?

Мына жарық дүниенің әрбір күні, әрбір сағаты, тіпті әрбір минуты қымбат емес пе? Арман адамның қерегі. Армансыз пенде болмайды. Арман бітсе, өмір де бітеді. Алтын, күміс, дүние - бок, көз жұмылса бір күндік. Даналық, кісілік, адамгершілік, ұрпақтан-ұрпаққа қалар мәңгілік. Ең бір

биік, үлкен арман. Қазақ жастары ұсақталып, бөлініп, бірлігі азайып, аттының аяғында, ауылының ауызында кетуге бүгінгі күні даяр ас болып тұр. Бүгінгі қариялар, осы жағдайды өткендерімен салыстыра келе бала тәрбиесінің жоқтығы мен тәртіптің болмауы деп баға береді. Бүгінгі күні, бірінші отбасы, екінші мектеп, үшінші қоғам болып, осы үшеуі бірікпесе, заман біздікі деп жастарымыз бетімен кетеді. Бұған әрине қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайы мен жоғары билік тікелей кінәлі.

\*\*\*

Төле - "Алғы атасын аркалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жегелеп жүрген бар ма екен? Алмасың болса мойным бар, асылың болса қойным бар, бұл сөзімді ойлай бер" дегі.

\*\*\*

Едіге - Киіз кімдікі болса білек соныкі, ауыз кімдікі болса, сөз соныкі, шыққан жеріне қайта сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден - дегі.

\*\*\*

Жалған-ай! Жарасымды - ау ізет деген,

Иілген «біз өтпенен, сіз өтпенен».

Қасиетін халқының силамайды,

Атасының дәстүрін күзетпеген,

\*\*\*

Бала, ұл-қыз тәрбиелен өсірем десең ең бірінші өзің тәрбиелі бол. Олай болмаса еңбегің еш. Тұзың сор болып қаласың.

*Бейсенбі би (Бөжең күйші)*

Сөзін билікпен сөйлеу - шешеннен қалады,

Билігін биіктен айту - көсемнен қалады.

Ерлігін жүрекпен таныту - батырдан қалады.

Күшін білекпен білдіру - балуаннан қалады.

Ғасырлар асуынан көзге түсіп, ерте ауызға іліккен жандардың бірі - Бейсенбі күйші. Оның туып - өскен, өмір сүрген жері - Қытайдағы Алтай аймағы, Буыршын ауданы. Ол - сөз иесі шешен, ел иесі әділ би, күй иесі домбырашы, қайрат иесі батыр, құс иесі күсебегі, сергек ойлы азамат болған. Бейсенбі Дөненбайұлы жас кезінде бүкіл Жанат руының (Абақ, Керей) Ортаға шығатын жылқысының қосбасы екен. Сол кезден бастап Мұңғыл-Қазақ ортасындағы даушарды бітіріп, екі ұлт арасына таныла бастаған Жанат елінің он мыңдаған жылқысы мен сан ондаған қосынына иелік етіп, кедей-кепшікке қолының ашықтығымен мырза атанса керек.

Оның ең қымбатты, сүйіп киетін киімі мәри жүнді қара құлынның терісінен тіктірген «Тайжакы», тағып жүретіні күміс сапты сапы. Ал құлын терісінен тігілген қапты, домбырасын жылқының күзет кезегінен де, аң қуған салбұрында да жанынан қалдырмайтын болған. Сондықтан да

Бейсенбі күйінің көбі аттың жүрісі, ащың аттарына байланысты болып келеді. Қазір халық күйлері деп шертгілі жүрген күйлердің бірнамасы Бейсенбіге тән. Күйшілеріміздің анықтан талдауына тиісті (қара құлақ аттың жүрісі, ала көз ат, майда жал, майда қоңыр, көк шұбар ат, күш қонқан, Арман, Сағыныш, Таңсаңшы, Қымыз күйі, Көк төбе, Ажар, Долы, Қалжыр (өзен ағы) жеңілдім, қатарлы күйлер. Мұнан сырт Бейсенбінің бірнеше күйінің тарихы бар. Ол күйдің бірі «Жеңілдім». Осы күйдің шығу тарихы былай екен. Бейсенбімен дәуірлес Жайыр деген азамат Қобықты мекенде жүрген жылдарының бірінде Ертістен өтіп Қоба, Буыршы елдерін аралапты. Жігерлі жігіт жүргіні болады, әрнені білгіні болады. Сөйлей-сөйлей шешен, қорек-қорек көсем болады дегендей, жалыны жарқылдап, талабы тасқындап өскен жас Жайыр Қаба елін аралап жүріп бір байдың үйіне қоныпты. Байдың қонақжай әйелі күтін алаа керек. Ол шырқан, күй тартып, ортаны үйірілтіп жүрген саңлақ жігіт әймен алапты, күймен көлемді жинап, отырған жерін өлең-жырмен сөйілдегін күйге орап, ел жүрегін жадыратып, қауымның қонақжай меймандостығына не болыпты.

Ауылға аялдан қалған қонақ жігіттен құманданып, «салт жүрген ұры» деген сылтаумен ұстап, кісенден қойса керек. Бір күні Жайыр кісенді сындырып, ауыл шегінен бір керік тауып мініп (жұғыр ат) түнделетін қалады. Күн түндігі жауып, айқаланы қараңғылық қамтып, қоңы ортайып, бір белден аса бергенде екі-үш отаудың үстінен шығады. Ат басып тежеп тесіле қарайды. Қотанды ауыл. Ақ орда. Керме толы саңлақ қатарынан сан түзен тұр екен. Жайырдың аңсары ауады. Бірін мініп, бірін қосарына алып кетуге ыңғайланып, тықырып сездірмей ауылға аялдайды. Жұлдыз жамбасқа аунап, таң шапағы білінейін десе де Орда үйіне батпаған екен. Үйге жақындағанда айқындалып естілген күй сарыны күздің ұзақ сары таңына талықпапты. Тұлпарды таңдан келе жатқан Жайыр күйдің құдіретті әуенінен шыға алмай қалады. Ауылға іліне күйге құлақ түреді. Төңкере толқытып, кейде күреңгітін, пернені бебеулетіп басып, жатқан күйдің «Жын» тілідей сарынына сүйінеді. Күй оның қаяулы қоңылы жадыратып жібергендей. Кейбір күйлер өзінің шертгіп жүрген немесе біреулер шерткенінен естіген күйлері, ал, қайсы бірі өзі естімеген сарындар сияқты. Күй сазына елтіп отырған жерінде ауыл күзетшілері бассалып ұстап алыпты (ұры-қара екен деп).

Күн төбеден ауа дастархан жиналып, сапырылған қымызға сарықарындаған үлкендер тысқа шыққанда: - Бізге жауап бермейді. Бидің өзіне барсам, жауапты Орда иесінің өзіне ғана берсем деп өтініп отыр, - деп Бейсенбіге ұсталған ұры жайлы хабар тиеді. Бейсенбі: «Қалайда көп талқысын көріп қар басқан қайсардың бірі ғой» деп ойлайды. «Сен кімсің?» - дейді бір ділмар ажырая. Шындығын бұлжытпай тез айтқыза қойғысы

келін: Бидің алдында сөйлеймін - демен не едің, «Көптің алды -талқы, бидің алды - те». «Сөз шынына, пышақ қынына тоқтайды», шыныңды бірақ ақтар. Ауылға не үшін келдің? Орданың түбіне не себепті ұйықтап қалдың? - деп сұрады тағы біреулер. Бидің әдеті шешендерін сөйлетін, өзі тыңдаушы болып, жауапкердің ішкі дүниесімен танысып сырын тартуды, сынап тексеруді өз билігінің түйіні етеді. Сол әдетімен Бейсенбі домбырасын сыңар шекпен дыңғырлата толғаумен отыра берді. -Жер көріп, ел тану азаматтың міндеті, атамыздың салты. Сол ата мұрасымен ауылдарыңыз ортасына Қобық жақтан келіп танысып жүр едім, - деп бастайды ұры сөзін. Ол жүрген жолы мен қонған ауылына дейін қалдырмай аршып сөйлейді. Бейсенбі мұның сөзін деп қоя тыңдап «Ұры болса да қотандағы қойдың ірге жауы емес, алыстан аңсайтын арыстың азаматының бірі ғой» деп ойлайды. Бұл ауылға қалай келдің ? -деген сұраққа Жайыр байдың кісенін бұзып шыққанын айтып: қашып жүрген адамда күй бола ма, байдың ауылы маңынан тауып мінгенім қойшының тұғыр торысы еді. Бір жүйрікті тоқымға басып, ырғытып жөнелсем деп армандап келе жатқанда, осы ауылдың үстінен шықтым. Кермедегі саңлақтарды көріп бірін мініп, бірін қосарға алып кетпекші едім, амал қанша,-деп тоқтайды. - Неге мініп жөнелмедің? - дейді тағы бір жігіт сұрау беріп. - Мен кермеге жақындағанда күйге мүлгіп тұрғандай жусаған аттардың маған құлағын тіккені болмады. Мен де сол күй сарынына азырақ құлақ қойып тыңдадым. Күй мені іргеге тарта берді. Өнерге әуестіктің азаматқа пайдасы да, зияны да болады ғой. Бүгін жақсылардың алдында ұры атанып отырғаным да осы күй құмарлығымнан еді деп тынады. - Атың кім? - дейді. Бейсенбі сөзге кірісіп, өзі атын білегін күйшілердің бірі болар ма деген жылы шыраймен. - Атым Жайыр. Бейсенбі Жайырға ойлы көзбен қарайды. Өзімдей күйші болып шығады демесе де «Күй құмарлығымнан ұры атанып отырмын» деген сөзін еске алып, қолындағы домбырасын ұсынады. Жайыр домбыраның құлақ күйін келтіріп алып, түнде өзі тыңдаған сарынын тыңдаушының құлақ құрышын қандыра отырып орындайды да домбыраны иесіне ұсынады. - Би-еке, қажыған ой, байланған қолдың күй шанағынан қате басқан саусағы болса кешірерсіз, мені өзіне баурап әкеткен, жіпсіз байлап алған осы күй болатын. Шокпардан жығылып қолды болғаным жоқ. Айыбым атқа мініп, қашып құтылу еді. Күйге құмарлығым халық алдында жауап бергізін отыр. Би алдында сөйлеймін деп түнімен жауап бермегенім де осы жайым болатын - деді. Бейсенбі Жайыр деген күйші бар деп бұрын естімеген. Қазіргі сәтте Жайырдың істеген ісі мен сөзіне ой толғап, құмарлығы мен алымдылығы Бейсенбіні екі ұшты ойға қалдырады. Өтірікші, адамкөстің бірі ме, бұл күйді бұрын біле ме, қалай тез үйреніп алған. Осындай алғыр болса халқының шоқтығы биігінің бірі болар, сынап көрейін деген ойға тиянақтапты. Бейсенбі Жайырды қатарға отырғызып күтсе керек. Жайыр екеуі күймен айтыс жасапты. Бірінің шерткен күйін

бірі шертпей жападан бастап, бір күн, бір түн күй-айтысқа түсіп, жеңісе алмапты. Бір кезде Жайыр пернені қолымен басып, үлкен башпайымен бір күй шертін, домбыраны Бейсенбіге ұсынып: - Қол шеберлігіндеі аяқты да айтысқа салыңыз депті.

Бежең аяғымен шертін бұрын әдеттеңбегендіктен "Жеңілдім" деген күйін шертін, жауап қайырса керек. Бейсенбінің бір күнінің тарихы осылай баяндалады. Бейсенбі Жайырды күтін, ат мінтіп, шапап кнтізін, құрметтеп, халықтың қалауы азаматы деп таниды.

"Тентектің басқаны тоғыз, мінезі егіз"

### **Баяғыда! (Жапай балуан әңгімесі)**

Баяғыда бала кезімізде Жалмақ балуанға ерін, Ергенектің елін шабуға аттандық - дейді. Жалмақ балуан Бала бидің батыры екен, бір күні Бала би шақырып алып: Уа, Жалмақ! Ергенекті елімізді екі рет шапты. Бірде мен тоналдым, бірде сен тоналып едің: мен малымды бердім, сен жаңыңды бердің. Жаңыңды бергенің емей немене, қырық жетіні қырық матап берін отырған қалыңдығыңды бергенің!

Білетін бе едің?-дейді.

- Ол кезде сен жас едің, дұшпаныңнан есе алу былай түрсын, жауға өзін кездесіп қалып, астыңдағы тайынды берін әрең құтылған болатының. Қазір сен Жалмақ балуан атандың, ол кекті қалай ұмытып жүрсің? - дейді. Ол кезде өзгеге шыдаса да, панысқа шыдаған ба? Жалмақ балуан ұшып тұра келіп: - Би, маңдайда бір қара таңба бар екенін білмей жүр екенмін: қалыңдық сенікі емес, басқанікі деген еді. Астымнан атымды алғанда алты-ак жаста едім... Жеңсем жауды алам, жеңілсем жауда қалам, аттандым сәрсенбінің сәтінде дейді де, жүре береді Жалмақ балуан. -Токта, батыр! - деп Бала би тоқтатыпты да, былай депті. - Баруың барарсың, елін де шабарсың. Бірақ қатын болып қалған қалыңдықтың қызығына түсіп кетпей, жер қайысқан қалың жылқыға да көзінді саларсың - дейді. Сонымен сакадай сайланған қырық жігіт маңдайды бағысқа қойып, төскейді үзеңгіге ала тартып жөңелдік дейді. Жалмақ жауырыны қакпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынаң қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады, астында сарқасқа аты бар, шекіп тастап, онтаудай ойнап, киіктей орғып келеді. Бөкең жортқан ат өмірде үзеңгілесе алмайды. Алты қоныш жетіншіге асқан күні, қоңыр іңір кезігеді:

- Осы бір тегін адам болмаған шығар... Түнейік осы молаға - деп, Жалмақ балуан атынан секіріп түседі.

- Түстік... Айналасы алпыс қадам, үлкен қара мола екен. Маңдайыңда жазуы бар. Қыркымыздың бір де бірін қара танымайды екеміз ғой, жазуды

айыра алмадық дейді. - Шапшақ шағын, тез тұтағын, от жақтық. Шамалы аукағанын алдық та, ер жастанын, тоқым төсенін жаттық та қалдық.

Үркер жамбасқа келіп, Сүлу Шолпан маңдайға таяғанда, Жалпақ батыр ағын тұра келіп:

- Жігіттер, төс ойылды бос, артқы ойылды аямай тартындар, Күн пайза бойы көтерілген кезде не қалың жауға, не қалың жылқыға кездесеміз. Менің тілегім болса жауға кездесерміз. Бидің тілегі болса жылқыға кездесерміз: Жылқыға да көзің сал деп еді. Ай, соның тілегі болар-ақ - делі, дейді.

Батыр мұны пелен божады десек, сар қасқа ат құлағымен алысты нұсқап, жер тарты түр екен.

Тартып кеп кеттік, дейді.

Күнде шашынақтаған найза бойы көтерілді, ойды-қырды алып жатқан қалың жылқыға біз де келіп кірдік. "Жолшыбайлан" біз де жылқыға тиістік. Екі сағт жылқыдан сытылып, төскейге бет қойып тартып та берді, қумалдық дейді.

- Жылқының бір шетін төңкеріп, кикүлап келе жатқанымызда, бота көз бір қыз тезек аркалап қосқа қарай жүгіріп келеді екен, өң бойым ұйып қоя берді, дейді.

Астымда "Құлап тұяқ құмай көк" деген ойым бар сыдыртын келіп қызды іліп алып, артыма мінгестіріп ақ алдым. Екі қолым белбеуімен қыстыра тастап, кеге бердім. Шашын жайып, "Құлыншағымдаған" шешесінің дауысы ғана естіліп қалды. Ол дауыс маған шыбын шыққандай да білінген жоқ. Өлден уақытта құрық үстіне құрық жаудырып, ну жылқыны иіріп бетін түзең, екі қырдың астына түсірдік-ау! Сол кезде Жалпақ балуан менің артымдағы қызды көріп, батырдың салшырт көңілі ауып кетті білем: - Сауға, - делі саңқ етін, дейді. Сауғаңа жараса, не арман бар, ал батыр делім. Қатарласып келіп қыздың маңдайынан сипап, толқынды кара шашынан бір сүйді де, жүре берді.

Манадан оты өзегіме өтіп келе жатқан қыз, содан кейін аркама жабысқан көлбақаға ұсап сұп-суық болып сала берді, -дейді. Жылқының денесін бөліп кеттік-ау деймін. Төңкеріп айдапнай келеді. Анда-санда енесінің бауырында шұқыраған құлынтай қақтығып құлап, қалып та келеді.

Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде артымыздан жұлындай болып бір кара көрінді. Аққан жұлдыз ба дерсің, көзді ашып-жұмғанша келіп араласып та қалды. Көпті көрген көне жылқышы екен, басқамызға қайрымай тұп-тура Жалпақ балуанның шылбырына орала түсіп: - Байды шапқаның шапқан, малды алғаның алған, жылқышының жалғыз қызын қайтесің, батыр. Еркек десең өзімді әкет, қызымды қайтарып бер. Сорлы анасы аңырап қалды ғой. Тар құрсағын кеңейткен, тас емшегін жібіткен жалғыз еді,- деуі қалай? Батыр ошы алаң қылсын ба, мырса

... ет күлді де, қасында келе жатқан Кейкі деген жігітке иек қағады. Кейкі сондай албырт, жылқышыны жалбағайдай жұлып алады да, айналдырып-аиналдырып, лақтырып жібереді де, тобылғы торы бесті киіктей оран ойпаң шыға береді. Екі - үш жігіт қуып беріп еді, қарайлағнады: Жылқышыны желіп беріп қайтайын деген немеше, күйрығын шаппып алып бір-ақ сартты - дейді. Артымыздағы қыз еңірен жіберді де, белімдегі білегін суырып-ақ алды. Алдыма алып анықтап қарасам, молдіреген бота көзінен меруерт жас борлап-ақ кеткен екен. Адам баласының қызғалдақтай үбдіреген сұлуы бола береді екен, қарысын қалған білегіммен құшақтауға алдым. Тағы да қозы көш жер кеттік. Жылқышы өлі ме, тірі ме, қолімізде көлеңке де қалған жоқ. Айтайға жылқы баласы қандай желігеді, тасыр-тұсыр қырылып келеді. Бір мезгілде артқа қарасаң, түйғындай түйілін, жұлдыздай ағып, артымыздан бір қара тағы келіп қалған екен!

- Ау, тоссандаршы! - дегенше болған жоқ, оран алдымызға шықты. Тек ағараңдаған бірдемені ғана көріп қалдық. -Апатай-ай! Сор айдап өкелді ме? - делі артымдағы қыз.

Астында манағы торы бесті, әлгі жылқышының әйелі, артымдағы қыздың анасы екен. Қиулап жылқының оң жағына бір, сол жағына бір шықты да айналып барып алдына түсіп, оң жаққа қарай тарта кен жөнелді. Жылқы да оның сонынаң еріп, шығысқа қарай салуы қалай?

Біз былай қайырамыз, жылқы олай қапайды. Торы бесті маңдайлатпайды. Найза суырып, сойыл сілтейтін жерге келтірмейді. Әденеше рет жылқыны бұрып алдық. Жылқы бет-бетімен жарыса қашты.

Құрық үстіне сойыл жаудырып бұрмаласак та болмады, бір бүйірде жатқан өзінің жалғыз есік кең аралына қалың жылқы келді де енді.

Аралға еңген соң қалың жылқы айдаптанты.

Аралдың ортасында бір төбе бар екен. Әлгі әйел соған шығып алып, жаулығын бұлғап, бәрімізді шақыруы бар емес пе! Шаппып -ақ тастаймыз той деп төніп келгенде: - Менің атым әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің ке анадан тудыңдар! Анамен алыспайды да, атыспайды да. Нең бар елі менің жалғызымда? Кел, балам, өзіме! - дегенде қолымдағы қыздың қалай ұрышып кеткенін білмеймін, секіріп барып шешесінің мойнына асылды кетті. Терімізге сыймай, қабағымыздан қан жауып тұрған бізде жұмысы да жоқ, шешесі қызын, қызы шешесін жұбаттып өзді-өзі болды да қалды.

Сол кезде манағы Кейкі шыдамай кетін:

- Батыр лұқсат етсең, екеуін екі тайға теңеп алып жүрейін. Қызы қатынға, шешесі отынға жарар - дейді. Жалпақ Кейкіге қарап, алақандай көзін бір төңкереді де: - Жаным, сен неткен жансың!

Сені қазақтың қатыны шығар да, өзімді батыры шығар деп ойлаймын... Жөнінді айтшы дейді әйелге. - Батыр атыңнан түс! Артыңнан алып келетін ешкім де жоқ. Сен бұл елді шабуға келсең, бұл ел де басқа



елді шабуға кеткен. Асықпай-ақ айдай бер, жауабын да асықпай берерсің! - дейді әйел Жалпақ балуанға. Содан кейін бәріміз де аттан түсіп төбені айнала отырдық.

Бұл қатынның қай шатаस्कаның тындайып деп отыр деп бәріміз жалпаққа ренжідік. Аздап соң әйел құшағындағы қызды босатады да, сөзіне кіріседі. - Мен мына қыздың шешесімін, қызым қазір он бесте. Дәл қызымның жасында өзім де сергелдеңге ұшырап едім. Соның суықызғары табанымнан, қара таңбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ.

Елім дейтін елім бар дейсің бе: Сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты, сол ауылда Сонар дегеннің қызы едім. Қай ел екенін білмеймін, елсізде туған Бала би деген баласын сүндеттетіп той істеп ат шаптырғанда бас бәйгеге құл бастатқан тоғыз, бас балуанға күн бастатқан тоғыз тігіпті. Бәйгеге өз қызын берсін бе, айнала қыз іздепті... Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін кайнатып жатыр еді, он шақты салт атты сау ете түсті:

- Жігіттер жол болсын! - деп әкем жолай айтқанда:

- Жол болмаса болмасын, қыз болсын! - деп қосқа сүйеніп тұрған мені қағып алды да шауып кете берді. Ертесіне шапқан ат, күрескен балуанның қызығы біткесін жабулы нарға мінгізді де, мені бәйгеге беріп жіберді. Күреске түсіп, мені бәйгесіне алған Байсары деген балдан екен, еліне келгесін Құлтеке деген байына байлайды. Құлтеке бай мені бір құлына аттастырды да, екеумізді де сауынға салды. Онда көп жыл тұрдым. Екі жылдан соң Құлтеке қызын ұзатып, той жасағанда екінші аттың бәйгесіне тігіліп (алғашқы жолы бас бәйгеге тігілген екем), осы өздерін шапқан Сары деген байдың қолына көштім. Маған атастырған құл бас бәйгеге тігіліп басқа бір елге кетті. Сары байдың Қайрақ деген жылқышысы бар екен. Өміріңде босағанда болайық, - деп байдан сұрап, мені қатындыққа алды. - Бірің жылқышы, бірің сауыншы болып жүре тұрыңдар, кейін босатармын деп еді Сары бай. Содан бері он бес жыл өтті. Байым бүгін өліп босанды, өзім осы орталарыңда отырған. Күндіктің ұзын құрығы сарт етіп қызыма түсе қалғасын, сондарыңнан қуып келің тұрмын. Неғып қорықпай қуып келдің демендер: он бесімде өзім де осы қызымдай едім, сендердің қолдарыңда кетсе, енді он бес жылдан соң қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? Мен үшін бұдан артық қорқыныш та жоқ, қорлық та жоқ. Сол мені айдап әкелген! Берсеңдер тірі алып қайтам, бермесеңдер өлі алып қайтам! - дейді. Мына әйелді асап қоярдай боп тұрған жігіттер, құлағымыз салбырап, күмілжи беріппіз: не сұрау не жауап бере алмай, жерді шұқи бердік. Әйел оны сезе қояды да: -Тең-теңімен деп, онбес жыл отасқан байым еді, сүйегін жолда көмдім. Білектің күшін, найзаның ұшын не күшті теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіңдер?... Құлыңға қосақтап қызымды әкетіп барасыңдар, бұларың да ерлікке, не әділдікке

жанаспайды. Ең мыктаганда еліңе бір күң анарын косарсыңдар. Қызым сендерге барса күң болады, өзіммен калса тым болмағанда өз етегімде еркін еркелейді. Сондықтан қызымды алып қайтам. Өмірде әйелден мұндай сөз естімеген әумесер Кейкі былай депті сонда: - Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Біздің далада одан басқа не бітіреді олар? Қызды сағып алаң да қағып, тартып алаң да қағып. Жігіттер мына қатышның сөзін қойдырып, өзін де ала жүрейік. Теретін тезек біздің елде бар! - дейді. Манадан ойға қоміліп, тұнжырап отырған Жалпақ таудан құлағандай құлап отыр екен. Ұшып тұра келіп сары қасқа атын әлі әйелдің алдына тоса берді де: - Өз бойымнан бере алатын айыбым осы-ақ, жеңгей олкысыңбай ала қор. Күндіктен босаңғың келсе, мына жылқыдан қалағаныңна ал да, жердің иетіне шейін көше бер. Бірақ жер жүзінде күндік пен құлдық жоқ ел бар дегенді естігенім жоқ еді, сондықтан өзіме еріңдер: қанағаттыға қақтырмаймын, түмсықтыға шоқыттырмаймын! -дейді. Сонда әйел тұрып: - Осы жылқының қаншасы өздеріңе тиелді? - деп сұрайды батырдан. - Кім біледі, біреуі де тимес. Оны би біледі... дейді Жалпақ балуан. - Ендеше жылқы да ал деме, атыңды да берме, саған ере алмаймын да: Сенде еліңе жеткенше ғана ерікті батырсың, еліңе барған соң сен де еркіннен айырыласың, не байдың, не билің сойылы боп қаласың. Батыр-балуанды көріп жүрміз ғой. Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды айырмасы осы-ақ. Бірақ сенің еркін менікінен еркін болмайды. Солай емес пе, батыр? -дейді әйел. Жалпақ тағы да мойынын салбырағын отырады да: - Біз даланың ессіз есерлеріміз ғой. Көзге тұрткенде ғана елік етеміз. Көзге тұртпесе көрмейміз. Сен көзімнің оқырасып алып, шымылдығын аштың. Өліңде ғана қызыңды сауғаға алып, кең өмірімнің аз ғана ойыншығы егермін деп ем. Енді одан қайттым. Өз еркім өзімде тұрғанда, мен де бір адамға ерік берейін, қыз сенікі. Желден де еркін өмір сүріңдер, дейді. Бишараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қаңқара! Еріні қырық тілінген жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті - дейді. Жалпақтың соңғы сөзін естуі-ақ екен, бірі сары атқа, бірі торы бестіге мініп, екі әйел ойнап шыға берді. Бір кезде әйел сарқасқа атты қалт тоқтатып, артына бұрылып: - Керей деген ел көрсендер сәлем айт, Жалпақ деген батыр көрсендер сәлем айт! - дейді де, жөнеле береді. Әйелді аттандырған бойы тұра кеп тұрған Жалпақ балуан гүре етіп құлап түсті. Біз де сонда ғана есімізді жиыппыз. Айтып-айтпай не керек, жылқы да қалып, Жалпақты сүйеп елге әрең жеткіздік. - Шіркін әйелдің де әйелі екен, - деп Жанай балуан ылғи айтып отырушы еді, деп Тілеубай қарт сақалын салалап қоятын.

## Жомарттық

Алдағы заман қойын санаудан жалыққан қазақы тірліктің заманы емес, тиын санаған саудаға ауысын барады. Сонда осыған қазақ ілесе алар ма екен. Малды қызыр береді, мол ырысты ақ пейіл, адал көңіліме, жетім-жесір, жоқ-жігітке қарайласқан қайырымым мен мейіріміме береді деп түсінеді қазақ. Елден мейірім мен қайырым кетсе, қазақ деген кең даланы мыңдаған жылдар бойы мекен еткен ұлы халықтан не қалады. Қазақы қайырым мен мейірім кетсе теңгені доңгеленткен қулық, сұмдық қалай снысар.

Мойынына бұғалық түскен асаудай, тақымдан тартын бара жатқан заман көшіне ере алмаған елдің болашағы не болмақ.

Осы жағдайды көзге шұқын көрсетің, осылай жасасак, ертеңіміз жарқын болады дейтін ең құрығанда тәртің, үлгі көрсетер азаматымыз болар ма екен,

- Бағамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер демекші бұрынғы кезде құдай деген бір балалы-шағалы ауқатты адам қасындағы жоқ-жігіктерге үнемі қарайласып отырыпты. Балаларына да имандылықты, қайырым жасауды үнемі айтып, қалағалап отыралы екен. Бізге осы дәулеттің бітуі бірінші алланың , екінші өзіміздің адал еңбегіміз, үшінші жанымыздағы елдің жақсы тілеуі, сол себепті адамдарға көмектесіп отыруды естен шығармаңдар дейді екен. Бірде байдың үлкен баласы қой бағып жүрсе еріні кезерген бір жігіт келіп, - барсың ғой, барсың, бірақ біздей жоқ жігітке еткен қайырымың қайда? Алла берген нәсіптен маған да қарайласаңшы деген екен.

- Ал, ендеше, - деп бай баласы отарының шетінен біраз қойды бөліп алып, кедей жігіттің алдына салып береді. Арада жылдар өте сұлу киінген жарау атқа мініп, сондай бір келісті атты жетегіне алған жігіт байдың ауылын іздеп келіпті. Ол сол баяғы мал сұран алған жігіт екен. - Сіз жомартсыз ба, әлде балаларыңыз батыр ма? - депті жігіт оқиғаны бастан тізіп айтып, өзінің де сый әкелгенін алдына салады. Бай мен бәйбішесі бір-біріне қарап күліпті де қойыпты. Сонан тамақ ішіп жайланған соң бай: - Мал алланың елге берген ырысы. Мол ырыстан жоқ-жігітке қарайласу да - алланың бізге артқан міндеті. Менің балаларым мұсылмандықтың парызын хак пайғамбар айтып кеткен жолды ғана атқарды деген екен. Ендігінің байы елі үшін осындай парызын өтей ала ма? Алдымыздағы заман өте, тез өзгеріп барады. Адамның пейілі тарылған сайын, табиғаттың да мейірі азайып бара жатқандай. Адамдардың ашкөзденіп, табиғат байлығын өз меншігіне айналдыруы салдарынан, адам айтқысыз апаттар орын алуда. Ақша табу жолында адамдар өздеріне-өздері ор қазып жатқанын білмейтін шығар, білсе де, өз өмірімен байланыстырып, өзінен кейінгі ұпағының кім боларын, не боларын ойлаудан қалып барады. Біздің ел 2050-ге жоспар жасап алды. Сонда барша қазақ робот болғаны ма?

Қазіргі үлкен-кіші сол өмірді көре ала ма?

## Қызыл үйік

Қазак даласында қыста қар басып, жазда шөп өсіп, біресе ақ, біресе көк, біресе сарғыш тартып қырық құбылып тұратын осы бір он екіде бір гүлі ашылмаған бала қыздың енді-енді қылтың келе жатқан үяһнак көкіретіндей бұлтың төмпекті жұрт «Қызыл үйік» деп атапты. Көне заманнан осылай атанып кеткен көрер көзге сондай жұнаны шықы биікті ел әулие төбе тұтыпты. Анадайдан аттарынан түсіп құран оқыпты. Сол жаққа қарап: «Сақтай көр», «Қолдай көр» - деп қол жайып жалбарыныпты.

«Қызыл үйік» төбесі туралы неше түрлі аңыз айтылады. Бірі Ноғайлының батырының жерленген жері десе, екіншісі жоны заманынан қалған мола деп айтады екен. Көп естіген көне көз қарияларды тыңдасаңыз, осы ұлан-асыр даланы бізден бұрын өткен жеті жұрттың жетеуіне де телиді екен.

- Өткендерді тыңдасаңыз «Қызыл үйіктің» топырағын алдырғаның ата-бабаның аруағына қас дүшпанның итін сарытқаның, етегің жел ашпаған бойжеткеннің уыз көкіретін басқа ұлттың өзбыр қолына баса көктеткенің.

- Өткендерді тыңдасаңыз: жұрт болар жұрт қызыл өңешінен гөрі ата-баба аруағын салғыртсығаның -жұртының кеше кім болғаның ұмытқаның; қыз баланың абройын қастерлемегенің- жұртының ертең кім болатынын ойламағаның.

- Өткендерді тыңдасаңыз: жұрт болар жұрт ата-бабаның аруағы мен қыз баланың абройы жолында халықты ұстаған атап жілікті азаматтың алғын басып салағаға шала алады.

- Өткендерді тыңдасаңыз: бізден бұрынғы жеті жұрт бұл өңірден осы «Қызыл үйіктің» топырағын қори алмағандықтан айырылып қалған.

Бұл әңгіме өгірік пе, шын ба - анығын айтып бере алатын ешкім жоқ. Оның анық-танығын тіл бітсе, тек жұмбақ биіктің басынан ергелі-кеш бір кетпейтін тарғыл бүркіт қана айтып бере алар еді дейді. Талай ғасырды көзі көрген тарлан бүркіт бір кезде осы арала оңат болған баһадүрдің қолындағы саят құсы екен. «Қызыл үйіктің» жан-жағында шашылып жатқан заттар сол баһадүрдің қару жарағының жұрнақтары екен. Төбенің етегіндегі шашылып жатқан сүйектер оның тұлғарыныкі деседі. Бұл нысаналы бүркіттің мойыны мен тұмсығындағы ерекше сарғыш жолақ несінің сыпыра алмай кеткен томағасының орыны көрінеді.

Сол тарғыл бүркіт қонып отырғанда төмпектің астында жатқан беймәлім ата-баба аруағына еш нұсқан келмейді екен. Ата-бабаның аруағы ренжісе, бүркіт әлдеқайда ұшып кетеді мыс.

Көл-көсір кеңістікте сүйелдей боп қана қылаңғыр қалжасы бар окшау төмнектің басында ергелі-кеш қанатын қомдап отырған тарғыл бүркіт ай асты тіршілікте өткінілік пен өкініштен, үміт пен тәуекелден, күдік пен күмәннен басқа тұрақты ештеңе жоғынан хабар бергендей.

## Мәті би

Аты алты алашқа мәлім болған батыр әрі тура би болған Мәті қартайған шағында Жомарт ауылындағы болған тойға келгенде, артық дәулетке көкірегі азып, астамасын сөйлеген бір әулейі Мәтіге төрді кимай: - Апырай, жер тырмалап, індігеш баққан мына жаман жатақтың той не теңі екен, кіммін деп, қай қалың ағайының, қай мол шашуын бұлдап келді екен! - дегенін естігенде кәрі би айтыпты деген бір сөз исі алашқа түгел тарап кетіпті.

- Сонда, жарлығымды сұрасаң жалғыз кара бурамен елден бөлініп көшкенім рас, мырзалығымды сұрасаң, сол жалғыз бурамды сұраған мүсәпірге түсін беріп, күркем жұртта қалғаны рас, ерлігімді сұрасаң, Тәуке ханды жау қамағанда туын ұстап, қапияда туым жығылып, жау қолына түскенім рас, билігімді сұрасаң, сол жауды қызыл тіліммен балқытып, өлімнен құтылғаным рас, барлығымды сұрасаң, тістелеп баққан жалғыздың соңына кара еріп, жылқысы жайса белге, жапса көлге симас Садыр Жомартпен құда болғаным рас, бар малым бір бура болғанда жарлық бұдан өтіп не болсын; сол бураны мүсәпірге түсін беріп жұртта қалғанымда, мырзалық бұдан өтіп не болсын; ту ұстап жауға шаптым, батырлық бұдан өтіп не болсын; қызыл тілдің жүріктігінен ажалдан құтылдым, билік бұдан өтіп не болсын; жалғыз балама Қаратаудың терісін бір өзі малға толтырған Жомарттың жалғыз қызын ал бердім, байлық бұдан өтіп не болсын, қаршадай ұлым қарқарадай отау тігіп, торсық шеке немере сүйдім, барлық бұдан өтіп не болсын, өзім батыр, өзім би, өзім бай да, өзім бар, мен бұл тойға не бетіммен келмеймін, қотаның толып, қойыртығаң молайғанда бұтқа толып отырған жаман қойны мен тұрғанда саған төр қайда? - депті Мәтекен.

Сол Мәті ұлы Тайлан туғалы жалғыз үйлі-ді. Сол Мәті мынау Тайланды Қаратаудың баурайын тырналап нан тауып, шатқалын аралап ет тауып ел қатарына қосып еді. Тері киіп, терсек төсеніп өскен намысқой жігіт: «Әке менің қатарым атқа мінді мен қайтем, қу даладан құлан ұстап жуасығтам ба?» - дегенде: «Балам, жұрттан талай алғыс алып ем. Сол алғысым сені жаяу тастар деймісің!» - депті. Аңшы жігіт тағы қуалап, таудан-тасқа қарғып жүргенде стекке кегіп бара жатқан бір керуеннің көзіне шалынады. Керуен басындағы шұбалған көк ала атты анадайдан бұрылып кеп: - Жігітім кім боласың деп сұрайды? - деп сұрайды. Тайлан

жонін айтады. Сонда бейтаныс кісі атынан түсіп, аңшы жігітке ұсынады. Тайлан мынау суреттей атка кызығын тұра да, кайдағы бір каймана казактын он-оңай жарылкай салғанын мүсіркегендік деп түсініп, намыстанып оңай олжадан бас тартады. Ат иесі: Жігітім, тартыңба, ал! Кісіге бакыт та, касірет те осылай ойда жоқта тап болатын. Бакытыңнан бас тартып тұрғаныңды, жок касіретіңнің бас тартып тұрғаныңды кайдан білесің? Меселімді кайтарма. Жалғыз-ақ бұйымтайым, әкеңе сәлем айттып барсаң болғаны дейді. Сонда жігіт шұбалған көк шұбарға такым салып тұрып: - Әкеме кім сәлем айтты деп барамын? - деп сұраған екен. Анадайда өзін тосып тұрған керуенге жаяу аяқдан бара жатқан әлгі бейтаныс кісі: «Қызыл тайша!» - деп айқайлайды.

Баласының көк ала атка мініп келе жатқанын көріп Мәтекең: Балам, атың құтты болсын! - депті. Қайдан алдың? Кім берді? - деп сұрамағты. Кенқұрым жатар алдында баласы манағы бейтаныс кісімен қалай кездескенін әңгімелен берген екен кәрі би мыре етін күзін жіберітті. Сөйтсе манағы кісі бала кезінде базарға мал айдап кетіп бара жатқан бір байдың қызыл тайшасын жол-жөнекей ұрлап алғты. Қазаннан енді түсіріп жатқан ұрының үйіне жок караған бай серіктерімен сау етін кіріп барыпты. Қазаның күлге тоңкеріп, шешесін бұрымнан ұстап ал, көк ала қойдай қып сабапты. Баланы құлағынан бұрап шырылдатып отырып, сол маңайда түсетін жатқан жерінде, Мәгі билің үстіне әкең кіргізіпті. Сонда Мәтекең: Сенің баға алмай айырылып қалған малың тамағын таба алмай отырған ащ ауызға тап боп сауабына қалған екен. Барымтада кеткен малың болса бір сәрі, қасқыр жең кететін қызыл тайшаның дауымен кеп, алдымдағы асты суытқаның үшін маған бір сауып түйе айып төлейсің, өзіңді туған әйелдің шашынан көзіңе шөп түсейі тұрып тартқаның үшін мына баланың шешесіне бес бие айып төлейсің, би алдынан өтпей тұрып күш көрсеткенің үшін өзіне он қой айып төлейсің - деп, дау қуып келген дүниекоңызды басымен қайғы қылып жіберітті. Жұртқа көрсетпей қызыл тайша ұрлап саяғын батыр бала мынандай ағыл-тегіл малды жүрт көзіңше айдап кетуге жүрексінгенде атақты би манағы жолаушының Тайланға айтқанын айттып, қолын жайып: Қой анасы оннан, түйе анасы бірден, жылқы анасы бесден, өсеің десе астаң-кестені - деп бата берген екен. Манағы жолаушы сол ұры бала болғаны ғой! Баяғы мал адал боп бұйырып, алдына дәулет түскен ғой. Сәлем айтса, сәлемат болсын! - депті Мәтекең. Содан Мәтекең бірде көк шабар ат мініп көлендеп жүрген баласына: - Балам, базарға барып қайтсаң қайғеді?

- Одан не бігірем, әке?

- Көк атыңа мініп барда, көк атыңа мініп қайт, басқа ештеңе істемей депті Мәтекең.

Тайлан содан Түркістанның базарына барыпты. Көк ат мініп көлденеңдеп келе жатқан жас жігіттің үстіндегі тері жарғақ киіміне таңғалды ма екен, бір отағасы анадайдан: - жолың болсын, балам.

- Әлей болсын, аксақал.

- Шырағым, кімнің баласысың? - депті аксақал. Тайлан жөніп айтыпты. - Ендеше балам осы арала тұра тұр. Анау қым-қуаттың арасына кірмей-ақ кой.

Менің бір Мәтекеңе беріп жіберетін сәлемдемем бар еді, - депті.

Аксақал көп ұзамай бір қашықты арқалап әкелі де, Тайланның артына бөктеріп беріпті.

- Аксақал, бұны кім берді дейін, - депті Тайлан.

- Мәтекеңнен жақсылық көрген адам аз ба? Соның бірі дей сал, - депті қария. Тайлан үйіне кеп қашықты алса, лықа толы өзіне арналған асыл киім екен. Тайланның үстінен жарғақ топ түсіпті деседі. Кейін Әбілқайыр екеуі бірге жорыққа барып жан қысынас дос болып қайтқасын бірде Мәтекең баласынан:

- Балам атың түзелді, досың түзелді, енді ер жігітке не жетпей тұр? - деп сұрапты.

- Әке-ай, - оған үйренген үш тоғызды, қырық жылқыны қайдан табамыз? - депті.

Сонда Мәтекең: - Бала әкеге бес жыл жұмбақ, Әке балаға өмір бойы жұмбақ деген осы екен ғой. Әкенің қадірін әлі түсінбегенің бе, бала - деп басын шайқап күліпті. - Әкең Мәті, досың Әбілқайыр болса саған қандай қалың керек. Қасыңа Сұлтанды ерт те, Сұлтан түсетіндей бір үйдің ту сыртынан барып ат басын тарт. Ар жағын өз уысыңа іліккенін көресің!

- Әке сонда кімнің ауылына барсам дұрыс дейсің? - деп сұрапты Тайлан.

- Өзіңнің болашақ қадіріңді, Әкеңнің атың, досыңның абыройың тегін үйдің босағасына тастай салма. Жалғыз шалдың жалғыз баласы болып та бір-ақ жүрдің ғой. Ең болмаса қайының қалың ауыл бола ма екен? Алысқа ат шаптырып қайтесің, мына Боралдай бойындағы Жомарттың ауылына бара сал, депті. Әкесінің "бара салының" өзі байлығы мен сән-салтанаты күллі казактың ауызына іліккен Жомарт болғанына Таймас таңғалмағанда, кім таңғалсын! Қапелімде, іштей жүрексініп тұрса да, Әке ауызынан шығар сөз шығып қалған соң, қасына Әбілқайырды ертіп Жомарттың ауылына барды.

Салтанаты артып, Сайрамның ауызын бағып, дүние малды қайда шашарын білмей отырған Садыр бойының ауылы Кіші жүзден ат басын туралап бір төре, бір батыр қонаққа келгесін шашылмасқа жағдайы қайсы. Аяқтарын жерге түсірмей, ат үстінен көтеріп алып, ақ үй тігіп қонақ етіпті.

Енді жас жігіт бай ауылды бір күн жатыпты, екі күн жатыпты. Үшінші күні күтүні, даяшылардан ертең жолға шығатын райларың танытқанда Жомарт келітті.

- Бұйымтайларыңды кетерде емес, келген бойда сұрайтын аса қадірлі қонақтарамызсыңдар. Бірәк комейлеріңді ішім сезіп тұрып, келмей жатып сырларыңды айтқызып алмайып, қысылмай қымтырылмай қонақ бола тұрсын дедім.

Сонымен Мәтекең келінін қай шамада алып кетем деп отыр? - депті.

Міне жастарым!

Жаксы әке балаға қырық жыл азық деп осылай айтқан. Ойткен уақыт ұлағаты келешекке аз болса да онегелік болсын деп жазып отырмын.



## Шындық – әзіл

Мен біреуді өзгертейін деп тұрғам жоқ замандасым,- деді жайбаракат жылы шыраймен. Түйенің едірейген өркешін тегістегің келсе, оны арықтат. Адамның жамап мінезін өзгертпек болсаң, оны өмір тегеурініне сал. Менің ойым басқала еді. Мына Шәкеңнің тойында құр ақмағанбетті сіміре бергенше бір күлдіргі әңгіме айтып, қоңілдеріңді көтерейін деп едім. Айтпа десендер, айтпай-ақ қояйын. Бұны күрдасым Елеукең де сезді білем. Ол кенет момақанси ыржия күлді. Мен оның күле сөйлеп, қатты ұратын әдетін де білем. Елеукеңнің айғайы деген сөзіне бөтен жол тапқанын мен бірден түсіндім. Ол сөзін бастап та кетті. - Әңгіме бұл дүниеде емес, о дүниеде болған, - деді. Елеукең кенет жымың қағып, - осы отырған бәріміз пейіштің алдындағы алаңда тұрмыз, бұл жалғанда істеген күнәмізді ұмытып кетіп, әрқайсымыздың да ұжымаққа кіруге дәмеміз бар. Бірақ оның есігі біздің директордың кабинетінің есігінен де берік қорғалған. Қолдарына күрзісің ұстаған Әңкір, Мүңкірден бастап, Ғазіретәлінің өзіне дейін күзетте тұр. Тірінде екі иығыңа отырып алып қойып дәптерлеріне істеген күнәң мен қылмысыңды жазып алған Әзірейір мен Жәбірейіл де осы аралы. Өмірде болған бар жақсылығың мен жамандығыңды таразыға салып өлшеп Мүтуәлі тұр. Кірдің бір жағы бір мысқал төмен тартса болғаны, "мынаны дозаққа", "мынаны ұжымаққа апар" деп әмір берелі. Тірі жүргендеріңде қылмыстары ашылып, прокурор мен сот жасаған протоколдардың о дүниеге көшірмелері жеткен талай сарбаздар дозақта шырылдап күйін жатыр. Сол ұжымаққа кірмекші кезекте тұрған мені бір періште ұстап алды да: - Дозақтың қызуы азайып барады. Құмнан барып сексеуіл әкел, - деді. - Жалғыз ба? - деймін мен - жоқ, қасыңа үш кісі ал, деді. - Кімді алайың? - деймін мен. - Білмесең мен көрсетейін. Мына Шәкеңді, жолдасың Қызалғышты, басғығың Ауғанбайды алуыңа болады. "Мен болсам бір сәрі, жайыма жүрмей есеп-қисапты қисық жүргіздім, ал мына үшеуінің не?" деймін. Үшеуі де бұл дүниеде халқына адал еңбек еткен жандар екені баршамызға мәлім ғой. Әсіресе, Шәкеңнің аты аталғанда таң қалам. Сірә, бірдене істен қойды-ау деймін ішімнен, бейшараға қартайғанда қиын болды ғой. Әсіресе құрметті шопан деген атағымен, ордені мен медалдарымен құдай тағаланың санаспағанына не дерімді білмеймін. Егер осындайда шипасы тимейтін болса бұл темірдің неге керегі бар? - деймін. - Сен өзің мысық тектес жан екенсің ғой, - дейді періште. - Өзі атақты бола тұрып, Мұхамбет пайғамбардың өсиетін бұзып, алпысқа келдім деп бәрінді арақ-шарапқа лықылдата тойдырып, есіркені қайда? - Ит те болса жолдас еді, дозаққа күйсем, өзім-ақ күйейін. Бұның отқа жанғанынан қандай маған пайда бар деп періштен Қызалғыштың күнәсі не деп сұраймын. Мүтуәлі маған түксіе қарайды.- Бұның күнәсі сенікінен де ауыр, - дейді. - Бейіштен аз уақыт жер бетіне серуендеп келсін деп жіберілген бір хор қызы туралы,

катын - баласы бола тұра, әлі күнге дейін ойлауын қойған жоқ. Мен жерге кіріп кетердей ұялам. Өткен шақтағы жағдайларды бетіме были еткізгеніне Елеукенге іштей ризамын. "Ал, Ауганбайдың не жазығы бар?" деп Мүтуәлиге сұрақ қойған Елеукеннің дауысын естимін. - Мүтуәли маған бұл жолы реңкің қалды, - дейді Елеукен. - Әй, сен Ауганбайдың күнәсін білмейтіндей, не малтаңды өзін түрсын. Марш.

Елеукен өткен уақытқа шолу жасаса Ауганбайдың қысастығы көп екен. Үлкен-кіші демей айтқанына көндіріп, айдауына жүргізген екен, өзіне бағыншыты халықты. Періштелер аямаған пенделерді мен неге аямын деп Елеукен де жинаған ексеуілдерді Ауганбайға тасығыты. Шәкең мен Қызалғышқа жеңіл бұтақтарын артыңты. (2018 ж.)

### *Мәртөбе*

Қазақтың казак екенін білің келсе, халық екенін білің келсе, казактың үш биі шығып бас қосқан Мәртөбеге кел.

- Мәртөбеге келсең - сөйлеген сөзі сай-сүйегінді сырқырататын казактан өткен ділмар халық жоқ па деп қаласың.

- Мәртөбеге келсең - жетім қозының жұмырындай ғана кара шамак, екі шек, он алты пернеге жер жаһандағы үн біткенді түгел сиғызған казактан өткен күйші халық жоқ па деп қаласың.

- Мәртөбеге келсең - дауысты төрт кереге, тал шаңырақты ғана емес, аспан асты түгел әділдеп ұшқан күсты, жортқан аңды талмауратқан казактан өткен әнші халық жоқ па деп қаласың.

- Мәртөбеге келсең - биі сөйле, дүние жаратылғаннан бергі ықлым заманның жай-жапсарын түгел жадыға сақтап, келенегің бәрін көрмей біліп отырған казактан асқан сұңғыла халық жоқ па деп қаласың.

- Мәртөбеге келсең - көпті көрген көнесінің көңіліндегі көк шулап сакалдың тұқылына, көпті білген кемел ақыл айтқан сөздің ұтырына бас шұлғый тоқтайтын казактан асқан пәтуалы халық жоқ па деп қаласың.

- Мәртөбеге келсең - алкалы жиындағы азаматы түгілі кермедегі атына дейін бірінің жолына бірі басын тығып, шұркырасып жатқан казактан өткен бауырмал халық жоқ па деп қаласың.

- Мәртөбеге келсең - дастарханы жиылмас, сабасы сарқылмас казактың жомарттығын көресің.

- Мәртөбеге келсең - казактың кәрісінің ақылына, жасының қайратына қайран қаласың.

- Мәртөбеге келсең - жігітінің астындағы атына қарап, қызының иініне қарап казак жұртының ырзығы мен дәулетін, сәні мен салтанатын көресің.

Қазақтың өзіне-өзі риза болған мақалдарының қай-қайсысы да сол Мәргөбенің басында туған.

Қарға тамырлы казак "Ұлы жүзді қолына қауға беріп малға қой, орта жүзді қолына қалам бер де дауға қой, кіші жүзді қолына найза берде жауға қой" деп те сонда айтыпты.

Ел ырысы - малды Ұлы жүзге тапсырса, пейіліне сенгені, ел жыртқысы - дауды Орта жүзге тапсырса, білігіне сенгені, ел шырқын бұзар жауды Кіші жүзге тапсырса, ерлігіне сенгені.

### **Үш билің айтқаны**

Заман құлқыны туралы - Төле - О, әлеумет, жылқы біткен көп кісінесін кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісінесінің кеткен жоқ па депті.

- Қазбек би тұрып: - Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетіне бір дүрбелең келетін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісінесіне, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! - дейді.

- Әйтеке тұрып: - Ел шетіне дүбір келсе, атыңның жалы панаң болар, қатының - көк сауығың, балаң - көк найзаң болар депті.

Кәрілік-жастық туралы - Төле - Үй сыртында төбең болса - ертеулі тұрған атың ғой, ел ішінде қарияң болса - жазулы тұрған хатың ғой-депті.

- Қазбек би - жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе - бәрінің шыққан тегің сол; қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе - ертеңгі жетер шегің сол - депті.

- Әйтеке тұрып; - Ар сағып алған атақтан тер сағып алған мал артық, сақалың тосқан кәріден еңбегің тосқан бала артық депті.

Жомарттық-сараңдық туралы - Төле - Жомарттықта суайттың куәге жомарттығы, молданың ауаға жомарттығы жаман депті.

- Қазбек би тұрып: - Еркектің жетекке көңілшектігі, ұрғашының етекке көңілшектігі жаман депті. Әйтеке тұрып; Дауға жомарт молда молынан қағылар, куәге жомарт суайт абырой-арынан қағылар, жігіттің көңілшектігі - атының соры, әйелдің көңілшектігі - ... соры, ең жаман жомарттың - уәдеге жомарттық депті.

- Ең жақсы сараңдық: қасың сұраса - барға, сараңды досың сұрағанда - жоққа сараңдық депті Төле.

- Көрсен қызардың алдында - жарына сараңдық, айналдырған аурудың алдында жаныңа сараңдық лажым - депті Қазбек. -Тамырмен жамырдың арасында бақшаға сараңдық, доспен достық арасында бопсаға сараңдық депті Әйтеке.

## Аксак Тәңірберген

Тәңірберген шешеннің зираты "Абылай кара жолының" үстінде екен. Сол зиратты көріп, бата жасап тұрып, Атығай, Тезекбай ақын былай дегіті:

Кезеген дүние адам пақыр,  
Жеткізген бұл дүние кімге ақыр,  
Темір жак, айыр көмей Тәңірберген,  
Тіл қатнай, үні шықпай міне жатыр.

Сол Тәңірберген өз заманында өте шешен адам болған екен. Елге де құрметті болыпты. Біраз елді аралап, көп адам келе жатса, алдынан ырақшы Ескене соқыр шығып олжа сұрайды. Сонда Тәңірберген: - Ей Ескене-ай! - бекер сұрадым-ау, дегіті. Жапындағылар неге деп сұрапты.

Тәңірберген "айтсам Ескене тамақ іншей оқпелеп кетеді ғой, қонындар"дейді, жұрт жалының сөздің мәнісін сұрайды, Ескене ашуланбайтын болды. Сонда Тәңірберген:

Сұр иттің артын сүк ит жалайды,  
Сүк иттің артын сұғанак ит жалайды,  
Сұғанак иттің артын соқыр ит жалайды.-дегіті. Мен

ел кезіп, бетімнің арын бес төгіп, өтірікті шындай, шынды жындай қылып сұғанактап келе жатсам, соқыр ит менен олжа сұрайды деген екен.

## Малайсары

Қазақтың асының асылы не, жасығы не? Қазақтың бұйымының жақсысы не?-деп сұрайды. Оған Малайсары батыр былай деп жауап қапшырпты.

- Қазақ асының асылы да, жасығы да айран. Айранды бір ай (қымыздан) бұрып, бір ай соң ішеді. Жазғы шілдеде айраннан қалірлі ас жоқ. Қазақ бұйымының жақсысы кигіз. Баспана үй де, тоқым да, тосенің іс, табанына ұлғарак та жасайды дегіті. Басына тымак та болады.

Сонда ел дұрыс айтыпты деген екен.

Маңдайынан өткен суық өзіңмен кетеді,табаныңнан өткен суық жеті алаңа кетеді дегенде көп мағына бар. Осы екі жағдайдан сактайтын киігіден басқа ештеңе жоқ.

## Дәннен атылған оқ

Дария жағасында шығармен ау тартып егін салған дикан жігіт болыпты. Кемпір шешесі, бой жеткен бір қарындасы бар екен. Адал сөбекпен кәрі шешесін, жалғыз қарындасын асырап, қайратты білегінің арқасында оларды қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқытпай баға

береді. Сол тұста казак жұртын қап қақсатқан қаніпезер, қаһарлы жан жасапты. Бар өмірін сауық сайрамен, қамсыз қылықпен өткізіпті. Хан қасында қасында күзғындай шұбырған жеңдеттер әміршісінің алдына күніге бір семіз болған қой, бір сұлу қызды әкеп тарту етеді екен. Хан семіз қойдың етіне тойып аң, сұлу қызды сауық-сайран мақсаттарына пайдаланады. Онымен қоймай, әлгі бақытсыз жаңды мыңсаң күңіне апарып қосып жібереді.

Күндердің күнінде ханның жеңдеттері ханға әкелетін қыз таба алмай сасады. Тек әлгі дикан жігіттің қарындасы қалады. Оны зорлап алып кетейін десе, жеңдеттер қыз ағасынан сескенеді. Батыр екенін біледі. Жеңдетке де жан керек. Амал жоқ ханға барып, осындай да осындай, дария жағасында отырған бір жігіттің ай десе ауызы, күн десе көзі сұлу қарындасы бар. Бірақ ағасы батыр, тірідей қолынан бермейді деп. Хан ашуға мініп, әлгі жеңдеттерді сабап қуып жібереді де, қалың қол алып өзі аттанады. Ханның бағына қарай батыр үйінде жоқ болып шығады. Қармақ салып, дария жағалап жайып аулап кеткен екен. Хан шырылдап араға түскен шешесін ұрып жығып, қызын оңгеріп алып қорғанға келіп кіреді.

Екі жайыңды екі қолтығына қысып, жігіт үйіне келсе, кәрі шешесі талып жатыр екен. Жаңындай жақсы көретін жалғыз қарындасы ол да жоқ.

Пәленің бәрі ханнан келгенін біле қойған жігіт атына міне шапқан. Бұл қорғанға келсе қақпашылар найза кезетін жібермейді. Ақырында күзетшілер қақпаны тарс жауып алады. - Әй, Хан! - Қарындасымды көзің қайтарып бермесең, ертеңгі атқан таңды сен көрмейсің! - деп айқайлайды. Хан мұны тыңдамайды. Жігіт бұл арбасудан ештеңе шықпайтынын біліп, атының басып кейін бұрып, қайтып кетеді. Кеш түсіп, Хан ордасында сауық-сайран басталады. Көңілі тасыған қаніпезер дикан жігіттің сұлу қарындасын алдыма әкеліңдер деп бұйырады бір кезде. Жеңдеттер аяқ қолы байлаулы қызды ханның алдына лақтырып тастайды. Қыздың бетінде пердесі бар екен дейді. Сол пердені бір қолымен көтеріп, қыздың жүзін көрмек болып үңіле берген хан кенет лақша бақырып, шалқасынан құлайды... Табанда жапы шығып кетеді. Әлгі жігіт, отырып-ақ жауыз ханның сазайын берген. Ордадағы адамдар хан ажалы қайдан келгенін айыра алмай бастары қатады. Бейшара қызды зынданға апарып қамап тастайды. Ертеңіне қыз ағасы келіп, ханды өзі өлтірген екенін айтады. Жұрт сенбейді "Сенбесендер дәлелдеуге ұлықсат етіндер"- дейді жігіт. "Дәлелде" - дейді жиналған көпшілік. Жігіт қышынан қанжарын алып, ханның өлексесін паршалай бастайды. Жұртта зәре жоқ. Бір кезде жігіт ханның кеудесіне қолын салып жіберіп, оның жүрегін суырып алып, жоғары көтереді. Ханның жүрегі қап қара екен дейді. Сол жүрекке кәдімгі бидайдың қылтығы найзадай қадалып тұр екен. "Мынау менің үйде отырып атқан оғым" - дейді жігіт. Жұрт жағасын ұстайды. Сол топтың ішінде ханның бас уәзірі де бар екен, сол сенбейді, бірақ. Алдаушы, - деп, жігітке

семсеріп ала ұмтылады. Жігіт шегіншектей берелі де, жан қалтасынан бір уыс қауығы аршылған бидай дәнін алып алақанына салып жоғары көтерелі де, уәзірдің бетіне "уф" деп үрлен кен жібереді. Егтелеп келе жатқан бас уәзір "бак" етеді де жаш етіп күлайды. Өлген уәзірдің де кеудесін жарып жүрегін жұртқа көрсетеді жігіт. Сөйтсе, оның жүрегінде бір емес, бірнеше бидайдың қалтығы оқша қадалып тұр екен. Қарындасын босатып алып, өзінің үйреншікті тірлігімен өмір кешігіті. Біздің салтымызда -"нан атасын", нанды басап, ас атасы нан деген қасиетті ұғымдардың қалыптасуы осыдан қалған шығар.

### **Туысқандық жайында**

Қоңыр қазақтың өзіне тән барша қасиетін ана сүтімен, жусан пісімен, күйдің күмбірімен, саумал иісі самайдың лебімен, бойына дарытқан, көкірегі ояу, көзі ашық, халқының тарихын, өнері мен мәдениетін, түмса тұнық ауыз әдебиетін, тұрын салтын білетін, "мен қазақтың" дей алатын азамат өзінің шыққан тегін, кіндік кесін, кір жуған ата жұртын қастерлен, жеті атасын жалына тұтуы шарт. "Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елді біледі" деген сөзді салмақтап, ой баққан атамыз қазақ тегін айтпаған болар. "Қырық рулы елміз, қарға тамырылы қазақтың"д еген сөз де баяғыдан келе жатыр.

Бұл қазақтың аралас-күрала, ашыс-берісі, құда жекжат, жамағайын жұрағаттығын аңартағын, сонау іргеміз сөгіліп, қаймағымыз бұзылмаған заманадан көсем де, ділмар шешен де, ел қорғаған батыр да осыөздерді жиі айтқан дейді. Алысты жақын тұтқан, жақынды бауыр тұтқан, туыстық желіні үзбеген.

Ел шегіне жау келсе данықты бабаларының атын ұран қып шақырып, шынымыз, жанымыз бір, еліміз жеріміз бір, туымыз бір, тегіміз кегіміз бір, еліміз жеріміз бір, суымыз-нуымыз бір ер түріктің ұрпағы, алаштың азаматымыз десіп бәғуаласып, баталасып бес қаруын асып, ат күйірығын түйісіп бір байрақтық, түбінен табылған. Қаймана қазақ түз төсіпде жолыға қалса жеті атасын жаратысып, егжей-тегжейлі жөн сұраса келе: "Ой, сен өзің бөтен болмадың, тіпті ег жақын туысым болып шықтың, бізге жиен екенсің немесе пағашы не құда екенсің ғой" десіп шұқыраса табысып құшақтары қауышып, әзілдері жарасып жарысып, ел-жұрт, бала-шағаның амандық- саулығын сұрасып бір жасап қалады.

Бұның бәрі халқымыздың айрықша қасиеті. Басқа жұртқа ұқсамайтын ерекшелігі. Қазақы бауырмалдығы. Қазір екінің бірі жеті атасын біле бермейді. Тіпті кімнің қалай туысатынын да ажырата алмайды.

Үлкен әкелеріміз, кейінгі ұрпақтары ата-бабаларын мақтап тұтып жүрсін, жомарттыққа, ерлік пен мәрттікке саятын кесек істер мен өр

жайсаң мінездерінен тәлім-тағлым алып, дәл өзіндей болмаса да, соларға ұқсап бақсып, бойындағы қазақтың сезім, түйсігін жоғалтпаса, кейін біздің де атымызды өмірмей ұрпағына өнеге етіп айтып отырсын дегендері болар.

Осы тұрғыда жас ұрпақтың туыскандық қатынастарын ара жігін танып, тармақтап ажырата білуі де заман талабынан туып отырған қажеттілік.

Қазақта туыстық қатынастарды өзара сабақтас үшін жұртқа бөліп айтады.

Біріншісі - адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, Әйелдер төркіні жұртым деп атайды.

Екіншісі - шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты. Үшінші -күйеуі не әйел жағынан туысатын қайын жұрты.

Адамның өз жұрты жеті ұрпаққа бөлініп аталады. Ерлерінен - атасы, әкесі, өзі, ұлы, немересі, шөбересі, шөбшегі. Қыздардан әкесі, шешесі, өзі, қызы, жиені, жиеншар, туажаты.

Бірге туған ағайынды адамдар арасындағы ең сөзі өтімді, сыйлы, қадірлі адам - үлкен аға. Өзінен кейінгі іні-қарындастарының болашағына, тағдырына, жай-күйіне ол өзін әрдайым жауапты сезінеді. Інілерінің тойын жасап, үйлендіру, құдаларын шақыру, қарындастарын жасаулап құтты орынға қондыру... Бәрі ағаның мойнындағы парызы.

Аға ғой қаһарым да, айбарым да,  
Ағасыз жел есе ме айдарымда.  
Ең алғаш сөз үйреніп, тілім шыкса,  
Ізің бар ағам сенің сайрауымда.  
Ағажан көз алдымда ізің басқан,  
Таралып бауырыңда көзімді ашқан.  
Батыр да, батыл да жоқ бұл дүниеде,  
Мен үшін, Аға, тура сенен басқа.

Қазақта қыздардың баурманшылдығында да жөні бөлек. Алыс жакка ұзатылып кеткен қыз бала еліне, жеріне, әке-шешесіне, бірге туған бауырлары мен апа, інілерін сағынып, біреу іздеп келер ме екен деп ел жағына қарап жалтақтап, құлағын түріп жүреді екен. Өткеннен де, кеткеннен ата анасы, баурларының амандығын сұрап, сағыныштан әбден құсаланып, зарығып жүргенінде төркінінен келген бауырын көріп көзайым болып, өлкені танып, өлігені тірілгендей күй кешкен қайран апа бауырына көңілі толып, мауқын баса алмай ертелі-кеш айналып-толғанып барын тәтті-дәмді, жылы-жұмсағын соның алдына жайып ауызына тосады екен. Сірә "Апам үйі ақ жайлау" деген сөз де осындайдан қалған керек.

Сағынып іздеп келер апам қайда,  
Күн талды көрмегелі талай айға.  
Жүр ме екен шаруа басып бір соға алмай,

Басында "ұзап" кеткен менен жайға,  
Сағынған шығар амам бауырларын,  
Жырақ кой сенің бізден ауылдарың.  
Ауылда басқа жігіт болмағанда,  
Жездемді қияндыға тауын алдым.

Аға мен қарындас арасында ерекше туысқандық, сыйластық болған.  
Қарындасына қатты сөз айтпай, ұрсын зекімей, әрдайым қабағына қарап,  
шынайы еркелетіп, ешкімге зәбірлетпей үнемі қорған болып жүрген.

Қыз баланың абырой, намысы ең бірінші ағаның, қала берді сөз елдің  
намысы.

Тұратын бауыры езіліп қарындасым,  
Бақытың, махаббатың алаумасын.  
Дегенмен бірге тудық, бір жүрмесіңіз,  
Аларсың өзің тандап қалаулысың.

Ашылысың бағың қалқам екі бастан,  
Көңілің көтерілісін сағып аспан.  
Ел-елді жақын етін қосып жүрген,  
Айналып кетпейміз бе қарындастан.

Адамға өзімеіне еркіңеің, анық-жарқын қалжыңдасың, жүрек  
сырыңды ақтарып, мұңыңды шағар анық, жайлары, сүңғұла жеңгетің,  
қолы жомарт, жаны жайсаң әзілкеш жездеңің, өзінді аға тұтып алдыңнан  
кесе-көлденең өтпей, қабағыңды танып сыйлап тұратын биязы күйеу  
баланың, жүзіңе тіктен қарай алмай, сыбдыры біліңбей аяғының ұшымен  
жүріп, қатты қайырым шаруана көмектесің, қызмет қылатып, өзінді ерекше  
пір тұтып қадірлейтін, мінезі сынық, сөзі ибалы, шабатты келіннің  
туыстық, жанашырлық қасиеттері де ерекше болады.

Жеңгеге: Женеңе, мінезің бар жібек-торғын,  
Сен барда көңіл піркін тартнас солғын.  
Ағамен қайындарға ерекше ғой,  
Женеңе, отаудағы сенің орның.

Жездеке, қай уақытта орның бөлек,  
Балдызды әрқашанда жүрсен демен.  
Кей-кейді әкеге де теңен жүрміз,  
Жездеде бір қасиет болса керек.

Адам ғұмыр бойы күйеу бала мен келіннің алдында жаман  
кылығын, осалдығын көрсетпей тырысып бағады. Қайынаға деген биік  
мәртебеге әрдайым лайықты, сыйлы болуға, ұсақ мінезге бой алдырмауға,



айтқан сөзін, ақылын жерге қалдыртпауға күш салады. Жасы үлкен, жөпі бөлек болғандықтан құрметтелуі керек те.

Атаң да өмір кешер әкең болып,  
Ықтасың, пана болар жүресің тоңың.  
Сен жақсы бала болсаң, атаңның да,  
Марқайып, көңіл өсің, жүрер толың.

Нағашы жұрт деп айтушыға шеше жағынан туысатын туыскандарды айтады. Жалпылама алғанда адамға шешесінің шыққан тегі, ру түгелдей нағашы болады.

Тізбелеп айтқанда - нағашы ата, нағашы, нағашы аға, нағашы немере, нағашы шөбере осылай аталып келеді.

Қазақта нағашылап келдің бе? Жиендік жасайып деп жүресің бе?-деген сөздер осыдан қалған. "Қырық серкешін" даулап нағашылап барған жиен құр қайтпайды, өзінің қалағанын алып қайтады. Қазақша жиені айтылатын "Жиеннің наласы қатты болады, сұрағанын беру керек", "Жиенін ұрғанның қолы қалтырайды" деген сөздердің өзі жиеннің нағашысына еркіндігін, оның сұрағанын беру, ренжітпеу, үнемі бетінен қақпай еркелетіп жүру керектігін білдіреді. Сондықтан да болар, жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық сияқты алғысы келген, көңілі түскен бұйымтайын нағашысы берсе қолынан, бермесе жолынан алуға ерікті болған. Ол үшін нағашысы жиеннің алғанын даулап қазының, бидің алдына барса да, қазақ дәстүрінде жиенді айыптамаған. Дегенмен алмақтың да салмағы, әр нәрсенің реті бар ғой.

Жиендіктің жолы осы екен деп нағашыдан қызыққан нәрсеңді бұйымтайлап ала беруге де болмайды. Жиен нағашысының қалағанын үш ретке дейін алуға ерікті. Одаң әрі кейбір нағашы "қырық серкенді өтедім" деп бермейді. Әрі онысы қазақ дәстүрімен заңды да болады. Бүгіндері әркім өзімен-өзі болыңқырап кеткен заманда туған нағашыңнан жиендік жолмен бірдеңе ала қоюың екі талай.

Жалпы елі, жері, атасы басқа болғандықтан нағашы мен жиен бірін-бірі күндемеген. Ағайын арасында ұсақ кикілжің олардың арасында жат қылық саналған.

Біріне бірінің құрмет пейілі шынайы, таза болған. Осы тұрғыдан алғанда санамызда "Қамқор нағашы, ерке жиен" деген түсінік қалыптасқан. Бұл да халқымыздың туысқаншыл, бауырмалдығына тән жақсы қасиет.

Қосайып енді қырға нағашымды,  
Солар ғой айтатұғын маған сынды.  
Жатпайды болат кездік қап түбінде,  
Жарқ етіп жарып шықпай кісе қынды.  
Әншінің думан-тойда жағы ашылар,  
Бар болыңдар, туыстар, нағашылар.

Егер де балтыр сыздан, бас ауырса,  
Жанымнан табылатын тағы осылар.

Жүйенің жұлышындай қайран жиен,  
Еркелеу мінезіңе басымды ием.  
Өзіңнен жұққан шығар ту басында,  
Сағанда жел беретін менің кием.  
Өзіндей менде жиен нағашыма,  
Осылай келдік өмір таласына.  
Нағашы-жиендерден тұрады өмір,  
Жарықшақ кіргізіп аң арасына.

### Өмір жалғасы

Ер жігіттің басындағы бір іс жар таңдау, шаңырақ көтеру, бала сүю, дұрыс түзеу. Ер мерейі содан көтерілер, түп-тегі содан өсіп өнер.

Қатып алмақ қиын іс, ер жігіттер таңдаулысын қалайды. Біреу сұлуды тидер, біреу байды, біреу бекті таңдар. Таңдағанда жігі бағын, санамен қарарсың. Тегі жақсы, ұятты, пәк, жаны тұнық пәкізатты табарсың! Дұрыс үйдің қызын аларсың, жел тимеген, күн сүймеген қылаусыз қалыңдықты қаларсың! Сені сүйіп, басқа жанды білмесіп. Тексіз қылық көрсетіп алып жүрмесіп. Не десе де көркін емес, ізгі құлқын сарала. Құлқы жақсы жолыкса, көзің жайнап жанарсың. Өз теңінді ал, қатып алма. Көркін қуып, құлқы кеміеті алып жүрме! Сұлуды аңсап қор болма. "Мамық болмай бөксе, мықып, білегі мамық болсын мінезі мен жүрегі". Таңдағанда төрт белгісін көзлепші, одан өзге өзі де кездеспес. Біреу бай әйелді ізлейді. Біреу сұлуға көз тігеді. Біреу тектіні, ұлықтықты тілейді. Бірі нәзік, ақылдысын таңдайды. Нәзік, есті жан іздегіп, бекзада, соны алсаң төртеуі де бір жерден табылар. Ақылды, ізгі, нәзік, өзіңе теңдесті тапсаң алды-артына қарама! Үй бол! Тілегің мал болса, малды тізіп берер. Бектік қусаң, бектікке де жеткізер. Сұлу да сол, құтты да сол, текті де сол болар. Жүзіңе қан жүргізіп байытар. Мінезі мінсіз, құлқы шырайлы, шырын болғай. Біле білсең, әйел көркі қылығы! Сондай бір жанның қолында жаңағы төртеуінің де қасиеті түгел табылар. Ондай ару кездесе ойланба да, толғанба, ерім! - Әйел алғын , ұл-қыз сүйгін. Ұлсыз, ұрпақсыз тірлік қапалы. Егер ұл-қыз жақсы болса зерделі, жаман болса, жетесіз болса қайтер едің? Ұл-қыздың дұшпан болса, дұшпан неге керек? Одан жаусыз тірліктің өзі жақсы. Талай ұл мен қызды көрдім жетесіз, бұл күнде ата-анасын ауызға алмас нетесіз! Дос ... дос ... дейсін... Дос көңілі түскенде дос, көңілі қалса жау. Достан шыққан дау жаман. Жау жүрген жер ұрыс-керіс, дау-шар.

- Әрине айтуға оңай, ұл-қызыңа дұрыс тәрбие бермесең, үлгі-өнеге көрсетпесең, өзің жақсы боласың ба? Осының бәрін біреуге аудар бергенше, өзім қалаймын, жақсымын ба, жамаңмын ба деп бір мезгіл айпаға қарайық ағайын. Өзіңді өзің сабырға шақырып, алды-артыңды қоғамдап алмай, әйелің кеуіңнің сөздерің бір жерден шықпай, жақсылық ала алмайсың. Бәрі де ең бірінші өзімізден. Не ексең соны орасың деген сөз бекерге айтылмаған.

Ғаламшар жазуында елді негізгі үш желіге түзіп билік жүргізу қолайлы екендігі хатталған. Елдің шетін, елдің ішін, елдің құтын бағу деген. Осы үшеуі түгел, бүтін болса, елдің берекелі.

Үш сирақты нәрсе нық тұрады, әрі берік болады. Үш сирақты тақты қай жерге қойсаң да тұзу түсе қалады, орнықты, қона кетеді. Төртсирақты орынтак тақтайдай тұзу жерден өзге, кез-келген орынға тұра алмайды. Қайткенде бір сирағы олқы шығып, қиралаңдап қалады. Ал үштің бірі кетсе тиянақ жоқ. Екеу әлсіз. Міндетті түрде үшеу болғаны жөн. Сонда орнықты тұрады. Ошақтың үш бұты да сол сияқты. Кез-келген жерге бекіт те түтініңді түтете бер. Осы үш санының көптеген баламалы, ұлағатты, келелі, дәстүрлі, зерделі өмір үшін берері көп. Бұрынғы өткен заманда бір кітапхананың ішінде сөре үстінде тура осындай үш түрлі зат ретімен орналастырылыпты. Ғұлама ғалым мен бұларды әдейі таңдап алып қойғыздым дейді. Таразы, өткір пышақ пен бал шырыны нені меңзейді? Әділдікті, әділ заңды білдіреді. Билік айтқанда, қазылық жасағанда ақ-қара, жақсы -жаман, қылмысты қылық, істі таразыға тартамын, әділеттімін дегенді білдіреді. Егер кінәлі болса, қылмысыңды өткір пышақпен сылып тастаймын, жазалаймын дегенім. Кінәсі, ақ-адал жандарға бал шырыны бұйырады. Өмірде де солай. Құнаһар күнәсін күнәсін арқалап өтеді, адалдар түптің түбінде тіршіліктің шырынына қанады. Ал қылып пен қалам биліктің тірегі, сүйеніші. Бек елге билігін қылып пен қаламмен жүргізер болар. Қылып ұзын, қалам жүйрік. Екеу де өткір-әділ төрелік.

Қара бастың қаракшысы қызыл тіл,

Қанша басты жұтты үзіп қызыл тіл.

Басты ойласаң, тиып ұста тіліңді,

Басын жұғар тізгіңсіз тіл түбінде!

- Тілсіз кісі екі түрлі, бірі - сақау, бірі - надан. Сақау-мылқау сөзге кенде, тілсіз таста бір, ол да бір. Ал білімсіз надан сөзге жарытпас! - Біліктіге құлағым түрік. Айтолды. Білгелер біліп айтқан. "Білімсіздің тілін тиган жөн болар, Білімдінің сөзін жиған жөн болар!" дегенде, өзіңді білімді деп шақырттым. Білімдінің сөзі жерге сіңген сумен тең, су келген жер гүл көмкерген ну көркем. Тұнып аққан бұлақ көзі тартыла ма, білімдінің нұрлы сөзі сарқыла ма? Жоқ. Білімділік шым бүркеген бір ұйық, бұрқырар су, аяқ бассаң құйылып. Ал білімсіз көңілі - құм, құнсыз шөл, шөп те шықпас, тойып бермес құйсаң көл. Сөзден тосылма, Айтолды. Білімдінің сөзі

бараныға көз болар. Ақылды адам тәңді арылттып, ой бағар. Жан семірттер, өй семірттер, ойланар. Тәң семірттер нәр ауыздан кіреді, жан семірттер сөз құлақтан кіреді. Нәр кірген ауыздан, жан семірттер сөз шығар. Тіл мен аузын баққан ердің ердің жаны да сау, тәңі де сау, пайдасы қол-көсір. Тіл мен нәсі. Тия алған жан екеуін қолына алар қазынаның жетеуін. Ерге екі нәрсе қажетті:

Ерік керек, тіл, құлқынды тежерлік.

Билік керек, тіл құлқынды теперлік.

- Кімді таңдаған дәзім? Кімнің сөзі шын? Сөзді кімге арнаған жөн?

- Данадан ал - делі Айтолды, - сөз алсаң. Надаңға оны жеткізе алсаң бөлар шам! Ұлықтарды тыңдап, ұққаныңды кіншілерге дарыт. Ізгі сөзді әз жүрекке жалға. Көп тыңдап, айтарыңды дөп таңда. Тілің білім билегендер өшкіті.

- Тілге ерік берген жөн бе, іріккен жөн бе?

Үшсын ба сөз, қалсын ба әлде қамалың?

- Тіл аңнаса, қалар білім қамалың. Тура сөзге келгенде тіл тартпағын, қыңыр сөзді сөйлеп текке лақпағын.

Үндемесең тіл білмейтін сақау дер, Көп сөйлесең көкеміңа тақау дер. Арғы жағын ақылға алып білерең.

- Жүйелі сөз - ұлытық. Жүйелі сөз құлдың да құзырын өсірер. Сөз қуаты төрге де шығаралды, көкке де шығаралды. Сөзің ессіз шықса, алтын басты тілге берер, көк төріне жер түбіне жіберер.

Жүсін Баласағұннан.

Бүгінгі күн биликтің істейтін көпшілік қара халыққа, үш түрлі міндеті бар.

Біріншісі - елім дейтін, қазығым дейтін - алып ерлер, күркіретен арыстандай ержүректер. Ерлігімен елге пайда түсіретіндер.

Екіншісі - елші, ғалым, даналар. Ел ісін бағалап, ел ісін жүргізіп, кәдес бергенде олардан кім асқан!

Үшіншісі - хатшылар. Қазынаң толғанда, кіріс шығысқа олардан жүйірік жан бар ма?

Ісінді көктететін осылар. Әбден танып ал, сый-құрметіңді аяма. Осы аңғылған, саналы ауыл-сананы ескермеген, елемеген билікті биік қазаға ұшырайды.

### Асау ақының айтқандары

Жер бетіндегі жұмыр басты пенделердің бәрі де бірдей. Оларды алалау-ақылсыздық. Ал, ең жаманы - біреуге бас ұру. Пендеге табыну - қорлық. Өзіңді өзің қорлау.

Көпті бәрі де көреді. Топты әркім-ақ ауызға алады. Ал ең ізгі сезім - ол көрінбегенді көру. Азды бағалау ізгілік.

Бай адам кім? Дүние мүлкі көп пе, жоқ білімі көп пе? Қиындығы оның екеуі де емес. Асылы, ең үлкен байлық - ол тәубе ете білу. Тойымсыздық - қасірет. Шүкіршілік еткендер - бай.

Адамдар неге айтысады? Неге бір-бірімен тайталасады? Оның негізі неде? Асылы соның бәрінде бәсекеден. Таласпасаң бәсеке жоқ. Тайталас - түптің түбінде жақсылыққа басатын жол емес.

Мына жарық жалғанда, басшы болу оңай деседі. Айтқаныңды кім болса да тыңдайды, қайтседе орындайды дейді. Айтылмай жүрген бір шындық - аса қабілетті адамдарды басқару қиын. Өте қиын. Сосын да басшы мен қабілеттілер арасында қабыспайтын қиындық болады, сосын да қабілеттілер қиналып өмір кешеді.

Жігітті тірлікте батыр етіп жіберетін құдырет не? Соның құпиясын осы күнге дейін дәл айта алдық па? Біздіңше махаббаттан батылдық туады. Сүю - батырлыққа бастайтын негізгі баспалдақ.

Қайшылық барлық уақытта қоғамның қозғаушы күші емес. Ол кейде дамуды тежеуі де ықтимал.

## Момынның ойлары

Дүние көп болса ғой-деп армандауқай жұмыр басты пендеге де әдетке айналған. Дүние-бақыт па? Ешкім ешқашан олай демеген. Қайта қолына түскен асыл мүлік кісіге көз ілдірмейді. Тынышыңды алады. Дегберіңді кетіреді. Дүние-рахат емес азап.

Біліп айтсаң-сын жоқ. Ал білмей тұрып та, білетіндер сияқты сөйлеу ше?

Ондайлар бар ғой. Білмей білем деу-дерт. Өз үшін емес қоғам үшін дерт.

Ақиқат қашанда ашы. Оны айта білу одана да ауыр. Соны біле тұра, өтірік мақтау айтуға әуеспіз. Шын сөз сұлу емес, ал сұлу сөз ақиқат емес .

Көп кісі "мен данамын" деп өзін-өзі әйгілеуді тәуір көреді. Өзі туралы көп айтылса екен дейді. Өзгені аузына ала бермейді, алғысы да келмейді. Ал, шын дана кім? Басқаны бағалап, өзгені танитындар-даналар. Олар өз бойын өзі жасырып ұстайды. Жақсы жылқылар да мүшесін жасырады.

Мына жарық әлемде үнемі билікке, жағары ға ұмтылу - ақылдылық па? Ақылдың көзі неде? Асылы, шын даналар биікке ұмтылмайды. Биікке құмарту - өзінді төмендету. Өзінді қорлау. Өзің тұрған, өзің шыққан биігіңді бағалай білмеу.

Мына өмiрде "мен өлемiн" деп қорқытатындар көбейдi. Бұл - сұмдық! Ақылсыз - сұмдық! Өлгендер өлмейдi. Шып өлу - өмiр сүрiп жүрген шақта шобала бередi.

Қайшылықтан қашпау керек. Түгтеп келгенде, шыпдыққа бастап баратын ең сара жол - қайшылық. Қайшылықсыз даму жоқ.

### Айтолдының айтқандары

Уәзiр таңдау, ұлық таңдау, өзiндi таңдаумен бiрлей. Уәзiрiң сұм болса, елiң бұзылар. Жақсы бектiң құлы да жақсы болар. Iзгi бектiң қасына еттер жиылар. Зұлым бектiң қасына зұлымдар ұйлығар. Озiң жақсы жаралдың екен, жақсы серiк iзде. Бектiң өзi залымға айналғанша, жапына арам мен аңды жақындатпасы анық. Ендi ойлапшп қарасаң, жаман-жақсы калай ғана жарасар? Түзу мен қисық калай қабысар? Адал мен арам калай ғана жарасар? Отқа су серiк бола ала ма? Күнге түп жарық бере ме?

Дүниеде күллi нәрсе үйiрiмен жүредi. Олардың өз үйiрi бар. Жүгiрген шп, ұшқан құс, қыбырлаған күрт-құмырсқа, қарасаң, тең-теңiмен, үйiрiмен жорғыш жүр. Жердiң күртгi көктiң құсымен жұғыспайды. Жаманға жақсы қатыспайды. Әр нәрсенiң өз жұбы, өз жiгi, өз теңi бар. Қыңырларға қатыспаған.

Екi нәрсе, тозған сайыш сүйкiмсiз!  
Сүйкiмсiздiң жүгi болар сүйкiмсiз.  
Жаңа нәрсе болса, ескi не керек?  
Жақсы нәрсе болса, жаман не керек?  
Ләззат iздеп, қиналар ер, сабылар,  
Ләззат, рахат тек жаңадан табылар!  
Қандай жақсы дәулет айнып кетпесе,  
Қалауыңша бiрге жүрсе, өтпесе.  
Қандай жақсы бектiк -биiк өрлесе,  
Болмаса ажал, кiсi мәңгi өлмесе.  
Қандай әсем, жiгiттiк шақ - албырт шақ,  
Қартың келмей, иiлмеген аңғырт шақ.

Ж. Баласағұн.

Қылмыс - күнәнiң кейбiр түрiне ертеден берi қолданылып келе жатқан айып-қиып, жаза-жарғы, жол жоралғылар бар. Соның бiразы Тәуке хан тұсында қазақтың төбе билерi бiрiгiп шығарған "Жетi жарғыда" айтылған. Ал адам бар жерде ағаттық бар. Бiрақ "ағаттық бар" деу ақталғандық емес. Адамдық мiндет - ағаттықты асқындырмай адам бойынан алып тастау. Ағаттыққа ұрынғанды әлiне қарай жазалау. "Айып анық болса, жаза

жаңылыс кетпейді. Іс шындыққа шанса, әмір әділін табады." Осыларды бұлжымас қағида тұтқандар кәте баспайды деген түйінге келді.

Тәрде қатар отырған қадірлі қонақтардан бата сұрағанда жырау, батыр, билер, сен жаса, сен жаса деп бір-біріне жол бергенде би тұрып: - Жол бастау-биден, қол бастау-батырдан, жора бастау-жыраудан, бата бастау-ақыннан болсын деді көпке қарап. – Сөз жүйесін, бата иесін тапсын...

Ақын батасы: Жат пияғылды жауыздық,  
Жасыныңнан жайрасын.  
Жылан кетіп жеріңнен  
Құлан келіп жайласын.  
Бұлт төнсе басыңа,  
Дауыл соғып айдасың.  
Еңіреген ерліктің,  
Елін көрсін пайдасың. Әмин!

### Ұлы адамдар толғамдары

**Лев Толстой:** "Тән үшін сүрген өмірдің рахаты болмайды, азан шектіреді, рух үшін сүрген өмір ғана рахатқа жеткізеді" деген.

**Лоо Цзы:** "Бақыт та, бейбақ та алдын ала маңдайға жазулы. Адам пейілінен екеуінің біріне тап болады" - дейді. Пейілің таза болса Алланың берері шексіз.

Енді мәңгілік өлмейтіндеймін! Жаным тыныш тапқан. Тән боп емес, жан боп өмір сүргенде ғана адам жаны рахаттанады.

Ғасыр соңы, жанталас кезеңі. Бір алапат өзгеріс келе жатыр. Алла Тағала үлкен энергия жіберіп, жер бетіне сұмдық өзгеріс енгізеді.

Ал, қара ниеттілер, зұлымдар жаңа ғасырдың энергетикасына сәйкес келмейді, сондықтан жанып кетеді. Сынақ кезеңі. Ұлы сынақ. Ұлы өзгеріс, алапат дауыл тұруда. Тәндік санаға байланбай, жандық санаға көшіп қана адам өзін, жанды құтқара алады. Жандағы өткен өмірдегі күнәлардан арылып, тазару кезеңі жүріп жатыр!

"Жақсылық ісі бар адам екі дүниеде де шағтанып жүреді және ақылдан асқан киелі нәрсе жоқ" деген. Жан тәжірибе жинап, өзін дамытады. Ақыл-ойды жетілдіріп, сананы шыңдаған жан - ең бақытты жан!

Г. Шәмшиева.

Сүйген адам жүзінен-ақ болжайды,  
Жағын ашса - сөз білдірер ол жайды.  
Білгің келсе - байқа сүйер, сүймесін,  
Тік қараған көз қарасы толғайды.

Дос табу оңай, досты сақтау қандай қиын еді! Дос көңілін қалдырма жүгін көгер, мұңын бөліс. Досың жауға айналса, жаныңа қас қылатын сол болар. Дос бймейтін сырың аз. Іші-тысыңды білген жау қастық қылар, жиган-тергеніңе көз сапар, дүниенің ілер. Қол тигізер, жаныңа иелік жүргізер. Достың жау болмағы қандай қиын еді! Жау болу оңай, жарасу қандай қиын еді. Жауың болса, дауышан жапыңды бак. Жауласқан жау аңдып, қадам бастырмас. Біріншіден, күндес, күдікшіл, екіжүздіге жолама, екіншіден, өсекшіл, шағымшыл, һәм күңкілшілден алыс жүр. Үшіншіден, майқұмар, ішкіштен без. Бұлар адамға оға бермес. Сүйінішті тірлікке не жетесін! Қастық қылма, достың қадірін біл. Досыңды сақтап, жебе. Тіршілігін сүйінішті, сүйкімді болады. Ал, жатыңды құл қылығы келсе, сары алтынды төбесінен сорғалатып төк, күміске бөктіріп, содан кейін сақалынан ал. Жакыныңды жат қылығы келсе, сұрағанын берме, сөйлесе қойма. Баянды ұзақ тірлікті ойласаң, оның жолы сақилық, жомарттықты нан-тұзыңды елге мол бер. Елге жұғымды, сүйкімді болғың келе ме, тәтті сөйлеп, тілмен көңілді біріктіре біл. Қалір-құрмет іздесең, кісілерді қадірлей біл. Бай кемел болғың келсе, қанағат қыл, қанағатшыл болсаң ыңыранған иелер бай сенен аспас. Жұрт өзіңді мақтап тұтсын десең, қылығын аз, жүзің жарқын болсын. Кісі асылы осындай болар. Кісілерге кісілік - кісіліктің белгісі. Ізгі қылық, дұрыс көңіл, түзүтіл түп-тегінен түзелер. Өденсіздің барар жері-түбі жанжал,керіс. Ызақордың барар жері түбі қиянат. Дәулетпен жарас, өмікпе, кектенбе, дәулетпен егесең ішкеніңді заһар қылар.

Қанағат. Ақыл. Тізгін мен шылбырдай екен. Жок бірі от, бірі су екен. Бірі ойға тартса, бірі қырға тарталы. Бірі сүздер, бірі тән. Сүздердің жан-тәні әлдеқашан бетін бұрып,ол жаққа ауып кеткен. Тән қызығы бұл дүниеде таусылмас. Дүние -у,нәпсі жау. Удың шырын татитышы қандай! У-шырын. Шырынға қонбай шыбын жан қалай шыдасын. Шырынын татып тамсап қормей байыз таппас бұл пенде. Дүние әу бастан солай жаралған. Ібіліс арбап шырынын таттың-ақ, адам у ішкендей саңдалар. Күнаһар бейнетті тірлігі ілін алып-қакпақыл ойнап, қанкөбелек айналдырып, жалын ішінде сүйірте жөңкіліп жөнелер. Қанағат пен Ақыл екеуінің жолы бір. Екеуінің тілегені бір нәрсе. Қуғаны да бір нәрсе. Қанағат пен ақылдың қиысар, тілдесер, қатар жүрер сәттері қандай көп. Тек қанағат дүние тозағы мен алабынан теріс бұрылып, құлшылық жолына пейілін берген екен. Ақыл дүниенің ісін әділ де адал істеп, қанағаттың іші-сыртын түзеп көңілін шартпақ. Қанағат қандай сабырлы сақи жан еді. Бай да өтер, кедей де өтер сүм дүниеден. Кедей өлсе жокшылықтан құтылар. Бай үзілсе, малын қимай құтырар. Түбі бір ажалға тұтылар. Ол да кетті өкіндіріп. Адам, Хауа ұрық



шашқаннан бері кімдер келіп, өкінбеді. Кімдер кетпеді! Бірі - алып, бірі - ғалым, бірі асқак, бірі - затым, бірі - дана, бірі - аяр, бірі - ойлы, зиялы, бірі - жынды, бірі - еріншек, киялы. Қаншама елші, пайғамбарлар туды. Жол көрсетті, жол білгізді. Бірі көп жасады, бірі аз жасалы. Бірі де баянды ғұмыр кешпеді. Енді қарасаң өмірде болмағандай, анадан тумағандай. Жер астына кіріп жатыр, із-түзссіз.

- Атыңды неге "Айтолды " деп қойған. Өзің құтсың, өзің Дәулетсің? - десін.

- Атымды бір дана кісі, затымды айға балап, "Айтолды " қойған екен. Оның мәнісі, ұлы қарағым мынадай, - деп сөзін сабақтады. - Ай туғанда қияктанып, кіп-кішкентай болып туады. Күннен күнгі көтеріліп, толысып тола береді. Ай толған үстіне толады. Ай толған сайып, ғаламның көзі ашылып, жайпай түседі. Жер-жаһандағы ел-елдің жүзі жайпап, жарқырап арулана түседі. Жер маужырап, көл мөлдіреп, тау керіліп, жап баласының жан-жүйесін тұмса толқын қытықтап рахман күйін кешеді. Толған айдың сұлулығына, келбеті мен кереметіне не жетсін. Ай толғанда толған айдай дүние де толықсып, уыздай шырын жинап, үлбіреп төрт құбыласы теңеліп, сұлулығы толықсып жетіледі. Жанды-жансыздың іші-сырты бірдей нұрланып ләззатты бір рахат аңсайды. Толған ай да, қарасаңыз, шетінен біртіндеп азайып, бірге-бірте бозаң тартып, кетіледі. Ажары тайып, нұры азып бұлдырап кете береді. Нұры сөнеді, бойы семеді, ақыры із-түзсіз мүлде жоғалады. Айдың сыры солай. Күні туғанда, қайта туып, қайта қияктанып, толар, оналар. Орынына келер. Оналар. Мен де сол Айдай жаңаланып, жаңғырып тұрамын. Бірде бармын, бірде жоқпын. Орым, тұрағым белгісіз, жұмбақ. Ғаріп жанға көзім түссе, көріктеніп, жүзім нұр жуады. Байып-толып, шаттығы шалқып, атак-данқы алысқа жайылар, мәртебесі өсер, мейірі жасар. Мен кетсем бәрі де су алғандай шайылар. Жиған-тергені шашылар, мүлік-мүкамалы тозар. Баяғы таз қалпына түсер. Еңсесі басылар. Менің сырым сондай. Барлығын айттым. Енді сен білмейтін сырым қалмады.

Жүсіп Балағұннан.

## Аңыз

Жер бетінде тіршілік пайда болған соң, Құдай тағала енді соның бәріне енші үлестіріпті. Енші алуға балықтан басқасының бәрі келіпті. Жолбарысқа ну орман, қарғаға ағаштың басы, тышқанға жердің асты, бүркітке көк аспан, өзі келмей қалған балыққа судың іші тиіпті. Содан қайтып келе жатқан бүркіттің алдынан балық шығып; Қарағым, сенің еншіңе не тиді, менің еншіме не тиді-деп сұрапты. "Жаратқам ием сені де жарылкады, мені де жарылкады. Саған судың еркі, маған көктің еркі тиді. Сен енді толқынмен ойнақ салып жүзесің, мен бұлтпен бірге қалықтап

дәурен сүремін дейді. - Ал, ақыл кімге тиді дейді балық. Оны адамзат алды, ақыл соның сыбағасы болды - депті. Ақылды адам алды дегенше, аспандағы сені де, судағы мені де алды десейіні. Күллі адамзаттың жаратқан иесінен алған ең негізгі ешпесі-ақыл. Сондықтан оның байлығын, ерлігі мен өнерін, жүріс-тұрысын, көзі мен қолын, аяғы мен басын бәрін де ақыл билеуі керек деп түйіндейміз.

\*\*\*

- Дүниеде не ауыр, не қатты, не тәтті деген хан сұрауына қыздың берген жауабы: Дүниедегі ауыр жылқының тұяғы, жерошақта сүт пісіріп отырғанымда шанқан тұлпар тұяғының ауырлығынан сүттің қаймағы жыртылды.

- Қатты - жокшылық, бай, кедей ұялады.

- Тәттіңіз ерлі-зайыпты адам. Мен әке-шешемнің ұлы да қызы болған еркесімін, түн ортасына шейін ортада жатамын, көзім ұйқыға кеткен кезде екеуі егіз қосылып, мен ірге жағында қаламын депті-қыз.

\*\*\*

Бір ешкі биік жартастың басына шығып алып, етекте тұрған қасқырды жаман балағаттапты, сен ақымақсың, ата-бабаңнан бастан бәрің хайуансыңдар!- депті. Осы сөзді ханға айтса не болар екен?.

### **Сұрақ жауап**

- Дүниеде тұрақты не бар? Дүниенің тұрақтысы өлім.

- Дүниеге атам не үшін келдім деуі керек? Олғанше тыным танастан еңбектену үшін келдім деуі керек.

- Аруак пен тәпше қалай түсінесің? Тәп - бұл дүние сияқты деректі болғанмен, о дүние сияқты аруакты бейне жоқ.

- Ғылым адамға не үшін керек? Ғылымның адамға керетінде хисап жоқ. Өткенді білу үшін, алдағыны көру үшін, өмірсізді өлтіру үшін, жаңаны жаңарту үшін, жалпы айтқанда өмір үшін керек.

- Мемлекет дәулеті деген не? Мемлекет дене болса, дәулет соның жаны. Дәулетсіз мемлекет жаны жоқ дене.

- Мемлекет байлығы, халық байлығы деген не? Бұл екеуі де айырылмайтын дене. Мемлекет халықтан тұрады. Егер халықсыз мемлекет болса,-денесі жоқ бас болар еді. Егер халқы бар мемлекет болып, байлығы болмаса, бейне бір ішіне салатын асы жоқ, құрулы тұрған қазан болар еді. Егер мемлекет бай болып, халық кедей болса-құятын өзені жоқ көл болады. Халық бай болса, мемлекеттің суы сарқылмайтын теңіз сияқты болмақ.

### **Ерте замандарда айтылған аңыз әңгіме екен**

Ерте кезде, осы жарық дүниеде "Құдайдан" басқа ешкім болмапты. Құдай олай-былғай жүріп зерігін өзіне ермек іздейді. Сондағы жаратқаны доп-домалақ осы күнгі жер екен. Жер құдай алдында шыр айналып, ойыншық болып тұра беріпті. Осы жерді көркейтін, әлемілеу үшін, өзі жоғарыдан карап қызықтау үшін ең алдымен әйелді жаратыпты. Жер бетіндегі жан-ғыз әйелді қызықтап, оған карап есіней беріпті. Әйел құдайды есінегендегі демінен біліп қойып; - Әй сен кімсің? - дейді. -Құдаймын. - Мені жаратқан сен бе? - Мен. - Не үшін жараттың? - Өзімнің қызығым үшін дейді. Әйел тұрып; Сен құдай болсаң, мені өз қызығым үшін жаратсаң сен бүйтіп өзімшіл болма, менің қызығым, қуанышым, алданышым үшін де бірдене жасап бер.

Құдай жасырына алмай, әйелдің көзіне бір түскен соң, әйел оны тегін қойсын ба? Өзіне ермек, қызық тілеп, шашын жайып, ебіл-дебіл болып, жер тепкілен отырып алыпты. Әйелдің өтініші бойынша дүниедегі тоқсан тоғыз мақұлық жаратылған екен. Бірақ әйел әрбір хайуанмен үш күн ғана қызықтап, жалыққан соң тоғайға жібере беріпті. Маймыл, ит, қасқыр, арыстан, аю, түлкі, жылан, қыран, сұңқар бірінен соң бірі орманға, тауға, тасқа кетіпті. Құдай әйелдің тоқсан тоғыз тілегін берін жүзінші тілегін сұраған кезде, әйелге тілін тигізіпті. - Сен не деген қанағатың жоқ, беймаза, тілегі, сұрағы көп пенде едің? - депті. - Ең соңғы тілегім! - деп әйел де бой бермепті. - Ал енді соңғы тілегінді айт дегенде, әйелдің айтқаны екен. - Сұрап отырған жүзінші тілегімнен қандай мақұлық боларын өзің біл! - бірақ, онда осы жаратылған мақұлықтардың бойындағы ең жақсы қасиеттер осыған берілсін депті дейді. Сонда Құдай жүзінші пенде етіп жігітті жасаған екен. Демек жігіт бойында, нағыз жігітке арыстан-айбаты, жолбарыс-қайраты, аю-сабыры, қыран-жүрегі, сұңқардың аңғырлығы болса керек. Жігіт сексен сырлы, тоқсан тоғыз қырлы болсын деген ата макалы кейінде өзгеріп, "жігіт сегіз қырлы, бір сырлы" болады деп бізге жеткен екен.

### Үш түр

Ерте кезде бір хан аңға шығар кезде үш кісі кездесіпті. Әлгі үшеудің түр-түсі ханға бір түрлі ерсі көрінсе керек. Саятка шықпай ордасына келіпті деәлгі үшеуді тергеуге алады.

- Біріншісіне: сенің шашың аппақ қудай, сақал-мұртың неге қап-қара деген екен. - Хан ием, соған да ақылыңыз жетпеді ме, сақал-мұрт шаштан жиырма бес жас кіші ғой депті.

- Екіншісіне: Сенде сақал да мұрт та жоқ, өзің еркекпісің әлде әйелмісің депті.

- Хап ием, еркекіпін, сақал-мұрты жоқты көсе дейді. Оның айыбы жоқ. Кіндігімнен жоғары қарай шешеме, төменгі жағым әкеме тартып туганмын деген екен.

- Үшіншісіне: Сен мүлде қызықсың, басыңдағы шаңыңның оң жағы кара, сол жағы ашпақ. Мұнда қандай сыр бар? - деген екен. Сонда ол кісі айтыпты: "Екі әйелім бар. Бәйбішем сабырлы, ақылды адам, кілең оң жағымда отырады. Тоқал беймаза, долы, күншіл. Өзі кілең сол жақта отырады. Құлағымға күңкілден маза бермейді. Бұл пәле содан депті.

Сойтін ақылығыз хап сөзден жеңілдіті. Әйел деген дұрысын танысаң киін ғой. Өмір сонысымен қызық деген.

\*\*\*

Ертеде, анаршылық жылдары бір әулет түгел жоқшылыққа ұрынып, есеніреген соң, үй-жайды тастап, бас сауғалап, көше жөнелдіті. Көшер алдында біреуі қалтаға нан толтырып, біреуі торсыққа сусын күйіп, әйтеуір өлместің қамына кіріседі. Сол көптің соңын алып, осы әулетке кейінде ғана түскен 15-жасар жас келін жолға шығады. Бірақ ол қолына сусын да, тамақ та алмапты. Иығына салып алып, белі майыса көтерін келе жатқаны - кара шаңырақтың табалдырығы екен. Көптегі қалжыңбас жігіттер: "Ой мынаның есі ауысқан ба?"- деп оны күлкіге айналдырып, мазақ ете бастапты. Сонда көш бастаушы көреген ақсақал өз нөкерін жіберін, келіннің бұнысы несі, сұрап кел деп бұйырады. Жас келін нөкерге: Бұл табалдырықтан баяғыда атам мен енем ақ ниетпен аттап өсіп-өнген екен, сосын біз аттадық, біз де өсіп-өнеміз, ешқашан әулет туып жықпаймыз деп іштей серт берін ек, заман бұлай болды, ендігі бар ойым-осы қасиетті табалдырық жаңымда болыпшы, біздің ұрпағымыздың да аман-есен болып, келер күндердің нұрлы болуына шапағаты тиісінші деп ауыр болса да арқалап келем депті. Бұны естіген ақсақал жас келіннің ақылына тәпті болып, оған ас-су берін, алақанға салыпты деседі.

\*\*\*

Біз бәріміз де пендеміз. Қай кезде де қысқа ойлаймыз. Жаксы мен жаманды барлық уақытта салмақтай алмаймыз. Ал, оның күнәсі - ең ауыр күнә. Мұхамед пайғамбарымыздың хадистерінің бір жерінде мынадай сөздер бар: Ақымақтар төрге озып, ақылдың есікте отыратын заманы да болады. Бірақ ақымақты төрге отырғызғаны үшін ақылдың жауап беретін заманы да болады. Тағы бір жерінде: "Оңды-солды шашып жейтін, оңды-солды төгін шашатын заман да болады. Бірақ осы ысырап үшін жауап беретін заман да болады," депті.

**Дейді екен...**

"Кімде-кім ұлтына опасыздық жасаса, ұлты оны ақыры жазалайды."

"Кімде-кім екіжүзді болып өмір кешсе, өмірінің соңында өзі соның сазайын тартады"дейді.

"Кімде-кім парасатты патшасына уәде бере тұрып, адал жолдан тайқып кетсе, сөйтіп сағкындық жасаса, оның бетіне тарих түкіреді"дейді.

Азаматты жазалайтын жалпақ ел емес, ең соңында - өз ары. Ол ар алдында жауап беруі керек.

"Кулығымды асырам деме, ең соңында ар соты бар, соның алдында жауап бересің"дейді.

### Сүйіспеншілік

Махаббат қызық та қиын әлем, азабы мен рахаты бірдей әлем. Жүрекке от құяды, көңілге қанағ бітіреді, асқар армандарға жетелейді. Күйдіріп жандыратыны да бар. Зарықтырып, жылататыны да бар. Қиыннан көзі де, жан ұйытар сөзі де, сұлулық та, күш те, шарап та, ақша да, алпыс екі айла да, қулық-сұмдық та, алдау мен арбау да - бәрі оның жолына құрбан болып шалабынары белгілі. Патша да, батыр да, өткір тілді шешен де, өнерпаз дүлдүл де оның алдында құлдық ұрып бас иген. Демек шын махаббаттың құдыретінен күшті нәрсе жоқ. Махаббат - отбасы ынтымағы мен жарасымдылығының алтын қазығы, мәуесін төккен сұлу бәйтерегі деугесияр ма? Бәйтерек болатын себебі ғұмыр бойы күтіледі, әлсін-әлсін суарып тұруды тілейді. Қараусыз қалса, иесіз-күтімсіз қалса, қуарады, қатып семеді, күндердің күні өледі, өшеді. Күн шуағындай, ай сәулесіндей мәңгі сөнбес, ортаймас жарық нұр ғана оның жаны.

Ол табиғаттың өзіндей мәңгі жас, сұлу, нәзік, пәк, күдігі мен құпиясы да шексіз, сыршыл әлем; Мәңгі түрлене түлеуден, құлпыра жаңғырудан жазбайтын, кенен де байтақ ерке әлем. Махаббатқа мәңгі жастық, мәңгі ерлік жарасқан. Дүниеде қанша адам болса, сонша махаббат, қанша адам болса сонша тағдыр бар. Соған қарай біреу махаббаттың бал шырынын татып, бақытты ғұмыр кешсе, енді біреулер тағдыр тәлкегіне түсіп, махаббаттың уын ішеді. Адамның өмірі-алланың маңдайға жазғаны. Тағдыр бізге не силар екен?

Ашу келсе ақылға кетер, ақыл көп болса ашу не етер.

\*\*\*

Адамзат жаратылғалы бері адамдар бірін-бірі сүю арқылы, сыйлау арқылы, қадірлеу арқылы дүниені жалғастырып келеді. Өмірдің өзегі де сол сүюде, сыйласуда. Осы қасиет адам бойынан жоғалса, өмір де лайланады. Адам баласы осыны түсінсе екен. Түсіне тұрып, түсінбеген болса, онда оның соңы - ақырзаман. Адамдардың басты байлығы - отбасының жылуы. Еркек жұмысына қандай асығып тұрса, үйіне де сондай асығуы керек. Өз үйінен жылу таба алған еркек - дүниедегі ең бақытты еркек. Ал бұл бақытты сезімді тек әйелдер ғана сыйлай алады. Аллағи уақытта біз түбі

кімге айналамыз - оны бір алла біледі. Бірақ кісінің қолындағы істі кісі өзі атқаруы керек. Сонда өмір сұрықсыз болмайды. Біз неге адасамыз. Неге ұлы соқпақтан сырт айнала береміз. Ата жолы, баба жолы бар емес пе! Бабалар жолы - ұрпақ өсір, өс, өркенде көбей дейді. Ал біз ше! Біз не дейміз. Біз бүгінгі күннің қызығын көре тұрайық, қалғанына үлгереміз ғой дейміз бе? Бұл әрине қателік. Өмір қысқа. Өмір ойыншы өте тез аяқталады. Сол ойында ұғылып қалмас үшін ерте қамдануымыз керек. Бәрі кеш болады.

- Әуелде пенде әзәзілге жүректен орып берінгі. Соған әуелі азатын әйел екен. Сол әйелге еркек ие болмаса, қатын шіркін өзінше істейді. Әуелі отбасына да, сонан соң айналаға да ие бола алмай қалатын өзіміз ғой. Содан кейін өзімізді жұрттан кем, қор тұтынуға да етіміз өледі. Болсақ екен деп талшынбаймыз. Әйелге берген теңдігіміздің ақыры қайда апарып соққанын осы күні көріп отырмыз. Біз алға жаңғырамыз ба? -Әлде кері кетудеміз бе?

### Өгей шеше

Бірде оқымысты ғалым қасына құлын ертін алып бақшаға барып, өзіне керекті көкөністерін таңдап алып, енді ақшасын төлейін деп тұрған кезде бақшашы оған:Егер сен маған мынаны түсіндірсең, осы алғандарыңның бәрін тегінберер едім; Мен қанша баптасам да, жерге еккен жемістерімнен гөрі арамшөптер басымшығалы,неге бұлай? - депті. Ғалым бұған жауап бере алмай аңтарылып қалады. Сонда құлы тұрып: Егер кез-келген әйел екінші рет күйсуге шыкса өз балаларына - ана, ал күйеуінің оұрынғы әйелінен қалған балаларына өгей шеше болады. Сонда ол, сеніңше, кімнің баласын жақсы көріп, көбірек тамақтандырар еді? -дейді. - Әрине, өз баласын, - дейді бақшашы. - Міне, жерде сондай. Өзінен туған өсімдіктерге ол да ана, сенің еккендеріңе өгей шеше емесе? – депті.

## Дәмді әрі дәмсіз тамақ

Бір күні оқымысты құлына, бүгін үйге достарым келеді, соларға бір дәмді тағам дайындап қой дейді. - Қонақтар келгенде ең мықты тағам дайын тұрады - дейді құлы саспай. Құл базардан тіл сатып әкеліп, қонақтарға қуырып береді. Қонақтар сүйсініп жей қоймайды. - Дүниедегі ең мықтының түрі осы ма?-деп оқымысты ашу шақырады. - Иә депті құл, - дүниеде тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз сен дүниеде ештеңе де істей алмайсың:айтарыңды айта алмайсың, ешкімге бұйыра алмайсың, бере алмайсың, ала алмайсың, мемлекет құра алмайсың, онда тәртіп орнататын заң да шығара алмайсың, бәрі-бәрі, оның ішінде сенің философияң да тілдің арқасында өмір сүреді Ғұлама! Құлдың бұл сөзіне қожасы да, оның қонақтары да ештеңе айта алмапты. Келесі күні қожасы тағы да достарын қонаққа шақырып, құлды сынау үшін: - Енді бүгін базардан ең дәмсіз тағам сатып әкел - деп бұйырыпты. Құл тағы да тіл әкеліп пісіріп беріпті. -Кеше сен дүниедегі ең дәмді тамақ-тіл демеп пе едің, бүгін енді оны неге дәмсізге балап отырсың? -деп мысқылдапты қожасы. - Өте дұрыс айтасың қожайын, - деп жауап беріпті сонда құлбүлк етпестен, - дүниеде тілден жаман не бар? Ерегісті де, төбелесті де бастайтын сол, алдау, арбау, қызғаныш, өсекті өрбітетін, айтыс, тартыс, соғысқа аларып, жұртты қыратын да осы тіл емес пе? Міне, қазір, қожайын сенің өзің де тілдің көмегімен мені сөгіп тұрған жоқпысың - деген екен.

## Шындық

Шындықты айтудан сен қиналсаң, тыңдаудан мен қиналсам, сонда дүниенің не болғаны? Айтуға арлапба. Сен білесің. Қазір менің ғана емес, өзіңнің арыңның да алдында тұрсың. Өйткені мен өзімнен іздегенді сенен де іздеп, ардың таразысына өзіммен бірге сені де салып отырмын.

Ендеше тыңда, айтайын: Ей, адамлар! Болашақты бірін-бірі тағыларша талайтын екі айтқы жұртқыштардың әлемі болсын демесеңдер, ар-ұятты таза сактандар деп бүкіл қазаққа бар дауысыңмен ұрпақтар атынан айғай сал демекпін. Мен сенен қалам ба, мен де айтайын: Арды ақшаға айналдыратын дүние қоңыздық жұқпалы ауруға айналып барады. Ондайларды кім болса да бет-жүзіне, атак-данқына, дәрежесіне қарамастан, аямастан әшкерелеп жазатын шак туды. Сонда ғана заманымыздың дабылы ызалы жүрекпен мейлінше қатта қағылса ғана бұл кеселден арыламыз.

Қысқасы: Біздер басынан шіріген балық сияқтымыз. Малымыз да, жанымызды да, жерімізді де қайсыбіріміздің арамызды да жалмап жатқан жалған мәліметтер. Жалған мәліметтер бір кезде ең аяулы азаматтарымызды жалмаса, енді халқымыздың қабілетін, қадір-қасиетін жалмап жатыр. Міне іздеген шындығымыз осы. Қосарыңыз болса қосыңыз.

Біздің қазіргі адамгершілік сезіміміз патшаның тағының айналасынан айналып шыға алмай қалды. Сезім жүрек әмірі. Жүрек қоғам-ел, халық деп соғып тұрған жоқ, кара жүрек болып, ақша, байлық, табиғат тонаушылары болып отыр. Жүреkte мейірім, аяушылық, батырлық деген сезім өлген. Қазіргі заман дүние қуған қорқау жүрек болды. Аяғы қайда апарады, не болады оны-адам өзгерісі, ауысуы шешеді.

"Өнердің ең қарапайымы - ең сүйіктісі: Ағаш ұстасы, етікші, тігішші, темір ұстасы, бұлар біздің әлеуметтік өмірімізде де, әскери өмірімізде де, сапауға және құрмет көрсетуге әбден лайық адамдар".

Мұстафа Кемал (түрік көсемі)

"Кісі қоңілі - нәзік шиша, шарайна. Мүқият бол шағып алма абайла еткен".

Жүсіп Баласағұн

### Қазақ азаматтарына он өсиет (немістердікіндей)

1. Ұсақ-түйек шығын шығарғанда да Отанның және ел азаматтарының мүдделерін естен шығарма.

2. Шет елдің бір теңгеге тұратын тауарын сатып алғанда, өз еліңе бір теңге зиян келтіретініңді ұмытпа.

3. Сенің ақшаң тек казак саудагерлеріне, жұмысшыларына пайда әкелуі керек.

4. Шет елден келген машина мен құрал-саймандарды қолданып, казак жерін, казак шаңырағы мен шеберханасын қорлама.

5. Өз дастарханыңда шет ел тағамдары самсап тұрмасын, себебі: казак ауылшаруашылығына, өндірісіне зиян келеді.

6. Әр уақытта казак қағазына, казак қаламын, сиясын қолданып жаз да казак сөзгішымен сөзгіз.

7. Қазак игілігіне тек казак ұны, жемісі, еті жарайды.

8. Еш уақытта шет ел тауарына қызыкпа, казак азаматтарының керетін тек Қазақстан шығарса.

9. Тек қана казак матасынан тігілген сырт киімдер мен казак қолынан тігілген бас киім ки.

10. Егер сен казак айранын ішкің келмесе, Қазақстанның басқа қалаларынан әкелінген айранын іш. Балаларың мен әйеліңе өз еліміздің тамағын ішуге әмір ет.

Арман ғой шіркін, қашан болар екен?

**Қыран құстар**



Қыран құстарды табиғи туыстығы, түр ұқсастығы қабілетіне қарай топ-топқа бөлуге болады.

Бүркіттер тобы, ол өз алдына

Қаршыға тобы - қаршыға, тұйғын, қырғый.

Ителгі тобы - ителгі, сұңқар, күйкентай, пәрім.

Лашын тобы - лашын, бидайық, жағалғай, тұрымтай.

Бүркіт - аталығы шәулі, апалығы ұябасар. Адам аяғы бара алмайтын күз жартастарға ұя салады. Алатын аңдары қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр, қоян, кейде арқарға да түсетін көрінеді.

Сұңқар - ақ сұңқар казак жерінде сирек болады. Ақ бас сұңқар, кара сұңқар казактың төл құсы. 2-4 жұмыртқа салып, бір айда балапан шығарады. Ұясы қияда болады. (дуадақ, ұлар, қаз, үйрек, қырғауыл, құр, кекілік, шіл, бұлдырық) ұстайды.

Бидайық - теуіп түседі. Барлық құс атаулы одан қорқып ұша алмайтын көрінеді. Бүркіттің өзі тайсақтап аспанға сирек көтеріледі екен. Сол себепті құс төресі аталған екен.

Лашын - теуіп түседі. 2-4 жұмыртқа басып 28-күнде балапан шығады. Сұңқар алған құстарды алады.

Қаршыға - бүріп түседі. 1-2 балапан шығарады. Бүркіттен кейінгі алғыр құс.

Ителгі - теуіп түседі. 4-5 балапан шығарады. Ителгі аспанда жүргенде Бүркіт ұшпайды екен. Ұсақ құстарды аулау үшін қолға үйретеді.

Бөктергі - 4-5 балапан шығарады. Ұсақ құстар алады.

Қырғый - 4-5 балапан шығарады. Ұсақ құс аулайды.

Тұйғын - түлкі, қарсақ, қоян, қаз, үйрек, қырғауыл, құр алады.

"Күніне сан мың үйрек ілседағы,

Тұйғынның басы артық қаршығадан."

## Ар-нәпсі

Бұрынғы қиын-қыстау жаугершілік заманда еріксізден атқа мініп, қолына қару алып ерлерше ерлік көрсеткен аруларымыз қаншама. Бәрі де елін, жерін қорғағандық емес пе? Қос бұрым ғып өріп, қоя бергенде тірсегіне түсетін қолаң кара шашын, жауға шауып, ат үстінде жүргенде басына орап, желкесіне түйіп, жазда қалпақ, қыста тымақпен бастыра киіп алған.

- Менің затым ұрғашы, - деп жауап берген арулар. Ерлігім асып, күшім тасып бара жатқандықтан атқа мініп, аламан боп жауға шапқам жоқ. Ерім - еріске, елім - күреске түсіп жатқан жанталас жағдайындағы амалсыздық еді. Енді бәрі орнына келгендіктен емес, мен әйелмін ғой, Сондықтан әрбір әйел - "Әйел" деген әдемі атына лайық болса екен деймін. Бейбіт күнде жар құшып, бала сүйсе, одан артық бақытты аңсай ма екен?

Мен "бұл дүниеде де, о дүниеде де сендікінің" деген сертім бар еді, ерме деген, ол ойымды құдай қол көрмей ерімінен айырып, тағдырымды өзіме бағыштаймын деумен келемін. "Сұлуды сүймек - парыз" дегенді етінен бірде Жекен молланың ауызынан. Ол тек молла ғана емес, көп ықпал, көп білетін ғұлама адам еді. - сүю біреу болғаныммен шектеліп қалғанда тиіс емес.

Жекен ғұлама кәләмпәріптен: "Алланың пендесінде нәпсі бар, ар-ұят бар. Екеуінің күші теңдей, белдесе қалар күн туса кейде ар, кейде нәпсі жығып кетеді. Қайсысының қолтығынан алып, қайсысының аяғынан қағып жіберу иесіне байланысты" деген де сүре тармағын оқитын. Өмірге келген ер немесе әйел зағы да қарттық жасқа келгенде, өздерінің жас кезін ойлап, жасаған іс-әрекетіне есеп бере отырып, қуанышты-ренішті кездерін таразы бағына салып теңгереді екен. Сондағы түйгені шіркінай! - ғажап өмір-ай! - деп, алдағы бала-шағасына, немересіне өз өмірінің қайталанбауын алладан жатса-тұрса тілейтіні хақ екен.

Жұлдыздар

Қыс жұлдызы оғылақ - ешкі лағы

Көнек - сукұйғыш

Балық - хұт

Көктем жұлдызы козы - тоқты

Үді - торпақ

Ерентұз - егіздер

Жаз жұлдызы құшық - шаян

Арсылан - әсет

Бұғыдай - сүмбіле

Күз жұлдызы үлгу - мизан

Шалан - бүйі

Иа - мерген

## Аңыз

Ерте заманда бір ғұлама қарияның ай десе ауызы, күн десе көзі бар бір қызы болыпты. Күндердің күнінде қария "Қызым, бой жеттің, Өмірде нені қалайсың? Еншіңе нені аласың? Ақыл, байлық, үміт. Осы үшеуінің бірін таңда десе керек". Қыз көп ойланбаған. Әке, - депті қызы сонда, - Ақыл қадірлі, қасиетті. Қас пен досты, жақсы мен жаманды, есті мен ессізді ақылмен танып білесің. Ақылмен құт-дәулет табасың. Ақылмен алмағанды алып, шалмағанды шаласың. Ақыл ұрпаққа да шығарады. Әттең, бір міні бар. Кейде ақыл ауызға алмайтын қауіпті ойларға бойлап кетеді. Ақылдың өілмейтіні жоқ, айтпайтынды айтқызады, білмейтінді білдіреді. Ақылдың тартқызар азабы да бар. Ақылдың міні содан.

Байлықтың да берекесі мол. Байлықпен дегеніңе жетесің, дәулетке кім қарсы төтеп тұра алар? Әйтсе, сол байлық та баянсыз. Дәулет кімге бітпейді, кімнен кетпейді? Байлықтың ең үлкен міні де сол талғамсыздығы! Байлық бүгін мұнда қонады, ертең онда барады. Күшпен пайда болып, бітпей - жанға бітеді, бүгін бар, ертең жоқ, айнымалы баянсыз.

- Мен Үмітті қолдадым. Үміт ешқашан алдап кетпейді, айнымайды. Үміт қандай қиын қыстау күнде де қасыңнан шықпайды. Тірі жап үмітпен өмір сүріп, үмітпен көктейді. Үмітпен тілек оянады, мақсат келеді. Үмітті алайын, Әке! - депті қызы. Қызының таңдауы мен талғамына тәнті көңілдегі әкесі сөзін екі етпенті.

Үміт. Ия, баяндысы сол үміт.

2018 ж.

"Сіз" дегенге өзің де "Сіз" де. Ойласаң бұдан да жақсы жауап сөз табарсың.

Ал, "Сен" десе, сен де оған "Сен" де, мүмкін ол ойланып жақсы сөз айтар.

### **Қорыққанға қос көрінеді**

Жаңаарқа ауданына қарасты Ақтау тауы бауырындағы Райыс қыстаған уақытта менің әкем Қашауға көмекші қойшы болған Мақымов Тілеубай ақсақал көп қызықты әңгіме айтушы еді. Ол кісі жас жігіт кезінде ұрлық жасаған екен. Ұрлық түбі қорлық деген, көрмегенім жоқ, байларға жалдандым, солардың ұрысы болдым. Бай, астыма қашса құтылатын, қуса жететін айтулы ат мінгізді, қолыма бес атар мылтық ұстатты. Талай жақсы азаматтармен жолдас болдым. Өзімнің елге жасаған көп қиянағымнан ба білмедім, кіндігімнен ұл болмады деп отырушы еді. Көңілдің кірі айтса кетеді демекші, көргеніңнің көбі көмескі тартып қалды ғой, естіген есте қалған әрбір әңгімені айтып берейін, енді бізге әңгіме айтудан басқа не қалды деп бір батырдың басынан өткен хикаясын баяндауға көшті.

Мен де сол уақытта мектепке баратын жасқа келгенмін, әкемнен бірге отырып әңгіме тыңдауға ден қойдық. - Соқталдай, жауға шабар жас шағым еді дейді екен әңгіме кейінкері - құлағы көрініп, аты естілген пәле болса, іздеп барып соқтығатұғын. Ол кезде көшкен елдей қол бастап кім жүреді дейсің? Ұзақ жорық болса да, көбіне жалғыз аттанатынбыз. Аз жүрсек апта жүреміз, ай жүреміз, кейде талай айға шейін жоғалып та кетуші едік. Жортуылға шыққанда көбінесе баратынымыз қыр болатын. Тарбағатай тауларынан асып барып Қаракерей елі мен семіз Наймандарды торимыз.

Бір жылы күз кезінде сол жаққа қарай аттандым. Қарашаның бас кезі еді. Өрге қарай жүріп, Сыбан елінің ішіне жеткенімде сол елдің Дедек деген батыры есіме түсті, менімен кездесуге ізденіп жүр дегенді алдында естігенмін. Далада ұзақ жүріп еріккен соң, қадап шыққан жауым ол

болмаса да, бір шайкасып кетпек болып, бір түнде соның ауылының сыртына келдім. Түстен бері қарай бір мазасыз жауып дамыл алмай күйіп тұрған. Кеш батқан соң күн ашыла ма деп едім, ашылмады. Оның үстіне бір қара суық жел шығып мазаны кетіре бастады. Түң көзге түрткісіз, көршісөйтін тастай қараңғы еді. Бірақ бір қасиетім - қыста ат құлағы көршісөйтін ақ түтек боранда, жазғы тұңжыраған меңіреу қара түнде аласу өткенді білмеуші едім.

Іздеген Делектің ауылының тұсына дәл келген екем. Аласұрып, ұшықшы соғып тұрған жел дауысымен бірге сол жел жағымда алыста жатқан қалың жылқының сарынын естідім. Асымда есік неп төрдей ақ боз атым бар. Өзі алысшыл, төкпектен шабатып мықты жылқы еді. Шу деп сағананда кібіртіктеп шаба алмайтын. Біраздан соң ұшықыр жылқының өзі көршісөй көре алмай кейіндеп қалушы еді. Осы атым қатты жаңбырдан қорқанын, жөндеп жүрмей, ығысып келе жағыр еді. Бір мезгілде оскырып тұра қалды. Аттың жалына жатып қарасам, алдымда бір қарайған тұр екен. Бір кішкене жүріп қасына келдім, қарасам төрт құлақты бейіт. Бір сабағанның моласы болса керек. Өлгіге келгенде өзімнен, бір жағынан суық жел өтіп, бір жағынан су өткен соң, жаңбыр айыққанша осында тұра тұрайыншы, күн ашылған соң Делекті тауып алармын деп аттан түстім де, жетектеп бейіттің ауызына әкеліп, ыққа қойдым.

Бейіттің іші тастай қараңғы, көзге түк көрінбейді. Жел гуілдеп соғып тұр. Жаңбыр да басылмады. Сығырлап жауып тұр. Бейіттің ішінде отырып бойым жылынған соң, кампы сабын жерге тіреп, соған екі қолыммен сүйеніп, басымды қойып отыр едім, қалғып кетіпшім. Өзім ондайда сергек ұшықтаушы едім, көзімді ашып алғанда ұйқым шайдай ашылып кетті. Бір кезде маған қарсы бұрышта бір нәрсе тырс еткендей болды. Өлгінің не пәле екенін біле алмай, бойымды қорқыныш сезімі билей бастады.

Дыбыс шыққан жаққа барып, жөніп білуге дәтім шыдамады. Қараңғы оурышта бір үлкен нәрсенің қарауытқан нобайы көрінген сияқтанды. Бұрынғыдан да шошынып, не қыларымды білмей, отырып қалдым.

Сол кезде бір азғантай отырған соң, тырс еткен дыбыс тағы шықты. Бейіттің іші жарық болып кетіп артынан бәсеңдегендей болды. Алғашқыда тура қарауға дәтім шыдамай бұғып қалып, артынан бәсеңдеген соң сол жаққа көзім түсіп кетіп еді. Құдай көрсетпесін - көзіме өзінің бұрын түсіп көрмеген, атын естімеген бір пәле көрінді. Бірінші көргенде "жалмауыз" едім. Көзіме түскен қорқынышты жері ауызы. Ырсыып от болып, тістері ақсыып, сойдыып тұр екен. Ауызынан кәдімгідей от бүркіп тұр. Зәрем кетіп қалды. Сөздің шыны керек, тұрайын десем, буынымды баса алатын емеспін. Келесіде ақырын қарап едім, тағы да от болып тұрған ауызды көрдім.

Қорыққаннан жердің тесігі болса, кірердей болып бір орында қағып қалыпшып: қозғалуға шамам жоқ. Атым әуелгі жарық шыққанда ішін тартып, осықырып, атқып жөнелгенде шылбырды үзіп кетіп қалған. Ойлап отырғаным ағ емес. Қарудан найза мен шоқпарым бар еді, екеуі де сыртқы босағанда сүйеулі қалған. Жалғыз ғана семсерім бар еді - ол ішімде қында болатын. Сөйтін зәрем кетіп отырғанда, әлгі нәрсе қыбырлап маған қарай қозғалғандай болды. Үстiме аюша ақырып келіп қона түскенде, сол шеңгелiмен сүйектерiмдi ұсағанды ғой деп отыр едiм, жоқ олай тiмелi, тегеурiнi қатта болса да, қолы адамның қолы сияқты. Иығымнан басып келіп, жұлықп сүйреп, әмірлі дауыспен ақарып: - Киіміңді тастап көрге кірсең өлдің! - деді. Дауысы кісінің дауысы екеніне әбден көзім жетті. Сонан соң жүрегім орнына түсіп, сүйреуге айналғанда, екі қолынан ұстап, алыса түргеліп: Мен киіміңді тастағанда сен киетің шығарсың!? Мен туғанда да, шешем еркек бала таптым деп қалжа жеген, құдай - ақ та! - деп жағаласа кеттім. Ол да қысты, мен де қыстым: Жалаңаш егі басында ұстауға ыңғайсыз болып еді, құшақтап алған соң, жақсы болды. Бір мезгілде қуағымды әбден жиып, жүрегімді тоқтатып алып, тік көтеріп алып, жерге қойып келіп жіберіп, кеудесіне мініп алдым.

Өзіме-өзім сүйсінідім, әлей болды. Бағанадан қорқытқанның ызасы үшін: бір қолыммен кеңірдегің қысып, қылғындырып, екінші қолыммен өкпеден қойып-қойып жіберіп, семсеріме үмсілдім. Оны жандәрмен суырып алып, қайпаған ашумен бауыздан жібергелі тамағына алып барғанымда, қараңғы түнде жарқ еткен семсерді көріп: - Ой, сен Жауармысың? - жұдырығыңнан таныдым ғой - демесі бар ма?

Сол арада дауысынан мен де тани кетіп - семсерімді тастай бердім. Тоғай бойындағы Алтаяқ деген батыр екен. Бұрын жорықта кездесіп, бір бақырдан дәм татысқан тату жолдас едік. Бағаналап бері қорқып отырған тажалым сол болып шыққаны. Сөйтсем ол Сыбанды торып келіп, бір күні күндіз елсіз таудың ішінде қарауышсыз бейғам жатқанда, Дедек келіп түсіріп алған екен. Соның қолында бір айдай тұтқында жатып, нақ сол күні түнде қашып шыққан екен. Түн суық жауынды болған соң, киімі нашар, тоңып, әдейі бейітті пана қыла келінті. Мен келген соң, құдай бір жұмсақ жемді берді деп күш жұмсап айламен алмақшы болып, барлық киімін тастай қойыпты. Бойында қару жоқ, жалғыз бұйымы елінен алып шыққан бір сауыт сіріңкесі бар екен. Менің зәремді кетіріп жүрген ырсиған ауыз сол сіріңкенің кеселінен болып тұр екен. Ол кезде сіріңке қуды кім білген? От керек болса - шақпақ қуды тұтатып алып, жаға қоятынбыз.

Сөйтін Жауар батырдың қорқып жүргені жаман сіріңке болыпты деп, Тілекең ақсақал мәз болып күліп әңгімесін аяқтады.

## Гәп қайда

Бұл да бір болған уақиға. Кереку жағында атақты бай болған, өмірден өткен бір айтулы адамға ас берілімек болып, үш жүзге сауын айтады. Осы асқа, Арқалағы бір орта шаруасы бар ақсақал кам жасайды. Бұл кісінің үш ер баласы болыпты. Үшеуі де бірінен-бірі өткен сеп түр мен атайын тегендей өнерлі болыпты.

Үлкені атбегі болыпты, жаратып қосқан аты бәйгегің алды, бас бәйгені иеленетін көрінеді.

Екіншісі жамбасы жерге тиіп көрмеген атақты палуан екен. Ал үшінші кіші ұл салақ тартудан (ағ үстiнен) алдына жап салмаған мерген болыпты.

Ал балаларым, мына Керекудегі асқа барамыз, әрқайсысың өз өнерлеріңді ұнған дайындалыңдар дейді. Өзі сал-серілерше киініп, қасына өймен бірге жүрген үзегілес жолдастарының ере өтінеді. Асқа тігетін ақ-боз үйің, сойыс жылқысың, сусын қымызың сол айтылған күнге дайындайды да жолға шығады. Қасына сөз айтатын ауызы дуалы шешенің, әллі-күйшілерің ергің алады. Бұл ақсақалдың өзі де қара жаяу емес, текті жерден шыққан айтулы кісі болса керек. Асқа келіп, ас несіне тарту-тарайғысың беріп, белгіленген жерге үйің тігеді. Асқа келушілер тегіс келіп, орналасқан соң бірінші кезекте бәйгі аттарын атшабарларымен бір күп бұрын, алдын ала қаракшы жіберетін жеріне әкетеді. Бәйгеге атын жаратып әкелген үлкен ұл атын қосып жібереді. Бәйгі аттары қаракшыға келгенше балуан күрес, жамбы ату т.б. ойындар басталады. Екінші ұл бірнеше балуанды жығып бас балуанның бәйгесін алады. Үшінші кіші ұл жамбы атудан бас бәйгегің тайтұяқ алғышымен қоса алады. Сол екі ортада бәйгі аттардың алды көріне бастайды. Өне-міне дегенше болмай үлкен ұлдың қара кер аты көмбеге бірінші келіп бас бәйгегің алады. Асқа келген үш ұлдың әкесі қуанышында шек болмай, қасындағы кісілерімен бірге бір-бірінен сүйіншілесіп, арқа-жарқа болады. Ас аяқталып, асқа барғандар ауылдарына қайтады.

Ауылға жақындап қалғанда, ақсақалдың қасындағы көтерменшілері, несің айтасыз, үш ұлыңызда астың бас бәйгесің алды, сізге құдай берді деп көтермелеп, қошемет сөздерін айтады. Сол кезде ақсақал, қатарындағы жолдастарына мақтанып, сол балалар қайдан шықты дейсіндер деп, ағ үстінде көтеріле беріп, қамшысың екі бүктеп ұстап, ауын қағыпты, гәп - мұнда деп. Сонымен олжалы топ ауылға келіп бай үйінің бәйбішесінен сүйінші сұрайды.

Байдың құрдасы бәйбішеге, сіздің үш ұлыңыз да бас бәйгегің алды, біз қуанып бұл кімнің арқасы деп едік, байекең қамшысымен ер үстінде отырып ауын қакты - гәп мұнда, гәп мұнда деп дейді. Сонда бәйбіше шал айта берсін! - гәп онда емес, гәп мұнда, гәп мұнда деп көйлегінің етегін

көгеріп жіберіп, сиегін жерін алақанымен қағыпты дейді. Сіз қалай ойлайсыз? - тәп қайда, кімде?

## Бір атым насыбай

Ақтауда болған көпті көрген малдардың арасынан Әріп атты кісінің айтқан әңгімесі естеп кетпейді.

Ертеде мындаған жылқы біткен байлар, сол уақытта (жұмсаған, сойған, өлген, жоғалған) мал басын барымта малдармен толықтырып отырыпты. Ол әрине бәрі емес, арасында осындай байлар болыпты. Оған жалдамалы кедей жігіттерін ұстапты. Оның өзінде әлді, жаужүрек, ширақтарын ұстаған көрінеді. Астына белді жүйрік ат мінгізіп, қолға түсіп қалса құтқарып алатындары болыпты. Күн көрісі жақсы болған соң ол жігіттер аянысын ба бар өнерін салып, ұры атауын, барымтаны болған екен.

Біздің бала кезімізде үлкендердің айтқандарының ішінде барымда деген сөзі "жылқыны кара кесек айдап кетіпті" дегенін біз бір баска мемлекет алып кеткен шығар деп ойлайтынбыз.

Баяғыда барымта кезінде Қаракесек елінде атақты барымтаны, жершіл, айсыз қараңғыда адаспай жол табатын, бағыр, жаужүрек Қияк деген азамат болыпты. Ол да алыс-жақыннан жылқы барымталап, көпке мәлім болыпты. Еруіге қарулы дегендей, баска рулардан да осындай барымташы, жылқыны айдап кететін ұрылар болған екен.

Осындай ұры - барымташы Ақтау аймағынан шыққан Қарғабай деген азамат болыпты. Бұл кісінің де аты аймаққа белгілі болыпты. Қарғабайдың бір ерекшелігі жылқы алатын ауылына (жылқының таңғы жусауында) тап алдында әндетіп келіп алады екен. Қолына ұстаған қаруы киіз үйдің бақанындай сырық ағаш болыпты. Жай адам ат үстінде осындай ағашты алып жүруінің өзі күшке түседі. Ал Қарғабай бұл сырықты қурай құрлы көрмейді екен дейді.

Осы екі елдің, екі барымташылары бірінің атын бірі сырттай естігені болмаса кездеспейті.

Бірде Қарғабайға жортуылға шығуға тура келеді. Жылқы алатын ауылын бір-ер күн сыртынан бақылап, атын тынықтырып, өзі де әлденің алып барып жылқыға тиеді екен. Ойында, Қиякпен бір кездесем деген ой да есінен кетпей қойыпты.

Сол уақытта Қияк та Қарғабаймен кездесуді күтіп, жылқы бақпаса да ауыл аймағын сыртқа шығып алып бақылайтын болыпты.

Бір күні Қарғабай келсе осы жақтан келер деген оймен бір кіші шоқы иығына шығып алып аттан түсіп, тың-тыңдап отырады. Жаздың таңғы салқыны жайлы тиді ме кім білсін қалғып кетсе керек.

Бір кезде аты басын шұлғып қалғанда шылбыры Қияқтың қолын қозғап қалып, селк ете қалып, көзін ашса таң рауандап атып келеді екен.

Аты елендеген соң тымағының құлағын қайырып киін тыңдаса бір әнің мені естіледі. О, құдай берді мынау келе жатқан Қарғабай ғой деп, атының алды-тартпасын тартып атқа қонады. Тақымындағы қайып сойылын ұршықша үйірің айқасқа дайындалады. Ал Қарғабай болса түнгі ауаны жем әуенімен тербен, әне-міне дегенше шоқыға таялады. Оның аты да көс құлағын қайшылап алдымызда адам бар дегендей белгі береді. Аттың жалына еңкейе беріп қараса бір аттылығын қарсы келе жатқанын көріп, мені тосып жүрген Қияк шығар деп, сырығын қолтық астына қыса ұстап қарсы шабады. Қияк та ешкімнен беті қайтпаған, келсең-кел деп қарсы ат қояды. Ұрыста тұрые бола ма екеуі де қаны қалмайық дегендей салысын өтеді. Не болғаны белгісіз, бір кезде екеуі де аттан ауып түскендерін еседі. Арада біршама уақыт өтпін, Қияк көзін ашса, анадай жерде қырынап жатқан Қарғабай саптамасының қонышынан шақпасын алып пашыбай атады, оны көріп жатқан Қияк үзін-үзін әрең дегенде ай, Қарғабай лақтыр шақпаны тейді.

Қарғабай шақпаны Қиякқа лақтырады. Ол шақпаны атып алып, Қарғабай сен мықты екенсің дейді. Намыс бұған Қарғабай тілін бұрай сойлеп жоқ Қияк сен мықтысың деп екеуі де екі жерде жатып біріп-бірі мақтайды.

Қияк айтады Қарғабайға, сен менен бұрын басыңды көтеріп шақпа аттың, шамаң келді дейді. Қарғабай Қиякқа сен бірінші сойледің деп уәж айтады.

Екеуінің аттары құлаған жерлерінен алыс кетпей тұр екен дейді. Таң атып екеуі де орындарынан тұрып бір-біріне қарсы жүріп қол алысын амандасады да құшақ айқастырып алған рет көріекен екен.

Қияк Қарғабайды ауылына әкен қонақ етіп, Қарғабай Қиякты ауылына шақырып қолп айтысады. Осы кездесу мен силастық арқасында екеуі де барымтаға шығуларын қойып жекжат болыпты. Міне ағайын бұрынғы адамдардың мәрттігі осылай болыпты.

### Аншының бір күні

Бұл оқиға бала кезімде, Жаңаарқа ауданына қарасты Киров колхозының Қорған-Райыс мал жайылым одғонының жұмысшысы, атаматы Ахмедин Сапар деген кісінің айтқан әңгімесі еді. Бірде деп әңгімесін бастады Сапар ақсақал: Ауылдың шөп шабу науқаны басталған кез, екі күн бойы ақ жауын үзіліссіз жауып, шөпшілер еріксіз үйлеріне жатып алды. Қарқап өзенінің екі жағының шөбі белден келетін өлкелі болатын. Өлке шөбі жауыннан кейін бір-ер күнге дымқылдығы шалғы түсірмейді. Қашан құрғағанша.



Менің аңшылыққа кұмар кезім, босқа жатқанша киік аулап келейін деп мелқасқа мылтығымды алып, күш-көлік бағағын жалғыз атты мініп Қарқап өзенінің төменгі саласы Зәйімкөпі бойлап өзен аңғарының ішімен, екі жағалауға дүрбі саламын. Күн ысып келеді, көзге көрінген киік жоқ. Не де болса өзектен шықпайын, салт атты қырға шыкса аң көзіне түсіп босқа қайтады дегендей. Зәйімкөге келіп қосылатын Темір өзенінің саласы кезікті. Енді осы өзеннің аңғарымен қырға қарай өрлейін, бұл өзеннің екі жағы да киік жатағы екенін бұрыннан білетінмін. Мен жел бағытына қарсы жүріп келемін. Бір кезде астымдағы атым, елендеп, екі құлағы қайшылап, пысқыра берді. Бұған не болды деп, дізгін қағып, тақым қысып, аласа өскен шілік арасынан өтіп, шеткі бір түп биік өскеп талға келіп аттан түсс қалып, атты шылбырымен бір жуан талға байлап, аяғына шідер салдым. Ат әлі де елендеуін қоймай мазасыздануда. Мен аңғардың биіктеу жеріне еңкейе шығып аттың елендеп қараған бағытына дүрбі салдым. Сондағы көргенім, маған қарай бір ақ мәліш қой қашып келеді. Сөйткенше болған жоқ, қайдан шыққаны белгісіз бір көкжал жаңағы мәліш қойды қуып жетіп, мойнынан тістеп алып қалың шұбар қарағанға қарай делектетін жетелей жөнелді. Сонда ғана мойнымда мылтығым бар аңшы екенім есіме түсіп ес жидым. Бұрын сонды аң аулап жүргенімде мынапдай жағдайды бірінші көруім. Қасқыр мен қойдан дүрбі көзін аудармай қалалып қаралдым да қалдым. Көкжал, қойды шұбардың жиегіне жеткенде босатады да өзі өзі шөкесінен түсіп жатады. Қой босасымен өзен аңғарына қарай қашады. Қасқыр бір кішкентай уақытта қойды қуып жетіп қайтадан жанағы орынына апарып босатады. Бұл жағдай төрт рет қайталанды. Осы көріністі керемет екен деп біршама уақыт өткізіп алыппын. Қой жауды аяған жаралы дегендей енді қапы қалармын деп бесінші рет қасқыр қойды жетелеп кетіп бара жатқанша мылтығымды оқтап, ыңғайлы жағыммен жатып алып сәтін тостым. Қой бесіншідей қашып келді де қуып келе жатқан қасқырға қарсы тұра қалды. Қасқыр да қойға қарсы келіп, тұра қалды да қойдың тұмсығын иіскеп, тұмсығымен түрткіп ойнай бастады, қойда қозғалыс жоқ, сілейіп тұр. Екі арамыз жүз қадамдай, көздеп отырып қос өкпені нысанға алып шүріпшені бастым. Көкжал жай соққақдай сол жағына орғый барып құлады. Жалма-жан екінші оқты ұңғыға сала салып қой мен қасқыр жанына тез жеттім. Мен келгенде қасқырдың төрт аяғы керіліп, құйрығы шошайып дірілдеп жатыр екен. Қой маңырап келіп менің екі аяғымның арасына кіріп дір-дір етеді. Уақыт өткізбей үйіріңмен үш тоғыз деп қасқырдың аяғынан алып, жерге үш аунатып алып өзен ішіне әкеліп терісін сыпырдым. Талға асып қойып. Қой маңырап жанымнан қалар емес. Ұстап алып бүкіл денесін қарадым, мойныныңда ғана тіс таңбасы бар екен. Қара суға барып жуынып алдым, қой да шөлдеген екен, су ішіп бүйірі шықты. Аттың тұсауын алып, суаратын кішкене жұлғызған соң қасқыр терісін бөктеріп, атқа қондым. Мәліш қой сонымнан бір елі қалатын емес. Өзен аңғарынан шығып

бағанағы қасқыр жатқан шұбар қарағанға кіре бергенімде, алла сақтасын, қараған арасы өліп жатқан мәліп қойдан көрінбейді. Қып қызыл қанға боялған ақ қойлардың өлекесейн көргенде астымдағы атым да ілгері басатын емес. Бірін тамақтан, бірін шабынан жарып қырғын жасаған.

Тек жапғыз қойды тірі қалдырып, соны ермек етіп, ойлап жатқанында тап келішіні. Аттың да осы өлекселердің иісін сезіп елеңдеп шыққаны осыдан екен. Аңдардың ішінде қасқыр атануының өзі осындай қауіпсіздігі, қастығынан, өзі тойса да әлі келген хайуандарды қыра беруі, көзінің таймауы шығар. Айдалада жалғыз өзім тұрып, мына қырғында көріп, біз адамдарда осындаймыз ба деген ойға қалдым. Дүниені жасаймыз, осы жасаған ісімізді кезі келгенде қиратып күл талқан етіп бұзамыз. Бұл да жауыздық па деген ой толғадым. Ғұламалар да адамзат та қасқыр сияқты деп айтып келіпті ғой.

Сонымен қанша қой өліп жатқанында шаруам не, ендігі ойым бұйрық болса, кезіксе бір-екі теке атып ауылға қайту. Алдымғы бағытымда Торы ат өлген деген кішкене төбе бар, соған жетіп маңайға дүрбі салу. Жап-жағыма елеңдеп келе жатқанымда оң жақ қапталымнан маған қарай екі бобик машина шыға келді. Сасқанымнан тақымдағы мылтықты жүріп келе жатып, белгілі бір түп тобылғы түбіне тастай салып сол жағыма қарай жүре түстім. Кішкенедең соң екі машина алдымды орай келіп тоқтады. Мен де аттан түсіп тоқтадым. Қой менің қасымнан шығатын емес. Екі машинадан сегіз кісі (әскери киім киген) ішінде екі қазағы бар, қол алысын амандасып жатыр.

Қазақтың біреуі сен бізден қорықпа! - біз саған тиіспейміз. Мына қойды қайдан алдың, мына қасқырды қалай соқтың деп сұрап жатыр. Ауызыма сөз түспей қасқырды қуып соқтым деп едім, екінші қазақ күлді. Біз сені бақылағанымызға үш сағат болды, шынықты айт, мылтығың ана тобылғының жанында қалды деп бұлтартпады. Мен ауылдан шыққаннан бастап көрген білгенімді жасырмай айтып бердім. Бағанағы өліп жатқан қойларға апарып көрсеттім. Бұл кісілер Қызылтаудағы түрме бастықтары екен, сотталып жазасын қой бағып өтеп жүрген қойшылар бұдан үш күн бұрын жүз отыздай қойдан айырылып қалған екен, соны іздеп жүргенімізге үш күн болды деді. Маған рахмет айтып, қолыңды деп бір пар солдат киімін, оған қоса үш пачка оқ, екі консерві берді. Қойды аяғын діздеп машиналарына салып алды да ауыл жағына қайтты. Менде ат басын ауылға қарай бұрып, алдымдағы жотаға қарай тіке жүрдім. Күн ысып, қанжығадағы қасқыр терісіне үймелеген шыбын мазаны ала бастады. Қырға шығып дүрбі салсам алдымдағы сай жиегінде қалың киік жатыр екен. Кейінге шегініп, сай ішіне атты бекіте салып қараған ішімен еңбектей отырып табын киікке жақын келіп, көлденең тұрған бір текені нысанға алдым да аттым. Теке құлап түсті. Табын оқтың қай жақтан шыққанын

аңдамады ма кайдам, сол жағыма келіп тоқтай қалды. Иә, сәт деп қарсы қарап тұрған текені де құлаттым. Міне балам бір күн ішіндегі аңшылығым осылай болды. Ол кезде шөнші ауылда ет болмайтын. Ауыл маз-мейрам болып қуанып қалды. Сол Сапар ақсақалдың ауызынан естіген ертегідей болған әңгімесін осы қағаз бетіне түсіріп отырмын.

### АЛТЫН ҚЫЛЫШ

Ертеректе бір кедей жігіт өмір сүріпті. Кедейлігіне карамай, әлгі кара қылды қак жарған әділ, қауіпке қасқайып қарсы баратын ер жүрек болады. Ішереге тамағы таусылып, бір күні ұшар таудың басында биік жартастың басында ұйықтап жатса, сакалы кіндігіне түскен сұңғақ бойлы қария түсіне кіріп: Балам, қатты жадап-жүдеп кеттің-ау! Сен асқан мейірімді едің. Өйткені өмірге көктемнің шуақты күнінде келгенсің. Адамды асырайтын құдырет - күн. Сенің өне бойыңа күн сәулесі айрықша сіңіп еді. Кіндігіңді найзағай кесіп, аппақ жаңбырға шомылдырып, ақша бұлттан итжөйде кигізіп едік. Содан сен жер бетіндегі ең аппақ, ең пәк алам боп жаралғансың дейді де, жарк еткізіп қынынан алтын қылыш суырып алады. Балам жақсылап тыңдап ал! - дейді содан соң мына қылыш сенің жан серігің, үмітің, арманың әрі мұратың. Қышынан шығарып алып, жүзін құбылаға қаратып үш рет сила да, керегінді айта бер, бәрі орындалады. Тек мынаған мықты бол: Сен тілегіңді айтып жатқанда, тау қозғалып үстіңе құлап түсердей, теңіз тулап толқынымен жұғардай көрінеді. Жүрегің селт етпей шыда. Сәл сескеніп қалсаң айықпас ауруға ұшырайсың. Сүт пісірім уақыттан кейін күміс ер-тоқымды ақ боз ат алдына келіп тұра қалады. Оған да көңіл бөлме, қызықпа. Одан кейін ғажайып сұлу қыз келеді. Қылық көрсетіп, қаншама назданса да көңіл бөлме. Ең соңынан аспаннан алтын-күміс ақша төгіледі. Оны да елең қылмай отыра бер. Соның бәрі - сенің мына тойымсыз тірлікке деген нәпсіңді сынаушылар. Сол алғашқы сыға шыдасаң, оның артынан алдына буы бұрқыраған сап алуан тағам тартылады, бірінің иісі бірінен өтеді. Түрлі-түрлі жеміс те көздің жауын алып жайнап тұрады. Тілегім болсын десең, олардың бәріне де көз тоқтатпа. Олар сенің ашқарақтығыңды, қарын құмарлығыңды яғни құлқыныңды сынаушылар. Сен былк етпесең бәрі лезде көрініп, ғайып болып отырады. Екінші сыннан аман өтсең, бір кезде сені кара бұлттай қаптап қалың ұйқы басады. Бүкіл денеңді балбыратып улап көзінді еріксіз жұмдырмақ болады. Ұйқы - адамның ең мықты, ең женуі қиын жауы. Оның құдыреті өліммен бірдей. Оған шыдау онай емес. Ұйқыға қарсы бірден-бір қаруың - ол өзіңнің ақыл-ойың, сезімің. Өз ойың мен өзінді шымшылап, сезімінді өзін сергітпесең, басқа қылар айлан жоқ. Сонан сой сенің ең таза, жаның мен тәніңнің бірдей пәк кезі - шар етіп анаңның шаранасынан жерге түскен шағың, есіңе міндетті түрде сол кезінді түсір. Сол кезде әке-

мененің, ел-жұртыңның жағдайы қалай еді - соны ойла, сонда сенің өмірге келгеніне куә болған өзен-су, тау-тас, кара орманның - бәрі қосылып сүйсініп күй төгеді. Сені ұйқыдан аман-есен алып шығатын - осы жағдай. Бұл үшінші сыннан да сүрінбей өтсең, онда жарағаның. Жаңағы мен айтқан үш қырсыққа бой алдырмаған адам өмір бойы сүт тазалығын сақтап өтеді. Ал ондай көңілі кіршіксіз таза емес кісіге алтын қылып дұрыс қызмет жасай алмайды. Ойткені алтын дегеннің бір мағынасы кіршіксіз таза немесе еш қоспасыз деген сөз. Соны айтады да ақсақал жоқ болып кетеді. Жігіт ояна жанында күміс қызымен жаңағы алтын қылып жатады. Оңім бе, түсім бе деп, жігіт біраз отырады. Содан соң алтын қылыпты қышыбынан суырын алады да, құбылаға қаратып үш рет синайды. Синайды да жер бетіндегі жетімдер мен жесірлердің жыртылған киімі мен мүсылған азығына жәрдемдес! - деп, үнеіз көзін жұмып отырып қалады. Осыдан кейін әлі қарт айтқан үш түрлі қатерлі сынақ бірінен кейін бірі көз алдына келеді. Жігіт үш сынның үшеуіне де қажырлықпен шыдайды. Содан бар ғұмырын жоқ-жітік пен жетім-жесірдің қажетін өтеуге сарп етіп, ақыры Атымтай жомарт атанады. Сол Атымтайдың атын жүз жыл, мың жыл өтсе де халық күні бүгінге дейін ұмытпай келеді, әлі талай жүз жыл, талай мың жыл алда да ұмытпауы мүмкін. Атымтайды тілек мұрағына жеткізген алтын қылып па? Жоқ сақалды қарт па? Алтын қылып Атымтайға тоқсан төртке келгенше Серік болыпты деседі. Бір күні алтын қылып жоқ болады. Содан түсіне кіріп, Атымтай сен үш күннен кейін түнше саласың. Ел жұртыңмен қоштас, енді саған жоқпын дейді. Жер бетінде дәл өзіндей тағы бір таза жан туса мен соған келіп, сенің жоқ-жітікке жасаған мейіріміңді ісінді тағы жалғастырамын. Хош! - депті де жоқ болып кетіпті деседі.

## Шарап

Мұхамед пайғамбардың бір сахабасы алыс жакқа бара жағып, жолындағы бір жесір әйелдің үйіне қонақ болады. Ойнақы жас әйел оны қондырмайды. "Ал шын қонғың келсе саған айтатын үш шартым бар, біреуін орындайтын болсаң қондырамын" дейді. Қандай шарт дейді сахаба. Әйел: сен бүгін не менің қойныма кел, не бес жасар балам бар- соны өлтір, не жүзімнен қайнатқан бір шыны шарабым бар соны іш дейді. Сахаба әйелдің қойнына барсам күнәға батамын, жазықсыз баланы өлтірсем қылмысты боламын, дозаққа жанамын, ал шарапты ішсем, бойым балқып, көңілім көтеріліп, рахатқа батпаймын ба? - деп ойлайды. Ол соңғысын істеймін деп уәде беріп әйелдің үйіне қонады, үлкен шыныдағы шарапты ішеді, содан кейін мас болады. Масаң адам не істемейді әйелдің қойнына да барады, баласын да өлтіреді. Міне осыдан кейін Мұхамед пайғамбар бар

ұмбеттеріне қандай жағдайда болмасын, қандай күйге ұшырамасын арақ-шарапты ішпек түгілі, мүлдем оны татуға рұқсат етпейтін халісін шығарған.

### Кісі киік

Ертеректе жылқы жылы болса керек. Еренкабырға өңірінде қыс қатты болып, қар қалың түсіпті. Ондай жылдары байлар жылқыларын қостап Қобының құмына қыстатып қайтады екен. Сол жұт жылы бір бай жылқысын үш жігітке айдағып, құмға көшіріпті. Қардың қалыңдығынан кейін қалған елден қыс бойы хабар - ошар ала алмаған. Елсіз құм арасына келіп қос тіккен жылқышылар бір күні кешке қостарына келсе, біреудің бір құшақ отын әкеліп тастағанын көреді. Аң-таң қалған жылқышылар байқап жүріп бір қар жауған күні әлгі адамның ізіне түсіпті. Екі жылқышы құм арасында келе жатып алдарынан қуғын көрген қасқырға кезігеді де "бұл педен қашып жүр?" деп ойлағанда, артынан қолында сойылы бар түкті адамның шыға келгенін көреді. Алғаш аю ма деп қалып еді, ұқсамайтын сияқты. Әлгі аю адам бұларды көрген жерде қалт тұра қалып, бұрыла қашып жөнеледі. Жылқышылар алдымен әлгі қасқырдың соңына түсіп, ұзатпай екі жақтап соғып алады да, енді жаңағы түкті адамның ізіне түседі. Қырбық қардағы із жігіттерді қалың бұта арасындағы бір үйшікке алып келеді. Жақындан келсе үйшіктің алдында әлгі адам бұларға күлімсірей қарап тұр дейді. Жігіттер өз көздеріне өздері сенбей, оған бірнәрсе деп тіл қатса, анау қисаң-қисаң етіп құр ыңырсилы екен. Бұрын мұндайды көрмеген жылқышылар зәрелері ұшып үрейленіп; "аламды арбан, адастырағын албақты деген осы екен" деп ойлап, дереу бұрылып, аттарына қамшы басып, қосқа бірақ келіпті. Қоста Қарамалай атанған егде жылқышы бар еді. Оны жігіттер от жағып, ас қамдау үшін қоста қалдырып жүрген. Екі жігіт көрген-білгендерін асыға-аптыға Қарамалайға жеткізіп, бұл жерден тезірек көшіп кетуді айтады. Сонда әлгі егде жылқышы аспай-саспай; қорықпаңдар, жігіттер! Ол көргендерің кісі киік деген болады. Оның адамға еш зияны жоқ. Сендер оны жаңа көріп отырсыңдар. Мен оларды бұл құмға келген сайын көріп жүрмін. Біз алғаш осы Еренкабырғаға көшіп келген жылдары кісі киіктер бірді-екілеп ауылға келіп, тамақ сұрап ішіп, адамдарға үйреніп, келіп-кетіп жүретін. Ол бір жаймашуақ заман еді ғой. Ол кезде кісі киіктер тауда да, ойда да, құмда да топ-топ болып жүретін. Бүгінгі уақытта екі жыл қатарынан жұт болып, байқұстар қырылып, азайып кетті. Азын-аулақ қалғаны осы құмды паналады. Мұнда да бұрынғыдай емес, бірен-саран ғана қалған сияқты. Сендер көргендерің рас болса, кісі киіктен қорықпаңдар. Қайта оларды мына иен даладағы қосымызға, отын-суымызға, айтып отырсыңдар ғой, малды қасқырдан қорғауға да пайдасы тиеді дейді. Шындығында жылқышылар осылай әңгімелесіп отырғанда,

тарган біреудің келгені білінеді. Шығып қараса бағанаты кісі киік екі қолығына толтырып отырған екен тұр. Қарамалай оны дереу үйге кіргізіп, қандап-құтқап тамақты алдына қояды. Кісі киік берген тамақты ішіп-жеп, отқа жылынып біраз отырып шығып кетеді. Содан кейін сол кісі киік қосқа жиі келіп тұратын болыпты. Келін тамақ ішіп, отқа жылынып, көтерінде Қарамалайға ризашылығын білдіріп, құшақтан қолынан сүйіп кетеді екен. Сөйтіп жүріп кісі киік жылқышыларға әбден үйреніп, олармен бірге жылқы бағысатын болыпты. Ал Қарамалай тамақ пісіріп, отын-су жайған, қоспа қоста қалатын көрінеді. Қатты суық болған күндері кісі киік те отын-суға жәрдем көрсетіп Қарамалаймен бірге қоста қалады екен. Күндердің күнінде әлгі кісі киіктің ұрғаны екенін, оның Қарамалаймен (қоңыл қосын) жүргенін екі жылқышы байқап қалады. Бірақ жасына жетім қалып, елге тартып жасы елуге келгенше не бас құрай алмай, не бағына үй, бауырына қазан бітпеген, бір байдың басы байлы малайы болып, Қарамалай атаған атамға жаңдары ашып, оған ешнәрсе білдірмей, үйдемей жүре беріпті. Қыс отып, көктем шыға, жер қарайғанда жылқышылар елге көшуге қам жасайды. Сонда әлгі кісі киіктің жүкті екені белгілі болады. Жігіттер тағы да Қарекенге жаңы ашып, оның өмірде тартпаған бейнет, көрмеген азабы жоқ екенін, енді ел мына жағдайды естісе, тіпті мазақ қылып күлетінін ойлап, ешкімге тіс жарып ештеңе айтпасақ қолдарына нан ұстап, аяқ жасаспыз.

Келесі жылы қыста сол Қарамалай бастаған жылқышылар тағы да отарлап құмға келіпті. Баяғы кісі киік те өз үйінің ішінде екен. Жылқышылар елден келгенде ол баласын алдына алып емізін отыр дейді. Табығандай күліп, қуаңашын білдіріпті. Жылқышылар оған азық-түлік апарып тұрыпты. Кейінде баласын көтеріп, қосқа келіп, сол күйінен солармен бірге тұрыпты. Баласы да қарақұлақтанып қалған екен. Қәдімгі адамға ұқсайды дейді. Жылқышылар оған Киікбай деп ат қойыпты. Тағы да көктем келіп жылқышылар көшуге жиналады. Қанша үйреніскенімен бірге алып жүрудің жөні жоқ, жылқышылар кісі киікті жұртқа тастап кетеді. Олардың көшіп бара жатқанын байқаған кісі киік жылқышылардың артынан қуа келіп, көтерген баласын бір жерге, аналарға көрсете әкеліп қойып, өзі арғына қарайлай-қарайлай қайта кетіп бара жатады. Мұны көрген жігіттер Қарекенге: - Баланы алып кетейік, өзіңіз бағып аласыз. Адам болып кетеді. Сұраған елге даладан тауып алдық дейміз, - дейді. Бірақ Қарамалай азар да бөзер болады. - Ойбай қойындар. Керегі жоқ. Маған жаңдарың ашыса, ешкімге ешнәрсе айтпай-ақ қойындар! Ешнәрсе көрмеген, білмеген болындар! - деп безілдейді. Сөйтіп баланы қалдырып, жылқышылар көшіп кетері кете беріпті. Бір уақытта кісі киік баласына қайта келіп, оны көтеріп алып көш соңынан тағы да жүгіріпті. Көшке жақындап келіп, ышқына лауыстап, қолдарын арбаң-құрбаң еткізе баланы көтеріп; "Бұл сендердің балаларың! Алып кетіндер!" дегендей ишарамен оны тағы да жерге қоя

салып, өзі бұрылып жүре берінгі. Бірақ ұзап кете алмай, көңілің артынан карайлап қарап тұрыпты. Бала болса шырылдан жылап жатыр дейді. Мұны естіген жылқышылар: "Қалай далаға тастап кетеміз! Ит-қуєқа жем болады ғой. Баланы алып кетейік!" десе Қарамалай еш көпбейді. Көп артына карайлай жүре берінгі. Жылқышылардан әбден күдер үзген кісі киік шынғыра дауыстан, қатты ашуланғаны соншалық, шыыршық ағып, жылқышылар көрсін дегендей баланы көтеріп тұрып жүлқылап, қолып қол, бұтын бұт қылып жұлып-жұлып алып, көп соқыптан лақтырып жіберіп, күңірене боздан кете бетінгі...

- Енді кайтеді! - адамдар қарамаған баланы.

Біздің осы заманымызда да баладан қанқан қаншама әкелер бар, туа салып күл-қокыєқа тастап кеткен аналар да аз емес. Осылардың бәрінде де алды тосқауыл болатын алланың бір зауалы тосып тұрған шығар.

### Ертеде болған оқиға

Құмда болған, қаракышылар жайып 1986-жылы Бүркітті тауының шығысында қой бағып отырған Жамбыл обылысының Үланбел совхозының қойшысы Әліп ақсақалдан естіп едім.

Бірде мал азығын дайындауда, шабуға келетін даланың бозын байқауға шығып, осы ақсақалдың үйінен шай ішіп шығайық деп соққанымызда сол үйдегі нешеші жөн сұраса келе, біз арғын боламыз дегенімізде ой, бауырларым екенсіңдер деп көзіне жас алып, орта жүз арғынның ішінде Көкебаев Орақбай дегеннің қызымын. Әкем ерте қайтыс болған. Маған ылығы айтып отырушы еді, туыстарың орта жүз арғын болады деп - деді. Шай қоя жүріп, шалына ай! - Әлеке мына балдыздарына бір малыңды сойда құрмет жаса деп бәйек болды да қалды. Біз рахмет уақытымыз жоқ деп едік, Әлекең ай жігіттер аналарыңның көңілін қайтармаңдар деп баласына мал алғызып, бата жасатқызып, қойды сойғызды да тастады. Шай ішіліп болған соң тамақ піскенше деп бұрынғы өткен уақыттың бір әңгімесін бастап айта бастады. Ол кезде жасы 58-ден асқан кезі, Қызылорданың тумасы екен. Әңгімешіл көңіті көрген, арғы әкелері ауқатты, батыр адамдар болыпты. Мына төмендегі әңгіме сол Әліп ақсақалдан естігенім еді. - Менің әкем сексеннің алтауына келіп дүние салды - деді әңгіме айтушы. Әкем қайтыс болғанда мен жиырмадан енді асқан жігіт едім. Алпыстың біреуінде көрген мені Алпысбай деп атапты. Әкем әңгімешіл еді. Жас кезінде жоқшылықтан көзім ашпанты. Күн көріс үшін кіре салған өзбекке жалданып, Үргеншіден кездеме, неше түрлі қымбат заттар тасыпты. Әкем қарулы, ірі кісі тұғын. Сонысына қарамастан, сол бір алып денелі кісіні айтсайшы! -нағыз қайратты адам сондай болар! - деп отыратын да, әкем өзінің жас кезінде көрген керемет оқиғаны айтатын.

Қызылқұмды көп шарладым, деуші еді әкем. Бірде күн кешкірін, нысаналы жерге жете алмайтыншымызды білген соң, керуен басы еңістегі ойға түйелерді шөгертін, теңдерді жерге түсіртті. Бұрын-соңды ташы емес жерге қонуга ұйғарым жасалды. Шатыр тігіп, оның іргесіне жағалай теңдерді жинадық. Керуен басы үш жігітті отып әкелуге жұмсалды. Әдетте, Қызылқұмның қак төрінде еңіске түссек сексеуіл орманынан аяқ алып жүре алмайтынбыз. Бұл төңірек одан мүлдем өзгеше. Өрең дегенде, бір арқаға жетерлік шөпшек жинадық. Онымызды төбешік үстіне үйдік те, тағы да ішгері жүрдік. Алдымыздан бір түн сексеуілдің дарағы кездесті. Үшеулен әрі-бері ырған құлатпақшы болып едік құламады. Арқан салып көрдік, ештеңе шықпады. Үй орыншайдай алаңды алып тұрған кәрі сексеуіл бізге: Сендердей талай жолаушыдан аман қалғанмын дегендей, басын имей, қасқая қарап тұрғандай. Қауқарсыз әрекетімізден ештеңе шықпасын білген соң, дарактың түбінен сексеуіл шырпыларын жинастырып алып, қосқа қайтып оралдық. Біз ылдига түсе бергенде, түйе мінген бір адам әлгі дарактың жанына тоқтады да, түйесінен түсіп, сексеуілді ырғады. Жалғыз адамның осыншама тәуекелін біз өзімізше мазақ еттік. Сойдауылдай үш жігіт арқан салып сындыра алмаған даракты отыпға аламын деген пағыз есер екен деп ойлағанымызша, әлгінде төбеде маңайды күзетіп тұрған биік дарак орнынан қозғалып, шөгін жатқан түйеге қарай жылжып жөнелді. Біз мына сұмдықтан қорқып, тезірек жігіттерге жетуге асықтық. Әдейі окшелегендей жалғыз түйелі де біздің ізімізбен келеді. Там-түмдан жинаған шөпшегімізді шатырдың жанына әкеліп үйдік те, әлгі жолаушыны бақыладдық. Жалғыз жолаушының біздің керуенде шаруасы болған жоқ. Ештеңені байқамаған адамдай, бізден өте беріп, түйесін шөгертті де жүгін түсірді. Шатырын тікті. Мана үш жігіт сындыра алмаған дарак сексеуілді оңтарлап от жақты. Үш аяқты мосыға пендей тағам салар екен деген оймен сырттай бақылап отырдым. Әлгі кісі күйбеңден жүріп, мөстен су құйды қазанға. От лаулап жанып жатыр. Енді ет салатып шығар, судың ысигын кезі шамаласты ғой. Бірақ жалғыз жолаушы қазанға қайта жолаған жоқ. Сексеуілді мосының астына ұсақтап сындырып салды да, отқа қараған күйі отыра берді. Жалғыз жолаушының жұмбақ тіршілігі мені ғана қызықтырмаған екен, керуен басы да ертелі көзін салып, тосын жүргінішіні қарап отырыпты. Екі шатырдың арасы екі жүз қадамнан аспаса керек. Шамасы солай. Мен керуен басыға барып: мына көршіміз жалғыз адам екен, бұл бізді елеп, амандасқан да жоқ, байқамаған адамша, тұсымыздан өте шығып, көп ұзамай шатырын түсірді, Қызылқұмда тек өзіне-өзі сенген адам ғана жүреді. Баскесер ұры ма, әлде өзіміздей жолаушы ма екен, қалайда күннің жарық кезінде білейік, түн ауыр ғой дедім. Керуен басы менің сөзіме ойланып қалды. Бетіме тура қарап: айтқаның орынды. Осының дос, ия қас екенін күннің көзі барда білейік. Түбінде орыны толмас



өкінішке ұшырағып жүрмесін деді де, мені қасына ертіп, әлігі жалғыз жолаушы отырған жакқа қарай аяңдады. Кетер алдында жігіттерге сактықты күшейтуді, неге болса да дайын тұруды тапсырды. Жалғыз жолаушы ақ сакалды, жасы жетпістің үетіне шыккан кең шыкты, алпақ жауырынды, кеспелшек ірі кісі екен. Шапы мен сакалының ағарғанына қарамастан, денесі тін-тік, жүзінен нұры таймаған, қайратты екендігі көрініп тұр. Түсі жылы, біз ойлағандай, ұры-қары емес сияқты. Біздің келе жатқанымызды көрсе де, байқамаған кейін аңғарғын, өз ісімен айналыса берді. *Мосыға асқан қазандағы су бұрк-бұрк қайнап жағыр.* Жолаушы қазандағы суға бір табак ұн шалды да, қақпағын қайта жапты. Сексеуілдің білектей бір бөлігін қолымен сындырып отқа салды. Біз сәлем бердік. Жолаушы аузын жыбырлатты да, жөн сұрасқан жоқ. Бір сәт бізге көзін аударып бір қарады да отқа тағы да сексеуіл тасталды. Үнеіздікті мен бұздым.

- Қария мына даракты өзіңіз сындырып алдыңыз ба? - Әлде жолдан тауып алдыңыз ба? Мана осы даракты түбімен қонарып алғанын көргенмін. Бәлкім біздің тартқанымыздан түбі босап қалған болар, жалғыз шалдан мұнша қайрат қайдан шыксын деген күдікті ой маған маза бермей отыр еді. Сұрақты әдейі қойдым. Жолаушы тағы да көзін аларта қарап, біздің ниетіміз ниетпен келіп отырғанымызды байқап алғысы келгендей, тесіле түеті. *Аз-кем үнеіздіктен соң, құдыретті дауыс естілді.* - Тәйірі, шөпшекті әңгіме етіп не қыласындар! Талай жыл бойы мәуелеп, соңғы жылдары бүршіктемей қалған кәрі дарак еді. Олай-былай жүргенімде, көзге алысқан түсетін. Мына ыстық құмда менен биік ештеңе жоқ-дегендей менменсіп, шөп, бұта атаулыны менсінбей тұрушы еді. Бір кезде мен де осы Қызылқұмда өзімнен күшті ешкім жоқ деп ойлайтынмын. Қателескен едім осынымнан. Мына дарак сол тақпарлықты еске түсірген соң, мана түйеден түетім де, ырғап-ырғап, тартып жіберіп едім, тұнғамырымен қонарылды. Қызылдың ысылдаған шағыл құмында мықтымын, барлық күш менде деу ағаттық. Соны есіне түсірейін деп даракты қонарып алсам да, арғынан өкіндім. Әрі-бері жолаушылап келе жатқанында бұл төңіректе алыстан көзге қарауытып көрінетін осы сексеуіл еді. Бір жұтым суға зар болып, таңдайы кеуіп, еріні кеберсіп жатқан жолаушы осы дарактың көлеңкесіне паналап, шақырайып, жер бетін өртейтіндей, алтапты күннің ыстығынан қорғапатын, биік сексеуілдің түбінен жанға медет боларлық сая табатын. Даракты түбімен қонарып алғаным қынжылғанымның мәнісі сол еді. Өкінетін несі бар, қалайда, сексеуіл адам әжетіне асты. Сендердің неге келгендеріңді сезіп отырмын. Сыртымнан алып сияқты, жас жігіттей көрінгеніммен, қазір өзім осы қаусаған кәрі сексеуілдеймін. Менен қауһардың кеткені қашан! Бүркіт қартайса, тышқанышы болады. Бір кезде қияға қарай самғайтын, қанша ұшсам да қанатым талмайтын, мұзбалақ қыран едім. Бүгінде жерге жанамалап ұшпаса, ілер жемін көрмейтін, енді заңғар биікке самғау тек қиял болып қалған кәрі бүркітпін. Қайран жиырма бесің артына бір рет те

қайта оралмайтынын жақсы білемін. Жапан түзде жалғыз жүргенде, әлі де бір шалары бар шығар кәрі тарланның деп ойламай-ақ қойыңыздар. Дүз қыраны даланы шарламаса, көңілі көншімейді. Оркез некесіз кеңістікте сайран салғанды қалайды. Ілері болмаса да, даланы шолып өткенді тәуір көреді. Ойтнесе қыран ауырады. Мен де сондаймын. Ең құрыса күмді бір аралап, бойымды сергіткенді жөн көремін. "Ауру қалса да әдет қалмайды." - деген не? Мен осы күмда туғанмын. Топырағым да осы күмнан болса екен деп тілеймін. Құмның әр қалтарысы, әр қуысы маған ыстық. Мұның әр тобесінде түрлі-түрлі тағдырлар, оқиғалар жатыр. Бірақ, оны күм ешкімге айытпайды, сыр шашпайды. Ол сырды тек мен ғана білемін. Ол сырды тек күм біледі. Мен өле кетсем, күмдағы сан сырлар менімен бірге, топырақ астында қалады. Оны ешкім де білмейді. Мен маған бір сөзімде адамның мықтымын деуі ағаттық делім. Иә мықтының менен қайрағты, менен жүректі ешкім жоқ деу - жалғыз басты пендеге күпіршілік болады екен. Оны да өз басым өмірбақи ұмытпайтындай, тәубаға келдім. Сол басымнан өткен сырымды сіздерге айтып берейін, отқа жақынырақ отырып тыңдаңыздар делі. Мен жас жігіт кезімде қатарымнан қайрағты, бағыл едім. Жиын-тойларда белдескен адамнан жауырыным жерге тиіп көрген емес. Ат үстінде қылышгасқанда денеме қару дарыпталды. Қай жерде күрес, қай жерде дау жанжал болса соны іздеп "болса екен" деп тілеп жүретін болдым. Күшімнің арқасында мерейім үстем болып, абыройға кенелдім. Меселім қайтып, тауым шағылын көрген жоқпын. Өйгеуір Орынбасар бағыр деген ағакқа жеттім. Өз-өзіме деген сенім болған сайын ауыл арасы тар кінкентай сезілді. Алыс ел арасына көншілікпен араласуды армандадым. Күнш-қуатым бойымда тұрғанда адам баласынан жеңілмесіме көзім жетті. Дәулет те, байлық та осы күшіме дарыды деп сендім. Бағымды сынап көрмек ниетпен Қызылқұмға шықтым. Мен үшін жолдың бұрылысы да, турасы да бәрі бір еді. Күндіз құдыққа жақын жерге атымды тынықтырып, жортуылға түнде шығамын. Айналысар кәсібім-қаракшылық, ұрлық зрмбылық. Бара жатқанның барын, келе жатқанның пайдасын алып қаламын. Қолыма арзан түсе ме, қымбат түсе ме, тонайтын адаммын жалғыз ба, көп пе, жаспа оған қараған емеспін. Кездескенін кездескенше тонай бердім. Қаракшы болу үшін аяу, мейірім дегенді ұмытуың керек. Аядым дегенше өзің құрысың. Кеудеңдегі жан керек екен ешнәрседен тайынба! Қоян жүректілік көрсеткенше үйінде отыр! - қаракшылық заңы осындай. Өрі жалғыз қимылдауың керек. Біреумен серіктесіп тонағанмен, бөліске келгенде жауласасың, қасындағың айғақты болады. Құмда-жалғыз адам ғана, күшіне сенген адам ғана қожалық жасап, үстемдік жүргізеді. Керуен жолын торимын. Үргеніш пен Шымбайдан, Хорезм мен Нөкістен жібек артқан түйелер керуенін аңдимын. Керуен жолының әрбір бұтасына шейін, қонатын, түстік алатын, су алатын әр құдығы бес саусақтай жадыма

жатталып қалды. Бірде керуенмен қозы көш жерде, бірде қол созым жерде келем. Қалың жыныс арасынан керуеннің не алып келе жатқанын, аламдарының шамасын байқаймын. Керуендегі жігіттердің шаршап-шалдыққаны да, тыңайғаны да бір көргеннен-ақ белгілі. Бағалы зат артқан түйенің белгісіне дейін аңғарып қаламын. Түн қараңғылығында қателеспес үшін, алданбас үшін осылай тұжырым жасаймын. Көзің жігі, қырағы аңғарғыш, шама-шарқын сезгіш болуың керек. Оңсыз қарақшылық жасау, дүние табу қиын. Ұзақ жол жүріп, арып-апқан керуен ә дегеннен-ақ белгілі. "Іздегенге-сұраған" маған кереметі де сол жол азабын тартқандар. Олардың қай құдыққа аялдайтыны да мәлім. Кейде осы бүгін тоқтамай өтіп кетпесе жарар еді деп керуендер еру жасайтын жерге сексеуілді үйіп қоямын. Мұндайда керуен кірешілерінің құдайы береді. Екінші құдыққа дейін қараңғы түссе, отып таба алмайды. Күн әлі ерте болса да, осы араға түнен шығалық. Көсетесі көгергір бізден бұрынғы керуен артылған сексеуілін тастап кеткен екен! Жігіттер сандалып әуре болмасын. Бұл жерден отын табу да қиын шығар-дегендей сөздерді айтып керуен жігіттері басшысына тілек білдіреді. Көбіне бұл пікірге көне кетеді керуенбасы. Сақ болса, маңайды шолып, күлдігі басылғанша, жүктерін түсірмейді. Мұндай керуенге шабуыл біреудің қолынан келмейді. Ондайда жан сауғалап бас бағасың. Бірақ жылтылдаған от көзге көрінсімен, сені керуенге жетелейді, бейне түскелі тұрған олжаның үміт сәулесі сияқты. Ұрының күш алар шағы таң алдындағы ұйқы. Бұл кезде мықтымын деген жігіттің өзі қалғып кеткенін сезбей қалады. Елгі ұрының бағы осындайда жанады. Жан-жануарлар тегіс тыныстайды. Ит екеш ит те ұйқы құшағына беріліп, жақын келген тысырды сезбей қалады. Тәуір дүние, жақсы атты, кейде керуеннің тәуір түйесін алып кетесің. Шым-шытырық, шырғалаң із, тәжірибелі ізшінің өзін аластырады. Соңыңа түскен қуғыншы да он айла бар екен, сенде он бір болсын, ойтпесең құрығаның. Осылай жылдар өтті. Талай тай маталарды,қытайдың жібегін, құйрығы шұбағылған бір туған аруана нарларды, желмен жарысқан сәйгүліктерді олжалалдым. Дүние жинаған сайын араным ашыла түсеті. Кейде қорқынышты қойып, күзеті нашар керуенге тапа-тал түсте дүрсе қоя берген кезім де болды. Мықты дегенжігіттің бір-екеуін ат бауырына түсірген соң, өзгелері сойылдан жан сауғалап, керуен ыру-дыру болады. Сондайда тәуір заттар теңделген түйелерді жетектеп кетемін. Қайрағ көрсетіп алып қалуға шамасы келмей, аман-есендігіне үшкіршілік қылып, керуен ілгері жылжиды. Несін айтасындар зорлық-зомбылықтың талайын жасадым. Бірақ содан шыққан мүйіз жоқ. Оңай келген дүние оңай жұмсалады екен. Мен жарақатты да, соққыны да осы құмда көрдім. Қарақшылық кәсіпті қоюыма мәжбүр еткен де осы құм. Ие, қарақтарым, отқа жақын отырындар. Сөзімді бөлмей тындай беріндер. Адам тағылық іске ден қойса, тағы болады екен. Қасқыр қандай болса, ол да сондай. Тек айырмасы екі аяқты, адамның кейіпі бар,

атамша ойлайды. Ал қылығы көкжал боріден айырғысыз жаракаттау өз алдына, өлтірін, қанын шашын кеткенінде, аяушылық, мейрім атаулыны өлмейсің. Өзіңнің адам екенінді ажырату қиын. Сол сәтте саған біреу ақыл айғаса, оны таяқтап жіберер едің. Хайуанды тек таяқ үйретеді. Мені де үйреткен, адам еткен сол таяқ болды. Қаракшы қашанда түнде жорытады. Күндіз жақын тобелердің өзі түнде жеткізбейді. "Жасаған нем күндіз жерді тұсап, түнде жердің тұсауын алып жібереді" дейді ғой молдалар. Өйтеуір, түнде жақын жердің өзіне жетіп болмайсың. Түнделетін келе жатып, әдегте керуендер тоқтамайтын бір жерде жылтыраған отты көрдім. Отқа жақындай келе, атымды шілдерлеп, қолыма айбалтамды ұстап жаяу жүрдім. Жақындаған сайын бәрі де анық көріне бастады. Міне, мынау түйелер. Санап шықтым. Он екен. Кәдуілгі керуендерге мүлде ұқсамайды. Тігілген шапыр жоқ. Адам көрінбей ме екен деп жаға қалып маңайға көз жүгірттім. От жағып отырғаннан өзге ешкімді көрмедім. Оттың арғы жағында жағалай жиналған түйенің теңдері - неше түрлі түктер. Жанығыз адам! Қуанып кеттім. Мына он түйе мен асыл қазыналар енді менікі! Демімді ішіме тартып, ұрлана басып, отқа жақындадым. Қауға сақалды, алып денелі, жас шамасын айыру қиындау, ірі шал қамыр илен отыр екен. Мосьдағы үлкен Шәугімде сарқылдан ет қайнап жатыр. Шал еш жаққа назар аудармай, өз ісімен отыр. Әдегте: "Бірге-біреу кездесе, жанығыз адам кездесе" деп армандайтын басым, мына бір ірі тұнғалы адамнан ескенейін дедім. "Кейін кетсем бе екен? Әлде, тәуекел жасасам ба?". Іштей өзіммен-өзім арбасып, ақыры тәуекел жасауға ұйғардым. Мен де ұрдым, ол да шап етін ұстай алды. Оң қолын аш бүйіріме бағырып жіберіп, жығып салды да, оң тақымының астына салды. Айбалтам анадай жерде жатыр. "Оттең, қолым жетіп, тағы да бір ұрсам" деймін өзім тақымның астынан шыға алмай қатқаныма қарамастан.

От лаулап жанады. Шал ләм-мим деместен, әлгінде илеген қамырының бір бөлігін алды да, қолымен жайып, күлше істеді. Күлшенің ескеуілдің қоламтасына, одан кейін қызуы басылған шоғына ары-бері аулатып отырды да, мені тақымынан босатып: - мына жерге отыр, - деп отқа жақын жерді нұсқады. Мен отырдым. Шал әлгі күлшені ортасынан қак оолді де: - мынаны аузыңа сал деді. Зәре-құтым қалмай қорқын отырған мен әлгі күлшені аузыма салған бойым, ып-ыссы екен, тісімді сырқыратып, қар қаксатты. Аузымды ашамын дегенше болған жоқ, шал алпамсадай әулетті қолымен оң жағымнан қатты соғым жіберді. Тісім шықыр-шықыр етті де, көзімнің алды қарауытып құлап қалдым. Шал сүйеп тұрғызып, маған: - Түкір деді. Аузымды ашып түкіргенімде, қиыршық тас құсап салдырап оң жағымдағы тістерім түсті де қалды. Аузымның іші қара қан. Шал әлгінде қалған күлшенің жартысын тағы да беріп: - Аузыңды аш! - іледі. Жаныма батса да, әйтеуір өлтірмей, тірі қалдырсаң етті деп, жан

кайғы болып отырған мен байғұста ерік жоқ, аузымды аштым. Күлшенің ыстығы алдындағыдан да бетер екен. Шал аузымды жұмғызды. "Шайпа" деді. Тісімді басуым мүң екен, сол жағымнан тағы да сокқы тиді. Есімнен айырылып қалыптын. Шал тағы да алғашқыдай түкірткенде, аузымдағы отыз тісімнен бір тіс те қалмап еді...

Шалдың менде одан әрі шаруасы болған жоқ. Манағы камырды күлшелен қазанға салды. Пісуі келіскен үлкен шәугім толы етті сүйек-саяғына, сорпасына дейін қалдырмай ішіп-жеп болған соң, отырған жерінде түйе жүнін салып сырған шекпенін үстіне жамылды да, қаннен-қаперсіз ұйқыға кірісті. Сәлден соң қорыға кірісті. Мен сол түні көз ілгем жоқ. Тістерімнің орны сырқыран, басым ауырды. Шал - ұйықтап жатқан кезде анадай жерде жатқан айбалтамды алып, тағы да ұрғым келді. Бірақ манағы сокқы қайта есіме түскенде, бұл ойымнан азар да, безер болдым. Бір ойым: тұрып атыма мініп кашу еді. Одан да безіндім. Екі аяғымның буыны кетіп қалған екен, қимылдауға шамам келмейді. Сонымен мен үшін өмір бақи ұмытылмас азапты түн өткі, таң атты. Күн ұясынан шықпас бұрын шал орынынан тұрды. Менімен шаруасы жоқ. Түйелерін әкеліп, барлық жүкті артып-тарғты. Мен қырындай қарап жатырмын. Түйенің теңін жерден қақпақылдай көтеріп, шөлін жатқан жануардың үстіне қойған кезде, ойсыл қара ыңырысып қозғалады. Екі құлапқа жете бере бой бар, адам баласына бітпеген жауырынды, жас шамасы алпыстың екеу-үшеуіндегі, өткір көзді, қыр мұрынды, қара кісі екен. Күн жарық болған кезде барып білдім. Жүкті артып жатқан кезде еңкейгенінде көріп қалдым: түңдегі көкжелкеге менің ұрғаным шөп жырып кеткендей ғана сызғат қалдырыпты, бір жерінде аздап ұйыған қан бар. Талай жігіттің обалына қалған айбалта мына шалға шыбын шаққан құрлы сезілментті! Неткен құдыретті дене лесенціні!

Шал тоғыз нарды тұрғызып, жүк артылған бір нарды қалдырып: - Мына нарды жүгімен саған қалдырдым. Тісінің құны деді де, түйелерін жетелеп жүре берді. Шалдың алапат қайраты мен үлкен адамгершілігіне қайран қалған мен одан, ең болмаса, аты-жөнін сұрамағаным өкіндім. Дерее орынымнан тұра жүгіріп, шалдың шалғайына оралып: - Аға, аты-жөніңізді айтып кетіңіз. Тісің неден қирады? - легенде айтуыма жақсы. - Менің атым Ақпан. Кішкенеңіз Асаны, Тоғыстың баласымың, - деді де шал шапанын сілкіп жіберіп, ілгері жылжыды. Мен аңырып тұрып қалдым. Пәлен жыл дала төсінде қарақшылық жасағанымда, мұндай адамгершілікті өз басым ешкімге жасап көрмегеніме қынжылдым. Жалғыз адам ғой деп мың қолға татырлық қас батырға қару жұмсағаным, өзімнің әлсіздігімді білдіргеніме өкіндім.

Өмірдің көркі, адамның ажары тісімнен айырылғанымна налыдым. Баяғыдан бері хайуандық өмір кешкеніме ренжіп, өзімді-өзім сөктім. Енді тағы да қарақшылық жасасам мерт боларыма көзім жетті. Ақпанның ісі менің қарақшылық кәсіппен қоштасуыма себін тигізді. Өзімнен өзім

тәубаға келіп, бұл талантты қояйық аш-жалаңтантықты көрсем де адал теріммен күн көрейін деп нық бекіндім. Тісімнің құнына Ақпан қалдырған аруана нар мен үстіне артылған қымбат қазына менің өміріме толық жетті.

Батыр аға қалдырған жүктің ішінде асыл тастар да, қымбат кездемелер де баршылық екен. Соны сағып, малды болдым, дүние жинадым. Қазір біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, шүкір, күн көрісіміз бар... Мана сендер ескеуіл сындырғанымды әңгіме қылдыңдар... Жас кезімізде талай қайрат жасап едік. Бүгінде қартайған кез, әрі менің көрегім - талқан мен көже ғана. Ет атаулыны тіе қаусағалы бері аузыма алып көрген емесін, Жұмбақ жолаушының әңгімесін тыңдап, біраз отырып қалыпсыз. Қосына келіп күзеттегі жігіттерге: "Қорықпай-ақ қойыңыздар, бұл маңайда ұры жоқ" дедік. Біз сондай ерлікті естідік. Ақпан деген кісінің қайратын,- дейтін әкем деп аяқтады әңгімесін Алпысбай.

### Хикая

Сонау бір замандарда қатар жатқан екі елдің арасын тау шыңдары бөлім тұрған екен. Қатынасты жалғыз аяқ жол арқылы жасапты. Екі жақтың үлкендері: Жол жіңішке болғанмен, жеріміз кең, көңіліміз дархан, айында-жылында емес, күн ара қабарласып, амандық-есендікті тұрарлық. Ол үшін мың жылдық құдалықтың, жүз жылдық күйеудің жоралғысына бағуаласайық- десінгі. Ер жеткен ұл мен бойжеткен қыз екі елдің дәнекері, көз қуанышы болған ғой. Содан құдалықтары жалғасып, ынтымақтары тереңдеп, араларынан қыл өтпейтін болыпты. Тағы бір құдалық басталады. Екі елдің игі жақсылары жастардың алдындағы өз парыз, қарыздарын мүлтіксіз орындайды. Той өткен соң қызды сән-салтанатпен отаулап алып келе жатады. Үлкендер жағы алда, қызулы жастар тобы артта болса керек. Күйеу жігіт бір байдың көзіне қарап, көңілінен өте алмайтын жалғыз екен. Еркеліктің кесірінен әрнеге бір ұрынып, өзінікін дұрыс санап, кеудесін өрге айдап қатарластарына камшы үйіріп, әкесінің тұғырластарына дүрсе қоя беріп, әбден-ақ есіріпті. Әрине, оның бұл қылығының теріс екені көр соқырға да аян. Иә, деулеті шалқып жатқан адамға кім қарсы келе қойсын. Оның айтқаны ақ. Бұрысы дұрыс. Өзін оңлай қойып, баласы бақытты, әйелі ақылшы. Теріс қылық олар үшін жат. Ақыры көтере қырып, көлкітіп жүргенде бой жетпей қалады. Биікке шығу оңай болғанмен, түсу қайдан оңай болсын. Азабын ел тартады. Қиындығын жұрт көреді. Мына жалғыз да сол кептің иесі. Ол жалғыз аяқ жолдың кең алаңқайға ұласар жеріндегі ордалы жыланға аз-кем қарап тұрады да, қолындағы он екі өрме камшыны олай бір, былай бір сілтейді. Құртша құжынап, түйдектеліп жатқан жыландар айыр тілдерін шығарып мысылдағанда, тау аңғары күңіреніп кетеді. Ілгері озып кеткен үлкендер

жалт қарасып, қасындағы жастар қойсаңшы десін, жігіттің қылығына қарсылық жасайды. "Сұмдық болды ғой, арты қалай болар екен" деп үрейленгендерге әкесі: Ештеме жоқ, қорықпас келін қой басынан шоңыпты деп қандарыңды қашырып, түстеріңді сонша бұзғандарың не? Ондай ерлікке жүрегіңнің түгі бар адам ғана барады дейді риза кейіннен. "Жатқан жыланның құйрығын бекер бастың -ау!" "Жер жаралғаннан бар екен бұл ордалы жылып. Залалы жоқ ешкімге деуші еді бұрынғылыр!" - деп артта келе жатқан атқостылар күбірленгі. Бірақ олардың сөзін кім елей қойсын. Жылан да жаны бар жәндік қой. Екі аяқты пенденің мына қорлығына күйінің, тәңіріне жалбарынады. "Қастық жасамасам да қамшымен омыртқамды ошырды. Айыбым жер бетінде жорғалап жүргендігім ғана" деп зар жылайды. Күнәсіз төгілген көздің жасы ескерусіз қалмайды. Судың да сұрауы бар. Бір түннің ішінде ордалы жылан -оқ жыланға айналыпты. Оқ жыландар жалғыз аяқ жолмен жүргендердің төбесіне оқтай қадалып, таңғы нәсібін тәңірден күтін жүрген біраз адам көз жұмып артындағы отбасы шулап қалыпты. Бай мен оның есірік ұлы бұған мән бермей, мән берген күннің өзінде сенбегіті. Алып қашпа әңгіме бәрі. Өздері тас-бұтаға арандап өліп жүрген болар! -деп әкесі ұртып томнайтып, қабағын түйсе, баласы ордалы жылан түгілі, айдаһардың да жағын айырамын - деп кергіді. Бір пәтуға келген екі ел арасындағы байланыс үзіледі. Бұл қасіретті қапталына ілмей: "Өңкей шірік не дейді?" деп бай атына мініп ордалы жыланның мекеніне бір топ нөкерімен бет түзейді. Жалғыз аяқ жолдың ауызына жете бергенде, сарт ете түскен дыбыстап байдың астындағы аты жалт беріп, бай кескен теректей ауып түседі. Қас пен көздің арасында "Ах" деуге шамасы келмей мерг болады. Қасындағы нөкерлері зәрелері қалмай кері қашып құтылады. Бірдің кесірі мыңға - деп әкесінің өлімінен кейін де бай баласы ойланбайды. Қайта өрши түсіп, мал мен жанды бір ныбықпен айдап өртізіп, иірін жусатпақ болады. Екі елдің арасындағы үзілген байланысты жалғауға, күнәсіз көз жұмғандардың аруағына бас июге жарамайды. Күндердің күніде оқ жыландар оның да түбіне жетеді. Мың асқыпға бір тосқынның бар екенін жұрт іштей түсінеді. Ел іші әбден дағдарды. Ата қоныстарынан үдере көшкендер де аз болмайды. Басар жер, асар таулары қалмағандар бір құдайға жалбарынып от басы, ошақ қасынан шықпай қалаы. Осындай ауыр шақта, үй орынындай жерге егін салып, күн көріп жүрген бір бейбақ арашаға келеді. Дәні толғанымен пісе қоймаған бидайынан бір бау орып алады да оны түйін, қауызынан айырып, қол диірменіне тартады. Одан шыққан бір табак ұннан жеті шелпек пан пісіріп, кетпенін қолына алып оқжыланның ордасына бет бұрады. Алғашқыда артынан шұбырып ерген адамдардың көбін үрей билеп, тауға таяна бергенде сирексиді. Ақырында жалғыз қара, жалғыз аяқ жолға он қадамдай қалғанда жеті шелпекті төбесіне қойып, оның үстіне кетпенді төңкеріп, сабынан қос қолдап ұстап, алға жылжиды. Сарт ете түскенде көзі

қарауытын, құлай жаздайды. Самайынан төмен қарай мұздай нәрсесі қылаңқып бара жатқанда, денесі дір етіп, қайта ес жияды. Қараса басы мылжа-мылжа болған сұр жылан екі бүктеліп алдында жатыр. Кетпенді тесіп өткенмен шешпекке түмесы батпашты.

Сол күннен бастап оқжылаңдар адамға оқ болып атылғанды қойыпты. Тек қана жанына қысым келгенде маңынан зу-зу ете түседі екен. Баршылықтың буына масайып, екі қолы алдына симай өсірген бай ұлының жат қылығы талайдың басына қасырет үйірітті, соңында өзінің басын жеп тыныпты. Ал ешкімнің ала жібін аттамай, кеудесін кермей, кердеуінен баспай, еңбегімен күн көріп жүрген қарапайым жан ақылмен жол тауып, адамдарды кездейсоқ өлімнен құтқарады. Жақсылық жасау тек қана мықтылардың қолынан келеді деу қате. Олардың көбі алдымен өзін ойлайды. Мән бергеннен гөрі жан берген олар үшін түк те емес.

Бәріні қойшы, "Наншан құдіретті нәрсесі жоқ! Оған ат үсті қарауға, бір үйірін басуға болмайды" - деп талай айтып едім ғой. Соған көзің жеткен шығар. Темірді тескен жылан, жеті жұқа нанға келгенде тоқтады. Сұр жылан деп өзіміз көз алартып жүрген жәндіктің бұл қылығы тектіліктің белгісі. Өлеңіздігің мойындау - жеңгенмен бірдей. Жеті санының да мәні тереңде. Әңгіме аяқтала келе - "Сөлай, балам!" Асқақтаған асылмай қоймайды. Кеуделеген түбінде кері кетеді! - деп бір тыныстады. Кейінгі кездері әкем, есіңде жүрең дей ме, әлде үйренесің, жаманшап жиренесің дей ме неше түрлі ертегіге үкесің әңгімелерді айтуды әдетке айналдырды. Өз ойыңнан шығара ма, әлде

Елден естігені ме - ол жағы беймәлім. Әйтсеуір тыңдай берем.

### Қандай әйел жақсы?

Еңсесің асқак, иінің тік ұстап, иілің сәлем беріп тұратын әйел жақсы.

Таңертең төсегіңнен жадырап ояңған әйел жақсы. Үйіне жарық сәуле пашып, жылу беріп, береке-құт болып отырған әйел жақсы. Барға масаттанбаған, жоққа жасымаған әйел жақсы. Өз ерін төсегіңнің құлы емес, құты деп түсінген әйел жақсы. Балаларың адал еңбек етуге баулыған әйел жақсы. Әйелдің жақсылығы ерінің ұнататынын ұнатып, сыйлап құрметтейтіні.

Әйел - ердің тәңірісі: жарата да алады, сүйдіре де алады, күйдіре де алады. (Мағжан Жұмабаев.)

Әйелді сүю үшін білуің ғана жетпейді, сезінуің керек, ең керегі осы. Әйелге ше? Оған да. (Ғабит Мүсірепов.)

Әйелдер, әсіресе жас келіндер ер адамның өзінен үлкен адамның бетіне бажырайып қарамайды.

Әйел еркектің, жолаушының алдын кесіп өтпейді. Әйел адам еркектен, жасы үлкен адамнан бұрын тамаққа қол созбайды.



Әйел адам орындыққа отырғанда аяғын айкастырмайды, мыкынын таяпбайды, екі жағына теңселмейді. Әйел көптің алдында күйеуіне сын-ескертпе айтса нағандығы.

Барлық хош иістің қосындысы - сүйген жар. Бірақ ол да баянсыз, мұрынын көп иіскесе еледейді. Кейін ол құрғыр да әлсіз, әсерсіз. Еркектің бақыты да, соры да әйелде.

Әйелге сенсең де ұтыласың, сенбесең де ұтыласың! Сенбесең әйел кешпейді, сенсең алдай бастайды.

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді.

Сүйікті әйел! - өзіңді иіскез сүйетін іскер, іскер, жұмыскерің ақылды, арлы, сабырлы, шыдамды, салмақты әйелді айтамын.

Ақылсыз әйел! - өзін сұлуымын деп есентейтін, өзгені менсінбейтін, өр көкірек, өскініл, өзімшіл, дүниекор, зинакор, қорса қызар, көп сойлейтін, көк инені көтке түрге білмейтін, жалқау, самарқау, мақташпак әйелдерді ақылсыз деп білген жөн. Ондай әйелдер еркектің бақыты бола алмайды. Сорлы еркектерге сондай әйелдер кездеседі. Еркегін бақытты ете алмаған әйелдің өзі де бақытты бола алмайды.

Өмірде ақымақ еркектер де көп, ақылсыз әйелдер де аз емес. Бірінен бірі асын түседі. Ақылды әйелдерді қалай таңуға болады? Ол үшін әйелдің бетіне ғана қарау жеткіліксіз. Жанына, жүрегіне, адамгершілігіне, тәртібінең тәліміне, тиянақшылығына, ұстамдылығына үңілу керек. Әйелдің ақылдан басқа да қымбат қасиеттері көп. Олардың сұлулығы, сымбаты, мүсіні, тал-шыбықтай бұралған бөлі, қиылған қасы, мөлдіреген көзі, оймақтай аузы, жұп-жұмыр мойыны, кеудесінде томнайған қос анары, аппақ білегі, сүйікті саусақтары не тұрады. "Әу" деген даусының өзі әсем ән емес пе?

Еркектің әйел тәнінен алатын таусымас тәтті лаззаты, жан жадырағар рахаты, бой шымырлағар сүйсініні қаншама? Оны ешқандай өлшеуішпен санап сараптау мүмкін емес. Нәркес көзін мөлдіретіп бір қарағанының өзі, жүрек түбінің күйі мен тебіренісін қозғап, ән тугызары ғой. Әйелдердің жаланап санын бір көрудің өзі қандай ғанибет десеңізші. Жақсы әйелдің орыны бөлек болғанымен, жалпы әйел деген аттың өзі бақыт, қуаныш, қызық, игілік, рахат, байлық! Әйелдердің ақылының аздығын өзге асыл қасиеттері толықтырады. Әйел өз тәнінен бөліп перзент туып, күйеуінің жанды суретін жасап береді. Бұл еркектің екінші бақыты. Бір сөзбен айтқанда: Бақыт әйел!

Әйел көп боянса бұзылады, көп қикалдаса ұрылады.

Еркектің ашуы түске дейін, әйелдікі кешке дейін.

Еркектің ашуы аспан тарайды, әйелдікі төсекте тарайды.

### **Әйелдің бақыты алқа танасында**

Ер мен әйел жүнсіз тұра алмайды. Қатынассыз тағы да болмайды. Оның пайдалысы бойды жеңілдетеді, қоңылды тасытады. Сүйіспендік суынын қандырады. Ашуды басалды. Бірақ осындай бола береді деп, қысы-жазы құлшына беруге болмайды, оған да есен болуы керек. Ерлер үшін пайдалысы тек жас, әлемі әйелге қатынасатын табылады. Қарт не кесел әйелге қатынас әрине зиянды. Абзалы ас ішкенің артынан, күндіз болса кәуап жеген қолайлы. Еркек пен әйелдің ең басты үйлесімі бір-бірін жақсы қоруі. Соған кейінгі үйлесім, әрине, дене ыңғайын табу. Еркектің ең жауапты міндеті сол. Еркекті сол үшін еркек дейді. Еркек әйелді сезімімен, қылығымен, бүкіл білген-түйгенімен мейірлендіру, ал әйелдікі мейірілену. Алайда әйел болу - бағыну емес, бағындыру. Өкімімен, үкімімен, ашуымен, керек десең, ақылымен де емес, әйелдік беріле сүюмен бағындыру. Беріле сүйген әйелден есті еркек безінер ме? Әйелдің әлемі мейірімі мен қылықтылығы өзінен оң есе ақылды еркекті де бағындыра алады. Мейірдің шуағы мен тәтті қылыққа бағыну - қай еркекке де бақыт.

Қыз бен әйелге көп еркек сөз салады, қолқа да салады. Бірақ олар бәрінің бетін қайтарып, біреуіне ғана бейіл береді. Ал еркектердің кетәрі емес қыз-келіншектің бәрімен болатындары бар. Сонда сүйіспеншілік, жар алашдығы дейтін киелі сезім қайда қалады, былғанбай ма? Әсіресе өасыңдарда осы қылық басым болып барады. Осы орайда нәсікқұмар еркек те, әйел де бұл өмірде аз кездеспейді.

Жаратылыстың өзі әйелдің ибалығын артық қып, еркектің аз тып, ұяң әйелді ұяңдықтан ояту үшін әдейі тентектеу жаратқан. Ойтпесе ибалы қыз ибасын сақтап, бұл өмірден түк көрін, түк бітірмей-ақ босқа өте шықпаса па? Біз әрине тентектікті сөгеміз, шектен тыс ибалықты қайтөміз.

Табиғат сыйлаған өмірді табиғаттың өз талабына сай жұмсамау-ноалықтан бұрын панаандық, биместік. Адам, сөз жоқ, тек ибалықпен немесе бірыңғай тентектікпен дегеніне жете алмайды, оны да ұшғастырып, үлестіре білу қажет.

- Қазір қазақта не көп, кәрі қыз бен жалғыз басты әйел көп. Жасыратын не бар еркектердің ындынын бұзған басты себеп-осы жағдай. Өкінішке орай кәрі қыздардың арасында ер аламды мүлде мойындамайтын, ішкі еркектен кәдімгідей қорқатын, сезімдері селт етпей өлі күйде қалғаны өте көп. Сыртта сыр бермегендерімен, меніңше, оларға түп төсегінде жалғыз жатудан асқан азап жоқ шығар. Табиғат бізді әкім, директор, қыстық, қойшы, жұмысшы бол деп міндеттемейді, бағымызға қарай, бірі болмасак та, бірі бола жатамыз, алайда еркекке әйел алуды, әйелге күйеуге түлуі міндеттейді, сол үшін әйел-еркек қып жаратты. Ендеше табиғат үлестен міндетті орындау кімге де болса парыз.

Ашығын, бет жырға айтқанда кәрі қыз боп өткенше, жаман да болса бір еркектің жанында жату табиғат талабын хал-қадырыңша орындау. - Әйткенмен әйел сезімін әлдилеу-еркектің ғана құдыреті.

- Өмір деген жүгірін өтетін даңғыл жол емес, кәтелесу, алдану еркекте де, әйелде де болмай тұрмайды. Ондай жағдайда, мейлінше, кешіре білуден құдыретті ештеңе жоқ. Ал кешіре білу мен шыдай білуге келгенде, айып етпеңіздер, әйел зағын бағалауға баға жетпейді.

Айтқан нақыл бар ғой: Әйел кірін үйге әкеледі, еркек далаға қалдырады деген.

### **Құрбандар**

Жоңғардың қолбасшысының бойжеткен қызы Хоча жас кезінен Шәңгерек поямен атастырылған болатын. Қыз бой жете келе атастырылған жігітін қызғана бастайды. Ал жігіті болса қыздың кейбір мінездерін көре келе қызға салқын қарап, қыз әкесінің атағы үшін үндемей уақыт өткізе береді. Қыз әкесі қоңтайшы күйеу баласының қайтпас-қайсар мінезі мен батырлығын бағалап мыңбасы ретінде қолбасшы етеді. Қазақ жоңғар арасындағы жаугершіліктің бірінде Шу өзенінің бір иірімінен жалғыз қашып бара жатқан аттылы, қалмақ қызының тобына кездесіп қалады. Көптің ағы көп, ұмтылып қуып қолға түсіреді. Оның өзінде жауынгер жоңғар қызы астындағы атының шалымдылығымен, шалма тастап ұстайды. Қолға түскен еркек болмай, сұлу бойжеткен қыз болады. Тұтқынды байлап алып, өз әскерлері арасындағы өз шатырына әкеліп тергеуге алады. Қолға түскен қазақ қызы өлтірсеңдер де сендерге сырымды ашпаймын деп қасарысады. Осы кезде Хоча қыздың жігіті келіп қолға түскен қазақ қызын көріп, сұлулығына таңданып, бұл қызды өлтірмеуге бұйрық береді сарбаздарына. Ал Хоча өлтіріңдер деп екі жар болып таласып тұрғанда сарбаздар да қызды өлтірмейік деп шешім айтады. Көпшілік шешіміне қарсы шыға алмаған қоңтайшы қызы Хоча амалсыз келіседі. Шамалы уақыт өткенде жасак жігіттері тағы бір қазақ жасағын қолға түсіріп байлап алып келеді. Бұл қазақтың жансызы деп Хоча қыз жігіттің санына қыл бұрау салдырып шындығын айтқызбақшы болып жігіттеріне бұрандар деп әмір береді. Қыл бұрау шыбын жанын көзіне көрсетіп жігіт шыдай алмай шындығын айта бастайды. Өзінің қазақ қолына хабар әкеліп бара жатқанын айта бастағанда, қолға түскен қазақ қызы көз ілеспес шапшаңдықпен хабаршы жігіттің кеудесіне өзінің қолындағы екі жүзді қанжарын сұғып үлгереді. Сөзін аяқтай алмай қазақ жігіті қаза болады. Сарбаздарының босбелбеулігінің арқасында толық хабар ала алмай қалған Хоча қыздың қол аяғын бұғаулапқызып, өз әкесі қоңтайшыға тарту етпекші болады. Ал мыңбасы күйеу жігіт қазақ қызының сұлулығы мен қайсарлығына тәнті болып, оған ғашық болып қалады. Хоча қыз өзінің

серік қыздарымен тамақтануға кеткенде жоңғар мыңбасы қазақ қызын босатып, қашырып жібереді. Қыз мыңбасы жігітке рахметін айтып, тірі болсам қарымтасын қайтармақшы болып уәде береді. Қызғаныш түбі құрбандық деген ғой, қазақ қызын қашырын жіберген кісіні білген Хоча қыз намыстанып өзінің сүген жігітін ағыш өлтіреді. Қыз әкесі, өз қызының орескел қателігіне өкіне отырып кешірім береді.

### **Бір шалдың әңгімесі**

- Адам болам десең, қолденең көк етеккіге жуң көрме, қарағым! Көзің сүзіп, күле қараған әйелден без.

- Ау, сіз, ағасы, тым асырын жібердіңіз ғой. Әйелдің бәрі бірдей жеңіл жүрісеті емес шығар. Байын күтпн, бала өсіріп отырған өнегелі жемелеріміз қаншама!

- Бірақ шырағым, әйелсіз тірлік жоқ екен. Өрбір азғындау жолы әуелі әйелді қорлаудан, семья қамын аяққа басудан басталмақ. Егер мен де ау бастан-ақ әйелжанды, семьяжанды болып өсем, кім біледі, өзім барып нәлеге ұрынбас па едім. - Мұныңыз да түсініксіз секілді, аға. Ог басына байлаулы адам орғасының мүдесінен қашықтап кетпей ме екен? Қазақ ондайды "Үйкүшік" деп бекерге айтнаған.

- Менікі отбасының, қатын-баласының қамын ойлаған кісі аяғын аздап басалы, қымысқа ұрынбайды деген бәтуа.

- Бауырым, өмір шіркінде өлшеусіз қызық көп екен ғой!

- Қайрекен ат үстінде бойын тіктен алып, айналасына мойынын соза қарайды. - Тіпті мына жұпар иісі аңқыған жиде тоғай мен анау шаңытқан сар даланы көріп, саусаламаттықта, бостанда жүрудің өзі бір ганибет емес пе? Кейде тойым, қанағат білмей, асқардан ассам, күндесті аяққа бассам деп күшінің тыным көрмейміз, содан сойтіп құрулы қақпанға барып түсеміз, әйтпесе біреуді орға жығамыз. Сөйтсек, соның бәрі бекершілік, астамшылық екен. Бұл дүниеде үшкіршілік пен қапағатшылықтан қымбат ештеме жоқ. Қанша жүгіргенінмен құланнан оза алмайсың, қанша ұшқаныңмен қыраннан биікке жете алмайсың. Оу, әліңе қарай әрекетің, болсашы! Осыны кейінірек түсініппін...

- Өзіме серік болған, соғыста талай жанның ажалсызына дәнекер болған, медбикемен жұп құрып, бір ұл, бір қызым дүниеге келді. Аман-есен еңге келіп, қолхоз жұмысына араластым. Жастықтың әуенімен бойдағы күш қуаттың әсері ме кім білсін, ащы суға әуестігім күннен күнге арта берді. Ішпесем, тыныш жүре алмайтын халге келдім. Сөйтіп жүріп, ойда жоқ жерде бір топ бұзақылармен кездесіп қалып (қара күш қойсын ба) ореуін өлтіріп, қалған бесеуінің аяқ қолын сындырып, сотта жеті жылды ұрқалап, түрмеге түстім. Түрме деген оңай ма? - тыныш өмірге зар болып

бармағымды тістедім. Бес жылдан кейін, қалған екі жылды кара жұмыспен өтеуге жағқызды, "Химия" аталатын режимге көптім. Адам үн күннен кейін дозаққа да үйренеді дегендей, жұмыс істеп жүргенде тағы да бір қақпанға түсіп, сегіз жылды қосып алдым. Аласқанның алды жон, арты сокпақ демекші мына бас не көрмеді десеңші.

- Қайреке! - аузы күйген үрін ішеді деуші еді ғой, бұл қалай болды дегенімде:

- Ай, шылағым-ай, әкемнің өлерін білгенде, өзбекке сапаса - едім дегендей, ойламаған жерден болды. Көп қабатты үйдің құрылысында еркек, әйел аралас жұмыс атқаралы екен. Химияға шыққан соң мен де солардың арасына қойдым да кеттім. Неше түрлі адамдар арасында кеудесіне екі жастық тығып алғандай, бура сан ақ-сары әйелге көзім түсе берді. Мен қарағанда ол да күлімеіреп менен көзін айырмай қалады. Қанша жыл әйел көрмей, өзің жүлемеі жүрсен бойдағы қажеттілік еріксіз жыңды көбелекке айналдырып, мазақты алады. Бірде сол әйел қарсы келіп қалғаныма кеудемнен шұқып мынандай да еркек болады екен ғой деп әзілден, бірнеше күн менің жанымнан айналшақтап шықпай қойды. Мен де еркекпін ғой, жақындай түс деп, оғаш қылық көрсетпей, әйел жанына жағатын сөздермен көпшік қоя бердім. Бір күні ақ жауын басталып, барлық жұмыскерлер екінші этажда қалып, әлгі әйел екеуіміз үшінші қабатта қалдық. Қасымызда ешкім болмаған соң әйелді қасыма шақырып, астына киім төсеп отырғызып құшақтап едім, қарсылықсыз ыңғайыма қона берді. Несін айтасың, дүние астаң-кестең болып, теңіз толқынына араласып кеттік. Есімізді жиып, бас көтеріп тұрғаннан кейін, әйел сол қалпында ашық терезеден төменгі қабаттағыларға айқайламасы бар ма, мынау мені зорлады деп. Өзінің еркімен болды деп қалай ақталасың? - міне шырағым, әйел мекерлігі маған кейінгі сегіз жылды осылай тарту етті.

Әйелдің тұңғық жалы көзі мен айланып кім құтылады дейсің.

Сак бол бауырым! - деп айқалды.

### **Достықтың бітер жері құдалық**

- Осы мақалдың шығуына ой салғанда мына төмендегі замандастар сөзі есіңе түседі.

- Ал, досым, дүрдигенді қой. Саған ендігі жерде дос емес, құдай қосқан құда болдық демекпін.

Ағайынның жақсысын алып, жаманын тастамайсың. Әйелді жас кезінде таңдауға болады. Айталық, жаратпадың екен, екіншісін таңда. Ал баланы таңдай алмайсың, сол баланың тапқанына әке боласың. Осы күнгі құдалық та солай. Балалардың тауып берген кісісімен, тіпті оның ұлтын, түрін айырмай құда боласың. Не істейсің заман солай. Сондықтан, өткен күндер елесінің соңына ермей, жарасқан құда болайық, құшақ айкастырып

жәкжат болайық. Бұл өмірдің қызығы таусылған ба, ешқайсымыз да оны аркалап кетпейміз. Бәрі де күні ертең адыра қалады. Ең тиімдісі, қалған өмірді дау-дамайсыз, қызғаныш-ғаласыз шынайы сипастықта өткізу. Оңланар болсақ, бүгінге дейін қолымыз жеткен мадақ, атак, дәреже екеумізге де аз емес. Кел, балаларымыздың бақыты үшін күресейік, күшәк аңқастырын қуда болайық деп қауышыпты. Біздің осы достығымыз, екеуміздің ұл-қызымыздың шаттығына қолөкесіп түсірмесіп деген ақ шетпен қалауын таңсып. Осындай да құдалық болады.

### **Адам өмірінің қаяулы сәттері**

Тіршіліктің табиғый заңындағы қаталдықты былай қойғанда, адамдардың өз қолынан жасаған зұлымдықтарын айтып тауыса алмаймыз.

Бір сәт кешегі өткен тарихқа қараңызшы. Алғашқы қауымнан бүгінге дейінгі аралық қылмыс пен қырғынға, қиянат пен бәсекеге толы. Адам баласы бір-біріне бір сәт тыныш ғұмыр берген емес. Сұлулар өздерінің келбетімен, таланттар өздерінің қабілетімен өзгелерді қорлайды. Ең оолмағанда ойынмен қорлайды. Бүкіл спорт ойындары: ағ жарыс, жаяу жарыс, күрес, бөке тағы сол сияқтылар - мұның бәрі тек бірін-бірі мұқату ғана. Ойын дейді, қайдағы ойын? Ұтылған спортшылардың түрлеріне қараңызшы. Дүниедегі ең бақытсыз жанлар солар. Үн-үлкен адамдар балаша жылайды. Адам ойынға жылай ма? Ойын дейді. Ол ойын емес. Адам табиғатынан арылмай қойған бірін-бірі қорлау, мұқату. Яғни оұлардың бәрі "тіршілік күштілер үшін жаралған" деген жан түршігерлік қанданы құрайды. Адамдық ықтиярға үстемдік, қиянат, зорлық, қысқасы, оүкіл-бүкіл бақытсыздық атауы жаңағы күштілер заңының жемісі. Олгі айтқан спортғымыз да, бұл да - бәрі бірақ құбылыс.

Өмірге жарқын, сәби сапамен келіп, төңіректе шат-шадыман тіршілік қарына, адами бақыттың, шынайы махаббаттың барына, ғарішке көмек, қиянатқа тиым секілді әділдік барына, бірі үшін бірі от пен суға түсетін, бір-бірінің көңіліне қаяу түсірмейтін адамгершілік барыша сеніп келген мына бейшара пенделер үшін жаңағы бір сорақы, жабайы "күштілер ашынын" үстемдігін түсіну қаншалықты ауыр екенін білесіз бе? Осыларды көріп-біліп, бақытты болу мүмкін бе?

Бақыт деген жарықтықты өмірдің түпкі мәнінен табуымыз керек қой. Ондай мән жоқ. Ендеше адамдар мәңгі бақытсыз: Осы орайда бір қарияның айтқан ойын айтуға тура келеді. Бақытсыздықтың кішкентай ғана жеңілдіктері дейді.

Біріншісі - ет жемеу. Ет жеуді доғару табиғат заңына енгізілген үлкен күзеті болар еді.

Екіншісі - бүкіл спорт ойындарын, құмар ойындарын доғару керек.

Үшіншісі - Адамға рухани бостандық керек. Ертедегі құлдар заманында адамдардың аяқ қолы кісенделсе, қазір ақыл-ойы кісендеулі.

Төртіншісі - бір үлкен аурухана ашып, оған өзімшілдерді, мансанкорларды, атакқұмарларды, ұятсыздарды, қаскүнемдерді, қатыгездерді, опасыздарды, өсекшілерді, зиянкорларды, жағымпазларды, күншілдерді жатқызу керек. Керек болса бойларындағы қара қандарын ағызып оның орнына таза қан құйып шығару керек. Өмірдегі ең қатерлі дерттер осылар.

Бесінші - дүниенің ең сұмдық құпиясын ашуға тақап қалған бүкіл ғылым атаулыны ауыздықтау қажет. Адамға өзіне-өзі көр қазуға болмайды. Ақырзаман өмірді кейін шегеру үшін деп әңгімесін аяқтай келе, өзі де мәңгілікке көз жұмып кетін еді дейді айтушы пенде.

## Пікірлер

Кісінің атағы зорайсын мейлі, лауазымы жоғарыласын мейлі, - бәрібір, адамды жұртқа жеккөрінішті ететін бір нәрсе бар. Алдыңғысы - орынсыз ашу, соңғысы - сабырлы ақыл. Әкем, - үйдегі қылығыңды өзім көріп отырамын ғой, қисық кетпессің, түзде өнегелі бол, балам. Ақылдың тізгінін берік ұста, ашуға құнақ жайма, ашу-пышақ, ол арапдатады,- дейтін.

Жаттың жаласы емес, жақынның - өз қасыңда жүрген адамның күйдіргені жаныңа қатты батады екен.

Қай ата-ана балам жаман болсын дейді, шырағым. Бәрі де перзентіне жақсылық қана тілейді. Жасымда өзім тұрмыстың таршылығын көп көргендіктен, соның есесі қайтсын деп, байғы жарлы, жүдеу жас шағымда аузыма түспеген тәттіні балама жегізуге, қолым жетпеген оңды киімді балама кигізуге тырыстым. Осыны қуаныш көрдім. Баламды еш нәрсеге зәру етпедім, сұрағанып - жоқ -демей, ыңғый тауып беріп отырдым. Өмірден кемшілік көрмей өссін делдім.

- Жасөспірім баланың айтқанын елілілеп орындай беру, адамның ойлағаны өмірде кейде орындалмай да қалатынын сезіндірмеу - жеткіншекті жеңілге дағдыландырады, ал жеңілге үйренген кісінің жүйкесі берік болмайды дейді өмір көргендер.

Адамдарды бір кезде мырза атандырған "әкеңнің құты" болса, кейінгі кезде жан дегізген Құбының жұты. Мұны өзін де білесің. Атаның жүрген жолының бәрі лаңғыл бола бермейді, бауырым. Әр таудың аңы басқа, әр дәуірдің заңы басқа. Кеше байлардың дәурені кетіп, келейлер теңдік алған заманы жетіп еді. Артта қалғанды армандама. Аңырап аңсап, ата жолын қума. Алдағы тірлігіңнен көркейіп, көрікті болуын ойла. Ниетің түзу болса, күтінің тік ұшады. Орта қолдыларды дос тұтып, ес сана.

Біз білмейтін, өткендегі бай мен біліктілердің сыры мен қыры аз шығар. Бұл - бір. Ендігісі, бейғам сүрінгеннің беті жараланады. Байкамасаң бақытынды да таптап аласың. Жалғанда арамзаның азғыруына ілесе көрме. (ол әрине алыста емес, дәл қасыңда жүреді). Ол шығға шығармайды. Шыбырауға шөктіреді. Шытырманға тығылып, шырмалып шыға алмай қаласың. Ашық айту-ақ қоңілділіктің айғағы. Пысықай, қасқыр пейеттілерден сақтанып, алдауына түспей, аулақ жүр. Жуас қоңілшек болма; болсаң сені отқа тығып, суға батыратып солар болады түбінде. Қабырғамен ақылдасып, ошағыңның басында отырып оңашада кең ойлан. Бұл саған теңдеп артып жүрген артық ақылшымнан боліп бергенім емес. Аз да болса, аямай өзіңе сеніп бергенім. Көктегі бұлт жасырына алмайды, қоңілдегі от жасырына алмайды. Осы ойларымды кейінге айтсам деуші енім. Оның да сәті түсті., жазылды.

Сау саламатта болыңдар. Еңбектерің өнімді, өмірлерің қоңілді болсын. Ел, халық аман болың, тыныш өмір болсын. (Алдағы заман күрмеуі қол, шешуі қиын болатын болар).

## Дүние

Бұл жаһанда кімдер келіп, кімдер өтпеген. Жаксының хаты қалады, өзінің ісі қалады. Сұм жалғанның өзі бір қасып керіп қылымыған, қыз қылықты, кербез кәрі кемпір сияқты. Қыз қылықпен қылымыр, кербезденер, сүйсінірер, үмешсең -қолың бермес. Сүйініп қалсаң сүймейді, тағы киік сияқты үрке қашар... Безсең, бейбак, күйініп, басқан өше піліп, құшақ ашар. Кейде көзіне ілмей қырланады, кейде елгітін, қоз қалан қуланады. Сен қарасаң жүзің теріс бұрады, наз қылықпен маңайлатпай.

Сүйсең -сүймес, қанады киіктей нақ,

Безсең -құшар аяқты, күйіп бейбак!

Сол сұм дүние, талай бекті қартайтты, талай бекті оздырды. Өзі қартаймайды. Қыз қылықты кербезденген кәрі мыстан сұп-сұр дүние.

Қажыбка тән он қасиет бар. Ақыл, ажар, тіл, бой, білік пен зеректік. Атті жанар, сак құлақ және кең пейіл. Осылардың бәрін жарастырып, бір-біріне үйлестіріп тұратын құлық-қылық тағы бар. Көркі көз қуантсын. Көз қуанып, сезім туласын. Қажыбты көрген жан баладай алданып, ғашықтай арғалып қалсын. Қажы дәйім жүрттың назарында жүреді, сондықтан да өзінің де, сыртының да сұлуы жөн. Іші-тысына сай бітімді, келбетті болсын. Құтты көркін көрген жан ісі қандай оңды, көркем екен деп сенсін. Енім киісі, жүріс-тұрысы, тек сүйініш тудырсын. Өнді келсін, сақал-шашы ұзынғы, ер дауысты болсын, сөзі жасындай айқын шықсын. -Жалғыз көркінің қараға себі болмайды. Елге шарапаты тимейді. Шарапаты



тимес кісі ол-өлік. Өлік болма, пайдаңды тигіз, ел ішінде бол. Қатты сөзге жылы жауап бер. Нағыз ерлер жүрт ішінде, елдің ортасында жүреді. Байлық, білсең кедейлігің, кедей сенен де бай. Сұғанақ көз тояр ма? Мал-мүліктің торына тонырлап жатып, тынырлап өлер. Ләззатты өмірдің үш нәресесі бар. Үшеуі бірінен-бірі өтеді. Әуелгісі ішіп-жемектік, Екіншісі қатын алмақ, ол да рахат құмарлық, Үшіншісі тән саулығың, тірлігің. Бұл үш ләззатқа таласатын ештеңе жоқ. Енді тағы үшеуі бар. Оны ескермей болмайды. Ішіп-жемек ләззаты кейде тәніңді жамандық болып жалмар. Ас сінбесе тәнің бұзылар, тән бұзылды екен, кесел өршір.

Қатын қызығы мехнатты суық суға түскендей. Қыздырар да соңынан қалғыратын мұздатар.

Ләззатты дүниенің ақыры азапты. Одан адам баласы құтыла алмайды. Тек жалғыз шарасы-қанағатшылық.

## Нап

Қазақ халқы әуел бастан көшпенді тұрмыс құрды, егін егуді кәсіп етпеді. Соған қарамастан нап кәдірін ерте бағалаған халық. Нанның қикымын жерге түсірме обая болады деп, нанның ұсағын (турағандағы) балаларға жетізетін бай боласың деп. "Биікте тұрған нанға қолың жетпесе табаныңның астына құранды қойып, сол нанды алуға болады, бірақ сондай биіктегі құранға қол жеткізу үшін табаныңның астына нанды қоюға болмайды." Деген ел арасында кең тарағандағылым сөздің өзі көп нәрсені айтып тұр ғой.

Бидай дәнінің өзін кәстерлеген. Әсіресе піскен бидай дәнінің обалы көп болады. (жерге түскен) ал шикі бидай дәні жерге түссе ол өніп шығады деп пайымдаған. Бұрынғы өткен заманда байдың қойын жайып жүрген бір кедей қойшы үйінен шүбереке түйін алып шыққан жарты уыс қуырлыған бидайын жеп отырғанда абайламай бір дәнін жерге түсіріп алады. Оны үлкен обалға санаған қойшы Алланың қаһарына ұшырармын деп жерге түскен бір дәнді жатып-тұрып іздейді. Қалың шөптің арасынан ол қалай табылсын. Күні бойы саусақтарымен жер тырмалап, әр түл шөптің түбін тіміскілегенмен таба алмайды. Ақыры кеш болады. Осы абайсыздығы үшін Алладан кешірім сұрап, етегі жасқа толады. Ертең тағы келіп іздемекші болып, дән түскен жерге белгі ретінде таяғын шаншып кетеді. Ертеңіне сол жерге қойын айдап келсе шаншып кеткен таяғы ағаш емес алтынға айналып тұр екен дейді. Сол алтын таяққа ие болған кедейге дәулет бітіпті.

Бұл бір түйір бидайға бола етегі жасқа толып еңіреген, жанын салып оны іздеген кедей қойшының адалдығына орай алласының рақымы түскендігі екен. Аңыз осымен бітпейді. Қойшысының осындай ырысқа кенелгенін бай да естіп, келесі жолы өз қойын өзі өріске шығарып бағады.

Қой жайған болып жүріп, үйден қуырын алып шыққан бидайының бір түйірін бұл да жерге түсіріп алады.

Оны біраз іздегенсіді. Ақыры күн батарда сол жерге бұл да таяғын шанның, қойын ауылға айдап кетеді. Ертеңіне қойын қайта бағын шығып, кешегі сорлы кедейден менің нем кем болуға тиіс, менің де шанның кеткен таяғым алғынға айналып, күнге шағылысып, жарқырап тұрған шығар дейді. Осындай дәме байды өріске асықтырады. Келесі шанның кеткен таяғының басына жылап оратылып, байға қарап, тілін жалаңдатып, ысқырын тұрады. Бай басы айналып, талып қала жаздайды. Сол күннен бастап байдың дәулеті қайтып тақыр кедей болыпты дейді. Бұл бидайдың бір түйірін жерге әдейі тастап, сол арқылы олжа тапқысы келген тойымсыз байдың алла тағаланың қаһарына ұшырағаны екен.

### Дос сыры

Дәулет - тұмысында жалғыз жігіт болатын. Өке-шешеден ерте айырланған. Қол ұшын беретін ықпалды ағайыны да болған жоқ. Өзінің пысықтығының арқасында алғаны да, досты да кейін тапты. Іскер де бейнеқор еді. Атқа ерте мінуіне себепкер болған да осы қасиеті. Ең алғаш жұмысқа тұрғанда директордың көзіне түсеті. Директор баяғы 40-шы жылдардағы от пен суға түспесе отыра алмайтын, тесік өкпе ескі кадрлардың бірі болатын. Күн түн демей, үйіне де, қара бағына да қарамай, қызметте жүреді. Алғашқы өмір мектебі содан басталды. Дәулет те өлген-тірілгеніне қарамай жұмыс істеуді үйренді. Соның арқасында жақсы атқа ілігіп, бұған жоғарғы жақ қоңыл аударып бастады. Қолдаушылар, жанашырлар табылды. Отыз жасында совхоз директоры, одан райкомның орынбасары, ақыры аудан басшысы болды. Біраз жыл өткен кезде орнынан түсіп, елсіз далада қанғып қалғандай болып отырысы мынау.

Дәулет сырт көзге нын бақытты адам болып көрінуге тырысты. Сүйген жары да, өзі де келбетті еді. Өзінен аумайтын ұлы, әйелінен айнымайтын қызы бар. Алғаш отау көтергеннен бастап қатты мұқтаждық көрген емес. Байлықтың қызығын көріп жүр деу де қиын. Ойткені тоқшылыққа ау бастап үйренген. Сол себепті адамды дүние қоныз қылатын артық ашқарактық, оғаш пейіл бұларда бола қоймады. Дәулет ұлының тағдырын көп ойлаған. Үлде мен бұлдеге бөледі. Не ішем, не жеймін деген жоқ. Рас, күнделікті тәғбиесіне араласа алмады. Мектебіне барып көрген емес. Қу қызметі босатпай қойды. Таңертеңгі сағат сегізде кеткеннен кешкі сегізат ондар шамасында үйіне оралады.

Бұл жұмысқа кеткенде де, келгенде де баласы ұйықтап жатады. "Папам командировкада жүр ме" деп шешесінен сұрайды екен.

Өшеңгетеген, сол ұлы өсе келе сабындай бұзылды. Мектепте сабағынан ақсады. Көше балаларына қосылып кетіп, одан әрең айырып алды. Институтқа түсіріп еді, оны оқи алмады. Ішімдікке үйір болды. Төбелеске араласып, біреуге пышақ салып, одан да алып шықты. Қай ұлт екені белгісіз, бір жезөкіпеге үйленем деп, ең үлкен қайғы сол болды. Ақыры айтқанда қолбей, үйленіп тынды. Қазір бөлек тұрады. Осындай қасіреті бар отбасын кім бақытты деп айтар.

Сонымен қоса Дәулеттің әйелінің де қызметпен қолы босамай, қызы да маңдайға бақ бола қойған жоқ. Киетін киімдері де шолақ, ашық-танық, тартатыны шылым, баратын жері кешкі ойын-сауық, казино болды. Әке мен шеше тәрбиесінен тыс қалған ұл-қыз өз дегендерін жасады. Дәулеттің анда-санда бір келетін, ат құйрығын үзбеген бір досы бар еді, оның өзі сыртынан: "Райком болам деп жақын-жуықтың бәрінен айырылды, байұстың менен басқа ешкімі жоқ" - дейтін.

Ешбір қисынға, ешбір заңға сыймайтын бұл өмірдің сырына кімнің көзі жеткен? Кейбіреулер адам өз тағдырына өзі жожа деп даурығады. Күнделікті жоспармен жасалып жатқан іс-әрекеттің тағдыр емес. Тағдыр - сенің қу тірлігің мен сыртқы жағдайдың шайқасынан туған бұйрықты несібең. Сенің ырыққа бағынбағаныңан кейін де ол тағдыр болып есептеледі. Бұл да ойлайтын: "Өмір табалдырығынан аттағаныңан кейін, алдан сан тарам жол шығады, әр жолдың қайда баратыны белгілі, қалаған жолыңа түс те, жүре бер" деп. Сөйтсе, олай емес екен. Өмір деген ну жыныс орман секілді. Сол орманның арасынан саған қарай сүрлеу бұйырады - ол өзінің бақ - талайың.

Дәулет те осы жолды таңдап алсам деп ойлаған емес. Маңдайыма бұйырды. Рас, оңай жол болған жоқ. Әуелде мойныма бұғалық түскен асаудай талай бұлқынан. Талай арман, княздарының күлі көкке ұшқан. Қысқасы, қоғам илеп-илеп, бұдан өзіне керек адам жасап алады. Дәулет үнемдеуді үйренді, өтірік құптауды, іштегі сөзін жасырып, басқаның сөзін айтуды үйренді. Жұрт мұның мінезін орнықты, сабырлы деп ойлайтын, шын мәнінде артық сөйлеп қоюдан қорыққан бассауға да басқа түк те емес еді. Бірақ бұл бір ғана адамның емес, бүкіл қоғамның басындағы жайт емес пе? Өзге емес, өз билігің өзіне жетпейтін заманда кім не тындырғандай? Билік дейді-ау, кімде бар ол билік? Министр түгілі әлгі хатшыңда да жоқ. Тіпті сол билік Біріншінің өзінде бар ма екен? Біреуге күжірейіп, біреуге кішірейген заманда билік туы тігілген жер біздің көзіміз жететін жерде емес. Әріде, тым әріде. Осыны білсек, кінәласудың орнына бір-бірімізді аяласуымыз көп болсын. Бірді айтып бірге кетіп қала жаздадым. Негізі айтпағым, еліміздің алдағы болашағын тәрбиелеуші ата-ана екенін ұмытпай, сол ата-ана балаларына тәлім-тәрбие берсе игі еді демекшімін. Тәлім - тәрбие, тәртіп жүрген жерде әрқашанда парасатты өмір жалғаспақшы. Дәулет досым да өмірден өгер кезінде, шіркін-ай, әуейі

болған екенмін, өз сиымды өзім ғана көрсем екен, басқаға үлгі болмаса екен деп шерменделікте кетті. Біреуге болмаса біреуге сабақ болар деген оймен дос сырын қағаз бетіне түсіріп отырмын. Досымды дағтан, қаралау емес, қайта қалған достар осындай болмаса екен деумен.

### Оқығаннан есте қалған әңгіме еді

Арғыннан тараған Шақпақтан туған алты ұлдың момыны Көшей, жауға шабары Дүзей болыпты. Алты шапақты ең еті нысығы Дүзей болғанда, ең үйден шықпас жуасы Көшей көрінеді. Алайда, шапақтының пайзасы өз тұсыңда ылғый жел өгіңде жүрген Дүзей тұқымына бұйырмай, үйдің ығынан ұзамаған Көшейдің әулетіне бұйырыпты. Оның себебі бар екен. Бар ғән Көшейдің қыздай алған бәйбішесінде деседі. Ол өзі ай десе ауызы бар, күн десе көзі бар, кіріп келген үй қараңғы болса, жарқыран жүре беретін, жарық болса, көзінді қарықтырын қарапайтын асқан сұлу адам болыпты. Оның көркі жайындағы лақап сол кездегі жоңғардың бір ұрыншак ханының құлағына шалынады. Сол хан жаракты батыр Дүзейдің ауылынан ұзақ шыққанын күтін, төбе айналып аңдың жүреді екен. Бірде Дүзейдің жолаушылап кеткенін пайдаланып қазақ ауылына тап береді. Аңдыған жау Көшейдің сұлу қатынын алып кетеді. Арада екі-үш күн өткенде жолаушылап кеткен Дүзей ауылға оралады. Ауылында еңіреп қалған ел, жерге қарап қалған аға. Дүзей аттан түспестен жаудың соңынан салады. Дүзей қуып келеді деп жау тоса ма, елінің ішіне сіңіп кетеді. Жоңғарлардың арасына келген Дүзей үстіндегі киімін өзгертіп бір диуана малып, сол ел ішіндегі бір танысы арқылы жеңгесіне жолығады. Сойтсе жеңгесі: "Қиған кабак жоңғардың төсегіне аунап тұрған қатынның қайтып оралғанынан жамалған кек қалыңдай түспесе, арылмайды. Кегіміз қайтсын десендер, ағаңа жоңғар ханның әлі жамбасы жер иіскемеген бүлдіршін қызын алып барып бер. Ол үшін ертең кешқұрым алма бағында тосып жат, ханның үш қызы алма теруге серуенге барады" - депті. Дүзей ертеңіне жоңғар досынан бір айғыр, бір бие жетелеп алма бағына барыпты. Биесін алға байлап, айғырының шылбырын өзі ұстап, тосып жатады. Түс ауған шамада ханның үш қызы алма теруге келінгі. Үшәуі де уыздай жас, бірінен-бірі өткен сұлу екен. Қайсысының кіші екенін айыру да оңай болмапты. Сонда Дүзей бір тәуекелге бел байлапты. Қазір мынау айғырдың масын босатып жіберейін. Ол барып анау биені жағалар. Қазақ пен жоңғар да айғыр мен биенің тәжікесіне назар аудармайтын адам аз. Оның ішінде, он төрт пен он сегіздің арасындағы тіршілік қызығының бір дәмін білсе де, бір дәмін білмейтін қыз баланың назар аудара қоймауы мүмкін емес. Егер жамбасы жер иіскесе, "мыналар қайтеді-ай" деп өтірік ұялғанып, сырт шықшып, жан-жағына бір көз тастап ап, қайта қарайды, ал он екіде бір гүлі

анылмаған уыз жас болса не мынау тұрнайы көрініске бұрқан-талқан боп ашуланады, не ауызын ашып таң-тамаша боп қарап қалады" деп ойлайды. Айтқанымдай-ақ, үш қыздың екеуі айғырдың азынаған дауысы шыққанда-ақ, беттерін басып, теріс айналып кетеді де, үшіншісі ашуланып, тошырақ шапып, айқайлап, шәт шәлекейі шығады. Тасадан қарап тұрған Дүзей жолбарыстай атылып, тентек қызды бауырына басып атқа қонады. Жоңғардың сол тентек қызы Көшейден Аю, Қарабас, Қошқар, Қалқаман деген төрт ұл туыпты. Үшеуінде де тентек қыз еліне қашыпты (алғашқы үш ұл туарда) Аңдып жүрген Дүзей үш қашқанында да орта жолдан ұстап қайтарып әкеледі. Неге қашасың дегенде: егер ұл тусам, әкемің сендерде кеткен кетін қайтаратын осылар болар деп, көзін ашпай тұрып, қалмаққа сіңіріп жібермекші едім - денті. Осы үш ұл біткенде, алғашқыда аю егіне жерін едім, екіншісінде ақсарбас сек егіне, үшіншіде ай мүйізді ор қошқардың ояжа торсығына жерін едім, өзі ғана емес, тұқым теберімен батыр, қол бастаған қошқар болады ғой деп ем. Ең болмаса, осынымды қазақтарға бұйыртпай, төркіміме сіңірейін деп едім - денті.

Үш рет бала тауып, үш рет ажал ауызынан қалса да, зорлықпен келген жерге жүрегің сатпай, әкесінің кетін қайтарар көк жұлын азаматты өзі тауып бергісі келген қайсар әйелді аял: "Еліне жіберсем, жібере-ақ қойсам ба екен" - деп қатты дағдарған Дүзей: "Қой, өйтпейін бүгін көңіліңді жасап, ертең арғанға ғана емес, күллі алашқа қарсы шабар арлан бөріні қолдан шығарып алмайын"- деп жеңгесін тағы да желкелеп отырып ауылға қуып әкелті. Солай туған Аю, Қарабас, Қошқардың үшеуі де батыр болады. Қалқаман туғанда қалмақтың тентек қызы көндігіпті, еліне қашыпты. Сол екі ортада арғын жігіттері жоңғарды шауып, Көшейдің қыздай ноктасын бұзбай алған бәйбішесін босатып әкеліпті. Көшей оны қырық күн боз биенің сүтіне шомылдырып, қырық бірінші күні қасына алыпты. Одан Тіней туыпты. Бес баланың ішіндегі ең кішісі болғанмен, ақ некелі бәйбішесінің тұла бойы тұңғышы болғандықтан Тіней көшей балаларының үлкені саналыпты. Сөйткен Көшей балаларынан Қарабас күллі Шақшақтың ішінде Дүзейден кейінгі Жоңғар ханның белін жыққан белгілі ері болыпты. Ел көзіне түскен жігіт қыз көзіне түспеуші ме еді. Қарабасқа кіші жүздегі Жаппастың Сары деген атакты байының қызы Қиялдың, Қиялдың Қарабастың көңілі құлапты. Іш сарайларын қасқабактарынан ұғысқан екі жас ата-аналарымыз бір-біріне құда түсер, күйрек-бауыр асатыр деп жүре беріпті. Батыр аңғырт, бай салғырт. Екі жақ та екі баланың ынтазарына қапелімде назар аудара қоймапты. Қазақтың сұлу қызы бой жетіп, құтты орнына қонып үлгергенше көкжиектен сығалаған сығырық көз жаудың назарына ілікпей қалушы ма еді. Қиялды да сол сімек жанарға тым ертеден ілінген екен. Бір күні Қарабас іш-құса боп бара жатқасын қолына қара домбыраны алып жіберіп, төрден ақ өре киізге қырық бір қара құмалақты шашып жібергенде көзі атыздай болады. Сарының ауылын жау

шауыпты. Жаудың олжасының арасында Қиялды да кетінгі. Шапқан жау-Қарабастың нағашысы. Содан Қарабас атқа қонып. Қуып келеді, қуып келеді. Жау қарасын анық талған соң ағып оша асықтырмай, көкжиектеп төбесін ғана көрсетіп, үп-түсіз ілеседі де отырады. Бұл жағдайды байқаған хан нөкерлерін шақырып ап: "Жетпей де қалмай да қойған мынау жалғыз қара тегін емес. Кеше де осылай көз ұшында қылт-қылт етіп өкшелеп келеді. Кім де болса, іш есебі мықты пәле болды. Дәу де болса осы арғыш Қарабастыңар. Барып қолжасын біліңдер депті. Нөкер: "Ләббай тақыр!"-деп шаба жөнелінгі. Қарабастан жөн сұраған екен, жөнін айтыпты.

- Хандарың менің нағашым еді. Нағашым болған соң шаңыма қалдырмайын деп сыйайлылық сақтап келе жатқаным. Өйтпесе шаңырағына қобыз ойнататын ретім бар еді-депті. Нөкер далақтан ханына шабады. Хан:"Келсін, жолығып көрейік"-деп қолды кідіргеді.

- Қарабас келген соң: "Ал, жиен, шаруанды айт!"- дейді. Қарабас жөнін айтып: Қиялдыны қайтар жолыңнан қалдырмайын дейді. Хан тұтқын қыздардың алдынан өткізіп: осының арасында Қиялды болса өзіне қайтардым дейді. Бірақ тұтқын қыздардың арасында Қиялды жоқ болып шығады. Сонда Қарабас қолына домбырасын алыпбезділете жөнелген екен, астындағы тыпыршып тұрған аты жалт бұрылып, аядай жердегі төңкерулі жатқан тай қазанның қасына барып, жер таршып тұрып алыпты. Қарабас: - Көзіңнің тірісінде қазанның төңкеріліп, мұшша не көрінген! -деп көк найзаның ұшымен түртпін қалыпты. Тай қазан аунап түссе астынан Қиялды шыға келіпті.Сөйтсе, сұлуға ыңтық хан Қарабастан жасырын, үстіне қазан төңкеріп қойған екен. Сол арала Қарабас: - Өттең, басқа жерде алтын тажды басыңды атыма теңгіретін едім. Арам қаланды ақ Қиялымның амандығына бола өзіңе сыйладым,-деп суырулы қылышын қынабына қайта салып, жарып алып жөніне кетінгі. Сонда хан: - Кешке қызым аға дұшпанға қолды боп кетіп белімді бір сындырып еді, енді мынандай бөлгірік туып екі сындырды-ау -деген екен.

## Күленбай батыр

Бұл кісінің батырлығы - барымта мен мешкейлікте шығыпты. Жаздың өір күнінде, түнгі барымта жортылудан құр қол қайтып келе жатқан Күленбай, бір бай ауылының үстінен түседі. Түшімен ат үстінде болып, шөлдеп, әрі ашығып келіп, бай үйіне кіреді. Бай шымылдық ішінде әлі тұрмаған екен. Әйелі киіз үйдің түңілігін ашып үйге кірсе, шырағым аман-есесісің? - шөлдеп келдім, сусын болса дейді келген кісі. Бай әйелі сабаны пісіп, үлкен тегенеге қымыз қотарып, сапырып үлкен шараға құйып қонаққа ұсынады. Күлекең басына бір-ақ көтеріп, тағы болса дейді. Үй иесі әйел тағы құяды оны да ішіп алып, аяқты қайта береді де ана тегенені бере

сал депті. Ол кезде бай шымьдық ішінен қарап жатса керек, жолаушының қымыз ішкенін қызық көріп, әйеліне ішкенінше бер деп, өзі тұрып киіне бастайды. Бір кезде әйелі қымыз бітті депті. Бай мен Күленбай амаңдасып шай кайнағанша далаға шығады, сол кезде суат басына түіе келесі келіп, ішіндегі бір семіз тайлақты көріп Күленбай, на-тіркінің семізіп-ай, жер ме еді дейді. Бай таң қалып, сойсам бәрін жейсің бе дейді. Күленбай жеймін, жей алмасам мені көтеріп жүрген торымды ал, ал жесем бір ат жетектетесің дейді бәсеппен. Тайлақ сойылып, екі тай қазанға асылады. Шайға қанған батыр ет піскенше дем алып жатады. Ет піскен кезде Күленбай жеронак басына барып маған сүйегінен басқа етті турап астауға сала беріңдер деп бірінші қазандағы етті жеп, екінші қазан жанына құйрығымен сырғып барып, бұл қазандағы етті жеп алып, майлы сорпаңы тойғанынша ішеді. Байдың көзі шарасынан шығып, қызметші жігітке бір ат алдырып Күленбайға жетектetedі. Бәетің аты бәс, қайту жоқ. Міне мешкейлік деген екен бай.

### **Сары қамыс**

Ертеде осы өңірді уысында қалғыратқан ханның жалғыз қызы болса керек. Қыз аққудың көгілдіріндей сұлу, сымбатты да нәзік, шаралы көздері шоқтай ыстық сезімге толы, қызықты жан екен.

Қыз он беске келгенде құда түсушілер көп болыпты. Ерке сұлу ешқайсысына көнбегіті. Хан да жалғызымның дегені болады деуден таңбапты. Ханның мыңғырған қойын бағушы жетім жігіт те атқалдай азамат болып өсіпті. Шынардай тін-тік тұлғасы, шырайлы жүзі қыз көзіне түсіп, ақыры екеуі көңіл қосса керек. Бір күндері екеуі елден қашып шығып, сары қамысты сағалапты. Хан қаһарына мініп, бар адамдарын сары қамысқа жауыпты, бірақ таба алмапты. Қос ғанық қамысты бағалап, көзден таса жыл бойы жүріпті. Ойыны-ойын, күлкісі-күлкі, бір-біріне құмары қанбаған екен. Қамыс ішін жайлаған құстарды, құс жұмыртқасын талшық етіпті. Қолдан келер қайран жоқ, сабасына түскен хан: "Күпәларын кештім, келесін, қолда бар малға, дүниеге ие болсын, мен қартайдым, елге иелік етсін"-деп хабар салған екен дейді.

- "Шын сүйіспеншіліктен асқан бақыт жоқ, алтын күміс бізге керек емес, әмірліктің де қажеті шамалы, сағынышымыздың сары желегі Сары қамыстың төңірегінде ғұмыр кешсек болады" - депті қос ғанық.

### **Үш санының аңғартулары**

Үш қазан тауып алдым: біреуі бүтін, екіншісі жарық, үшіншісі түбі жоқ. Жарық қазан - болмыс.

Үш балык ұстадым: біреуі тірі, екіншісі өлі, үшіншісі жарамсыз. Өлі балық-ырзық.

Үш адамға жолықтым: бірі бай, екіншісі жарлы, үшіншісінің қалтасы тесік. Қалтасы тесігі - жомарт.

Үш кемеге отырдым: бірі жүрдек, екіншісі сынған, үшіншісі жарамсыз. Жүрдегі - арман.

Үш ғылымды таныдым: бірі пайдалы, екіншісі зиянды, үшіншісі қажет емес. Зиянды ғылым - соғыс.

Үш үйге түстім: бірі жиһазды, екіншісі жалаңаш, үшіншісі алқам - салқам. Жалаңашы - мемлекет.

Үш қызыметім бар: бірі сапалы, екіншісі ақымақ, үшіншісін адам қатарына қосуға болмайды. Ақымақ қызыметші - патша.

### **Өсу-өркендеу**

Осы орайда айтуға болмайтын, көзіммен көрін, бірге жүрген ауыл аналары, оның ішінде ардақты, бағыр аналар туралы еді. Жаңаарқа ауданы аймағынан 1964 жылы Ақтау кой совхозы болып құрылды. Орталығы Атасу өзенінің солтүстігіндегі Жапай аулие төбесінің алдынан шаңырақ көтерді. Мен сол кезде отған орталығы Айшырақ орта мектебінің 9-класында оқитынмын. Бала кезімде совхоз құрылысы бізге тосын жаңалық болып, кеудемізді қуаныш кернейтін, жаңа құрылыс, әр үй, есік-терезесінің краска иісінің өзі бізді есейтін, қанат бітіретін. Ірге тасы жаңадан қаланған үйлер, магазин, контор, мәдениет үйі, автогараж, астық қоймасы, электр станциясы, сап-салалы құрылыс жүріп, қайнаған өмір басталды. Орталықтан он жылдық орта мектеп салынып 1965-1966 жылы алғашқы қарлығаштары болып 11-жылдықты бітірдік.

Жаңадан бой көтерген совхоз болғандықтан әр аймақтан, әр түрлі мамандықтары бар семьялар көшіп келіп орналасты. Совхоз шаруашылығы өркендеп, мал басы өсті. Әр сала бойынша жұмыс істеген жұмысшы семьялары да жақсы жағдайда болды. Ауылдың әлеуметтік жағдайы да жақсарды. Өмірдің өзі өсіп-өркендеумен, ұрпақ өсірумен қызықты ғой. Жері, суы, ауасының тазалығы ма, әлде Алланың шапағаты ма, орталықтағы төрт көшеден 25-батыр ана шықты. Әр үйден 10-12 баладан шыққанда 257 бала болды. Арала 53 жыл өткенде бүгінгі күні бала туу кезеңімен салыстырғанда, бір семьяда бір-екі баладан есептесең 128 ана туады екен. Бұл әрине жақсылық емес. Бұл жағдайға әлеуметтік жағдай ма, тәлім-тәрбие, тәртіптің төмендігі ме, ұл-қыз өзі біліп, еліктен, қоғамның онгесінің өзгеруі әсер етті ме кім білсін.



Алдағы уақытта өсіп-өркендеу болмаса, өзі аз казак қандай ел болып шығады? Жыл ішінде отау құрған жастардың отыз найызы ажырасып жатса, бұған өнегелі ақыл айтатын, заң-тәртіп болмай ма?

« Он ұлы бардың хан ордасынан несі кем?  
Тоғыз ұлы бардың төреден несі кем?  
Сегіз ұлы бардың сұлтандан несі кем?  
Жеті ұлы бардың желі оңынан соқпай ма?  
Алты ұлы бардың арманы бар ма?  
Бес ұлы бардың сөзінің жалғаны бар ма?  
Төрт ұлы бардың теңдік алмай қалғаны бар ма?  
Үш ұлы бардың алым-берім әлі бар, Оқпес-бауыр , жалы бар  
Екі ұлы бардың шақ-шақ қана әлі бар,  
Жалғызы бардың шығар-шықпас жаны бар.»

Баяғыда Жадыра деген шешемізді, көршілері, абысындары, қайындары

Жадыра жаман, Жадыра жаман деп айта берінгі. Сонда Жадыра шешеміз: Әй! Мұндарлар! - мына тұрған алты ұл мені ана дегенде Жадыра жаман бола ма деп бір маркайын қалыпты.

Жазайық өткен күндер шежіресі,  
Өткенді тани білу несіне мін.  
Ауылдың аймағында туған халық,  
Әр казак текті таңу өзіңе сын.

Аналар әр баласын туғанда үш жасқа жасаралды екен. Окінішке орай қазіргі жас аналар бала тусам мүсінім бұзылады деп керітін, денсаулықтың кәлірін білмейді. Бүгіндері көп бала туған батыр аналарымыздың жүзіне анықтап қараңыздаршы, екі бетінен нұр тамып тұр, ал бала тумаймын дегендер бетіне бояу жағып сұрланып жүр.

### **Айтушылардан естігендерім**

Өткен заманда Әлихан Бөкейханов серіктерімен Ағыбай батырдың үйіне келіп қонады. Сөз арасында Әлихан: - Батыр аға сізден үш сөз сұраймын, айтасыз ба? - дейді. - Сұра дейді Ағыбай батыр.

- Аттың тұлпарын көрдіңіз бе?
- Ердің аруақтысын көрдіңіз бе?
- Әйелдің сұлуын қайдан көрдіңіз? - деп сұрайды.
- Айтайын оны пеліктен сұрадың? - дейді Ағыбай.
- Оны сұрағаным, нағыз ер жігіт осының үшеуінен шет болмаса керек қой, - дейді Әлихан.

1. Аттың тұлпары.

Арқала қырықтағы кезім, деп бастайды батыр. Астымда Көкбесті деген атым бар, осы кезде, менен артық жігіт, Көкбестіден артық ат жоқ, - деп ойлаушы едім. Бір күні ауыл сырғына көп адам келіп, Сөйлес-ау!-деген соң өзім шығып сөйлестім. "Саржан батыр - мен"- дегені. Саржан батыр аты шыққан ер болғанымен, көзіме өзі де, аты да қораш көрінді. Ертеңгісін Ағыбайжан келесін деген соң барып еді; Ағыбайжан Арқала жолдае болуға жарайтын сен деп келдім, ізден дейді. Ақбастауды орыс алып, казактарды күнде шабатын көрінеді. Мен ашые адам, сен қырық жігіт ерг, жүз кісі болып соған барайық дейді. Біз жүз кісі болып аттадық. Жер шамасына барған соң: ал енді жау тақау, бүгін ат теріп алайық дейді. Соған соң шабатын аттарды қалдырып, өзіміз алға оздық. Ол кісінің астында тайдай ғана Аққасқа аты бар. Ілгері ұзап шыққан соң, мінген аттарымыздың қарымын байқау үшін бір жүгіртін алуды ойладық. Атқа шабатын жігіттерді сайлап, керме тартып, ат тостық. Мен ойладым, Аман болса Көкбесті атым келер деп. Әлден уақытта бағанағы тайдай Саржанның Аққасқасы келді. Апыр-ай! Көкбесті жығылды ма, қалай болды деп мазаландым. Әлден уақытта аман-сау менің атым да келді. Кермеге байлап; Неліктен болды деп кермеге барсам, тайдай Аққасқа Көкбестіден анағұрлым өсіп кетіпті. Аттың тұянары екен ғой, бойып жасырып тұратын - деп бағаладым.

## 2. Ердің аруақтысы.

Ертеңгісін Саржан батыр жатқан жерінен ұшып тұрып, Ағыбай қайдасың? - жау келіп қалды ғой. Тез атқа міндіңдер. Мына таудың басын бұрын алмасак, жау бізді алады. Тауды бұрын алайық дейді. Жаңғаласып Ақбастауға келіп шықсақ, ар жағында дала толған кісі, қаптан келеді екен. Саржан:Шыққыр көзім шықпасаң дұрыс болжа, деп бір шола қарап: апыр-ай! - Ағыбайжан-ай, алты жүз кісі екен ғой! - дегенде: Қайда жүріп болжап қойды? - деп қарасам, бағанағы көзіме тым қораш көрінген батыр өзімнен анағұрлым өсіп кеткен екен. Сол жерде ердің аруақтысы, аттың тұянары екеуі де Саржан батырда деп бағаладым депті.

## 3. Әйелдің сұлуы.

Қазақпен көп шабысып, ері-құл, қызы-құл боп казак-өзбек арасы теңдіксіз екен. Найман руына берген қарындасым бір шапқыншылықта өзбекте қолда кетіп, бұл болмайды екен деп, қырық кісі алып бітімге бардым. Өзбектің Әлімқұл деген ханы бар екен. Қазақтың Ағыбай батыры өгітімге келе жағыр дейді, оған кім тең келеді, мені Сейілге кетті деп қайырып жіберіндер деп үйінен кетіп қалыпты. Мен барған соң шатыр тігіп, сонда түссіз деп еді, хан ордасынан басқа жерге түспеймін деп, Әлімқұлдың ордасына түстім. Үйіне кіріп келгенде есікті ашқан бір аппак әйел маған қарап тұрып қалды. Сол күнде мың сан кісіден бетім қайтпайтын уақытым еді. Әйелдің көзіне көзім тұрақтамай тайықсып кетті.

Бұл Әлімқұлдың ақ токалы екен. Оның да назары маған ауған сияқты. Басқаны қойып, әйел де мені ұнатқан еоң елге ақ тоқалды алып кеткенін болып қойдым. Сол жерде ойлана келін: Қой басқа жұмысымды тастап, бір әйелді қызығып алып кеткенім болмас деп, Әлімқұлды шақырттым. Әлімқұл келін: Бұл маңқа казак не ізлеп жүр, сонау арқадан? - деп үйге кіре берді. Сол сәт: "Мә саған маңқа казак, Әлімқұлдың басын шаңқалы келдім" деп қылышымды ала ұмтылдым. Сонда Әлімқұл: "Ер шекісей бекіспес достыққа - төсім! - деп құшағын жая ұмтылды. Сонымен казак-өзбек мал шабысса да, адамды тұтқып қып, ұлды - құл, қызды - күң қылу бұдан былай тоқтасын деп билік еттік. Содан бері қолға түскен адам болса, өзбек-казакқа, казак-өзбекке қайтаратын болды. Мына казак ішіндегі өзбектер бұл бітімнен бұрынғылар екен.

Әйелдің сұлуып көргенім, міне осы жолы елі деггі.

\*\*\*

Бірде оқымыстылардың бірі: Осы Ағыбай бабамыз Сарыарқаның Бурабайына, Баянаулыына, Қарқаралысына бармай, шөлді жер, өсімдігі жоқ бетпак даланы қоныс еткеніне қайран қаламын дегеніне бір дана кісі: мына төмендегі уәжін айтыпты. Бір жүз бір түрлі өсімдік атауын айта келе, қуатты, дәрілік қасиеті мол шоп өскен жер, күнге күйіп, ыстық-суыққа шыдайтын аң-құс жүрген жер, адам баласына байлық пен дархандықты, мырзалықты, шымдамдылықты, бойына дарытын өсіреді деп жауап берінті дейді. Әрине Арка дархан ғой.

### Саятшы Сағит

Саятшы, күсбеті Сағит, тұғырға қондырған қыраны, соңына ерткен құмайы бар күздің шықты күні бір ізге кездесе кетеді. Құмайы ізді іскеп тұмсығын көтеріп ұлиды. Тұлпары қос құлағын елең еткізіп, жер таршиды. Күн шықпай кездескен аң ізін Мағит айыра алмайды. Ол тұлпары мен тазыға ерік беріп, қыранының томағасын сыпырады. Қыран да дүр сілкініп, аң нобайын қияннан шалып: жібер мені дегендей шаңқ етіп талшынады. Барсаң бар, Сағит оны ұшырып қоя береді. Қыран аспанға тік атылып шыркап биіктеп, самғай жөнеледі. Сағит тұлпардың тізгінін босатып, тақымын қаға түседі. Құмайы мен сәйгүлігі қатар сілтеп, зымырайды. Шығаннан көрінген аң көз ұшында бұлдырап отырады да қояды. Жеткізбейді де, қара үзіп те кетпейді. Далаға жарық түседі, күн көтеріледі.

Сағит сасайын деді. Ол: Қыранның қанаты талған ба, тұяғының алымы қысқарған ба, тұлпардың тұяғы жұқарған ба, деп ойлайды. Сағым ба, елес пе, құбылған бейне жеткізер емес. Жок тіпті олай емес, көлденең кезіккен ұшқан құс ілесе алмай, кейін қалып жатыр.

Сол күні кіші бесін кезінде аңға тазы да, бүркіт те, ат та жетеді, сойыл да тиеді. Түлкіден кішілеу, қарсақтай аңның алуан түспен құлпырған түгіне

көз тоймайды. Жас саятшы аң терісін сылып, қанжығаға байлайды. Жан жағына көз жүгіртеді. Оуделі жерде айна көл жағалды жарқырап. Көл жиегінен түгін көрінеді. Соған бұрылады. Көл жиегіндегі қараша үйден ақсақал шал мен екі қыз шығып қарсы алады.

- Жол болсын жолаушы, - деп қария салалы саусағымен сақалын сипап таңырқасады. - Аңшымын. Таңертең қуып, кешпегете соғып алдым. Сізге бұйрған екен, қабыл алыңыз. Қарындастың біріне бөрік тігін беріңіз деп аңшы қанжығадағы олжасын қарияға ұсынады. Теріні қолға ұстап көрген қария аңшына бір аң терісіне бір қаран, терең ойға кетеді. - Ойпырмай, жігітім-ай! - деді қария, - тоқсаннан асқанша кездеспеген оұлыңғыр деген аңшың өзі ғой. Бұл аңды бес сырттан соғады деуші еді, бүркітң, тазың, атың, сойылың, өзің - нағыз сырттан екенсіңдер. Бұл өзі кнесті күптігі аң болатын, жазым болып қалмасаң жарар еді. - Бұлар өледі - деп қалады аққұба қыз жұлып алғандай осы кезде. Амалын табаеың ба қызым? - дейді қария, бұлар бүгін бес күндік жер жүрген. - Елдене дейді әлгі қыз әкесіне қаран, бүркітті солкылдақ жасап соған салыңыз, күн шыққанша тербеліп тұресін. Тазыны сазға байлаңыз, бауырын төсеп ығығын шығарсын. Атты мына қыз жетектен түні бойы аяқтатып жүрсін. Жігітті маған тапсырыңыз, аяқ-қолын, денесін уқалап ұйықтағамын. Ақылды қыздың айтқаны мүлтіксіз орындалады. Таңертең бәрі де аман шығып шығады. Жігіт үш күн жатып, елге қайтуға тілек білдіреді. Сонда қария: - Балам жұбайың бар ма? - дейді. Сағит: - бар еді дейді. Бірақ әйелінен перзент көрмегенін, ойында ақылды қызды алу ниеті барып сезіреді. Қария: - келер жылы кел, қызымды берейін, күндес таластырма. Қызым судан шыққан сүлік, ғайыптан пайда болған перизат еді. Бес сырттан иесіне қосыламын деп еді.

Уәлемді орындауға уақыт жеткен екен, иесі өзің, көріскенше күн жақсы, деп жігітті құшағына алып, атандырып салады.

Сағит уәде бойынша келер жылы қызға қосылады. Ақылды қыздан ұл туады. Атын Қасенхан қояды. Күндестің аты күндес, баласыз әйелі күндей берген соң ақылды қыз; - Ей! Сағит, әкемің аманатын ұмыттың-ау, ұлымды аманат қалдырдым. Ел қамын ойлап, зиялы данышпан болар. Ал, хоп, - деп көзден ғайып болады. Қасенхан ес біліп, азамат болады. Өгей шеше азан шақырып қойған Қасенхан атын өзгертіп Асан атандырады. Асан жігіт болып, әкесі Сағиттың саятшылығын жалғастырады. Асан әкесінен бар шындықты біліп алғаннан кейін, шешесін іздеуге шығады. Бір жерден болмаса, әйтеуір бір жерден кездестірірмін деп саятшылықты сылтау етіп, жер бетінде бармаған жері болмайды.

Сол уақыттарда атакты бір аңшының қызына үйленіп, одан Абат атты ұл, Жұпар атты қыз сүйеді. Асанқайғының келіні Абаттың алғаны құмда масып қалған он үш қыздың, қасқырдан аман қалған жалғыз қыз, аты

Сырға екен. (Сырғаның аман қалуына жер бетіне шығып қалған өлген кісінің жілішпiк сүегі себеп болады, соны қасқырға қару жасап аман қалады). Сырға ерін сыйлаған шыдамды Абаттың жолдасы бола білген. Абат қорықпайтын, ренжімейтін, әйел қызғанбайтын, саспайтын, кең, еркек болып сипатталады. Абатты Сырдарияның жайыны жұтып қойған деген аңыз бар.

Асан өзінің туған шешесін іздеу жолында ылығй ойда жүріп, уайым шегеді. Осы тұрғыда ел жұрты оған Асанқайғы деген ат береді. Асанқайғы халыққа, төрт түлік малға жайлы жерұйық жер іздейді. Сонымен Асанқайғы желмаямен он жеті жыл іздеген жерұйық жерін тауып, халқына келіп; Құдайдың жаратқан жерінің жақсысы екен, адамы жүзге келмей өлмейтін, қойлары екі қоздайтын, жері шүйгін, суы бал татыған жер екен, соған көшелік деген екен. Жұрт оған қалай жетеміз дегенде: Асанқайғы малды үш жылшеледенірсек, қойға қошқар, сиырға бұқа, биеге айғыр салмасак он-онай көшіп барамыз денті. Сонда ел ашық екен деп көшпей қалыпты. Сондағы тапқан жері, жеруығы -жиделі Байсын жері екен.

Қызы Жұпар әкесі мен ағасы өлген соң Байшұра деген байдың Ерназар деген баласына тұрмысқа шығады. Әкесінің іздеп тапқан Жиделі Байсына бару үнемі жағса-тұрса көкейінен кетпейді. Сол жерге көшіп бару мақсатымен өзінің тиген байы Ерназарға өзінен кейін екі әйел алғызады. Үшеуінен қырық бес ұл туады. Ұлдарының кішісі тоғызға толғанда, үш жыл дайындалып, Жиделі Байсына көшеді. Өзінен туған он бес ұлға ылығй ақ киім тіктіріп кигізеді де әрқайсысына қару-жарақ тағындырады. Аттары да боз болады. Екінші әйелден туған он бес ұлға торы ат, қызыл киім кигізеді. Үшінші әйелден туған он бес ұлға қара ат пен қара киім тіктіріп кигізеді. Оларға да қару асындырады. Сонымен Жиделі Байсына жетіп, жиделідегі бұрыннан (бірнеше ата) қоныстанып иелік етіп отырған Кеңшілік байдың атақты қорығына Жұпар шалы Ерназар екеуі кешке қарай барып қонады. Басқа көшті кейін келіндер деп аялдатады. Кеңшілік байдың малшылары қорыққа келіп қонған күймені көріп байға айтады. Бай екі адамын біліп келуге жұмсайды. Байдың адамдары қорыққа қонған Ерназармен амаңдасқан соң, бұлар біз жолаушы едік, бір қонып аттанамыз, басекең ренжімесін деп келген екі кісіні шығарып салысымен, кейінгі көшті де түнде қорыққа қондырады. Жұпар өзі бастап, ақ орданы ортаға тіккізіп, қалған екі әйелдің үйлерін екі жағына тіккізеді. Балаларына айтып ту биенің біреуін сойғызып ертеңгі күнге дайындық жасайды.

Үлкен ақ орданың төріне, өзінен туған он бестің қару-жарағын жайнатып ілгізеді. Оң жақ босағаға қарай келесі он бесткін, сол жаққа кіші он бестің қаруларын ілгізеді. Қазан асылып, шай қойылып, орданың есігінен ат байлайтын мама ағашқа кермеге шейін кілем төселіп қояды. Ертеңіне Кеңшілік бай намазға тұрса, кешегі күйме тұрған қорықта ауыл отырғанын көріп, намазын шала оқып, қорығымды таптағандарға өзім

өңдәйін деп, әлді жігіттерін шақырып алып атқа қонады. Бай ауылыға таяна бергенде, өздері қанша болса, соңша ат байлайтын қосеметшілер қол кұстарып, амандасып, аттарынан қолтықтап түсіріп алады.

Жұпар бәйбіше Ерназар екеуі келіп байға амандасып, үйге дәмге кіруін өтінеді. Бай үйге кіргенде, төрдегі, екі жағындағықару-жаракқа қарап төрге жайғаса бергенде - Ассалаумағалайкум! - деп қолдарын кеуделеріне қойған ақ киімді он бес ұл кіреді, одан кейін екінші қызыл киім киген он бес ұл, соңынан қара киім киген он бес ұл кіргенде бай таңқалғанынан Жұпар бәйбішеге мына жігіттер де қонақ па дейді. Жоқ баяке, бұлар мына отырған отағасының үш әйелінен туған балалары ғой. Сізге сәлем беруге көптен дейді. Байдың жаңындағылары да бұрын мүндайды көрмеген, тамақ пішіп болып, сыртыңа шыққанда байға мыналарды қол жиып келіп келген жағына қаңғыртайық дейді. Сонда бай аңыздарыңды табындар, мынадай әскері бар адам оңай емес. Өзім сөйлесем деп тоқтау салады. Үйге шайға кіріп қымыз ішкен соң, Ерназар мен Жұпарға рахметін айтып, мына қонып отырған қорымды есідерге ерулікке бердім дейді. Ақыр аяғында жылыа тоңмай Кеңшілік бай басқа аймаққа көшіп кетіп, Жиделі Байсыңға (Асанқайғының армандаған жеріне) қызы не болған екен дейді. Міне құрметті қауым, атақты Асанқайғының әкесі саятшы Сағит, шешесі судан шыққан перизат елі деседі. Жиделі Байсын - Ауғанстанмен тектесетін Бұхара қаласынан оңтүстік шығысқа қарай, ал Душанбеден төменгі өлке.

Қазақтың аңыз әңгімелеріндегі Жиделі Байсын, ол жердегі Қарсы Қузар таулары жиі аталады. Мәшһүр Жүсіп Көңейұлы: Жиделі жер ағы, Байсын тау, тау болғанда тамаша тау. Ел қай жерінде, мал қай жерінде жүргенін жан білмейді. Ел жұртының көбі қазақ, Байсын-Қоңырат атанады, шаһарлары Бадық Бадақпан.

Қазақ ұғымында жиделі Байсын "Ана жұрт". Ертеде көне түрік заманында ұлы даладан келген бір аңшы жігіт Жиделі Байсын жерінде, Балық қаласының маңында сол жердің билеушісінің қызын алып, үйленген екен. Сол қыз Қазақтың үш жүзінің негізін салған үш ұлдың анасы мые.

Ел басына қандай бір қиыншылық түскенде қазақ Жиделі Байсынды өзінің нағашы жұртын іздегендей іздейді екен деп жазыпты. Аңыз түбі - шындық.

### Қос қанат

Бұл ертеде болған жағдай екен. Бір айдын шалқар көлді, көктем шыға су құстарының қаншама түрі мекен етіп, жұп құрып, жұмыртқалап, балапан оасып шығарады екен. Құстардың неше түрлі әуезді үндерімен көл беті құс азғары думанына бөленетін болыпты. Құс төресі Аққудан бастап, қаншама құс соңдарына балапандарын ертіп алып көл бетіне неше түрлі өрнек

салып, табиғаттың көз тойғысыз, таңражайып әсерімен өздерін де, сыртынан таманалаған адамзатты да шағтыққа бөлейді екен.

Өмірінің барлығын дерлік суда өткізетін үйректің бір түрі каскалдақтың судағы жүзімшігі тигі ерекше. Қарама қарсы жүзіп келе жатқандағы маңдайының каскасының өзі алыа жаратқан өзгеше, көз тойғысыз сұлулық жарасымдығы деп білесің. Бір жерден суға сүңгіп кетсе, жағалаудың қамыс арасынан бірақ шығатын сүңгуірлігі орасан бөлек. Құс төресі Акқу да көлдің ажарын кіргізіп, аталығы мен аналығы бір-бірін аймалай отырып су бетінің кіршіксіз тазалық мөлдірлігін көз алдыға жайып салады. Жүзіп бара жатқандағы соғына қалдырған су толқындарының өзі ғажап қой. Қос аққудай демекші, қатар ұшып бара жатқандағы қалатының күміс қоңыраудай сыңғырының өзі теңеу тапшайтын бір жеке әуен ғой. Көл бетіндегі таранып бір-бірін айнала жүзіп, қанаттарын жая дүр сілкінісі де бір қайталанбас сұлулық. Жаз ортасы ауа ұядап шыққан балапандар қанаттанып, темір қанат болып олар да үлкен құс қатарына қосылады. Қоршаған ортаның бір қуаныш, бір реніші қатар жүретіні баршамызға аян.

Күндердің күнінде, құс базарының шырқын бұзушы адамзаттың біреуі осы айдың көл иелеріне оқ атып, талайын қанжығасына байлайды. Оқ тиіп, қанаттарынан жарақат алғандары, айдыңның бетіне шыға алмай қалып қамыс арасын мекен етіпті. Көлдегі су құстарын аулап тамақ ететін жыртқыш құстар да қаншама балапан құстарды тырнағына алдырып тамақ асырайды. Көктем келеді, құс келеді, жазда тіршіліктің бәрі де толығып пісіп жетіледі. Жаз өтіп, күз келгнне соң-ақ жыл құстарынан бастап, жылы жаққа қайтағын құстар лек-легімен көл бетін айнала ұшып қанаттарының майын бір қалыпқа келтіреді. Қоңыр қаздар (құстар ішіндегі көп май жинайтыны) мамырлап қалмау үшін оншақты күн осы көлден кетпей тұрып, уақытының көбін ұшумен өткізіп, аз отпап өздерін бәйге ағындай жаратады екен. Шөл құсы дуалақтар құсап. Құстардың көбі өздері жек көретін, ең соңында қайтағын қара-ала шуылдақ қаздардан бұрын жылы жаққа кетеді екен. Қара-ала қаздар күндіз-түні қаңқылдап маңайындағы құстарға маза бермейді екен. Сонымен күз келіп, су беті қата бастаған кезде көлде екі аққу ғана қалыпты. Екеуінің де бір қанаттары, біреуінің сол қанаты, екіншісінің оң жақ қанаты аңшылар атқан оқтан жараланып жылы жаққа ұшып кетуге шамалары келмей, бір-бірін үйір санап, ақыры амалдары болмаған соң жараланған қанаттарымен қолтықтасып, сау қанаттарын қоса қағып көкке көтеріліп, сол қалпы жылы мекендеріне жетіпті.

Біздер адамзат баласы, дүниені жасаушы да, дүниені күл етіп қиратушы да өздері екенін біле ме? Жаратылыс әлеміндегі жаны бар жануарлар мен жансыз өсімдіктердің өзі жұпсыз жаратылмаған. Егер жұп болмаса тіршілік болмақ емес. Адамдар арасындағы айтуға тұрмайтын

тенеңіз, тіпті сөз етуге келмейтін іс-әрекеттеріміз арқылы өздерімізді-өзіміз тани алмай қаламыз. Менің бір ит қойлекті бірге киген замандасым, сенің бір қанатың сынып қалды енді не күй келесіңдесы атылған аккумулятты екінші бір қанаты сынған сыңар тап та жылы жаққа ұшу қамына кіріс деп еді. Өмір бар жерде бәрі де болады екен. Қоңілдің жабырқан, қабағыңды мүң торласа, осы жағдайларға берілесен өзіңді-өзің жоғалтасың, ал қарсы шабуылға шықсаң осылай қанағтанасың. Өмірдің өзі құстың қос қанаты. Бұрынғы үлкен кісілердің айтқан сөзі бар ғой, орта жолдан асқанда атың өлмесін, орта жастан асқанда қатының өлмесін деген. Сол кісілердің айтқан сөздері өмірдің химиялық, физикалық заңы.

### Қос аққу

Ерте кезде деп бастады, әңгіме айтушы Әбдіқадір (Бокқара) әкеміз. Бұрынғы уақытта аңыз әңгіменің кейінкері болған Әлмер деген кісі, заманында жаудан беті қайтпаған ержүрек бағыр болыпты. Бірде қырғын соғыс аяқталып, ел іргесі тынышталған соң, көп уақыт үйде тынығып ұзақ жатыпты да, іші пысып әбден зерікес керек, жалғыз өзі аңға шығыпты. Жебесін жонып, қорамсағын қомдан, сайлаптып шыққанымен, жондемді ештеңе кездеспегісі. Талайға дейін бос жүріп отырыпты. Бір кезде, күн еңкейген шақ екен, төбесінен қиқулай самған қос аққу өтіпті. Қанаттарының сыңғыры аң-анық естіліп, тым төмен ұшыпты. Сол себеп болды ма? кім білген, киелі екенін біле тұра, қанағтаса қалықтаған жұп құстың соңынан желел оқтан, садақ тарғыпты. Атылған жебе алғашқыда қарыған сияқтанады. Бірақ, әуелде бір аударылып барып оңалғандай болған ояжа түспей кетеді. Жараланғанын да білдірмей жайымен қалықтап ұзай береді. Әлмер аз жүрген соң көздегендеген еңселі белдің биік жоңына ілініп, сенгір мойнақтан асып түскені сол екен, тау төбесіне оқнау біткен көгілдір айдының жайқын аясы айнадай жарқырап шыға келіпті қарсы алдынан. Жер шоктығынан ойда жоқ кездескен сұлу суретке сұмдық сұқтанған жалғыз жолаушы бір сәт тамсана қарап тұрып қалды. Іле тұнық судың бергі шетінен әлдененің болмашы қимылдап, қозғалғанын байқапты. Зер сала үңілгенде, оның жападан жалғыз шомылып жүрген қыз екенін көреді. Әпнақ уыз денесін тұмшалай жасырған қалың шашынан жазбай таниды алыстан. Әлде қашан үйлі-баранды, балалы-шағалы болған кексе жігіт белгісіз бір ынтық сезімнің қармағына ілініп, әлдебір әуес ындын ырқынан айырып, алға қарай сүйрей жөнеледі. Жағаға жақындап барғанда, бейтаныс арудың көл ортасына қарай алыстап кеткенін аңдиды. Дереву барып, шешіп қойған жерінен киімдерін сыпырып алып, кері шегінеді. Сәлден соң бүркенген қыз судан шығып, орнына келеді. Киімдерінің орнында жоқ екенін байқаған ару қайта бұрылып, суға қарай тұра қашады.



Жеткен бойда бірден секіріп түңғиыкка сүңгейді. Содан тек түп жарымы ауған соң ғана судап шығады. Көл жиегінің таяздау жерінен төбе көрсетіп, сызыла сыңсып тіл қатады. - Әй, азамат, бармысыз мұнда? - дейді ерекше бір жағымды үнмен. - Бармын! - дейді тасаланған орында тырып етпей жатқан адам. - Бар болсаңыз, бері шығыңыз! Көрсетіңіз жүз-жамалшыңызды! - дейді қыз. Батыр даладан шығып, қайраңға қарай беттейді. - Тоқтаңыз! - дейді көл бетіндегі су шайған құм жайлымға жете бергенде таяу жерден бұйырып. - Енді тапжылмаңыз! Бірнеше сұрақ қоям. Шын сөзіңізді айтып, шын жауап бермесеңіз, менен мәңгілікке айырласыз. - Құлағым сенде, асылзат! - дейді, батыр сыпайы тіл қатып. - Күндіз төбеңізден ұшып өткен аккумулярды неге аттыңыз? - Өздерін көрсеткендей тым аласа ұпты. Жаракты адамды солай да мазақтауға бола ма екен? Енді бір жағышан... Үңсіз айырылып қалуға кималым. Содан... - Онда жебенің дарығанын көре тұра неге артынан кумалдыңыз? - Есіме бір жай түсіп еді... - Некелі жарыңыздың бар екені ғой? - Иә, сол түсіп еді жалыма. - Жарыңыз бақытты екен. Менің де сондай бақытты болғым келеді. Сіз бар шындығыңызды айттыңыз. Мен де сізге шынымды айтайын. Мен перінің қызымын. Сізді көптен білемін. Кеше аккумуляр болып ұшып алыс бір жаққа кетіп бара жатқанбыз. Қасымыздағы анам болатын. Жолай сізді ұшыратып қалып, шешемнің қой дегеніне болмай, төмен ұптым. Көзіңізге қыз болып елес бердім. Ер азамат болса, бір әрекет жасар деп едім... Сенімдімді ақталдыңыз. Енді мен өмір бақи сіздікіні. Қыңыр кетіп бара жатқан жебеге өзім барып ұрыштым. Ақымақсың деді анам. Сәтін санғанда, оқ қапатымның топшысын жеңіл жаралады. Баға тимей, қаға тигенде, жоқ едім мен сізге. Бағыңыз бар екен, тірі қалдым. Анам ақылысызсың деп маған ренжіп кетті. Мен сіздің жолыңызды тостым, қиыс кете ме деп қорықтым. Анамның сонынан ілескенде, қайта оралмас едім. Тәлейіңіз бар екен, жолай ұшырасып қалдық. Жолықпай қалсаңыз қайгер едім? Білмеймін! Енді сізге бола ғана адамзатқа айналып, жаныңызда қалмақпын. Ол үшін жалғыз-ақ шартым бар. Соған келісім беріңіз. Егер келісер болсаңыз, мен аздан соң-ақ сіздің қасыңызда болам. - Айт, қане, перизат... Ол не шарт? - Өмір бойы менің тәнімді көрмейсіз. Түнде ғұсыл құйыпшағымда сыртқа шығып кетесіз. Кейін... Қартайғанда да... Мәңгі... -Келістім шартыңа. Шық бері асылзат! - дейді батыр тағаты таусылып. -Тоқтаңыз батыр! Асықпаңыз! - дейді пері қызы сабырмен.

- Жеңіл ойлап пұшайманда қалмайық. Уәденіңден тайған күні мен бұл дүниеде жоқпын. - Бұған да келістім, дейді төзімі таусылған батыр. -Онда менің киім-кешегімді беріңіз. Қыздың киім-кешегінің өз құшағында тұрғанын сонда ғана білген батыр жеп-жеңіл жібек желектерді су бетіне қарай тастай берді. Сәлден соң қарсы алдында жұлдыздай жанып, жарқырап тұрған қас сұлуды көргенде дәті қанша берік болса да қайран жігіт есінен ауып барып зорға есін жиды. Ертесіне екеуі елге келіп, мән-

жайды айтып, рұқсат алып, некелерін кийип, бір отбасының мүшесіне айналды. Ұзақ жыл бірге тұрады. Тату-тәтті өмір сүреді. Батыр айтқан сөзінде тұрып, уәдесін бұзбайды. Соның арқасында екеуінің арасы бір елі де ажырамайды. Кіндіктерінен көп ұрпақ тарайды. Үрім-бұтақ орбиді. Немере, шөбере сүйеді. Қосақтарымен қоса атарып, ақ самайлы, сары тісті кемпір-шал болады. Дәл сол кезде қарт батырдың қоңіліне шайтан қанып, ініне жып кіреді. Арғы жағында бір жаман ниет оянады. Болары-болды, бояуы-сінді. Енді бала-шағасын тастап қайда барар дейсің... бір көрейін... дейді. Ібіліске еріп. Содан көп өтпей кемпірі қолына құман алып, тас сауызға қарай бұрылғанда, артынан білдірмей келіп, жабық күркенің тесігінен сығалап көргені жас баланың балғын етіндегі уылжыған уыз денені көрмей қалса арманда кететіндей екен. Өз көзіне өзі сенбей тұрғанда Қош енді, дейді әлде бір әйел затының дауысы. Әйі айтқан уәдесінде тұрмайтын, айнығыш адамзат деп ғайып болыпты. Содан қайтып шал кемпірін қорға алмайды. Ақтық деміне шейін өкініш арқалап, арманда кетіпті дейді батыр.

### Кәсіп пен мейірім

1. Мал баққан халықтың баласы да мал бақып, егіншінікі егін салсын, деген ұстаным әрине келеңсіздік, әрі зиянды. Малшыны малы асырайды, егіншіні егіні. Халқын асырап келген, асырап отырған кәсіпті қадір тұтпаған ұрпақ ата мұрасына лайықты иесер бола алмайды. Ал ата кәсіпті білу - басқа басқа кәсіптерді меңгерудің бірінші бағалыдағы. Оның малды мәңгелеуі, ат мінуге құмарлығы машина мен тракторға сүйсінуі техниканың сан-саласына қызығушылығы артады. Алдағы уақытта, бабаларымыз, жер қадірін, ел қадірі мен мамандық қадірін де жастайынан бағалап өссе дейміз. "Бәрің бірдей тойшы болсаң қу боларсың, бәрің бірдей қойшы болсаң құл боларсың" - деген халық даналығы.

2. Адамдар арасындағы, әке-шеше мен бала, туыстар арасындағы мейірім-шапағат дейтін асыл сезімнің азайып бара жатқанына қарап шіркін-ай деп қынжыласың. Бір қарияның: Сен шырағым, базардың нарқына қарап сөйлейтін жалдап саудагердей тек өзіңнің керек дегеніне қарап жығылатын сияқтысың. Сонынан қорқам. Керегінді қуып жүріп, талай қимасыңнан айырыласың ба деп қорқам. Алыс-жақынды алаламай, құшағына дүниені түгел сиғызатын пейілі кең мәрт атаның ұлы едің, қайдан білейін дейді. Ананың бұл сөзі тек өз ұлына емес, мына бәрімізге, қазақ дейтін халықтың барша ұл-қызына айтылған сақтандыру ғой. Жер бетінде әділ, адал бірде -бір адам әлі күнге дейін жасамаған болса, онда жүртты әділ, адал болуға шақырудың өзі әбестік болмас па еді. Соны аңғарған ата-бабаларымыз әділ патшалар мен әділ хандар туралы ертегілер

ойлап шығармады ма? Сол ертегіден ғана орын алып, келген әділ, адал адамдарды қазақ халқының жер бетінен алған рет коммунист ретінде жаппай жүзбе-жүз көргені де шындық.

### **Көне қарулар сыры**

Қазақ деген мынау аспан астын бір өзі толтыратындай болып далиып жатқан сары дала да, сол сары далала бидайдай бығырап, күйіс қайырып жатқан ақтылы қой, көкала жылқы да, сол ақтылы қой, көкала жылқының иетіндегі жар басына жарбия қонған киіз үйлер де емес, міне, бірін-бірі айтпай ұғып, көріп, біліп отыратын ыңғымақ, жан-жаққа басынды алып қашырмай, жұмылған жұдырықтай қып нығыз да сергек жаңдарын шүберекке түйген нар тәуекел, темірдей тәртіп болса керек. Көкіректері аяқ қаптай қаптай болып жүретін бейберекет пәтуасыз тобыр бес қаруын асынып санқа тұрғанда айбынды елге, асқаралы халыққа айналып шыға келген. Осы қаруларды жасап шығарудың өзі, ұста шеберлердің біліктілігі мен білімділігін қажет еткен.

Найза сабына керекті тал, қайың ағаштарын күн көзіне ұзақ келтіріп алып, бұтақ бездерінен тазартып, түйенің өркеш майларын турап, шыжғырып ертіп, ыстық майға әбден қуырып, қаппап кара қоңыр тарытқанға шейін қаныссыз суарады. Соңсоң қайта келтірген. Оған кейін, тиген жерін насырға шаптыратындай қып зәрге суарылған болат сүңгі қадалған. Көне көз қариялардың білмейтіні жоқ.

Қараптан-қарап азынап жел тұратын айғыр жалдардың басына шымнан, тастан қорғасын айырап, болат құяр қазандықтар жасап, қорытылмаған тастар тастап, оны малдың майы, ки-тезек салып, қатты бұта араластырып өртеп қыздырады, балқыған сұйық арнайы тас науалармен сыз ұраларға барып құйылады. Суынған соң оны төске таптап, сапы, селебе, жебе, қылыш соғады. Жаңа соғылған қаруды қызыл жалынға ұстап шындайды, артынан не түрлі зәр қосқан сілті сұйыққа малып суарады.

Егер қолындағы ақ алмас өткір болсын десең - қойдың өті мен есектің зәрін араластырып, соған суар. Неге салсаң да, кетілмейді, кесіп түседі. Егер ылғый қанға малып алғандай қызарып қызарып жүрсін десең - бір мысқал қызыл тотияйынды көк тотияйынның ертіндісіне араластырып, соған малып алған теріге орап, бір тәуілікке сақтап қой. Әлгіңде ғана қас дұшпаныңның көкірегіне сүңгіп шыққандай, күреңітеді де жүреді. Ақ алмасың көрген жұрттың зәре құтын қарадай қашыратын көкжеңдет болсын десең - ақ тотияйын мен сарымсақтың сөлін араластырып, соған малынған шүберекке орап, бір күн топыраққа көміп таста. Қолыңдағы көк алмастан түскен жара жапылмай, бірден арам қаптыратын болсын десең - қашырдың қаны мен сарымсақтың сөліне суар. Қағындыдан тиетін қайсар қанжар сол болады. Шын шебердің қолына түссе, қажетке аспайтын нәрсе

болмайды екен. Егер күзғын қарғаның жұмыртқасын отқа өртеп, түскен күйіне есектің қапын араластырып, найзаның сүңгісін соған суарсаң, одан түскен жара көзді ашып-жұмғанша қара талақтай қағышып, жанын жағаннамнан бір-ақ шығаралы. Көк сүңгі улы болып қапа қоймай, тиген жерін тесіп өгер қайратты да болсын десең, есектің тұяғын өртеп, содан түскен күл араласқан суға суар.

Найзаның сүңгісі. Қанжар, Себеле қылыш суаруға иттің қапы, адамның зәрі, сарымсақтың сөлі, арыстанның өгі, айлаһардың, жыланның ұы - бәрі жарай береді. Ақ алмасты тағ басысын деп райханның жұпар пісті майымен, майға ерген қалайы тұнбамен, қасқырдың майымен сылап отырады екен.

### Құрманғазының күйі Төремұраттың шығу тарихы

Бірде Төремұрат Қызданайдың оңашаланған сәтін тосып, жастық назын білдіреді. Қызданай әуелі бір жарқ етіп күліп алады да, лезде түсі оузылып, жүзі ақсұр тартады. Содан кейін төмеарып тұрады да бұған салмақпен тіл қатады.

Батыр болсаң қайтейін, бір кісінің жүрегі өзімде де бар. Дәулетгі болсаң қайтейін, ондай сырты түкті іші бокты жануар әкеде де жетеді. Жан-жақтымын дейтін шығарсың. Өзім де бес ағаның ортасында бұлнақ өстім. Жастықтан да, сұлулықтан да, байлықтан да не пайда? Басында азатың жоқ болса. Күннің көзі алаламайды, жерге, жан-жануарға, барлық өсімдікке еркін түседі. Жел еркін еседі, бұлт еркін көшеді. Осынау табиғаттың перзенті адамда, оның ішінде қыз баласында неге азаттық жоқ? Түсінбеймін. Атастыру, тағдырын матастыру дегенге көнбеймін, көнгім келмейді. Егер қолыңнан келсе, әуелі басыма азаттық әлер! Жастық назыңды содан кейін айт. Тыңдаймын ба, басқаны таңдаймын ба? - ол менің еркім болсын. Әйтпесе, жастық желік қуып, атқа жеңіл құбаһа болар жайым жоқ деген екен. Бір құрбысы Қызданай туралы айтады екен. Бізді қойшы. Көп ұрғашының біріміз. Еркемді айт, нағыз құшағы өрт, күштарлығы шок деп. Шыққыр көзім соны көрді ғой. Мен бейшара имандай ұйылым ғой, еркемнің ерекше жаратылған ұрғашы екеніне - деп. Отырған жері қарыстай айырылып, саркылдан қайнап жатыр екен. Осыны еңеме айтып едім, ол кісі шошып кетіп, ойбай-ай, снген жері күйсе, бұл қарбаша бай шақ келтірмейтін шығар депті. Айтқанындай Төремұрат екеуі қосылып, соңында жау қолынан (екеуі де ұрпақ көрмей ) қаза тауыпты.

### Еркіндік

Тәттіні көп жеген бала құсады. Сол сияқты осы еркіндік, бостандық деген нәрсе де солай. Тәртінсіз еркіндіктің, бостандықтың адамдар үшін, әсіресе әйелдер үшін шегі болуы қажет. Тым шегі жоқ еркіндік - түнсіз зындан. Оған құласаң ар жағы белгілі. - Ең бақытты жан әне, анау Биғайша. Көрмейсің бе? Оң-әдемі күйеуі бар, бес баласы өсіп келеді. Алтыншысына аяғы ауыр, өз тірлігі өзіше, ешкіммен шаруасы жоқ, алаңсыз уайымсыз, күйеуі не әкелсе соны жаратып, жегкізіп өмір кешуде.

Ал біз болсақ, біріміз ерден айырылып, екіншіміз отыздан асып байға тимей сапдалуламыз. Оған әрине еркіндік пен бостандықты аңсаған өзіміз кінәліміз.

Екі жас қыздың арманы: Біріншісі - Мен ең әуелі жігіттерді өзіме қарату үшін түр келбетімді осы заманға сай өзгертуім керек, қалғанын содан кейін көрермін дейді. Екіншісі: Менің арманым, астында шетел көлігі бар, басында үйі бар, бизнесімен жігітке ерге шығатынын айтады. Олай болмаған күнде қалтасы қалың, менің қас қабағыма қарайтын, еркімді шектемейтін (жасына қарамай) ерге тұрмысқа шығамын дейді.

Өмірдегі ең сұлу әйел, аяғы ауыр әйел, ең бақытты әйел көп балалы әйел.

Аналар үшін қадірлі, сүйкімді, қуанышты бақыт осы ғой. Ерлерге де солай.

Адағы уақытта ұл-қыздарымыз осындай еркіндікке бой алдырмаса екен деп тілеу керек. Ата-аналарға айтарымыз, не ексең соны орасың демекші, алдағы уақытта елге күлкі болмай, бет-жүздерің қызармас үшін балаларға не болыңыздар демекшіміз.

## Тілек

Бұрынғы келе Ер Кіндік деген жігіт, батыр болыпты деп әкеміз, маңдайымыздан сипап отырып айтушы еді. Сол Ер Кіндік қан майданда үлкен ерлік көрсетіп, ел-жұртын қорғағаны үшін Баба түкті шапты Әзиз оған риза болып: «шырағым, дүниедегі бір тілегіңді берейін, - депті, не тілейсің; көрік пе, ақыл ма, бақ па?» Сонда Ер Кіндік батыр «Бұл үшеуінен бөтен басқа тілек тілесем, бересіз бе?» - депті. Берем депті, тек мәңгі өлместікті сұрама. Неге депті бала батыр. Дүниеде Алла тағала ғана мәңгі өмір сүруге тиісті. Өзгемізге мәңгі өлместік сұрау-күнә- дептінайғамбар. Сонда бала батыр: Өзіміздей адам біткеннің бәрі өліп жатқанда, көзге шыққан сүйелдей, мәңгі тірі жүруді мен де ұнатпаймын. Жалғыз ғана тілегім бар, соны берсеңіз болды депті. «Айт! Берем», - депті баба. Онда депті батыр жаңағы үш қасиеті бойына бірдей біткен, маған адал жар берсеңіз болғаны.

Жалғыз тілегіңді берем деген пайғамбар сөзден жеңіліп, көрікті, ақылды, бағы бар Ер Кіндікке адал жар берінгі. Сол атар жар арқасында батыр өл-өлгенше дүниедегі ең бақытты адам болып өтіңгі.

Адам баласының басынан сан алуан қызықты дәурен өтеді. Соның бәрі де екі адамның бірін-бірі сүйіп қосылған тойына жетпесе керек. Әсіресе бұл қуаныш екі жастың ашық аспандай таза, уыздай бүлінбеген шақтарында өтер болса. Дүниеде жастықтан әдемі не бар? Бірақ әдемілік те күн секілді, әлі-ақ батар. Жастық та өтер. Ал жастықтағы ең қуанышты сағатың мәңгі бақи есте қалар.

### Солдан оңға қарай оқылғанда

қасқа-ақсақ	азат-таза	амал-лама
ішік-кіші	есек-кесе	науа-ауап
тауда-ауқат	тесе-есет	ерік-кіре
сүт-түс	кеш-шек	сым-мыс
қыран-нарық	кылып-шылық	мадақ-қадам
қан-нақ	алаш-шалаш	іле-елі
сылақ-қалыс	ағат-тағат	сал-лас
жал-лаж	қырыс-сырыс	лақ-қал
мысық-қысым	шық-қыш	сақ-қас
кексе-ескек	ақыл -лықа	абат-таба
түк -құн	елек-келе	қысақ- сасық
тауан- науат	нала-алан	нама-амап

### Қалай оқысаң да:

ла	қазақ	қабак
ла	қызық	қарак
ла	керек	қамақ
ні	қалақ	есе
ла	кебек	есе
ра	шанап	сұс
са	тот	көк
ла	тағат	ауа

### Алтынның азғындары

Ертеде сары құм сахарда үш ағайынды жігіт керуеннен адасып қалып қойыпты. Алдарында жал-жал қызыл құм, артында шұбатылған үш із. Қайсысының қай жерді басқаны белгісіз, із мидай араласып, жептекстеліп қалып жатыр. Жолаушының таңдайы-таңдыр, маңдайы тердеп шыпшыған май болып қатты қалжырапты. Жер түбінде жарқыраған бір нәрсе аспандағы күнмен таласып көздерін жаулап алыпты. Жігіттер қанша шаршаса да әлгі сәулеге жанталаса үмтылыпты. Өзер дегенде жетті-ау ақыры. Қараса жартысы құммен көмілген ат басындай алтын екеп. Үнеуі бас салыпты. Шөлдегендерін де, шаршағандарын да ұмытыпты. Сәл отырған соң ішіндегі үлкені айтыпты. Бұл бізге құдайдың берген ырзығы шығар. Енді ит пен күсқа жем болып өліп кетпейік. Тірлік жасайық. Біріміз ауыл іздейік, біріміз отын терейік, мен қартаңдауым, шаршадым ғой, оның үстіне мына алтынды біреу-міреу көріп қойса, айырылып қалармыз. Кішісіне сен уыздай жасың ғой, сен ауылға бар деп жұмсапты, органшысып отынға жұмсапты.

Кіші жолаушы ұзақ жүріп, ақыры бір қойшының үйіне тап болады, тамақ ішіп, суының қандырған соң, тағам, су алып кейін қайтады. Жолаушыбай ойлайды: ана екеуіне осы тағамды у салып беріп қатырайын да, өзім алтынды жеке иемденейін. Құмда қалған екеуі: алтынды қак бөліп екеуміз алайық, ананы ортақастырып қайтеміз, келе бергенде жаның жаһаннамға жөнелтейік - дейді. Сөйтін табақты жерге қоя берген жігітті бас салып өлтіріп тастайды да тамаққа отырады. Сәлден кейін екі батыр да кіші бауырларының артынан "пейішке" жөнел беріпті дейді.

Міне "адамзат" алтынға құмар, байын отырған адамдар, азаматтар! Ойланьндар! Жан-жақтарыңа қараңдар! Сендер де бір күні төгілесіндер, сондықтан жылтыраған алтыннан сак болыңдар.

### Абат батыр

Бірде Әз Жәнібек хан: Асанқайғыдан. Бұл заманда бағыр кім деп сұрапты. Сонда Асан ақсақал ойланбастан: "Әй, Абаттан асқан бағыр бар дейсің - бе?" депті.

Хан тұрып: Опы немен дәлелдейсің? - дегенде Асан ата: Ғ, оны дәлелдеу қиын болмас. Абат батырдың жорықтан оралғанын аңдып тұрып, білдірмей басындағы дулығасын атып түсіріңдер. Сонда алды-артына қарамаса, батыр екенін аңдайсыңдар депті. Хан айтқан сөз екі болған ба, аңдаусызда сарайдың мергендері (атақты) тасада тұрып, жорықтан оралған Абат батырдың дулығасын атып түсіреді. Хан да көз салып тұр екен дейді, Батыр өлеңін айтып жан-жағына көңіл аудармай тарта беріпті дейді.

### Кербұғы жырау айтыпты (Шынғысқа)

Хан ием, кеп дүниеге орынысыз, отансыз тірі пенде келмейді! Ең аяғы күрт-кұмырека да аспан астынан өз мекенін, өз несібесін табады. Заманды ірі пенде таңдамайды, тірі пендені уақыт таңдайды. Дүниеде не соқыр? Бақыт соқыр! Өзгенің бәрі жөн жосынтымен, әуен-ыргатымен! Заманының қарай амалың. Сикы бұзылған сұм заманның ырсған қабырғасын сөзге бермей осымен тоқтатайың! Жаксылық та, жамаңдық та - адамнан!

Қатынның қары - залым, еркектің қоры - залым!

- Жалғыз тілегім, памысыз достан, арсыз - қатыннан тәңірім сақтасын! Қалғанын ер жігіт маңдайынан көріп жатар. Кетбұғының Шыңғысқа екінші рет келіп айтқаны: - Хан ием, көрісуге келген жоқпын, көрісер кез бе бұл?! Айтатын жалғыз ауыз уәжім бар. Қазір шешендіктің де жүрмейтіні аян, сондықтан тіл мен жакка сүйенбеймін! Бірақ қанына тартпағанның қары сыныс! Мынау алғып мекенім қанға боялып жатқанда үйде омалып отыра беруге дәтім шыдамады! Хан Шыңғыс, қанды жорығыңды тоқтат, еліме, жеріме тиіспе деп айта алмаймын - бәрібір тілімді алмайсың! Халықты қырма, пакақ қанды төкпе! - десем ыңдармысың! Жалғыз ескертерім: Аспан астында жауыздық мәңгі әуерендемейді. Өзің зауалға тап болмай кетсең де, үрім-бұтақ, зәу-затың қарғысқа душар болар! Тек осыны ұмытпа! Сау бол, хан ием!

Басын шауып тастайың деген Хонхолой Зәңгігі: Тиіспе! - деп зекіген - жан баласы Кербұғына қол көгеруші болмасын! Ақымақ қана ақыл-ойды жуан жұдырықпен ұрып түсірем дейді! Жыраудың жалғыз ауыз сөзі есің қара бетіңе мәңгі бақи басылған мөр болып қаларың ұмытпаңдар, әсіресе сендер! - деп тивы тастаған. Содан кейін суға сіңгендей ұлы жырау хабар - ошарсыз.

Сендерден безіп көз көрмес, құлақ естімесеке кетем - деп, ағын қамшымен сауырдан бір тартып көзден ғайып болыпты жазғаның деседі жұрт.

### Алтай, Жиенәлі батыр хикаясы

Жиенәлі батыр атасынан қалған қара құл Дәмекті ертіп алып, жер жүзін кезіпті. "Жүзден асқан - жүзіәулие" деген бар деп, қара теңіз, Ақ теңіз, - бес теңізден өтіп жүзі әулиені тапқан. - Қай жерден келдіңдер? - дегенде, - Сырдарияның ар жағынан келдік, - дейді.

- Уа, қу дүние, біз көргенде сыр бұлақ деген бұлақ бар еді, о да дария болған екен - депті. Екі көзі көруден қалған екен. Сонда, соның ел жұрты қылқы деген малды бұрын естіп, көргені жок екен.



Көргендері тамаша қылысын: - Сондай бір хайуан мінін келінгі десіп  
өйлескен соң, жүзі әулие әдейі шығып, синалап, жал-құйрығын, төрт  
тұяғын, - бәрін ұстап көріп айтқан екен:

Жылқы деген ерендер,

Жүрген жері берендер.

Төрт тұяғы болат-ты,

Жал құйрығы қанатты.

Күлік, күлік,

Жүрген жері - үркін - сүргін, бүліксіз болмайды.

Жеткен жеріне заманақыр орнатып жүреді, мұнан жылдам  
күтылындар, тұрғызбаңдар - деп тез қайтарып жіберген екен дейді.

### Қысқа түйіндер

Токтамыс ханға Шәмсуддин би, - сен Өз Жәнібек ханға айтқан  
Жиреншенің қатынының сөзін естіп не едің? Естімесең айтайын. Өзілі  
жарасқан жиреншенің әйелі Өз-Жәнібек ханшап, Тақсыр, ас айныса не  
түзейді? деп сұрапты. Май - түзейді деп жауап берінгі. Қатын май - айныса  
не түзейді - деп сұрапты. Хан тұз - түзейді депті. Қатын - тұз -айныса не  
түзейді дейді. Хан жауап бере алмайды. Қатын - халық айныса не түзейді  
депті. Хан-Хан - түзейді депті. Сонда қатын - хан айныса - не түзейді депті.  
Хан жауап бере алмапты. Уа Токтамыс, халқым деп отырған әмір, би,  
батырларың шатысқанда өзің түзеуің керек еді, қазір өзің шатастың, сені  
кім түзете алар, өзіңнен көр деп, шатырдан шығып кетінгі. Ханды қатын  
түзетеді дегенді скеуі де ауызға алмапты.

### Ақ сусар

Бұл тірлікте бойыңа кіршік жуытпай таза сактау қандай қиын - дейсің  
ішіңнен. Өмірден бірдеңені алған екенсің, міндетті түрде екінші бірдеңені  
жоғалтпай қоймайсың. Жаныңды күйіттесең, арыңа нұқсан келеді. Арыңды  
таза сактайын десең, өмір сүру оңайға түспейді. Сонда, таразының екі  
басын қалай теңгеріп ұстауға болады? Осылай қалың ой құрсауында  
отырғанда тайгада өмір сүретін ақ сусар туралы әңгімені есіне алды. Терісі  
алтын орнына жүретін қымбат бағалы, қасиетті аң. Қасиеттілігі сол Ақ  
сусар үстіне қылау жұқтыратын былғаныш, лас жерге аттап баспайды екен.  
"Өлсем өлермін-ау, бірақ пәк денеме шаң қалдырмаспын" деген серті бар  
тәрізді.

Ақ сусардың осы мінезін білетін аншылар оны аулағанда, әдейі  
батпаққа қарай тықсырады екен. Оқ атып, терісін бүлдіруге қимайтын  
болса керек. Адамдар тұс-тұстан шеп құрып, батпаққа қарай қамалағанда,

өле сауғалайтын басқа жол жоқ екенін біле тұрып, тазалық үшін жаралған табиғаттың дегдар перзенті лас жерге аяғының ұшып да тигізбей: "Өлсем те үстімді былғамай өлейін" деп анталап тұрған адамдарға қарсы жүгіретін көрінеді. Неткен тазалық, неткен кірпияздық десеңізші.

Адам жаны қиналған сәтте сол Ақ суарды есіне алады. Шырқау көкке самғайтын түз қыраны да өмірінің соңында, биік күз жартасқа сорағалап келіп, кеудесімен соғылып, қыран өлімі княда деген ұғымды өндірген.

Бұл дүниеде ай да болса сондай таза, асыл текті тіршіліктің бар екенін жұбанып етіп, содан өзіне қуат алғандай болады.

Ғұламадан бір әйел: Көп қызбен жүрген жігіт жақсы да, көп жігітпен жүрген қыз неге жаман? - деп сұрайды. Сонда ғұлама: Кез келген кілтке ашыла беретін құлып жаман да, кез келген құлыпты ашатын кілт жақсы етті.

## Әкім

Қазақ хандары қапанда қазақтың өзіне сеніп, оның басып біріктіріп, күш қуатын пайдаланғанда ғана нәтижеге жеткен. Бұл саясатты жүргізу сыртқа елші салғаннан ауырлау, себебі сыртқа қолына хат, жанына жолдас, астына көлік, қоржынына ас-аукатын беріп аттандырып жіберсең, арғы жағы өзінің бақталайынан. Ал қазақтың өзі ішіндегі мәмілегерлік толып жатқан ру-тайпа мүддесін және талаптарын ескеру, байы мен келсіі бар, көшпелісі мен қалалығы бар, қожасы мен молласы бар, әлеуметтік топтардың көңілінен шығу, төрелердің өз ішіндегі қарама-қайшылықтарын шектеу, немесе әрі өрістету, осының бәрі қағаз тапсыру емес, құда-жекжат болу, қонақасы-сый беру, нағашы-жиен болып сыйласу, бөле-бажа болып табысу басқа да туыскандық жүйенің тетіктерін қоссаңыз ғана нәтиже береді. Осының бәрі жинала келе, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шыққандай арналы, салықалы негізі берік тұтастық шығады.

Ертеде жас билердің бірі көпті көрген қарияға: Баба! - дүниені не бұлады? Күнә қайдан шығады? - десе керек. Сонда бабаң ойланып отырып:

- Шырағым, "Әкім" деген сөзде арабша үш әріп бар - а, қ, м - мұны екі рет айтса алты әріп болады. Сол алты әріп алты ауыз сөздердің бас әріптері. Олар - айел мен алтын, кек пен кежір, мақтан мен мансап. Адам да хан да осы алтауына қызығып дүниені де бұзады, ардан да, адамшылықтан да ашырылады, күнәға да батады деген екен.

## Үкі

Қазақ халқы бала тәрбиесіне (бұрындары) көп көңіл бөліп, оның ішінде қыз баланың сырт көзден таса күгімін қадап айтқан. "Қыз бала өзін-өзі үкідей қызғануы керек. Үкі денесінен түскен түгін де қызғанып топыраққа комін тастайды" деген ұғым түсінікпен үндеседі. Үкінің жүнін жүйрік ағ кекіліне, жас сәби бае киіміне, домбыраға, бойжеткен қыздың топысының төбесіне, Сәбидің бесігінің басына таққан. Көз тимес үшін. (қазақ ырымы.)

\*\*\*

Уызына жарымаған, негізі жоқ, шірдеінде шырақ көрмеген әлдебіреуге билік тисе, онда ол билігін кісінің басына, құдайдың жолына қарап айтпайды, құлқыныңың қамына қарай айытқды. Мұндай би мен билік-кісінің де, кісіліктің де хас жауы.

\*\*\*

Құт-бақытқа кенелсем деп тор құрушылар көп. Бірақ ол қасиетті адамға ғана қонады. Құтты ізлеген адам жібек мінезді, көңілі таза, тілі майда жігерлі болып, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге мейірім төксіп, арысз көңілді тыып ұтасып. Осы қасиеттер-құтты ұстаудың құлын-кісені.

\*\*\*

Жердегі құдайлардың көмейіне ақша тығындалған шақта - аспандағы құдайлардың көзі де шапыраптанғып кетеді.

\*\*\*

Жаудан беті қайытпайтын, жүрегіннің түгі бар дейтін талай ерлер хас сұлулар алдында екі иығынан су кетіп, түтілген жүндей, иірілген ұршыққа айналары сөзсіз екен.

Беу шіркін, жастың да көрінің де сүйетіні сұлулық кой.

\*\*\*

Жиренненің хан сауалына жауабы.

Қыз алған қандай? - қыз "өзің білесің" дер.

Жеңге алған қандай? - жеңге "өзім білемін" дер.

Жесір алған қандай? - жесір "балам білер" дейді депті.

\*\*\*

Озбырлармен бірге болсаң - алтын басың көр болар,

Озбырлармен бірге болсаң - барар орның көр болар,

Әлділермен бірге болсаң - алар орның зор болар,

Адалдармен бірге болсаң - алар орның төр болар.

І. Жарылғанов

Ағайынның алалығына, сабырға жеңдірген ақыл мен кішілік - кешірім ғана арашашы бола алады. Кісіні араздастыратын, кегістіретін орынсыз шалақ өкпе, көзсіз ашу содан сак болайық ағайын. Адамдардың тіршілігінің мәні ынтымағында ғана.

\*\*\*

Төле би: Мен ойлаушы едім, тіршілік керек деп. Олай емес екен. Әуелі бірлік керек, соған соң тіршілік. Бірік болмаған жерде аузындағы асыңды жауың жемек дер едім! -дегі.

## Құстар

Қанаттыда қыран бүркіттің - алғырлығы мен айбатына, қырағылығы мен батылдығына, өрлігі мен өжеттілігіне тең келер құс жоқ және оның аңғар көкке самғап ұшуы да аққан жұлдыздай шапшыла шүйілуі де бөлек. Ол бес мың метр биіктікте оқтай зулап бара жатып жердегі ит түмеығы батыс ну ішіндегі қыбырлаған құмырысканы алақанға салғандай көреді екен. Талғауы мен тазалығы да қайран қалдырады. Қазақ елі -сегізген асматының адалдығы мен асылдығын, қажыр-қайраты мен қайсарлығын, қаранайымдылығы мен қайырымдылығын шынайы бағалаған кезде осы ақнық қыранға бағалаған.

\*\*\*

"Бұл төрткүл әлемде ең сүйікті досың - Кітап. Ақы дәметпейтін біртең-бір адал ұстазың да осы. Разылығыңды да қажет етпейді. Үнеіз сырласады, сәт сайын жүрек жарлы сырып, даналығын сиялайды. Ғаламның бар күніясын баяндап берер ақылы кенен сырласың осы деп біл" деген екен.

Әлішер Науаун.

Ұят сезімі - ұлы сезім. Ұят адамды арзыдықтан, сатқындықтан сақтайды. Әйелге ізгі көзқарастың да талғажауы - ұят. Ұят бозбаланы еркекке айналдырады. Басың бос болады деп айналдыратын әзәзілдікпен өрпін сатқындықтан адамды сақтайтын да ұят.

Ар ұяттан жұрдай болуға итермелейтін не? Ол өзінен-өзі қорқу. Біз ұянып түсуден, сатып кетуден, өтірік айтудан қорқамыз.

\*\*\*

Қазақтыкін қазаққа бұйыртпаса патшасы да, пайғамбары да, құдайы да құрығын деген екен.

Шоң Едіге.

\*\*\*

**Көпгерлер** - еркек, ұрғашысы екеуі де бір-бірін қауіптен қорғау мақсатында ешқандай құспен салыстыруға келмейді. Тұмсықтарымен амантасып, сүйіскенде таң қаласың. Бұлар да сертшіл. Жұптарынан айырмаса екінші рет жұп құрмайды екен.

**Цельфин** - балықтар арасындағы ең ақылдысы, су жәндіктері ішінен оған ең көмек көрсетуі жөнінде оған тең келетін жәндік жоқ. Алыс-жақын

аймақтан құтқар, көмектес деген қатты дауыс шыққан жерге жаны қалмай жетіп, түмсығымен көтерін жәрдемдеседі екен.

**Бал аралары** - да адамдар сияқты арамтамақтарды сүймейді. Әрбір ұяның алдында екі ара қарауыл отырады. Гүлден нәр термей бос келген араңы олар ұяға жібермейді, қуалайды. Мен өзім сондай көріністің куәсі болдым. Араның тағы бір сезімтал қасиеті інімдік ішкен немесе әтір сенкен адамға өш келеді, ондай алам ұяға жақындаса бәрі жабылып жолатпайды. (талап өлтіруі де мүмкін). Есеншілігі сол, ұяны шетінен бастап тоқығанда ортасында ешқандай бос жер болмай, ұяшықтар бірдей болып дәл шығады.

**Акку** - құстардың ішіндегі төресі, сұлулық шыңы және киелі күс. Біз сұлулықты аккумуляға теңем, жас қыз балаларды аккумуляның көгілдіріндей екен деп қызығып жатамыз. Төресілігі қол бетінде жүзіп жүргенде тақаппар, кербез, теңеуге сөз таба алмаймыз. Аккулар әуеде ұшып бара жатқанда қанатының сыңғырлап әуен шығаруы да тажап дүние. Киелілігі - өле өлгенше бір-ақ рет жұп құруы. Кейде олардың тектілері, өлген сыңарының соңынан өледі екен, немесе мәңгі ізден өтеді екен. Тамақтануларының өзі тазалықтың көрінісі.

## Ем

Бір кеудесінен ауырған жігіт, айнаға түссе сол жақ өкпесі екі жерден тесіліп қалғанын сьемка суретінен көріп; көп ай бойы дәрігерге көрініп сауыға алмай жүргенде, бір орыс досы жолығып, ей сен менің айтқан емімді жаса дейді. Бірінші арақ ішсе, темекі тартпа, дәрігердің берген дәрісін ішсе, мен де сендей болып ауырғам. Сен бір жарты спиртке 200 гр бал, үш тал алоэ, 100гр сары май қосып бес күн жылы жерге қойып, араптастырып ашыт.

Осы дәріні күніне үш рет ас алдында 50 гр-нан іш (танертен, түсте, кешке) дейді. Ауырған жігіт осы дәріні үзбей ішіп, екі ай өткен соң айнаға түсуге барса, өкпе снимкасы өте жақсы болыпты. Дәрігерлер қалай қайда емделдің, қай санаторийге бардың дейді. Жігіт қолданған емін айтпайды (оларға сенбегендіктен) Міне 28 жастағы күрт ауруымен ауырған жігіт осылай құлан таза жазылып кетіпті.

Пенде өлмейді еки, ажал шіркін келмесе,  
Өмір өрісті болмайды екен, басқа бақыт төнбесе.  
Туған жер, ортасында ойнақ салған ер,  
Сағынышты болады екен, ұмытқан боп кетсеңде.

\*\*\*

Ашу - "өттің құйылуына" себепші болады.

Қуаныш жүректі дірілдетеді.

Қорқыныш - қалтырағалды.

Жалпы өмір адамдарды тыныш қоймайды.

\*\*\*

Аңқаумен істес болсаң - көңілің пәк болады

Қаршығамен істес болсаң - талағың тоң болады.

Қарғамен істес болсаң - шоқығаның боқ болады.

Қызыл ит сені білемін.

Қожанасыр базардан келе жатып бір жігітке жолығады.

- Базарда не қымбат екен? -деп сұрайды қожа.

- Құйрығын кескен шалақ сиыр қымбат дейді жігіт. Бұл сөзді естіген қожа үйіндегі жалғыз сиырының құйрығын кесіп тастап, қапын ағзын, бақарға алып барады. Базарда құйрығы жоқ, өзі арық сиырма ешкім де қарамайды. Бірақ сиырдың құйрығынан саулап аққан қанға иттер жақындай түседі. Әсіресе бір қызыл ит ізінен қалмай ере береді.

Қожанасыр: менің сиырымды кісілер саудаламағанмен, иттер саудалайды-ау деп ойлайды. Сойтін сиырын сойып, базардағы бар итке өзінің береді. Сойып болып, жақындай түскен баяғы қызыл итке: - Қызыл ит, сені білемін, ақшаңды сен берсең дейді. Бір күні базарда жүрген қызыл иттің соңына түсіп қуа жөнеледі. Ары қуады, бері қуады ит шаршаған соң олар тау бөктеріндегі үңгірге келеді. Қожа ит кірген үңгірді қазады. Иттің құйрығы қолына ілінген кезде, құйрығынан тартып суырып алады. Иттің шаршағанына бір түйіншек ілініп шығады. Қожаның түйіншекті шешіп қараса ашып екен дейді. Қожанасыр итке: - Бұрынырақ бере қойсаң ғой, сен де тыныш, мен де тыныш, бекерге бермеймін деп ары қаштың, бері қаштың, мен жіберетін бе едім?! Сиырымның құнын алдым, - депті. Ел аузында «Қызыл ит сені білемін» деген мақал содан қалған екен.

### Ақылды бала

Ертеректе, саудамен жол жүргелі дайындалып жатқан адамдарды көрген бір кедейдің баласы, керуеншілерді айналып жүріп, ақыл көп, ақша жоқ, ақыл көп, ақша жоқ, деп қоймай қояды. Керуеншілер арасындағы бір қарғаңдауы мына бала не айтып жүр деп баланы қасына шақырады. – Сен не деп жүрсең, түсіндірші дейді. Бала тұрып, мен сіздермен бірге осы сауда қонына барайын, сіздердің отын суларыңызды дайындап берейін, бір итім бар ол күзетке қажет болады дейді. Баланың айтқан сөзі көңіліне қонған керуенші оған, мен керуен басымен сөйлесейін, келіссе сені керуенге қосып аламыз, жолға дайындығыңды жасай бер дейді. Бала қуанып, үйіне келіп,

әке-шешесіне өзінің керуеншімен келіскенін айтып, маған аз да болса тамақ дайындап беріңіздер дейді. Ертеңіне бала кешегі керуеншіге келіп, сәлемдесіп қандай шешім қабылдадыңыздар деп сұрайды. Керуенші балаға қарап, күлімден, бала жолың болды, керуенбасы келісті дейді. Баланың қуанышы қойнына симай, ата, көп жасаңыз рахмет деп қолып алады. Жолға шығар күні өзін хабар беремін, итінді де ертін алып шығарсың дейді.

Бала дайын болып керуенге қосылып жолға шығады. Қонған, аялдаған жерде зыр жүгіріп, су әкеліп, тамақ пісіруге отын-ағаш дайындайды. Керуеншілер тамақтанғаннан кейін, дастархан жаймасының тамақ қалдықтарын ұқыптан жинап, алып шыққан қабына салып алады. Тұсап жіберген күш-көліктерді күзетеді. Жолға жүрер кезде бар жұмысқа көмектеседі. Өзіне берілген түйеге, жолда кезіккен құрғақ отын түрлерін ерінбей қаптап алып, тепілеп артып алып отырыпты. Жауын жауған күндері, баланың жинап-терген отышымен тамақ пісіріп, су болған киімдерін кептіріп алатын болыпты. Баланың тіл алғыш, елгеzekтігіне ырза болған керуенбасы, өзінің қарауындағы басқа адамдарға, балаға дұрыс қарауына ескерту жасайды. Керуен бірнеше күн жүргенде, баланың жинаған тамақ қалдықтары (итінен қалған) ісіі шығып, керуеннің жағдайын кетіреді.

Сол кезде, жол бойындағы бір үлкен көл жағасына тоқтап, көліктердің белін көтеру үшін екі-үш күн еру жасайды. Бала да жинаған, тамақ қалдығын салған қабын көл жиегіне әкеліп, көл бетінде шоршып шығып, жүрген балықтарға шашып тамақтандырады. Екінші күні тағы да тамақ қалдығын көлдегі балықтарға шашады. Бір кезде, баланың алдына балықтар келіп, ауыздарындағы тістеп алған неше түрлі асыл тас маржандарды құрғақ жиекке шығарып тастайды. Бала бұған қуанып, керуеншілерге көрсетпей, құрғақ мал тезегі салынған қапқа белгілен, бөлек жинай береді. Ол қапты ешкімнің қолын тигізбей жасырып сақтап отырады. Еру аяқталып, керуен жолға шығады. Қаншама күн жол жүріп, керуен сауда қаласына келіп, жылдағы келіп түсетін мекенжайға орналасып, сауда қызу жүреді. Бұл жолғы керуеннің саудасы пайдалы болады. Сауда аяқталған соң керуен кері қайтады. Керуенбасы баланың еңбегі деп, балаға бөлек енші беріп, сенің жолың болғыш екен, сені тағы да саудаға ертіп аламын деп, ризашылығын айтады. Қайтар жолда тағы да, көл басына еру болады. Бала жинаған тамақ қалдықтарын өткен жолғыдай, балықтарға шашады. Балықтар да тамақтанып алған соң бұл жолы да, асыл гастар мен маржандарды мол қып жағаға шығарып береді. Бала бір қапқа салып жеке (белгілеп сақтайды). Керуен баланың бұл сырынан хабарсыз, білмейді. Еліне үш күндік жер қалғанда ақ жауын басталып, керуенге жағатын отын керек болып, баланың екі қабынан басқасын жағып тауысады. Күн де ашылып, керуен еліне аман сау келіп жетеді.

Балаға алғашқы кездескен қарт кісі, ал балам, аман-есен елге келдік, сен маған көп қолқабыс жасадың, отынды жинап, ақылдылық көрсеттің, сол үшін мен саған өз саудамнан деп біраз пұл береді. Керуенбасы да алғашқы бергеніне қосып, шай-қағт, әке-шешесіне деп ата береді. Бала да рахметін айтып, үйіне келіп түсіп қалады. Баласының аман-сау келгеніне қуанған әке-шешесі, көршілерін шақырып құдайы ас береді.

Бала, әке-шешесіне, жолай болған жайларды баяндап береді. Бірақ, мыл қиы салынған қап туралы жасырып, сыр ашпайды. Ол кезде он үште отау иесі деген бар, бала бір күні, әке мен үйленем, маған ханның қызын айттырып, құда түсіңіз дейді. Әкесі: - Әй, балам, сен не айтып тұрсың, хан кім, біз кім, не дегенің деп ұрысады. Баласы, әкесіне, мен үйленетін жасқа келдім, үйленіп десеңіз, ханның қызына құдалық сөйлесіңіз деп отырып алады. Ертеңіне баланың әкесі хан ордасына барып ауласын сыныра береді. Бір кезде ханның уәзірі ханға келіп, бір шал келіп аулағы сыпырып, сіздің қызыңызды айттыратын белгісін жасап жағыр дейді. Хан ашулаанып, шалды алдына алып келіндер дейді. Жасауылдар шалды дедектетіп алып келеді. Хан қаһарланып, сөйле дейді. Шал қорыққанынан мені балам жұмсады, басқаны білмеймін дейді. Онда мына шалдың баласын осында тез жеткізіндер, менің қызыммен тең түсетіндей қандай байлығы, жетістігі бар екен көрейін дейді. Бала келген соң, ал айғ, сен кім, мен кім, менімен тең түсетіндей қандай жағдайың бар, не байлығың бар, бар болса қалың малға төлейтін затыңды әкел дейді. Жігіт ешқандай саспастан, хан тақсыр кешіріңіз, менде көп байлық болған, соның қазір екі қабы ғана қалды, соның біреуін әкеліп алдыңызға көрсетейін деп рұқсат сұрап, үйіндегі бір қапты арқалап алып келіп, көңтің көзіңше ханның алдына төгеді. Қаптан мал қиының арасынан көздің жауып алатын неше түрлі алғыннан да қымбат іпжу-маржандар шығады. Хан ауызын ашып, көзін жұмалды. Ханның өзінің қазынасында мұндай асыл қазына болмаған екен дейді. Жігіт тұрып, хан ием, үйде тағы да осындай бір қап бар, қалған төрт қап өлбілығымды жауып күндері керуендегі кісілер тамақ істеп ішу үшін түнде отқа жақты дейді.

Хан тұрып, сауда жасап қайтқан керуендегі бар адамды осында алып келіндер деп сарбаздарын жұмсайды. Ол саудагерлер менің алдыма келгенде, сен де үйіндегі қалған қапты осы жерге әкеліп, елдің көзінше көрсет деп тапсырады. Ханның жарлығын орындамайтын адам бола ма, бәрі тегіс хан алдына келгенде, жігіт те қабын арқалап ханға кіреді. Сол кезде хан тұрып, саудагерлерге, мына жігіттің қапка салып жинаған төрт қабын жаңбырлы түні отқа жағып, тамақ істеп ішіпсіңдер, сол шын ба деп сұрайды. Саудагерлердің ойында ештеңе жоқ, бала бермеймін деп еді біз болмай тамақ істеп ішу үшін төрт қабын алып отқа жақтық дейді. Олай болса мына қаптағы боқты көріндер деп жігітке төккізеді. Қаптағы қи



арасындағы байлықты көріп, бәрі де үнеіз тұрып қалады. Сол кезде жігіт тұрып, саудаға барар, қайтар жолдағы қолға тамақ қалдығын шашып, балықтарды тойындырғанын, балықтар болса жігітке осындай байлықты шығарып бергенін, соларды алғы қапқа салып алып қайтқанын қалдырмай айтады. Сонда хан тұрып, саудагерлерге мына бір қаптағы інжу-маржандарға қанша зат келеді, сонша байлықты отқа жаққан төрт қап құнып төлейсіңдер деп кесім айтады.

Керуендегі баламен алғаш сөйлескен қария тұрып: Хан тақсыр, бұл бала бізге кездескенде; ақыл көп, ақша жоқ, ақыл көп, ақша жоқ деп таңдайы тақылдап келгенде керуенге қосып алып едік, міне көріп тұрсыз, ақыл қайда, ақша қайда екенін көзімізше көрсетті. Біз төрт қаптың (отқа жапқан) бәріміз төлейік, бізді жазаламаңыз деп өтінітті.

Ақылды жігіт ханның қызын алып, әке-шешесін байлыққа қолын жеткізіп, өмір кешіпті дейді.

## Адал жігіт

Заманда өзен жағасында өмір сүрген жалғыз жетім жігіт, өзенде ағып келе жатқан бір қызыл алманы көреді. Көрсекөздің жауып алатын қызыл алмаға қызығып кетіп, бір тістеп жейді. Дәмі сондай тәтті екен. Екінші рет келгенде ойына біреудің адал еңбегімен өсірген алмасы болды, оған қиянат жасалды-ау деген ойға қалып, алманы қапғасындағы орамалға оран алып, өзеннің жоғары жағына сапар шегеді. Аз жүре ме, көп жүре ме бір кезде өзен жағасынан ғаламат бау-бақшалы бір үйді көреді. Сумен ағып келген алма осы үйдікі екенін біліп, бақты аралап келе жатса алдына ақсақал шал шығады. Жігіт шалға сәлем беріп амандасады да, өзінің келген шаруасын айтады. Алманы бір тістеп жегендігі үшін кешірім сұрайды да, орамалға оранған алманы шалға ұсынады. Шал жігіттің кешірім сұрай келгеніне ырза болып, сенің алманы ұлықсатысыз тістегеніңді кешіремін, тек менің айтқанымды орындайтын болсаң дейді. Сонда жігіт ой ата айтқаныңызды орындаймын деп уәдесін береді. Онда тыңда дейді шал: менің бір қызым бар, көзі соқыр, құлағы саңырау, тілі жоқ мылқау, аяқ-қолы кемтар. Осы қызымды өзіңе жар етіп алсаң кешіремін дейді. Жігіт бұраң ойланғып отырып, кінәмді кешетін болсаңыз қызыңызды алайын дейді. Онда былай бүгін біздің үйге қонасың, қызым ертең келеді депті. Ертеңіне шалдың үйіне, талшыбықтай бұралған бір айдай сұлу қыз келіп, шал мен жігітке сызыла отырып шай құйып береді. Шай ішіп болған соң шал, ал балам менің айтқан қызым осы, айтқан уәдеңде тұр дейді. Жігіт тұрып сіздің айтқан қызыңыз емес дегенде шал: қызым соқыр дегенім, менен басқа ер адамды көрмеген, саңырау дегенім айтылған оған сөздерге оң алдырмағаны, мылқау дегенім аузынан әлсіз сөз шықпағаны, аяқ-қолы кем дегенім жамандыққа баспай, қолы өнерлі еді деп, жігітке осы қызымды алла саған жазған екен, енді маған күйсеу бала боласың деп қызыңды батасымен жігітке қосыпты.

Адалдық жолының айнымас шешімі осылай болыпты.

## Жан жануарлар төлінің атаулары

Түйе – бота	Аю – қонжық
Жылқы - құлын	Доңыз – торай
Сыыр – бұзау	Қасқыр – бөлтiрiк
Қой – қозы	Қоян – көжек
Ешкі – лак	Бұлан – бұзау
Таутеке – лак	Ит – күшік
Қой өгіз – кодык	Түлкі – жаутан,мыршай
Құдыр – лак	Мысық – соқыр

Есек – қолдық	Аққу – қолдиді
Құлан – қолдық	Қаз, үйрек – балапан
Арқар – қозықа	Тауық – шіби, піже
Киік – құралай	Марал – лак
Құндыз – құнай	Жолбарыс – шөңжік, сармат
Бұғы – бұғышық	Борсық – эзборак
Сілеусін – інісін	

###

Абадан – қасқырдың бастаушысы көкжалы  
 Тау ешкіні – бұрын жұмсақ атапты  
 Барыстың ұрғашысы – тауған  
 Есектің еркегі – әңгі, ұрғашысы – мәңгі  
 Аюдың еркегі – матай, ұрғашысы – кірекей  
 Бір жастағысы – апанақ  
 Иттің кіші ұрғашысы – итақай.

### Көне көз қариялар

Адамның жан дүниесі - шымылдығы жабулы сахна. Шымылдықты ашсаң жапты көресің де түсінесің. Адамдар арасындағы түсінбеушілік осы шымылдықтың толық ашылмауынан болар. Жаңаарқа ауданына қарасты Ақтау ауылында өзім танып білген, айтқан әңгімелерін естіген, тарихи шежірелі әңгіме айтқан қариялар мына төмендегі кісілер:

Отарбаев Әріп, Макымов Тілеубай, Токбаев Құлмағанбет, Ескекбаев Бимат, Достаев Игілік, Ержанов Жаманхан, Жәнібеков Әбдіғазиз, Сесбаев Мұхридін, Жұнбаев Молдабек, Байжарықов Серік, Рүстембеков Нұржан, Жанасбеков Шуданбек.

Жоғарыда аты аталған кісілер біздің үймен көрші болып, менің әкем Қашаумен әңгімелесіп (жастары үлкен, кіші) отырғанда естіген едім. Ол кезде жас болып толық мән бермеген едік, осы күні ойлап отырсақ, өткен уақыттың таразысы мен тарихы екен ғой, осы қариялар. Ол кезде шыны керек, бізге ол кісілердің ертегі сияқты, мәңгі болып саналады. Сапа тоқтап, тыңдар, зерделер кезде ол әкелеріміз мәңгілік санарға аттанған болатын. Ең ақыр аяғы туған жеріміздің, тарихымыз толық таныса алмай да қалдық. Бүгінгі айтарымыз, шіркін-ой неге тыңдамадық теу ғана. Біздің қазіргі айтарымыз кейінгі, сол кісілердің кішілерінен естігеніміз ғана. Соның өзін жастарымыз бен балаларымызға, біліп жүрсін, айта жүрсін деу ғана. Осы қариялардың көзін көзіміз көрді, қолын сәлем бергенде ұстадық. Көз бен қол бір біріне бауыр дейді шығыс нақылы. Көз ауырса қол жасын сүртеді, қол ауырса көз жылайды демекші, біз де өкінетін шығармыз.

### Сезім

Мені безбүйрек деп ойлама, мен де қуана білем, анулана, ренжи аламын. Туғаным а ыстық ыққласым, туған халқыма деген асыл сезімім, туған жерге деген аңсау сағынышым бар жанмын. Ол менің жаратылысым. Бұл бойға сіңген салт-санадан, әдет-тұрыштан да жоғары тұратын ана сүтімен сіңген тозбайтын сезім.

Менің туған жерім «Райыс» - өз руымыздың (Сайдалының) бір атақты әкеміздің атымен аталатын қыстау. Шығысында ұзынынан сұлап жатқан, ақ тастардан алқа таққандай Ақтау тауы, биік шыңы «Сұлу шоқы» алыстан мен мұңдалап, қараған жанның көкірегіне асақтық сезім сыйлап, өзің биік болғандай жай сезесің. Сондай ғажайып жерде туған соң қалай шаттанып, қуанбайсың, қалай ғана төменшік боласың.

Осындай бұлт айналар тауы болғанда, ақыл айтар ақсақалы болғанда, тоқтау айтар тұғырлылары тұрғанда ешкім де, ештеңе де мін тақпақшы емес. Сонымен қоса өмірде мынандай жігіттер болады, қалай лақтырсаң да, арқасын жерге тигізбейтін мысық мияқты, олардың жонын жерге тигізу кәйде, тіл байлықтары да шың-құздай асақ, алымды. Жақсылардың жанында, даналардың назарында жүріп, олармен дәмдес, сұхбаттас болу - өмірдің өлшеусіз бақыты мен дәулетіне ие болу деген сөз.

Көкірегі көнелер-көркем сөздің көмбесі,  
Азық алар асылдан адамдардың әмбесі.  
Қасиеттің қадірін кей біреулер нағылсын,  
Қашан-дағы қасыңнан жақсы адамдар табылсын.

Жақсылардың әр сөзі - жан азығы білгенге,  
Бір-біріне қарайлап ажар ашар гүлдер де.  
Сөз тыңдамас, шағасқан аулақтау жүр менменнен,  
Берекегі сөз шықпас бейпіл ауыз неменнен.

### Шыдамдылық

Құла түзде жар жиегінен ғана ықтасын тауып жанбастай қаланған монтаны қыстақ әлі ұйқыларынан тұрмапты. Жана түгіндеген мұржалар қанықтықтағы отынның ғана емес, қазандағы тағамның да дәмін бірге алып шыққандай бір тәтті иіс бұрқырайды. Ештеңеден хабары жоқ сөйкемдіктің иісі. Дүниедегі ең қымбат иіс. Жер бетіндегі бар нәсілге, бар шын өкіліне бірдей ыстық буы бұрқырап, жөргегі аңқыған құдай деген шоқырқай құтхананың иісі. Бұл иістің ар жағы - жар құшағы, сәби уілі, үмірлі-шүбірлі үрім бұтақтың жалдыраңқы үні. Күштіменен тайталасып доңырой тапқан әлжуаз болған емес. Әу бастан құрылып қойған шахмат тақтасындай. Әркім сол ересен тақтада қалағанынша ойнақтап кете

алмайды. Оған көпбеген асау жүрістің бәрі бұрыстық. Бұрыс аттадың-ақ мықтының аузындағы жемтік болып шыға келесің. Амалың құрып, құр кіжініспен күнің өтеді. Құдыреттілер сенің кіжіңненді не қылады?! Өзіңнен асқан тағы бір құдырет табылып, тақсырет тартқызғанша, әлі жетегін сені жанши береді, жанши береді. Әуелдеп ақырға дейінгі заң солай. Шыдамның да шегі бар демекші, кашанға шыдайсың, бір күні сөз қайтарасың, тіпті болмаса жаға жыртғысуға барасың. Бұл әрине екі жаққа да оңайға соқпас. Семіздікті көй ғана көтерелінің кейінімен, кара халық көнтерімді ғой, егер сен жүргендей тік көгеріле қозғалса жолындағыны жаншай жұғып, тұңғыйығына бағырар.

Көп қорқытады, терең бағырады дегендей көшпен санаспаған билік пен хан тағы шұбырылдыда қалған тезекпен тең болып шығады.

Қазақ құмалақпен бал ашады, құмалақ саны қырық бір қазақтың ұғымында, құмалақтың қырық емес, қырық біріншісі ғана сөйлеп болжам айтады, оның аты «әліп». Сондықтан бал ашқан қазақ әліптің жау жағына я өз жағына шығарып бақылайды. «Әліптің артына бағайық» дейтіні сол.

## Қайғы

Қайғы - адамның күрделі де қиын ішкі жап дүниесінің айнасы. Ол бұғып көрінбеуге, көзге түспеуге тырысып жатқан бықсық қалтарыстардан адам жанын қағып-сілкіп тазартады. Шаң тозаңнан аршиды.

Қайғы - адамның ерлігіне деген құрмет. Қасіретсіз ерлік болмайды. Ерліктің адамзат тарихында шексіз бағаланатыны да осыдан. Адам өмірінде ерлік болмаса, адалдық пен ақиқат жолындағы күрестер де мән-мағынасын жоғалтар еді. Қайғы - шындық. Ол шындық адам туралы, оның күштарлығы мен мұрат мақсаты, істеген ісі туралы болғандықтан, қоғам өмірімен біге қайнасып жататын құбылыс.

Қайғы - жаңаның жүріп өтер жолы. Жаңаның жеңісі, қиындықсыз, құрбандықсыз келмейді. Бірақ ол жеңіс әйтеуір келеді. Кез келген шын мәніндегі қайғы өмірге, болашаққа сеніммен қарауға, биік мақсат, асқақ мұратқа меңзейді. Адам баласының рухани күшінің шалқарлығын қайыспас қайсарлығын көрсетеді.

- Алқаракөк аспанда ақ көгершіндер самғаған, шат-шалдыман күлкі мен әнге толы өмірдің екінші басында көз жасымен күрсіністер болары ақиқат. Өйткені ол өмір. Ал өмірді барлық қалтарыстарымен көрсету - ол әрине ақын, жазушылардың міндеті. Адам сүйе білмесе, қайғыра да білмейді. Ал сүйе қайғыра білмейтін болса, елді, жерді сүю, отанды қорғау, адамдық, адалдық мұраттарға шын берілу сенімді толық қанды адамға ғана тән қасиеттер қайдан келеді? Мұның бәрі жалпы адамдық қасиеттермен

ұштасып жатқан, бөлін-жарып карауға болмайтын, адамға ғана тән ерекшеліктер.

Сергелдең боп қайтамыз сейіл барып,  
Жаксыларды танимыз кейін барып.  
Біздің ел ардақтамай асылдарын,  
Өлген соң той жасауға бейім халық.

Қайрат Құлмұхаммед.

### Қайран жастық-ай!

Біз ол кезде, алаңсыз, мүңсіз бейкүпір жанлар едік! - Мен сені көрген күні есейдім десем өтірікші емесімін. Сен де сол күні бойжеттің-ау деп ойлаймын. Екеуміз бір-біріміз үшін жаралған болармыз дейтінмін. Себебі; екеуміз сөз байласып, қол алыспағанмен, тіл табысқандай болып едік. Бұл екеуміздің арман - тілегіміздің, алған бағыт-бағдарымыздың, бүкіл болмыс тіршілігіміздің бір тұтастығының айғағы сияқты еді.

Сенімен әр кездескен сайын бүкіл жан-сезімім тереңдеп, нұрға малынғандай жарқырап, тазарып, байсалды күйге енетін, өмірге тек өзім қожайдай алпаң басатып едім. Тау өзеніндей түрілден, есіп сойлен еселі қимылға көшетінмін. Сен қасымда болғанда әрбір күннің таңын, мейлі ол қою қараңғы бұлтты болсын, мейлі ол қамшысын үйірген найзағайлы отты болсын, мейлі ол жұлқылаған желді болсын, мейлі ол аязды бетті қарыған демді болсын, күшпек жая қарсы алатынымын. Қасымда сен бар кезде дауыл да, жауын да, аяз да, аптап та жоқ еді.

Күн қанша түнергенмен оған да қуатты менің екінші күнім бар еді, ол сен едің. Сенің шұғылаң түсіп тұрғанда мойымайтын да, қаймықпайтын да едім. Менің таңым сені көрген кезден басталатын, сені көргенде менің күнім шығатын жарқырап. Осы сезімдер мен сүйіспеншіліктің тазалығы сондай, арада қаншама жыл өтіп, қарттық жаста болсаң да санаңнан өңіре алмайтын, көк тасқа басқан таңбадай, өшпейді, ұмтылмайды.

Бүгінгі күндері ойлап отырсаң ертегі, немесе аңыз болып айтылатын хикаялар.

Мөлдір де, таза тамшыдай, жастық-ай!  
Көлдің у-ы да бар, гүлі де бар,  
Жағады бірінде зар, бірінде бал.  
Бірде ашық, бірде күнгірт, тасқараңғы,  
Кім оның күйін сезіп, тілін ұғар.

## Әке әңгімесі

Бала кезімде, өзіммен бірге ойнап жүрген досыммен жұдырықтасып қалып, үлкен бір ағадан таяқ жең үйге жылап келдім. (кейін білесем әкем сыртымыздан қарап тұрып, әлігі төбелесті көріп, ағаны да сол әкем жіберген екен) Әкем таңырқағандай басын шайқап: - Ер жігіт бекерден-бекерге ұрынас болар, - деді салмақтай сөйлеп, - жарайды, сен неге ұрыстың? Өткінші бір байғұстың мұрынын қапатып, үсті-басын қан қылдың, шекенді ісіріп, көзіңнің алдын көгерттің, құлағыңды қызарттың, көрген әуселең сол ма? Төмен қарап өзімді ақтамақ болып мінсірледім. – Өзі неге соқтығады? -- Соқтықса, білмей қалып, абайсызда қағып кетті ғой. Соған соншама байбалам салу керек пе? Мен үнсіз тұра бердім. Біраздан соң әкем әр сөзіп салмақтай сөйлеп, сабақтап әкетті.

- Біз де бір кезде өздеріңдей жас өспірім жігіт болғанбыз, даусынан әкемнің күлімсірегенін сездім. –Адам иегіне төрт тал түк шығып, даусы күркіреп жуан шыға бастағанда, жөн-жосықты білмей, өзін үлкенге санайды. Айтар сөзі де, жұртқа қатынасы да өзгереді. Өмірінің тап осы кезі ақыл-есін жинап, өзін ұстай білген кісіден бақытты адам болмайды. бірақ саған ұқсап, күшің қайда қоярын білмей, қайдағы бір түкке тұрмайтын нәрсеге күйіп-пісіп, жұртты балағаттап, жұдырығын көтере берсе, ондайлардан жақсылық шықпайды. Өз басын қорлап қапа қоймай, басқалардың көңіліне тиетіні жаман. – Иә, күшті де жұмсайтын орны бар, жөні бар. Күшті ар-намысқа, абыройға жұмсаған орынды. Түкке тұрмайтын нәрсеге бола жұдырығын ала жүгіру иә, аңғырт балам, мен сенен мұндай тентектікті күтпеген едім. Әкемді танушылар оны «әділ кісі» дейтін. Шынында да әкем көпті көріп, талай жайтты басынан кешкен көрікті адам еді. Өзі сөзге сараң болғанымен, айтатын сөзін рет-ретімен, жұртқа жағымды әңгімелер айтып отыратын. Әкем оң көзіп сол қысыңқырай, өткір назарымен маған тіктеле қарады да, шешем алдына қойған шайды бір ұрттап әңгіме бастады. – Жұрттың айтуы бойынша, ерте заманда Рум деген ел болған көрінеді. Оның көп адамдары байлыққа жанын салған соғыс құмарлар екен.

Патшалары төңіректегі көрші елдерді қайта-қайта шауып, талап әкететін, қарсылық көрсеткендердің басын кесіп, жас жігіттер мен қыздарды құлдыққа айдап алатын болыпты. Румың байлары осы құл – күндердің есебінен байып, мол дәулетке кенеліпті. Құлдар азап көріп, бір-бірімен пышақтасуды, қылыштасуды, найзаласуды, кісі өлтіруді үйренетін және өздерінің осы өнерін көрермендерге көрсететін болыпты. Кейде, осындайда әкесі мен баласы, ағасы мен інісі, жан аямас достар бір-біріне қарсы жекпе-жекке шығып бірін-бірі өлтіретін болыпты.

Біразы жыртқыш хайуандар - арыстан, тағы өгіздермен айкасады екен. Осындай құлдар ішінде Хасан деген жігіт болыпты. Күндердің

сүнінде ол тұтқыннан қашып шығады. Қаладан шығып, төл сахарадан өтіп, таулардан асып, кетіп бара жатқанда, жол бойында оған төңіректі басына көтере азан-қазан өкірін, бұлқап-талқап тулап жатқан арыстан кездеседі. Хасан жүргенін тоқтатып, оның алдына барады. Қараса, арыстанның алдыңғы оң аяғының май табаны ісіп, ірінен кеткен екен. Ауыр азан шеккен жырытқыш тіпті Хасанның алдына келіп тұрғанын, басынан сипағанын сезбейді. Хасан аңның бүйірі ішіне кіріп, бірнеше күннен бері ештеңе жемей, ауру мен аштықтың азабынан әбден титықтап, өлер халге жеткенін сезеді. Бұдан соң ол ойлаптып тұрмай, белінен қанжарын алады да, арыстанның ісіп кеткен аяғын тіліп жібереді. Тілін жібереді де арыстаннан жасырыну үшін жартастың сыртына жасырынады. Өйткені аяғынан қап аралас ірің атқылаған хайуан тау арасын жаңғыртып ақырып жібереді. Жок, арыстан ақырғанымен, орынынан қозғалмайды. Тек басын көтереді де, сілкініп-сілкініп алады. Хасан жартастың тасасынан шығып арыстанға жақын келеді. Арыстан көзін ашып дәрменсіз қанында разылық білдіріп жатқандай қарайды. Хасан ту сыртынан келіп оның арқасына қолын қояды. Арыстан қимылдамайды. Бас жағына шығып аяғына қолын тигізеді. Арыстан ақырып жібереді. Хасан секіріп шетке шыға беріп: -Уа, жабайы хайуан, - дейді – Қазір саған азырақ тамақ әкелейін дейді. Көп ұзамай ол бір топ тау ешкіге кездесіп, тобына пайза жақтырып, біреуін олжалайды. Ешкіні иығына салып алып, қозғала алмай жатқан арыстанның алдына түсіріп, алдыңғы қолдау етінен бір кесегін өзіне кесіп алады. Арыстан әрең дегенде басын көтеріп ешкіні жұлып жей бастайды. Хасан бір кесек тегті істікке түйреп отқа пісіргенше, арыстан ешкіні жеп те бітіреді. Хасан арыстанның өзіне қарап тұрғанын көрген соң, қолындағы еттің жартысын оның алдына лақтырады. Бірақ ол керекті жок дегендей басын шайқайды да, етті тұмсығымен әрірек ысырып қояды. Бұған мән бермеген Хасан тамақтанып болған соң, орынынан тұрады. Біраз тойынып, әл жинаған тағының алдына жүректініп, онымен алыстан қоштасады. – Жыртқыш хайуандардың патшасы, арыстан достым! Сен жазылғанша осында жата бер, аштан өліп қалмасаң, бір күні жазылып кетерсің, мен енді кеттім дейді. Баратын жерім алыс. Қош деді де жолға түсті. Арыстан орынынан тұруға ұмтылды, бірақ жерге тиген соң зар қақсаған аяғын ауырсынып қайта жаға қалып, Хасан сонау сайға түскенше өзінен қарап тұрды. Хасан таңертең ұйқыдан тұрғанда, қасында жатқан бір кесек етті көріп, қайран қалды. Орынынан тұрып, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, өзінен бірнеше қадам әріректе созылып жатқан кеше жолда өзі кездестірген аң патшасы арыстанды көрді.

Ол тәуекел жасап, оның алдына келді де, арқасынан сипап тұрып: -Иә, достым, соңымнан қуып келген екенсің ғой ә? - деді. - Аяғың жазылды ма? Қане, ол еңкейіп, арыстанның табанын көтеріп қарады. Арыстан тырып



етпей, оған қарап тұра берді. – Қан, байғұс-ай, қанап кетінгі ғой. Шын ама тартқан екенсің. Жол бойы қан ағызып келген екенсің ғой, достым. Қар байлап беремін. Хасан айналасындағы қалың шөптің пиналысын жиілеп дәрі жасап, ішкі қойлегінің шалғайын жырттып алды. Ол әлі дәріні құйып, арыстанның аяғын байлап жатып, досынан кешірім сұрады: – Кешір, досым, айып менде. Осы дәріні кеше жасауым керек еді. Бірақ қорқақтық еттім. Сенен, сенің айбарыңнан, айбындым... Міне бітті. Енді құдан таң жазылып кетесің. Арыстан ризалық білдіргендей Хасанның қолын жалш қояды. Бұдап соң Хасан тау мен тасты мекендеді. Қос жасап, арыстанмен бірге тұрды. Олар таңертең бір-бірімен қошғасып, олжа іздеп екі жаққа кететін. Бірі садақпен сайларды аралап, екіншісі-тоғайдан аң аулайтын. Кешке қарай тапқан олжаларын қоса алып келетін. Үш-төрт ай алаңсыз, уайымсыз өтті.

Күндердің күнінде аңнан қайтқан Хасан қосқа кіре бергенде сыртынан бір топ қарулы кісі лап қояды. Бұлар қашып кеткен құлдарды іздеп жүрген Рум Патшасының сарбаздары еді. Олар Хасанның мойнына басылған құлдық таңбасын көрген соң, қолын арқанмен байлап, екінші ұшын ердің басына таңып алып, жолға шығып, Хасанды қайтадан құлдық азапқа салған. Сөйтіп көп ұзамай таяққа түсіп, қорлық көріп, өмірден үмітін үзген Хасан тамаша алаңына шықты. Ол өзі сияқты бақытсыз жанлармен бірге өлуге тиіс еді. Бірақ алаңға шыға бере қарсы алдындағы дәлізден темір торды сүйретіп келе жатқандарды көріп, сілейіп қатып қалды: торда көзі қапалаған, аштықтан аласұрып, өкіріп тулап жатқан долы арыстан бар еді. Хасан шабуылға әзірленіп, беліндегі екі жүзді қос қанжарын суырып алды да, мықтап ұстап, қарсыласына тіктеп карады. Сол сәт тордың есігі ашылып кетті. Арыстан тордан шыға бере оның үстіне атылды. Хасан дер кезінде тап берді. Бірақ аяғы тайып кетіп, ұшып түсті. Арыстан тағы бір секіріп, оның үстіне мінді де, аузын ақсита ашып, оның мойнына ұмтылды. Кенет күтпеген оқиға болды. Олжасының мойынын қарш еткізгелі тұрған арыстан естен танып, шала-жансар, қимылсыз жатқан құрбанының үстінен алдыңғы аяғын тартып алды да, оның бет-аузын, құлағын, шашын иіскеп, тілімен жалай берді. Осы ғажайып оқиғаға қарап қалған көрермендер айқайлап жіберді. Иә, олар күнде талай қан көріп, еті өліп кеткен, қатыгездіктің шегіне жеткен жандар еді. Сондықтан бүгінгі бұрын-соңды көз көріп, құлақ есітпеген таңғажайып тамаша оларды қайрап қалдырып, қатты толқытты: көңіл көтеретін алаңға әкелгеніне бір апта болмай жатып, осындағы хайуандар арасында ең тағысы атанған арыстан алаңға бірінші рет шығып, керемет көрсетті – адам етін жемеді. Хасан көзі ашты да, үстінде тұрған арыстанды көріп, қайта жұмды. Ол өзі өлгенге есептеді. Бірақ бетіне тағының алқынғанда шыққан демі мен суық тілі тигенде, сескеніп қалды, өлмегеніне сенді. Әрең дегенде орынынан тұрып, еңіреп қоя берді де, арыстанның мойнына асылып, сүйе бастады: – бұл өз

арыстаны еді. Бұған көрермендер одан сайып таңырқады. Олар қол соғып, күлдегесі айқайлап, алаңға алтып теңге лақтырып Хасанды құттықтады.

Бір ғажабы, осы жерде Рум патшасы да отырған болатын. Ол көз көріп, құлақ есітпеген мына тамашаға таң қалып, шектен тыс таңырқандықтан, алаң иесін шақыртып алып, мұның сырын сұрауға да төлімі жетпей, Хасанның өзінен кім екенін, қалайша жыртықшы аң оны шаршалап тастамағанын, қалайша қорықпай арыстанды құшақтап сүйін жатқанын сұрады.

Хасан болған оқиғаны бастан-аяқ баяндады. Патшаның қасында отырған сарбаздардың бірі оның оның айтқаны рас екенін, Хасан қолға түскен соң, ол жүрген жолдан өткеннің бәрі мына алаңда тұрған арыстанға жем болғанын, өткен алаңда ғана осы жыртықшыты аяғынан жаралап, тұзаққа түсіргенін айтып берді. Сөйтін көрермендердің хайуанмен тіл табысқан Хасанға деген ілтипаты шектен асты. Біреу оған бостандық берілісін деп айқайлады. Оны көншілік іліп әкеліп, патшадан оны құлдықтан азат етіп, адам қатарына қосуды талап ете бастады. Көптің тілегі мақұлданды. Сонда Хасан төрт тарапқа тағзым етіп, патшаға өтініш айтты:

Алдияр тақсыр, мені құлдықтан азат етіп, адам қатарына қосқаныңыз үшін аса борыштымын. Сізге бір өтінішім бар. Сіздің көз алдыңызда мені шаршалап тастамай, мейірімділік көрсеткен достым арыстанға да азаттық берсеңіз екен. Сөйтін, достық, адалдық, мейірімділік, жақсылық жеңіске жетті.

- Солай, балам. Осындай оқиғалар да болған. Адамның қолынан кезмейтін ештеңе жоқ. Бойынан ұстамдылық, ізгілік, сактық, данашық, мейірімділік, жылы сөз табылған адам кез келгенмен тіл табысып, қандай қып мәселені де оңай шешеді деген кемеңгерлер. Тіпті ең тағы хайуандарды да адам айтқанына көндіреді. Мен онда жас екенмін. Ер жетіп, есейген, зейнеткер болған кезімде әкемнің айтқан әңгімесін еске түсіремін де: - Қайран әкелер-ай! Адам деген асқақ ат қой! Ең тағы хайуандардың өзі пір тұтып бағынған, айтқанын істеген, айдауына жүрген. Сөйткен адамдардың бір-бірімен қырқысатыны несі! —дегің келеді.

### Ігілік Достаяев ақсақалдан естігенім еді

Болтай болыс болып тұрғанда, бір жылы қыстың қатты болатынын өзің, екі қос жылқысын Сексеуілге шығарады. Бұлармен қоса басқа рудардың жылқы қостары да осы сексеуілді қыстайды.

Қай жақтан келгені белгісіз, бір көк шалақ бөрі тебіндегі жылқыға келіп, (түнде) құнара бір жылқыны жеп, қалың жүн қарағанға кіріп алып қалады екен. Жылқышылар қаншама рет ізімен келіп бойын көрген соң қорқып, бара алмайды екен. Бір жағы қалың қар, атпен кіре алмайды. Ал

қасқыр болса, бір ізбен кіріп-шығып соқпақ салып алып ойына келгенін жасаған. Кейінгі кезде Болтайдың бас қосындағы жылқыдан үш күнде бір ат, немесе бие жейтін болыпты. Бірде болыстың атакты сары биесін жепті. Жықышылар қорықпанып (Болтайдан) ауылға хабаршы жібереді. Ол келген жықышы Болтайға айтай, туысы Райысқа келіп, бар болған жайды айтады. Бұл наурыз айының басы болса керек. Райыс та бұл болмайды екен, мен Әмірені ертіп апарып ол көкжалдың көзін күртайып дейді. Келген жықышы кері жылқыға қайтарып, оған танырые береді. Сен қосқа барған соң бір ту биені сойғыз да бір санынан басқасын асқызып қой. Мен екінші күні қонаға Әмірені ертіп барамын дейді. Райыс, ауылынан шығып құрдасы Әміреге келіп жағдайын айтады да тез аттанып, ара қонып сексеуілдегі қосқа келеді. Әміренің руы Алсай екен. Озі батыр, әрі жегіш болыпты. Денелі адам болса керек. Өзінің Дөңторы деген атынан басқа жылқы алысқа апара алмайды екен. Қосқа келіп, амандық білген соң тамаққа отырады. Қостағы астауға салынған етті тегіс жеп, артынан бірнеше аяқ сорпа ішіп, далаға шығып жеңілденгеннен кейін, демалуға жатады. Таңға жақып, түнгі күзетке кеткен жықышының бірі келіп, ана көкшалақ тағы бір биені жығып тойғанынша жеп кетіпті деп келеді. Сол кезде ай, нашарлар-ай бір тынқанға бата алмай қорқып жүресіңдер. Алла қаласа маған соны бір көрсетіңдерші деп күледі. Танертеңгі шайлан соң езілген құрттың екі-үш аяғын тастап алып, маған мінетін ат ұстаңдар дейді. Менің дөңторым көкжалдан қорқалды дейді. Райыс құрдасы бұны көтерсе ана қызыл буырлы бие ғана көтереді дейді. Болтайдың бұл қызыл буырлысы, екі көзі шарасынан шығардай, екі құлағы тас төбесіне біткен бір срекше бие болыпты. Сол биені ұстап Әміреге мінгізеді де, жүн қарағанға кірген қасқыр ізіне салып өздері кейін қалады. Жүн қарағанның қары қалып, биенен Әміре әрең деп жүріп келеді дейді. Қолында құлаш тосжара кепкен ағашы бар, батыр бөрінің соқпағының қатарымен жай жүріп отырып, жеке шок болып өскен жүн қарағанның ортасында шөкесінен түсіп жатқан көк шалаққа тура тартады. Жатқан көк жал да құйрығын қарға соғып таялған ағашы адамға атылуға дайындалып, қозғалақтан аяқ астындағы қарды нығырлап таптап, мойын жүнін тікелейтіп, екі көзінен от шашып арбасып тайсалмайды. Әміре де ер үстінде көтеріле түсіп, салмағын екі үзеңгіге сала, қолын дізгіннен босатып, қолындағы ағашын оңтайлап алып биеге шу жануар деп тоқымын қысады. Түнде бие етіне тойған көкжал да бір қимыл болса атылуға шақ жатыр. Бие екі үш қалам басқанда батыр мен көк шалақ бір-біріне қарсы шабысады. Әміре де қолының мүлт кетпегеніне сүйсініп, тағы бір көтеріліп тебінсе астындағы биесі қозғалмай қалыпты. Алдына қараса көк шалақтың тұмсығы оң жақ үзеңгінің тұсында денесі керіліп-созылып жатыр дейді. Сілтеген ағашы тура шалақтың екі көзі арасы, маңдайдан тиіп, екі көзі шарасынан шығып, миы бас терісінің сыртына шығып кетіпті дейді. Астындағы биесі қозғала алмаған соң

қолындағыларға айқайлап, мені шығарып алыңдар дейді. Жылқышылар Әміренің атының ізімен келіп, биіден түсіп тұрған батырдың астына алауды төсеп жіберіп, бұғалық арқандарды бұрымынан байлап алып, сүйрегіп қалыңның арасынан алып шығады. Қайтып келіп биіге не бөлді десе, салмаққа шыдамай бел омыртқасы үзіліп кетіпті дейді. Райыс бар, бар жылқышылар жабылып биені сыртқа сүйреп шығарып бауыздан алады. Әміре тұрып, ана тышқандарыңды шығарып алыңдар дегенде екі жылқышы шығара алмапты. Оны да қос бұғалық арқанмен тақымға басып қосқа бірақ әкеліпті. Райыс құрдасына разы болып рахметін айтты. Бұл уақытта қоста қалған асназ кенегі қалған бір саңды майдалап тұрап, қыстай қоста сойған соғымның іш майына қуырып дайып етін қойыпты. Әміре қосқа кірген соң ағаш астау толы қуырдақты алдына қояды. Қуырдақты жең майып ішіп алып, Райысқа ал құрдае айтқаның болды, шайдап кейін қайтамыз дейді. Райыс тұрып, Әміре мына тышқаныңның терісі саған інік шығады екен, өзің байлап дейді. Сонда Әміре тұрып, өзім соққанды өзіме өйілама, осы пайтамбар қосында қалады дейді. Райыс екі жылқышыны жылқыға жұмсап бір күр ат алғызып нокталап қояды. Қостаны шайта қанып, езілген күрт ішіп алған соң жылқышылармен қосқасын Әміре, Райыс екеуі ауылға қайтады. Ал құрдае, сен қоспен қол күшіңді қайда жұмсарыңды білмей жүруші едің, қарың талмасып, мына бір атты жетегіңе ал, тартыпбайтып ат деп нокта жібін ұсыныпты. Мен басы қасында болмақ түгілі ол кезде тұмағанда шығармын. Естігенімді сол күйінде қағаз бетіне түсіріп отырмын. Әміре, Райыс екеуі кенке қарай Атасу өзенінің бойындағы Исабек қыстауына келіп, есік алдында жүрген Исабектің әйеліне, шырағым шөпден келемін, ішетін суып болса деп ат үстінде тұрып ішетін дейді. Әйел кісі сол күні сары майды қазанға салып айырып жатса керек. Танитып кісі болған соң үйге кіре салып, жылы-шымышым сұйық майды бедіре аз толмас етін әкеліп Әміреге ұсынады. Әміре де май екенін біле тұра қос қолына ұстап алып бедірені басына бірақ көгеріп, ой көсегең көгерсіп, шөлім қанды-ау депті. Сол жүріспен ағайынды Жаншырақ, Айшырақтың Айшырағының үйіне қонады. Ол үй де Әміренің (туысы) жегіптігіне орай, бұрмені ашып жылы-жұмеақты мөл асады. Екі құрдас етке тойып, әңгіме айтқысып демалады. Әміре үй ыстық болған соң үй қабырғасына қарынын жалаңаштап тигізіп жағыпты. Таңертең тұрып қараса қабырға қара қоңыр тартып қалыпты. Бұл не болды деп ашықтап қараса май екен дейді. Әміре қыстауы Атасу өзенінің солтүстігінде, Жаншырақ қыстауының жанында бір шақырымдай жерде. Оңтүстік шығысында Еркебұлан атанған төбе бар. Оның арасы да 1,5-шақырымдай жер. Ал Райыстың қыстауы Ақтау тауының батысында өзінің атымен аталады.

Менің де туған, кіндік қаным тамған жер осы Райыс жері. Іні, қарындастарым да осы Ақтау тауының баурайындағы қыстақтар мен күзеулер. Өткен уақыт шежіре, бүгіндері менің ата жұртым Ақтау, Райыс.

Көзін көрген, қолынан дәм татып, шежірелі сөздерін естіген, әкешеммен араласып, сипасқан қариялар мен әжелеріміз о дүниелік болып осы Райыс қыстағының қатарындағы қорымда жатыр. Мұқағали ақынның айтқан бір шумақ өлеңі алдымызда желі болып тартылған:

Неменеге күлсең, бала батыр,

Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп, келместің кемесіне,

Бірі келіп, әпекей жағала тұр – демекші бұрынғы өткен үлкендердің кішкене де болса есте болатын сәттері көзімізге көрінгендей болады. Біз де жетпістен асып қарттыққа аяқ бастық.

### Зерделеу

Шығыстың бір ғалымы айтыпты: Кез келген елдің қандай ел екенін білгің келсе ән-күйін тыңда депті.

Егер әні тәкәшар, мен-мен болса, ол ел айналасындағы елдерге міндетті түрде тізесін батырып отырған ел деп есепте.

Ал, ән мен күйін тыңдап отырғанда денесі ақылына бағынбай, өзімен-өзі селкілдеп, аяқ-қолы билей бастаса ол елде болашақ жоқ деген сөз.

Енді бір елдің ән-күйін естігенде тұла бойыңды ыстық жалын шарпып, бір сүйінтіп, бір күйінтіп, ата-анана, сүйген жарына, туған еліне, сұлулыққа деген ынтаның ояна соя елдің тәлімі мол, болашағы зор деген екен. Өнердің рухани әсері шексіз. Өзіміздікін ұлағат тұғың, сананы ұлайтын тексіз жат өнердің алдына тосқауыл қоюға ат салысайық.

###

Адамдар қоғамы неткен әділетсіз, неткен қатал! Алла тағала о баста жұмыр басты пенде етіп жаратқан соң, кісі ойлануға, толғануға, өз көңіліне ұнайтын аламмен сыз бөлісуге құқылы емес пе? Оны кім жоққа шығара алмақ. Жоқ, адам өмірі ешқандай ережеге бағынышты емес. «Жер бетіндегі тәртіпті ойлап тауып жүргендер – өз әрекетінен өздері қорқатындар, өйткені өздері әділ бола алмайды, ал әділдікті ізлегендерге тосқауыл қояды. Бұл мәңгілік әдіс емес. Бұның да аяғы бар».

Асылы өмірді қиындатып жіберетіндер - ешкім де емес, сол аламдардың өзі. Әйтпесе, мына жарық дүние шексіз кең, шексіз әділетті, шексіз дархан. Сосын да ол мәңгілік! Ал адамдар - өткінің – ағын су.

Бүгін ағады, ертең сарқылады.

Қазіргі қазақ шалының ой-пікірі:

Бүгіндері халық арасында осындай адамдар бар. Халық үстінен күн көрген, ұлықтар ұлыса бірге ұлып бөрі болған, айтақтаса далақтап шабар ит

болған, жазыксыз жандардың аузын аштырмай, қанын сүліксіз сорған, нағыз сұр жылан, әнтербақан, кешпе, қуыс кеуде, есалаң, зердесіз, нағыз миғұлалар – доңыздар. Осылардың қолында билік, байлық, тігітін бар, Заң да осылар үшін шыққан. Астандағы күн де, айда біреу. Бірақ неге ортақ емес. Ана байлар капиталды көбейткен сайын, ындыты тарылып жұмыр жерді құшағы жеткенше бауырына басып, қалғанын сатып, ала бергісі келеді. Егер қолы жетсе, айды да, күнді де, қара жердей бөлшектеп, немдепін алар еді. Ал біз жер де, ағаш та, тау мен тас та, су да - бәрі-бәрі ортақ болса екен, адам баласы бар қызығын, игілігін бірдей көрсе дейміз. Басы артық дүние пәлсіге жетіріледі, қомағайлыққа, менкейлікке апарарды. Алдағы уақытта байлардан басқа а үлес болмай қалады-ау келешекте.

###

Адам баласы қызық қой, қандай жағдайда жүрсе де, ең ақырғы демі біткенше өмірден рахат іздейді, рахаттанып өтуді арман етеді.

Жырма екі жасар Эрнест Галуа басының кесілуіне қалған он үш сағат уақытын, бүкіл дүние жүзіне әйгілі «галуа қатары» атты математикалық еңбегіне жұмаса, дарға асылуына бір түн қалған Сфендр патша ақырғы тілегінді айт деп сұраған жауына, осы ақырғы түнімді бір сұлу қызбен өткізуге рұқсат етіңдер деп өтінеді. Қайғыдан, ажалдан, қуаныштың жоғары тұруы өмір заңы ма, әлде бұл арсыз қоңыраудың қызыққа тоймаған құмарлығы ма? Әлде соңғы (ұл ма, қыз ба) ұрпағым қалсын деген шын тілегі ме?

## Қазақ

Қазақ ақ қоңыл, қонақжай, жаны ашығын, адал, бейғам, жалқау, еліктегіш, өсек-аяң бос сөзге үйір. «Қазақ бір күнде екі адамға ақыл айтпаса отыра алмайды». Қазақтың көшуі үш-төрт күндік серуен.

Жайлауы ең кемі екі айлық курорт. Ойын той, алтыбақан, бәйге, күрес, қазы, қозы, қыз, қымыз. Мұның бәрі де жалқаулыққа бірі төсек, бірі жастық. Қазақ дүниелік қарбаластырудан бұрын тым сырт қалған ел. Содан кейін ескі малтаны езгілей бермей қайтсін. Осының аты өсек-аяң, бос сөз болады. Қазақтың жалқаулығы жалқы туған емес, бейғамдығымен бірге туған, егіздің сыңары. Ұлы жүзде бір нағашы әжеміз ауырып қалды деп естіп, соған барып ол жоқта он күн жүріп, енді шаруаға кіріскелі жатса, кіші жүзде әкесімен қарын бөле бір туысы қызын ұзатайын деп жатыр деген соң, сонда барып оралғанша, күзгі қара суық соғып кетіп азғана малына шөп дайындай алмай, малын жұтатып алғанын келер көктемде жыры қылып, өзін ақтап отыратын қазақ – әрине бар ғой.

## Әйел атымен аталатын ру-тайпалар

Бес болыс арғын «Енең» деп аталады.

Қырық сегіз болыс Дулат ұраны – Домалақ ана.

Он екі болыс кара керейдің ұраны – Абақ.

Жиырма екі болыс Қаракесектің ұраны – Қарқабат.

Енең, Домалақ ана, Абақ, Қарқабат – бәрі де әйел аттары, әйел атаулары.

## Болыс болып сайланған азаматшалар:

Халина Аққошқарова – он екі рет сайланған (арғын болысы)

Аққатпа Теңгелбасва – жиырма рет сайланған (Пайман, бағаналы)

Шойман Жансақал әйелі – төрт рет сайланған.

Ақкелін деген әйел оңдаған жылдар болыс сайланып келінгі.

## Ақылды қыз бен тапқыр жігіт

Бір атакты бай қайтыс болып артында аса қорікті, ақылды жалғыз қызы мен мыңғырған малы қалады. Қыздың сұлулығы мен бай жасауына қызыққап небір бай-манап пен би, болыстар өзара таласып қыз ауылына құдалыққа келіп, аңғалап, айлап жатып алады. Иттей ырылдасқан қызыл көз пәлелерден мезі болып құтылығы келген қыз еліне қадірі бар қазылар мен ақсақалдарды жиып ақылдасалы да, былай деп жар салады: - Сендер көңсіндер, мен жалғызбын. Мен екі жұмбақ айтамын. Сол жұмбақтың шешуін тапқан жігіт маған да, анау өріс толы малға да ие болады. Менің ордама тек жұмбақты шешемін дегендер ғана кіреді. Жұмбақты шеше алмағандар киімін шешіп, үстіне бал жағып, тауықтың жүніне аунайды. Сол бетімен атын осында тастап, еліне жаяу қайтады. Сөйтіп кеудесін қағып, күпсінген атқамінерлердің тапқырлығы безбенге түседі. Жұмбақты шеше алмаған талай мырзалар әлгіндей маскара болып жаяу қайтады. Мұны көрген талай бекзадалар тарай бастайды. Әлі де қыздан дәмесі бар шағын топ қана қалады. Олар да ордаға кіруге бата алмайды. Желінбей ет, ішілмей қымыз қалады. Сөйтіп отырғанда ақ боз ат мінген, жұпыны киінген бейтаныс жігіт келеді.

Не болып жатыр бұл ауылда? – деп сұрайды. Ел мән-жайды түсіндіреді. – Пәлі – дейді бейтаныс жігіт – қыз жұмбағын шеше алмасаң жер басып жүрдім не, жүрмедім не, тәуекел, кіремін. – Ессіз болмасаң еліңді тап, сен түгіл ел билеген болыс-билер де қыз жұмбағын шеше алмай тауықтың жүнінен тон киіп, маскараға ұшыраған дейді көп мырзаның бірі (есік алдындағы).

Құрбымның барлық шартын естіп келдім. Жалғыз атты келей едім. Осы жолы мыңғырған мал айдап, айдай сұлуды құшып, мерейім тасып, елге қайтармын. Айтсын жұмбағын.

Ертеде екі батыр жігіт ақылымен ел аузына іліккен бір келей қызына бір мезгілде құда түсе келеді. Қызды қайсысына берерін білмей ауыл ақсақалдары қатты сасады.

Ақыры қыздың өзі ақыл табады. Қыз екі жігітке: Екеуің де екі елдің бетке ұстар азаматтарысыңдар, біріңнен біріңді кем көрмеймін, бірің боз ат, бірің торы ат мініп келген екенсіңдер, қайсың болсаң да бақтарыңнан көр.

Сонау көрінген қарауыл төбеге барыңдар да осы жерге дейін жарысыңдар. Осы жарыста кімнің аты қалып келсе, мен соның етегінен ұстаймын дейді. Екі жігіт қыздың құлығын қарауыл төбеге барғанда бірақ біледі.

Ал жібердік, ал кеттік дегенмен екеуі де тұрған орындарынан қозғалмайды. Қыз уәдесі бойынша кімнің аты қалып келсе, соның етегіне ұстамақ. Екеуінің де қалып барғысы келеді. Бұлар: ал кеттік, ал кеттікпен әбден шаршап, қой қыз бізді мазақ еткен екен, аяңдап барып айыбымызды тартайық деп тұрғанда қастарып желмая мініп бір қарт кісі келеді. Жөн сұрасып, мән жайға қаныққан қарт екеуіне бір ақыл айтады. Жігіттер қарттың айтқан ақылын орындан, ауылға қарай жарыса жөнеледі. Бірінен-бірі өзуга тырысады. Дана қарт қыздан дәмелі екі жігіттің бірінен-бірі өзуга жан салып, жарыса жөнелетіндей қаңдай ақыл айтты екен. Осыны таба ғой, жақсы жігітім! Ойлануға бие сауым уақыт. – Екеуі де ақымақ екен. Дана қарт оларға аттарыңды ауыстырып мініңдер деп ақыл айтты. Елдене қайсы болса да бақталасының астындағы өз атын қалдыру үшін, ананың атын оздыруға күш салады. – Дұрыс, дәл таптың! – дейді қазылар.

Жігіттің шапшаңдығы мен тапқырлығына сәл таңданған қыз екінші жұмбағын айтады: - Ертеде бір өлкені жайлаған қырық байдың ғажайып сұлу қырық қызы болыпты. Олардың әрқайсы іштей: мен бәрінен де сұлумын, ақылдымын, аруға тән нәзіктік менің ғана бойымнан табылады деп ойлайды екен. Біріне біреу құда түскелі жатыр дегенді естісе, қалғандары бір түнде барып, күйеу жігітті өлтіріп кетеді екен. Күндердің күнінде сол қырық қыз өзара келісіп, Барса келмес деген аралға барып құлан аулап көңіл көтермекші болады. Олар аралға келген мейлі жас, мейлі кәрі болсын еркек кіндік өлтіріледі деп жар салады.

Қанша уақыт өткенін кім білсеін, бір күні бір балықшы жігіт қайығымен дауылдан ығып, аралдың жағалауына шығып қалады. Бақытсыз бейбақты аң аулап жүрген қыздар ұстап алады. – Өлер алдындағы соңғы тілегіңді айт! – дейді қыздар. Қазір біреуіміздің қылышымызбен басың алынады. Сонда жігіт ең соңғы жалғыз тілегін айтқан екен. Қанішер қырық қыздың біреуі де оған қару көтермей босатып қоя беріпті.



Аралға келсе өз әкемізді де өлтіреміз – деп сертгескен қыздары тоқтау салған қандай тілек екен?

Жауабын тап та маған және мына мал-мүлікке иелік ете бер. Таппасаң бал салған күбі босағада тұр, тауық жүні тулақта ораулы. Бірінші жұмбақты шешкенің есеңке алынбайды. – Ойлауға бие сауым уақыт дейді, қазылардың бірі. Ақылы ажалды да жеңеді, ақылды жігіт қылыштың жалаңатқан қырық қызға: Менің басымды осы тұрған қырықның ішіндегі ең арысзбын, ең ақылсыз сорлымын, күнәға батқан көргенсізбің дегенің кес – дейді. Әрине, бұдан кейін іштей бақталасып бірін-бірі атарға оғы болмай жүрген қыздардың енкайсысының да алға шыға алмайтыны белгілі.

Дұрыс, дәл таптың – деседі қазылар.

Ақылды қыз тапқыр жігіттің алдына келіп, басын иіп тәжім етіпті, Сөзге тоқтау, тапқырлық деген осындай-ақ болсын.

### Аңыз

Бағзы заманда қырық құрау кара қоста қалт-құлт етіп тұрмыс кешкен бір кедейдің асқан сұлу қызы болыпты. Оны көрген жаштың есі шығып, құмарлық сезімінен ішкұса болады екен. Кәрі әке-шешесінің қарғайғандағы бар қызық – қуанышы болған қыз көңілі де көктемгі күндей нұрлы, қылығы да тәтті болса керек. Қаңбақ ұшып, сұр жел ескен шетсіз-шексіз дала, беймәлім жалған дүние, күйкі қу тірлік жалықтырған адамдар санасына ол бар болмысымен сәл де болса шаттық ұрығын сеуіп, өмірге деген сенімнің арттыратын. Сол кез адамдардың өнер атаулыдан бейхабар шағы еді. Содан да сүреңсіз дүние азабы әркімді-ақ қажытыпты. Сұлу қыз да беймәлім ортада өскен гүлдей сола бастайды. Осы бірден-бір қызығышан айырылардай қалың жұртта қаралы күй кешіпті дейді. Осылайша, жер мен көкті кара бұлт жапқандай, ел қатты күйзелген шақта жаздың жайдары түндерінің бірінде, ай әбден толысып, айнала ашпақ нұрға бөленгенде, әлгі кедейдің үш адам ғана сиярдай кара қосына ақ маңдайы жарқыраған, әсем жігіт келіп кіріпті. Жігіт бейнесінен, көңілінен, күлкісінен тәтті әзіл, өрнекті сөз, әсем саз есіп тұрғандай екен. – Мен өнер атаулының иесімін, депті жігіт кедейдің қой сүтінен ашытқан көжесін ішін, аз тыныстаған соң, - талай жылдан бері тапжылмай жағыр едім, адамзат баласының күйзелісін көріп, дүние жүзіп шарлап келемін. Қардай аппақ ниетіме тарту шығар бәлкім, осы үйден ғажап гүл көріп отырмын. Өнердің де махаббатсыз күші жоқ. Енді ел өнер қәусарынан сусындайды, сөйтіп түскен қасірет, ит тірлік ауыртпашылығын аз уақытқа болса да ұмытып жүреді.

Ал қызыңызды маған беріңіз. Әп асқағын аңсап, күй көсемін көкसेген сәттерде кеуделерге жаңа саз әкеліп, жыр жалауын тігеміз, оған дейін менің келгенімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізер бірер адам ғана біліп жүрсін деген екен.

## Жас үйленген Жаңболат

Хатшамат атты сұлу қызға үйленген Жаңболат күндердің бір күнінде, екі-үш күнге жолаушылап кетіп, төртінші күні түңделетін ауылына келіп табылды.

Жас қатынын сағынын, ойлап жатқан шығар деп, асығыс ауылға келіп түсіп, атын нама ағашқа байлай салып үйге кірсе қатыны бөтен еркекпен тосектес болып жатқанын көреді. Бұндай қорлыққа шыдай алмаған Жаңболат беліндегі қанжарымен қатынын оған қоса ойнаса байып да өлтіреді. Есігіндегі итін де өлтіреді. Үйін өртеп, дүниеден баз кешіп, қайда барарын білмей беті ауған жакка кете береді.

Бір уақытта алдынан Хатаң Шоқы кездесіп, Жаңболаттың жайын білгеннен кейін, мен ғана әйелге иемін, оны ешқайда шығармай ұстаймын деп келе жатса, қоршау ішіндегі тал саясында әйелі бөтен еркекпен күшқасын отырғанын көріп, екеуі әйел затынан безіп, ауылдан шығып бара жатып, Арыстанбек шалға жолығады. Шалдың арқалап алған үлкен сандығы бар. Оны жерге түсіріп, демін басып, екі жігітке: Әйелге бір мен ғана не болып, ешқандай еркекке жолықтырмай жүрген дейді.

Бірақ соңғы кезде сандығым ауырлап жүр, қартайғандыкіме білмеймін деп, сандығын аңса, кемпірі бір бөтен шалмен күшқасын отыр екен? Білгі айтатын сөз қалды ма?

Ғажап махаббатты асыл жанды апалардан үйренейік!

Шынайы нәктікті жауқазын жас балалардан үйренейік!

Шексіз дарханлықты кең жазира даладан,

Тылсым күні бар, ақыл парасаты мол даналардан үйренейік, ағайын!

Шажат Оспанов.

## Бір түн

Һарон Рашидтің алдына барған ғалым қыз туралы әңгіме – былай басталады. Бағдат қаласында саудагерлердің саналыларының бірі, байсалды бір адам жасапты. Қартайыңқырап келіп бір ұлды болады. Бір жеті той өткізіп, атын Әбіл Хасан қояды. Баласын жақсы тәрбиелеп, көрнекті білімді түтес оқытып, әскери өнерге де шұғылдандырып, сонымен қатар әдебиет, поэзиядан да хабары болып, өлең айтып, ән салуға да машықтандырады. Бірақ жігіт әкесі өлгеннен кейін дүние-мүлікті орынсыз шашып, тақыр өміршілікке душар болады.

Сонда жанында қалған жалғыз қанзаті өзін һарон Рашид патшана алдына апарып, сатқанда өте көп ақша, мал-мүлік сұрауын өтінеді. Һарон Рашид патшаның мұншалықты қымбаттығына таңырқап, қыздан ғалымның қанзаті

саласынан хабары бар екенін сұрайды. Сонда қыз: Тақсыр сіздің заманыңыздағы ғылым саласынан менің білмейтінім жоқ. Уа, тақсыр халифа, ғылымды үйрену қиын емес, оны керекті жеріне жұмсау керек. Ол жұмсалмаса, шықпайтын жерге егілген дән сияқты.

Мен білімді алып қана қойғаным жоқ, оны керекті жеріне жұмсау өнерін де үйрендім. Не пайда, мендегі ғылым, - өнетін жерге түскен дән. Бірақ дәні де бар, жері де бар, тек керекті күннің нұры түспейтін жер. Болмаса тақсыр халифа, мен жалпы ғылымнан қарасын танып оқу жазудан басқа тарих, әдебиет, астрономия, табиғат, жер-су жаратылысы, емдеу ғылымы, саясат, шариғат, әп-күй, музыка құралының бәріне ойнауды үйрендім. Құранды жеті түрлі мақаммен оқуды білемін. Мендей білім білсем, оның жазуын, іске қалай асуын білемін. Соның бәрін білген менің атым Кәнизак! Мұқтажды күніне сатылу үшін сіздің алдыңызға келіп отырмын – деп жауап берінгі.

Сонан соң патша сарайындағы бүкіл құламаларын шақырып, ғалым қыздан ғылымның барлық саласынан емтихан алады. Қыз ол ғалымдармен айтысын барлығын жеңіп шығады. Риза болған патша: Рахмет қызым бұл заманың босқа өтпей, ала білген адамға үлесі бар екен. Талан етіп алушысы болса, заманымыздың үйренетін ғылымы да, көркем өнері де, үлгі болғандай тәлім-тәрбиесі бар екен деп, үлкен сыйлық тарту етіпті.

Ескеретін бір жайт, бұдан һарон Рашид заманы қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған ұжымак болған екен деген ұғым тұмаса керек.

Еңбекші бұқара, әсіресе жаулап алынған кіріштар елдердің қарнайым халқы қатты езгіде болған. Бұған һарон Рашидтің дәуірі болып кеткен сопы баласының, аң аулап, сән-салтанат құрып жүрген әкесіне айтқан мына сөзінен-ақ байқауға болады.

«Мені сіз барлық келей, мүгедек халықтар алдында дүниеқорлық даралығыңызбен шерменде қылдыңыз. Дүйім жұрт нан таба алмай әуре, сіз алтын-күміске оранып аң таба алмай әуресіз.

Көрік таудың көк шыққан жерінде болады. Көгі жоқ мұз басқан шоқысында қандай ажар болады. Сіз де сондай бір шыңсыз. Мен ондай мұзды жерді сүймеймін» деген екен.

Шапқыншылықта қолға түскен олжа қыздар:

Ғайша – Есім хан олжалап баласы Жәңгірге қосады. Уәли, Бақи екі ұл туған.

Қоңырбике – Тобықты алышты.

Дәулетбике – Тоқа алған ( Айтқожа, Барғана, Сатыпалды).

Оразбике – Байбөрі алған.

Айбике – Шаншар алған.

Нұрбике - ?

## Мың түннен

Ертеде Пүрадагы тока Сапак байга 17 мың жылкы біткен. Осы байлықтың аркасында карапайым халыққа ойына не келсе соны жасаған. Осы бай Сапакты қышпак Сүгір дегеннің Сәуле атты қызы бетін қайтарады. Сапактың жал-жая жең, қымыз ішін, қуығына қан жүгірін жел біткенде тапқаны Сүгір қызы Сәуле болыпты. Жігіттік жасап, саған құштар болып қалдым, айтқан сөзіме көнесіңі деп түнде келеді. Сонда Сәуле, Е, байеке дейді орнынан тұра бере, киімдерін үстіне іліп жатып, қызжақнас әдетімен, - ақысына қанша жылқы бересің? – қай жеріме құштар болып жүресің, ойыма ма, бойыма ма? Түп қатып түргінектен, Сәуменден тапқандарыңның бәрі бір тесік емес пе? Қу құр сөзіңіз кімге дәрі? Асатпай жатып құлдығыңыз кімге керек? Алғып алқа, күміс шошны, босағаға байларыңыз қайда? Еркек керек болып, байсырап бара жатсам, сіздей қакыш кара шалдан төрі жүздерінен қаны тамған, үлбіреген жас жігіт тапшаймын ба?

Сапак не айтарып білмей қалыпты. Ақ сазандай бұлықсыған Сәуле қыз сыртқа шығып кеткенде ғана есін жинаса керек.

#

Талас жағына барып келген бір кісі айтушы еді, әлдеқандай кейікпен үйге соқса, әлгі үйдің қариясы баласына "көк айғырды ертең малдың алдынан шық" десе керек. Е, мына сорлының мына қараша үйіне қарамастан, малы, айғыры бар екен-ау деп ойлайды. Сөйтсе, көк айғыры, көк есек, мал дегені үш ешкі екен. Соның арасына қария: «Ал қонағым бата жаса» деп домаланған бірдеңені ала келеді. Онысы ала қауып болып шығады. Әрине барымен базар демекші, жоқты қайдан тапсын.

### Ноғайбай би

«Ақын деп Шөжені айт, шешен деп Бөлтірікті айт, батыр деп Сыпатайды айт» деп тектен-текке айтпаған. Қайраты тасыған шағында батырлық жасаған, ақылы тасығанда билік жасаған Сыпатай Әлібекұлы осындай болған.

#

Бірде қыз бен жігіт келе жатып, бір қойшыдан жол сұрайды. Қойшы амандасып, жол көрсеткеннен кейін: «Бәрежелді, қыздың мінген жорғасына , бұл қызды ерткен жігіт жолы болмасын ба» дейді.

Сонда қыз атының басын тартып, «ей! – есі кеткен қойшы менің шешемнің шешесі, бұл жігіттің қайың енесі, Сонда біздер несі» дейді. Әкесі мен баласын шатастыра әзілдеген аңқау қойшы ұялып қалады.

#

Шарап туралы – бір ақынның айтқан мынандай өлең жолдары бар:  
Тамаша алғашқы ішу ду сияқты,

Куанышка көтерген ту сиякты.  
Шері ғыш, аяк жағыш шерменде ғыш,  
Болады тілен ішкен у сиякты.

Осынысы болмаса, оның пайдалы реттері толын жатыр. Шарап жабырқаған көңілді көтереді, мырзалық қуатын қозғап, берместі бергізеді. Суықтан найда болған зымиянды арытпады, ішекті қалыңдатады. Ерлік тамырға қуат береді. Кәрілік көңілді серпілтеді. Ішкенде – жүзім суынан шыққан 80-күн тұрғанын ішу пайдалы.

#

Басы – сайран, сүм жалғанның соңы – ойран,  
Адам өмірі – тағдыр ойыны, біл де ойлан.  
Есіл жастық ескен желдей гүілден,  
Әлі-ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан.

Мағжан Жұмабаев

Димаш Ахметұлы – Білім мен ғылым! – ақылдың азбайтынын, білімнің тозбайтынын, өнер қуын, ғылым жолына түскеннің қол жетпесі жоқтығын ұрпағына ұғындырып, келеді. Тәңір қуә, шөл көлге, көл көкөрай шалғынға дала қалаға айналды. Еңбегін сауған елдің арқасы бұл. Бірақ, білгеніміз бір тоғыз, білмегеніміз тоқсан тоғыз екенін ендігі жас, сен соны түсіп.

Ерлік пен Елдік! – Ата көрген оқ жонады, ана көрген тон ішеді. Өнер елдің қанатына, намыс жігіттің қайратына айналды. Жау төнгенде бағыр, дау төнгенде ақыл болды. Алғау ала болса ауыздағыдан айырылады, төртеу түгел болса, төбелегі келетінінің адам қапына сіңіп келгені есеке түседі.

### Қояналы би

Бірде Тама елінің жесірін алып қашқан Алсай жігітіне Қояналы би ара түседі. Күйеуі өлген өрімдей сұлуды сексенге келген қайынағасы иемденіп, өзі алмақшы болған екен. Басқа қайындары шалдан асып сөз айта алмаған соң келіншек әлгі жігітпен қашып кетті.

Қызғанғаның қызыл итке бұйырыпты, - дейді Қояналы қарсы биге, уыздай жас сұлуды не қыла алмайсың, қылғанды көре алмайсың. Ысығар күйің болмаса, жесірді алып не етер ең. Бойына жұқпас дәмді де мұсылман баласы ішпейді. Күйлеген байталға айғыр қоспаған өзіңнен көр. Бұл жолы өзің кінәлісің. Енді ел арасын ашпа. Басқа телі мен тентегім болса жоқтамас едім, қызға бере қалың малдың жартысын ал. Ат шалан айып та берем.

Өз шалының қырсықтығына ашынған тама жағы бұл жолы намысқа шауып қасарыспады және Алсай жігіті оларға жақын жиен еді.

#

Жиен болсам өзіңнен шықтым, күйеу болсам төсіңе шықтым.

Халық ақындары атығын айтқанда қысқа-нұсқа бір-ақ нәрсені толғайды. Ол – шындық.

Шындық кісінің қолы жетпейтін аспандағы күе емес, ұсатпайтын судағы балық та емес. Шындық деген – кісінің өзі. Шындықты сүю, шындықты айтқанды сүю де жұмыр басты пенденің бәрінің қолынан келе беретін іс емес. Шындықты да, шындықты айтқанды да айнымай сүйетін күдірет несі біреу болса, ол құдай, ал екеу болса, біреуі құдай, екіншісі халық. Құдай мен халықтың күдіретінде де, қасиетінде де шек жоқ – екеуі де мәңгілік.

#

Бірінші ұстаз Аристотельдің – Александрға айтқан ақыл – қорған сөзі: «Денсаулығың, күш-қуатың тасып тұрса, сырқат жайың ойыңа ал. Табысқа басың айнала бастаса, өзің мен өзің сәтсіздік туралы кеңес. Көңілің бейқам, алаңсыз күймен толып тұрған болса, қауіп-қағер жайлы ойлап.

Бар мұратыңа жеткен болсаң, өлім барып есіңе ал. Өз жаныңа өзін сүйсініп қарағың келсе, онда зұлымдыққа орын қалдырма.»

#

Егер мемлекет белгілі бір тәртіп, қағидаға бағынып құрылмаса, белгілі бір құрылымға негізделмесе, онда биліктің саптанаты мен күдіреті, тағдыры мен тәлімі түкке тұрғысыз болмақ.

Мұндай биліктің тұрқы мен сықпаты жамылғысыз, лыпасыз гыржалаңаш адамға үксайтын болғандықтан, оны көрген жұрт жиіркеніп, бетін басып сырт айналады. Не болмаса, ол қайдағы бір қаңғыған адамдар қалай болса солай кіріп-шығып жүре беретін үсті ашық, есік, терезесі жоқ тоз-тозы шыққан үйден айнымайды. (Темір қағидаларынан өзбек тілінен аударған)

*И. Сағарбай.*

## Күш пен айла

Бірде Қажымұқан мен Иманжүсіп бір орыс саудагерінің биік ауланың ішіне қамап қойған бәйгі атын ұрламаққа бел байлайды екен. Бастаушысы Иманжүсіп, ұзын арқан алып, биік дуалдың жанына келіп, Қажымұқанның нығына шығып, арғынан серігін арқанмен тартып ішке түсіреді. Сонсоң айғырдың төрт аяғын матап байлап, дуалдың түбіне сүйреп әкеліп: сыртқа шыққан Қажымұқанға .«Тарт» деп, өзі іштен көтеріп айғырды анау көрініп тұрған үйге шейін көтеріп, арқалап апарасың дейді де екеуі кезек арқалап, із тастамай бәйгі атты тығып тастайды. Бір күні қаладан Иманжүсіп келіп: - Қажымұқан тұр, ана атты шығар – дейді.

- Өй, есіңіз дұрыс па? Оны қайтесіз?

-Қалаға қайтпн апарамыз, неғыласың, әлгі орыс әр жерге жарнама іліп, ұрыны іздеп жатыр. Сол ұры атымды қалай алып кеткенін тағы бір көрсетсе, ағ сонікі, оның үстіне 100 сом ақша беремін деп жар салуда.

-Ол алдау ғой, қолға түсірмек қой.

-Жоқ орыс өтірік айтпайды. Ұрлық атты өзіміздікіндей мініп жүреміз, әрі ақшасын аламыз.

-Мен бармаймын. Озім барып қолға түсіп өлетін жайым жоқ дейді Қажымұқан сонда.

-Сонда есің жапың менікінен артық па? Өй жолдас болмай кеткір... Онда өзім барамын, әкел бері атты деп сес көрсетеді. Иманжүсіптің көпбесін біліп, соңынан айғырды жетектеп ере берелі. Орыс көп халықты жинайды. Екеуі өнерлерін көрсетеді. Орыс ұлығы бұлардың күші мен айласына ырза болып, айтқан сөзінде тұрып, 100 сом ақшаны алақанына салып, атты да сыйлапты. Иманжүсіп жүректі, Қажекең қорқақ екен. (өзі солай депті). Ораз Сәрсендікі.

### Ұлбике Жанкелді қызы. 1825-1849

Қызылорда обл, Сырдария ауданы, А. Токмағанбетов атындағы ауылда туған. (айтыкер, әйгілі ақын). Өмірдеп озған жері Жамбыл облысы, Талас өзенінің бойы. Ұлы жүз ішіндегі Ошақты руы, Тасжүрек.

Ұлбике – Күдері Қожа, Майлы қожа, Мәделі Қожа, Таспа Қожа, Сірәлі Қожалармен айтысқан.

Бірде Ұлбике Шет (Жезказған) қаласындағы базарға мал айдап барған әкесімен ере барып, базардан қайтса керек. Ұлбикенің сапардан оралғанын естін, Күдері Қожа базарлық сұрай барынғы.

Күдері: Ұлбике үздік шықтың қазағымнан,

Күн күліп, ай жасқанар ажарыңнан.

Дәметіп базарлықтан келіп тұрмын,

Не әкелдің Шеттің барып базарынан.

Ұлбике: Қожеке-ай қуанасың жүзім көріп,

Көзіңе көзім түссе қалмайды ерік.

Әкелдім базарлыққа саған арнап,

Әдемі құндыз жаға қызыл бөрік.

Күдері: Ұлбике-ай сөйлейсің ау сөзді кері,

Жігіттің қайда қалмас ашы тері.

Үлкені үш баламның жалаңбас жүр,

Бөркінді кигізейін әкел бері – легенде

Ұлбикенің шешесі тыңдап отырса керек, А, қары, жеңілдің бере ғой бөркінді деп реніш білдіріпті.

#

Барлық хош истің қосындысы – сүйген жар. Бірақ, ол да баянсыз, мұрның көп піскесе, елендейді. Кейін ол құрғыр да әлсіз, әсерсіз.

#

Әйелі болмаған еркек міскіннің міскіні, сондай-ақ ері болмаған әйел те сорлының сорлысы.

### Қажымұқан атамыз жайлы

Әбілда Тәжібаевтың бір естелігінде: Балуан қоңыр ғана бұралған томбырасымен Иманжүсіптің әнін тартып отырып, ондай адамдар мың жылда бір туатын шығар дейді орамалымен көзің сүртіп.

Сіз ол ағаңызды көрген шығарсыз? – Қажекең маған таңдандандай қарайды. Көргенде қандай шығарым, - дейді терезідегі бір суреттерге қарап отырғандай. Қамшысын да жегенмін Имекеңнің.

- Сізге қамшы көтеріп жүрген Имекең де мықты екен.

- Мықты деу аз, түкті жүрек жолбарыстардың бірі емес пе? Жастық не істегізібейді, ақылығзылымнан жедім қамшысын. Қояндының жәрмеңкесі қызын жатқанда, бір шақар шалға тілім тиіп кетіпті.

Ол маған қамшы сілтемек болғанда, мен оны аттан жұлып алып, боз үйдің үстіне атып жіберіпін. Ызалы қарт сол бетімен Иманжүсіпке барыпты. «Інің азар берді, өз қолыммен жазаламасаң бұл дүниеде кешірмеймін» депті. Ағамыздың дауысы алыстап саңқылдап келеді. Қайда әлі Қажымұқан деген ит? Қымыз ішіп отырған жігіттер дүркіреп дереу сыртқа шықтық. Үйдей кері атының үстінде найзадай тіп-тік қалған Имекең маған шын-ақ ашулы сияқты көрінді. Мен қолымды қусырып, басымды иіп, тұрып қалдым. Әкеңдей кісіге неге азар бересің ит? - депі мұрынынан сөйлейтін ашулы ағамыз. Имекең сонан соң теңсіңкіреп кеп, қамшысымен тартып өтті. Ту сыртынан сөгіліп кеткен шығар деп ем, бітпеуір аман екен, көзім қарауытып барып, әрең жығылмай қалдым.

- Апыр-ай, аямағаны ма? – деппін сасқалақтап.

- Әрине аяғаны. Шындап соқса, екі бөліп түсірмей ме?-деп балуан маған қарады.

- Әзірейіл Имекеңнің қамшысының ұшында десетін онда жұрт.

### Қариялар әңгімесінен

Ертеде Қазақ пен Қалмақтың жауласып, ағысып-шабысып тұрған кезі. Текеске құятын шаты суынының бойын қалмақтың Донға деген батыры мекендепті. Ал Текестің бас жағындағы Байынғол тармағының онқабын қалмақтың Қаражал деген батыры қоныс еткен. Бір күні Донға батыр, өзінің шама шарқын байқайын деп, Қаражалдың жылқысын шабады. Өзеннің



басталатын аңғары Ылебасы қойнауында жатқан жылқыға жау тигенін естіген Қаражал қару-жарағын асынып, қара қасқа арғымағына мініді де Доңғаның жолын тосады.

Байыңғол мен Текес суының тоғысатын нүңінде екі батыр кезесе кетіп, шартта-шұрт ұрыс салады. Қаражал басым келіп, ауылының жылқысын құтқарып қалады. Доңға қатты жаракаттанып кетеді.

Шаты сайының аузындағы үйіне аттың жалын күшып, зорға келеді. Әлі отау тігін, түгін түтетпеген жас жігітті қарындасы аттан көтеріп, түсіріп алады.

Әке-шешелері қайтыс болған екен. Екеуі ғана тұрған. Қарындасы ағасының қанын жуып, жаракатын таңады. Жайлы төсек салып жатқызады. Содан Доңға батыр күшпен-күнге шапарлай береді. Артымда жоқтаушым да қалмайды-ау деген өкінішпен қиналады. Мұнысына қарындасы намыстанады.

- Немене, қыз деп мені қомсынғаның ба?

- Жок, қомсынбаймын. Бірақ, әлі жасың. Оның үстіне Қаражалға пар келетін қалмақта адам жоқ.

- Онда маған не қыл дейсің? – Саған ақтық тілегім: ерлігіңді сынаймын десең өзің біл, шайқасып көр. Ал шамаң келмесе сол Қаражалдың жан жары бол! – Сонда сенің жауыңды құшуым керек пе? – Мен есерлік жасап алдым, ойланбай істеген әрекетімнің құрбаны болдым. Алдымен жылқысына шауып, ерлігімді сездірейін, артынан өзі ізден келсе, сырласып, достасайын деген ойым бар еді. Ол жылқысына жау тиді деп ойлады.

- Ал, жекпе-жек кездескенде, мақсатыңды неге айтпадың? – Ерді намыс жібере ме? – айқаса кеттім. Нағыз көкжал екен, міне оның соққысының зарлабы мені көрге тыққалы тұр, артымда жалғыз қалып барасың. Ол қамқоршың болар, қор қылмайды. Сенен өтінішім сол. Осы ойымды жеткіз, көрімде тыныш жатайын.

Доңға батыр қайтыс болғаннан кейін елі Көктөбенің желкесіне жерлеп, қабырына төбе қып топырақ үйіп, белгі соғады. Содан біраз уақыт өткен соң, қарындасы ағасының сауып-сайманын қияды да, Қаражал батырдың ауылына аттанады. Ауылдың өкпе тұсындағы биік төбенің басына шығып, жылқының ту құйрығынан жасалған қара туды жерге шаншып қояды да, дабыл қағады. – Менің Қаражалда кегім бар. Оны жекпе-жекке шақырамын, хабар айтыңдар, су жүрек болмаса тез келсін!

- Байғұс бала-ау, онда нең бар, өлесің ғой.

- Ол менің құныкерім, қанды қол деп тепсінеді.

Тепсініп тұрған жас жігітті аяса да, тіл алатын түрі болмаған соң, әлгі кісілер Қаражалға барады.

- Батыр бейтаныс уыздай бір жігіт қыл құйрық қара туын жерге қадап қойып, сені жекпе-жекке шақырып тұр. – Ажал айдап жүрген кім екен ол?

- Сені қанды қол күншөкерім деп, өрекініп тұр.  
- Соғыстың салтын білмейтін есалаң біреу болды ғой, ұрыста кім өлмейді. Күші жетсе, жауың аяй ма сені?  
- Өзің бармасаң, басқаны тыңдайтын түрі жоқ.  
- Қуып тастамай, баланы да басындырғандарың ба?  
- Жекпе-жекке шақырып, қасқайып тұрған батырды кімде болса сол шақырған адамынан басқа біреу кедергі жасап, араға келуші ме еді?  
- Атты әкеліндер! – деді де, Қаражал сауыт-сайманын киіп, найзасын тақымына қысады. Бөрі басты көк туып көтерін, бала батыр тұрған төбеге жетіп барады. Туды жерге шашып, жас батырдан жөн сұрайды. – Қане сөйле, іздеген Қаражалың менмін! – Сенен алатын құным бар! – деп, талшыбықтай бұралған жас батыр найзасын кезеңін тұра қалады. Батырдың бір айтып, шорт кесетін салты. Сөзге жоқ, Қаражал да қарсы ұмтылады. Бірақ, найзаны дәлден сілтемей, бопсамен жасқантпақ болады. Бір – екі дүркін жас батырдың найзасын тайқыға қағып жібереді.

Бір кезде арындағын бетпе-бет жеткен жас батырды найзаның ұшымен қабырғалата қағып, аттан аударып түсіреді. Домалана құлаған жігіттің басындағы дулығасы ұшып кетеді.

Сонда есала құлаш қос бұрымы жыланша ирелеткен жерде шұбатылып жатады. Мұны көрген Қаражал аттан секіріп түсіп, қызды қолтығынан демеп, тұрғызады. – Ей, мұның не? – Әйел басыңмен ажалға қарсы шауып не басына күп туды?

- Мен Доңғаның қарындасы едім, - дейді қыз көзінен жасын сорғалағын. – Доңға батырдың өзі қайда? Ол сенің соққыңның салдарынан қайтыс болды. Өлер алдында Қаражалдың қайратын байқап, дос болайын деп ауылының жылқысына шауып ем, егесте елдік болмайды, соққысы қатты тиді, сен менің кегімді кумай-ақ, тілегімді орында, Қаражалға жар бол деп тапсырды. Үйіңе кіріп баруға әйелдік арым жібермеді. Онда сен де иілгіл қадірлей қоймасын. Не де болса найза сілтесіп көрейін деп әдейі жекпе-жекке шақырдым. Сөйтін, Доңғаның соңғы тілегін орындадым.

- Айкаста кімді-кім аяушы еді. Доңға аңғалдық жасапты. – Онысына өзінде өкініп өтті.

- Найзаның ұшы батырларды табыстырмайды. Ақ жүрегін ұсынса, шдынан құшақ жайып, шықпас па едім. – Маған айтқан өсиеті сол ақ тілеуі шығар.

- Онда мен де тілеуін қабыл алдым.

Сөйтін, Қаражал батыр қазақ пен қалмаққа жар салып, үлкен той жасайды да, Доңғаның қарындасын алады. Екеуі тату-тәтті ұзақ өмір кешеді. Екі ел арасындағы атыс-шабыс та тиылады.

Жоғарыдағы әңгімені үлкен кісілер ауызының суы құрып, тамсанып айтып отырушы еді.

*Адамдағы алты асыл қасиет:*

Зерде, зейін-тылсым сырларды ұға алатын;  
Өнер, өрісі – өмірден әнерер сыбағасын;  
Тапқырлық, талап, ерлігі – дұшпанға найза суға алатын;  
Жігер-күші – аяқтап шалғанда жыға алатын;  
Қайрат, қаруы – қиындыққа сыналатын;  
Білім – қанағаты – биікке бастан шығаратын.

*Үш асыл мінез:*

Шыншыл болсаң қол жетпес, шыңда өккен шынарың;  
Адал болсаң аңқылдақ, ізгілікке құмарсың;  
Адал болсаң ақжарқын, жақсы іске билік қыларың;  
Өмірдің арқауы, өркені, өзегі;  
Ас-өмірдің арқауы, тірлікке берген мәңгі пәр;  
Су-өмірдің өркені, тамшысы шөл қандырар.  
От-өмірдің өзегі, мұзлағанды жандырар.

*Адамның үш байлығы:*

Әуелгі байлық – денсаулық,  
Екінші байлық – еңбегің.  
Орнататын бақша-бау,  
Үшінші байлық - дос, туыс.  
Олар барда алмас жау.

*Тоғыз жауың тағы бар.*

Басты жауың – жалқаулық, сорлататын жаныңды.  
Осалдығың – аңқаулық, соқтыратын саныңды.  
Жасқаншақ болсаң – ұры алар қорадағы қойған малыңды.  
Жалатқызбас жасықтық аузыңдағы балыңды.  
Өтірік айтсаң өңмендеп, жоғалтарсың арыңды.  
Өсек терсең телмендеп, суға кетіретін саныңды.  
Көпірме босқа мақтап ғып түкке тұрмас барыңды.  
Көрінгенге жалтақтап, бола алмайсың жағымды.  
Біреуді алдап, арбаумен аша алмайсың бағыңды;  
Сөйтіп, Қоныс батыр қызды сөзбен жеңе алмай, еліне қайтқан екен.

Халқымыздың «сөз тапқанға қолқа жоқ» деген макалы осындайдан шыққан ғой.

Бейсенбай Әлжақсыұлы.

Уақыты өткенде айтылған сыр – әңгіме,  
Уақыты жетпей айтылған сыр – әшкерсе.

## Діни ұғым

Жер бетіндегі ең биік лауазым адам болу.

Өмір сүруде, уақытты өткізуде, мұратқа ташынуда ұғымның орны ерекше.

Дүние жүзіндегі ең бір шығырман, ең бір қиын оқу ол – дін. Дін деген не? – Дін – ғылым, паным, мәдениет, әділдік. Біз, қазақтар, осы жоғарыдағы айтылғандарды толық түсініп орындасак, қиын ешнәрсе болмайды.

Оны халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрінен, білім-білігінен, ой-санасынан, мәдениетінен, ғылымынан бөліп қарауға болмайды. Алла дінді адам үшін жаратты. Дінді қастерлейтін де, қадір-қасиетін қашыратын да, берекесін кетіретін де – адам.

Дін – Отанды сүйуге, туған халқын қадірлеуге, ата-салғын әсептеуге, ата-анасын сыйлауға, ардақтауға, адамдар бірін-бірі құрметтеуге үндейді. Осы жолдан айнуға болмайды. Әрбір отбасы, әке-шеше, туған баласын асырап-сақтап, тәрбиелеп, қатарға қосуға міндетті. Ал, ұл мен қыз әке-шешесінің қартайған шағында бағушысы болуы шарт. Бұл екі жақты оорып болып есептеледі. Әр пенде Алла алдындағы бес парызын атқарғанда ешкімге міндетсімей, тек өзі үшін өтейтінін есінен шығармасын. Осы тұрғыда дін жолы осы екен деп кез-келген адам уағыз айтуына болмайды.

Пайғамбарымыздың өзі бір хадисінде «Дінге шектен тыс берілмендер» деген екен.

Өмірде болатын қанағатсыздық, үстемдік, халықты қанаушылық, жемқорлық жайлап тұрған, бәрі де жетпей, жетімеіздік жайлаған елде дін ұғымы – әрине, алдан-арбау. Дін жеке адамның өз ойымен таныған күші. Мысалы: біреу күнге, біреу отты күлді таниды, онда дін сенім деген сөз болады. Егер біреу өктемдікпен әміріне бағындырса, онда дін – әлде қандай бір пайғамбардың үстемдігі. Біреуді біреу күл етуге, қакқан қазық, ойлаған жіп деген сөз.

Діннің жақсысы өмірге сену. Қолың нені ұстаса, көзің нені көрсе соған сен. Ең бірінші жүрегінде Алла болсын. Көргеніңді күдірет деме, өзіңдей бір зат деп түсіп. Сонда жұмбақ ентене қалмайды.

Барлық керегін жерден табылады, көктен түсетін түк те жоқ. Әр адам өзінің қарақат басы үшін өмір сүретінің ескеруі қажет.

Шығыстың сері шайыры Омар Хаям да, сан алуан ілімді меңгерген, сұлулықты сүйген, оқымысты бола тұра заманнан түңіліп (діни уағыздардан) шаршаған екен. Шығыстың жеті жұлдыздарының да шекпеген азабы, көрмеген қасіреттері аз болмапты.

Омірге деген ұғымдарын (түңілгендіктен) ең аяғында сәуегейлікке ұштастырыпты.

Осы қазіргі заманда, қан төгіе, соғыс, неше түрлі жағымсыз іс-әрекеттер, тәртіндез қабылданған діни уағыздар жемісі.

Діни ұғым, тәртіндез ұғымы, адамн ұғым ең бірінші еліміздің патшасында болса, әрине халқы қолдан мойынсұнады.

Өткен уақытқа есен бере отырып, алдағы уақыт үрейлі болмай, үмітті болсын дейміз.

### **Жусан иісі**

Баяғыда туған елінен жырақ кеткен бір ұлды еліне ағайындары қанша шақырса да, қайтқысы келмейті. Артынан ізден келгендер анасы беріп жіберген дәмді берелі. Жігіт шешесі әзірлеген күрт-ірімшікті жейді де, үйренін қалған екінші мекенінен қайтқысы келмейтінін айтады. Жан төресыққа құйын әкелген қымызды ұсынады. Жігіт оны да сіміріп алып, бәрібір қайтқысы келмейтінін қайталайды. «Еңдене көзіндеі көрін жүр» - деп әкесінің теренді ескі шапанын ұсынады. Бұл жаққа жалаңаш жүр дегендері ме? – деп жігіт оған да мән бермесе керек.

Сол кезде жігіттен күлер үзген туыстары аттанын бара жатып: «Қайда жүрсең де аман жүр. Туған жерінді сағыпсаң, осыны иісеп, мекенінді есіңе аларсың!» деп оған қурап қалған, бірақ иісі бүрқырап тұрған жусан ұсынса керек. Сонда жусанды иіскеген жігіт орнынан атып тұрып, Ағатайлар-ай, мен де қайтпасам болмайды екен деп, ағына жүтірген екен дейді.

**Қожанасырдың аты**

Өзірбайжандар – Молла Насрадин.  
Арабтар – Жуха  
Албандар – Настрадаини  
Башкүрттар – Хужа Нәсретдини  
Болгарлар – Насрадин Ходжа  
Босниялықтар – Насрадин Ходжа  
Гректер – Насратин Хаджеа  
Игальяндықтар – Джуфа немесе Джуха  
Қазақтар – Қожанасыр  
Қарашай – Балқар – Насра Ходжа  
Қырғыздар – Апенди  
Қытайлар – Афанги немесе Афанджи  
Құмықтар – Молла Насюртгюнь  
Күрдтер – Молла Насредин  
Лезгиндер – Молла Насретдин  
Румындар – Насратин Хаджеа  
Нарсылар – Насридин  
Тәжіктер – Хоча Насридин, Афанди  
Татарлар – Хужа Насретдин  
Түріктер – Насреддин Хожа  
Түркімендер – Әфенди (Епенди)  
Өзбектер – Насридин Афанди  
Үйғырлар – Насридин Әпенди  
Шенендер – Молла Несарт – деп ағайлы екен.

## Қойма туралы әңгіме

Ақтау аймағында туып-өскен, өмір сүрген Сайдашы руының Сүгірәлі тармағының Құлыбек деген кісінің басынан өткендері туралы айтылады. Өкесінің аты ұмытылды. Құлыбек алты жасында әке-шешеден жетім қалып, Ақтауда болыс болған Болтайдың қой-қозысын бағыпты. Сол болыс Болтай, байларды тәркілеп, малдарын алады екен деген сөзді ертерек естіп, жылқыларын сағып, қалғанын ағайын-туысқа, балаларына бөліп беріп, өзі Ақтаудан басқа жакқа көшіп кетеді. Сол кеткеннен хабарсыз, білген адамдар болмапты. Малын баққан малшылары мен жылқышылары да еңбекақысын алған соң өз беттерімен кетеді. Болтай жинаған құнды заттарын, көшкенде жол торушылар талап алады деп (қайта келер уақыт болса алармыз ) өз қыстауынан жоғары сайдағы Аққыстау көңінің қыста түйе қамайтын биік етіп жабылған (түйелер емін-еркін кіріп-шығатын) Жартас пен Қора қабырғасының арасын көмдіріпті. Оны Құлыбекпен бірге ойнайтын құрласы Ибрахим, Болтайдың немересі, Пакыптың баласы аңдаусызда Құлыбекке айтып қояды.

Ал алты киіз үйді Пакып көңінен сыртқы қабырғасына терең ұра қаздырып, соған көміпті. Бұл ұраны Құлыбек өзі қазысып қойыпты.

Сол Құлыбек Отан соғысынан қашып, қашқын атанады. Соғыстан қашқан кісілерге қосылып бір жылдай, Шу өзені бойына қыстап, бірге болады. Астындағы аттары да қуса жетіп, қашса құтылағын атакты аттар болыпты.

Қашып жүргендердің күнкөрісі ел үстінен болыпты. Тамақтары ет, құрт, ірімшік екен. Ыдыстары қыл бақыр, торсық болыпты. Елсіз қыстау, күзек, кейде күмбезді бейітгерді мекен етіпті. Суы бар бұлақ, құдықтарды сыртынан бақылап, кезектесіп күзетіп сақтық жасайды екен. Құлыбек бірде қасындағы қашқындармен келісе алмай, не көрсем өз маңдайымнан көрейіндеп бөлініп кетеді. Қайда барарын ойлағанда, өзінің туған жері есіне түсіп, Ақтауға бет алады. Жаз кезі болса керек. Құлыбек тек түнде жүріп, күндіз тау ішіне, ыңғайлы жерге бекініп, тынығып тамақтанып отырыпты. Қараңғылық түсісімен , елді мекенге соқпай, тура Жакып көңінің оңүстігіндегі Жандыр қыстауына келіп, қалың тал ішіне атын арқадап, өзі қыстак жанындағы жартас ішіне кіріп, тың тыңдайды.

Шамалы уақыт өткенде бозарып таң атады. Атына келіп, қоржындағы қалған тамағын жеп, бұлақтан су ішеді. Атын суарып алып Болтай қыстағының алдындағы Қаракұдықта отырған ауылға барғысы келеді.

Сыртынан біраз қарап отырып, бөгде аламдар жоқ-ау деп ауылға келеді. Өзінің бұрын танитын ағайындары болған соң сеніп бір күн қонады. Көптен далада болғандықтан, шайға қонып, қымыз ішіп бір жасап қалады. Ауылдағылардың айтуы бойынша қашқын іздеушілердің көбейгендігін айтады. Құлыбек қонған үйінен торсығына қымыз құйғызып алып

Ақтаудың батыс жағына асатын Саңқай кезеңінен асын түсе бергенде, оламаған жерден қарулы екі адамға кездесіп, кейін бұрылып тақым қаққан кезде мылтық атылып астындағы аты омақаса құлайды. Құлыбек те жан тәрмен тұра сала қалың терек арасына кірмекші болғанда, екінші атылған оқ қара санының етін тесіп өтіп, құлап түседі. Басын көтеріп қараса, бір орыс, бір қазақ аттан түсе сала Құлыбектің қолын кейін қайырып жіпшен ойылап тастайды да, оқ тиген аяғының қап аққан жеріне кигіз күйдірін басып, таып тастайды. Оқ тиген ағты бауыздан, Қайнарда отырған екі кигіз үй адамдарына айтып, Құлыбекті тұтқындан Қызылтаудағы түрмеге қамайды.

Біраз уақыт өткенде Құлыбек түрме бастықтарымен достасып алады. Оған себеп, жер таып, жол білуі. Түрмедегілердің астына қарағаннан омақа төсеніп болмапты. Кезектестіріп мәліш қой отарларын бақтырғанда атқа жайдақ мінгендердің күйрығы ойылып, қойды жаяу бағды екен. Құлыбек енді түрмеде отырып, Болтай қыстағындағы көмізген киіз үйлерді түрме бастықтарына айтып, екі өгіз арбамен келіп, қазып алып келіп, түрмедегілерге төсеніп, қой бағатындарға қабақтап, тартпамен тартып ергоқым ретінде пайдаланыпты.

Сонымен соғыс аяқталып, төрт жыл түрмеде отырып, ақыр аяғында өйің жұғымдылығы арқасында босап шығады. Семьясыз қиып болғандықтан соғыста қайтыс болған Төлен деген кісінің әйеліне үйленеді. Әйелдің Сейітхан деген жалғыз ұлы болыпты. Қосылған соң сол әйелден бір қыз туып, Құлыбек ақсақал Сейітханның қолында тұрып дүние салады. Сейітхан басына там көтеріп, тас қояды. Бейіті қазіргі телжан қажының бейітінің шығыс жақ алдында.

Бергін келгенде Болтайдың қоймағы есіне түсіп, жалғыз өзі қазуға тұра үстінен түспесе қиып екенін, біреулердің ертіп барса ол қандай жағдайға қалдырады деп ол қыстауға аяқ баспапты. Енді қартайған шағында біреулер біліп қалсын деген ниетпен Ақтауда тұратын үш кісіге аманат есебінде айтады. Елубаев Айдарханға, Достасев Игілікке және Жаркенов Аманайға. Бұл үш кісі де қайтыс болды.

Достасев Игілік, маған, Шапау бұл қойма туралы саған айтушы менмін. Сол қойма маған арман болып барады. Талай көне қоздер мен өлгіме сұхбат құрып, байлардың талай қоймасы қай жерде екенін біле тұрып, саған мойын жар бермей міне бүгінгі күні Жаңаарқаға көшіп барамын делді.

Ал мен болсам Райыста туып, Ақтау тауы аймағын аң аулап, көп аралағандықтан, атпен кейде жаяу жүріп, сол Аққыстау көңін бірнеше рет көріп өттім. (жанынан)



Сол өткен адамдарға бұйырмаған дүние кімге оңа бермекші деп мен де қазып көрмедім. Жалғыз өзің барып қазайын десең біреу сыртыңнан қарап тұрғандай, ұрлық жасағандай күй кешесің де тайсақтайсың.

Бір тылсым күш алыңнан көлденеңден, арқан кергендей ойда боласың.

Қазіргі күнде Қарағанды қаласының, Октябрь ауданында жетпістің біріне шығып, ойды ой қозғап, жан-жағыңа абайлап қарап, күй кешіп жатқан жай бар. Сол қойма осы жазбамен кейінгілерге аманат.

### **Гибрат сөздер**

Азда бар, көпте жоқ. Тәртіп содан бұзылады. Еріксіздік тұрған жерде ешуақытта пейіш болмайды, ол дозақ. Жеке меншік бар жерде, әділет болмайды. Әділетсіз жерде рақат болмайды. Қылып тұрған жерде еріктілік болмайды. Ас деп жегенің қайғы, киім дегенін кебін. Үй дегендерің көр. Тәтті деп ішкендерің – у. Дін тәртібінің бұзылуы осы жағдайларға әкеліп соқтырады. Ассаң, толсаң – төгілесің.

### **Көркемдік**

Адамды сұлу еткен оның денесінің, қолының кербез, өте керемет сапсыз қозғалысы, көзқарасының құбылуы күлкісінің күмістей тазалығы болса, сол көркем қозғалысты, құбылмалы оттай ыстық көзқарасты, таза күлкіні туғызған адамның бақыттылығы, қуанышы, шаттық өмірі, уайымсыздығы екен.

Қуанышты адам тынымды білмейді, оның секіргісі, билегісі келеді. Қуанышты адам тыныш жатқанымен, оның жүрегі тулап, дүрсілдеп тұрады. Қуанышты жасыруға болмайды. Ол үлкен қара көздерді ойнақшытып, жайнағып, алма бетті күлкіге шомылдырады.

Міне, Адам қуаныш, бақыттан айырылса, солған гүлдей көркемдігінен айырылады.

Адамның сүйкімділігі, көркемдігі – қуанышты өмірде бақытты екен. Былайша айтқанда, адамның көркемдігі – бақыт пен қуаныштың көркемдігі екен. Мен өмір көркемдігі деп осыны айтам.

*Неке қиярдың қазақша батасы*

Қорқа қорме қарағым,	Талай-талай апаларың,
Барлық жүрек бір дір етін,	Салып кеткен қоранғы.
Содан кейін қоятын,	Кейбіреулері тоймай қалып,
Барлық қыз да бір ышқынып	Осы-ақ па деп сұранғы
Қалатын да тынатып	Сен де ұялма еркін бол
Қуанғанның бәрі де	Дүниедегі қызық сол.
Арты қайыр болатын	

### Ғабит Мүсірепов

Ер мен әйел жұпсыз тұра алмайды. Қатынасыз тағы да болмайды. Оның пайдасы бойды жеңілдетеді, қиындайды. Сүйіспеншілік сусынын қалдырады. Ашуды басады. Бірақ осындай бола береді деп, қысы-жазы күлшіна беруге болмайды, оған да есеп болуы керек. Ерлер үшін пайдальсы тек жас, әлемі әйелге қатынастап табылады. Қарт не кесел әйелге қатынас әрине зиянды.

Абзалы ас ішкеннің артынан, күндіз болса қауап жеген қолайлы.

### Өсімдіктер

Анабазис - итентек. Мак - қокпәр.  
Акация Песочная - құмқараған. Марьянахучая - алабұта.  
Аконит - уқорғасын. Межжегельник - танал арша.  
Астры - ақ кекіре. Магельник - адыраспап.  
Асафетид - кеурек. Молочайник мошный - қуағты сүттіген.  
Барбарис - бөріқарақат.  
Белена - меңдуана. Мордовник - ақ құрай.  
Белена черная - Қара меңдуана. Мытник - сақау шөп.  
Боярышник - долана. Незабудка - ботакөз.  
Вероника - бөденешөп. Обепиха - шырғанак.  
Верблюжая июльчюка - жантак. Опий - алышп.  
Ворсянка - қожакендір. Очанка - дәрібас.  
Вьюн - шырмауық. Пихта - Майқараған.  
Герань - қазтамақ. Подмаренник - қызыл бояу шөп.  
Горчавка - Шерменгүл. Польшь - жусан.  
Герчиха альпийская - тау қарақұмығы. Польшь Седал - ақбас жусан.  
Даршне - дермен. Примулы - бәйшешек.  
Девясил - андыз. Пустырник - сасық шөп.

Джигда - жиде. Примула - наурызпешек.  
Доларция - текесакал. Равень - рауган.  
Душица - кийкоты. Редис - шалгам.  
Ежевика - сиырбүлдірген. Ренешка - кырымшопаган.  
Желтушник - сарыбас шөл. Скабиоз - таужанырак.  
Живость - казоты. Смолевка - сылдыршөн.  
Ива - тал. Хвоя - кылканжанырак.  
Ирис - құртка. Чебрец - тасшөн.  
Зверобой - шайкурай. Черета - итшопаган.  
Зизлфора - көкмерен. Черомуха - мойбыл.  
Канерис - киеуіл. Читотел - сүйелшөн.  
Кишрит - күреңог. Шиповник - итмұрын.  
Кондыка - жаукарын. Эрамуре - шырын.  
Ковыль - боз. Эфедра - кылша.  
Колокольчик - коңыраубас. Ясенец - шаған.  
Кузиция - шоцайна. Роза- раушан.  
Лилия - далагүл. Рябина - шетен.  
Лук дикий - жабайы жуа. Солодка - кызылмия.  
Мальва - құлкайыр. Софора - ақмая.  
Тигчан - бетеге.

### Құстар

Баклан - караказ. Сокол - сұңкар.  
Балабан - ителгі. Фазан - қырғауыл.  
Дербник - тұрымтай. Филин - үкі.  
Джек - дуадақ. Чаули - шәулі.  
Олянка - сушылқара. Чеглок - жағалтай.  
Пеликан - бірказан. Ястреб - қырғи.

### Балықтар

Жерех - ақмарқа. Маринка - шармай.  
Осман - көк бас балық. Учач - каяз.

### Мата атаулары

Атлас, Дүрия, Кашмир, Сылаң, Торғын, Ақау, Дәке, Күлдәрі, Сұрып, Тік, Батсайы, Жібек, Кенеп, Сыңсыма, Тапта, Бөз, Жібекатқан, Ләйлі, Сәндіп, Пүліш, Биқасап, Зәрің, Мақпал, Сиса, Парша, Бояк, Күнтүн, Манап, Станбұл, Шыт, Бәтес, Қыжым, Мағанқара, Сәлдебоз, Шибарқыт, Барқыт,

Ғымқан, Мықсым, Сәтен, Шыдаған, Берен, Қырмызы, Мауытты, Тұқаба, Шәйі, Барша, Қамжа, Най, Торқа, Шұға, Шағи.

## Мұзтаулар

1854 жылы теңізшілер ұзындығы 120 км, биіктігі 90 метр үстел сияқты мұзтауды көрген. Ол жыл бойы оны жиырма бір кемелің теңізшілері көрген. Ол экватор жаққа жаққа қарай жүзе берген.

1904 жылы "Зенит" кемесі Фолкленд аралының жаңынан биіктігі 450 м сұлбасы пирамида сияқты мұзтауды көрген. Олар Арктика аралдары мен Антарктида материгінен жарылып, бөлініп шығады. Мұзтаулардың сулап көрініп тұратын тек жетіден бірбөлігі ғана екенін ескерсек, оның көлемі қаншалықты болағынын көзге елестетіп бізе беріңіз.

## Кім боламыз

Қазақтың күдіреті неде? Қазақтың күдіреті жаңында, тілінде, сөзінде. Қазаққа «ерлі кебенек інінде таны» деген керемет мақал бар. Адамгершілігіне, имандылығына, ақыл парасатына қарап таны деген сөз. Қойшысың ба - жасың сексенге келгеніне қарамастан, өмір бойы босағала отырумен өтесің. Бастықысың ба - бала болсаң да, төрге нық айналайын. Президент әкімшілігінде жұмыс істейсің бе - мынау күртша қайнап құжынаған халықты алдында күрдай жорғалап, отырғыз, тұрғыз, жатқыз, білгеніңді істе. Бұл қандай тірлік? Мекемесін басқарсын, мархаббат, бірақ әр адамның жеке өмірін басқара алмайды. Құдай ғана басқарады. Ал байлық бір жұттық. Қазаққа бай көп, бірақ ғылыммен, ақылмен байыған ешкім жоқ. Ғылым деген - асықпай, түбіне дейін зерттеліп барып жасалатын нәрсе. Асығыстықты, марапатты қажет етпейді. Ғылым - ешқашан, ешкімге мойынсұнбайтын адал парасатты кәсіп. Байлықтың екі түрі бар, бірі қазба байлық, екіншісі - ғылыми байлық. Жердің қазба байлығы бір күндері таусылады, ал ғылыми байлық оқыған сайын көбейетін, арзымайтын байлық. Осы тұрғыда бүкіл әлем біздің елімізді алатын-беретін шикізат есебінде ғана таниды. Біздің жас байлар ғылыми жаңалық ашып соны өндіріске енгізген жоқ, техника жасап содан табыс түсірген жоқ. Бүгін бар, ертең жоқ байлыққа құр босқа малданып жүр. Осылай ой түген болсаң ертеңгі күніміз не болады? Бір билік, бір ылғый нұрмен қазақ елі, қазақтар өркендеп өсе ме?

Осы идеямен кете берсек, тіліміз жойылып, өзі аз ел біреулердің ықпалымен кетеді.

Бүкіл тарих мен, менің отыз жылымен болады дейтін адам бар. Маңайы соған жел беруде. Жабыла сол дірмекке қосылады. Баспасөз соған орын береді. Жастарымыз зердесіз оқу мен күйкі тірліктің шырмауынан әріні ойламайтын болып қалады.

Тарихтағы өткен, оқыған дәуірлеріміз сияқты қазіргі билік те бір госқауылға ұшырары сөзсіз.

## Тілегіміз

Жас ұлғайып, ана дүниені мойынұсытқан сайып халқыңды қимайсың. Артыңда келе жатқандар, еңсесін тіктеп, етек-жеңін жинап ел болса екен дейсің. Сондайда ұлттың жақсы жақтарынан гөрі кемшілігі көбірек есіңе түсе береді. Қазақты түйе мінезді ел дейді. Рас шығар. Қасқыр түйені өз бетімен ала алмайды. Сосын оның алдына жатып алып аунайды екен. Оны қызық көрген түйе байғұс етпейтін, оны иікемек болады. Сол сәтте қасқыр оның май түмеығына жармаса кетіп, өзгелері жабылып, ақыры құлатады екен. Құдай-ай, сол түйе мінезді аңқаулықтан еліміз аулақ болса екен.

Қазақты кейде қой мінезді дейді. Ол да рас шығар. Қой байғұс момынның момыны ғой.

Атақты Гегелдің сөзі: «Мінез-құлық – әркімнің өзінің кейпін көрсететін айна» депті. Ендігі бар ойымыз біреу-ақ. Ұрпағымыз есті болсын деп тіле. Өз қара басын емес, елінің тағдырын ойлайтын азаматтар көп болсын де. Есті ұрпағы бар елдің ғана ертеңі нұрлы.

Әл-Фараби: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» депті. Лйтқаны анық қой.

Ертеден келе жатқан аңыз бар. Атақты Сүлеймен патша саусағына ылғи жүзік тағып жүреді екен. Замандастары оның сырын өз уақытысында біле алмапты. Сөйтсе ол жай жүзік емес екен, асты-үстінде жазуы бар екен. Сол жүзіктегі жазу «бәрі өтеді, бұл да өтеді» деген екен. Өмірдің қалірін қариялардан сұрау керек. Солар ғана айта алады. Міне бізге де ХХІ ғасыр есік қақты. Еліміздің едәуір көтергенін көрдік. Ұлттымыздың азаматтығын көріп отырмыз. Ендігісі артында жақсы ел, есті ұрпақ, көреген басшы қалса, бақыттың үлкені сол.

«Адамды түсінен тану оңай, ішінен тану қиын» - десе де, адам танудағы көңіліміздің көкжиегі кеңі түскендей. Өзім үйлеріңде болған әр әулет - мен оқыған терең тағдырлы кейіпкерлері бар роман сияқты.

Әр адам өз орбитасында жүрген бір-бір жұлдыз ғой. Оның өзіндік ерекшелігін, қасиетін тану үшін оптикалық шыны қажет емес. Тек қана жанына, жан-жүрегіне үңіліп, жақын барып білу керек. Адам құпиясы әр түрлі іс-әрекеттердің, әңгіме-дүкендердің арқасында, біраз уақытты жұмсап барып, ашылатын дүние. Ия азамат атанып, өз алдына отау тіккелі жарты ғасырға жуық уақыт өтіпті. Егер әу баста маған мынау сенің үйіңнің кілті

тен ұстатқан болса, онда осынына жаңдармен туысанаған туыс болар ма едім, аламану атты шекеіз әлемнің кейбір ғана «бөлшектеріне» осынына жақын барып білер ме едім.

### Біздің біліміміз

Бүгінгі күні жасы жетпістен асқан, алды секесінен асқан казак шалдары қалада қолайлы орын тауып алып, уақыт өткізу үшін белка өйнайды. Арасында бұрынғы өткен уақыттағы жағдай мен осы қазіргі кезең арасын салыстырып дауласып жағалды. Кенес дәуірінде жетпіс жыл бойы біз техниканы меңгердік деп тымағымызды аспапға жақтырлық, масағандық. Ал шындығына келсек біздің казак техниканы мүлдем керек қылмағны. Күнделік өмірге қажет мамандықты менесіпбей, бәрі де заңгер, дауазым иесі болуға, саудамен айналысын бизнесмен болуға, той басқарушы асаба болуға, шапша-тоқ тойшылы болуға ұмтылышты. Бір ғана мысал: Қалада тұрып, үйіне электрик, саптехник мамандарды шақырсаң бәрі де басқа ұлт өкілдері. Көптеге шығып, осы заманғы жаңа техникамен асфальт жол салушылар бәрі орыстар. Күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттар, телевизор, шаңсорғыш, радиоқабылдағыш, тоңазытқыш, сағат ең ақыры құлын кіліттерін жасайтындар да басқа ұлт өкілдері.

Қазактың екі оқу орынын бітірген балуан жігіттері жұмыс таба алмай, «Алтын арба» - базарында қол арбаға жегіліп жүр. Бұл ұсақ-түйек бергі жағы.

Бүгінгі күні заводтар мен басқадай жұмыс орындарынан казак жастарын көп кезіктіре алмайсың. Сонда дейсің-ау, келешекте казак елін, казак жерін кім басқарып, кім қоркейтпек. Әлде біз казактар ғарышқа ұшып кетеміз бе? Біздің білім ошағындағы дәріс берушілердің күнделік тірлік үшін ғана күй келуі ме? Оқыған-тоқыған жастарымыз қайда?

Білім беру саласының мәртебесін көтеріп, ұстаздардың дәрежесін көтеретін заңнамалар шығарып, құрметін көтеру керек. Өзіңді өзің сыйласаң жат бойыңнан түңілер дегендей. Біздің казак еліне керегінің өзі оқу емес пе? Оқығанға он бауырсақ демекші. Егеменді ел болғанымызға қаншама жыл болды, оқу ошақтарында ешқандай нәтижелі жұмыс болмағандай. Білім министрлері білмей ме, білсе де қоғамдық орындармен санаспай, өз дегенімен басқарғысы келеді. Ел сенімін ақтамайтын азаматтар осындай болса басқалар не істемейді.

Қазіргі ел арасында сайқымазақ сөз бар. Ол алғаш мектеп табалдырығын аттаған жас жеткіншектер, мектепке титтей болып кіресің, иттей болып шығарсың деп таңдайлары тақылдайды. Қазактың ұл-қыздары ата-ана тәрбиесінен ада қалып барады. Олай демеске шараң бар ма? Оған көгілдір экраннан көрінген «кел, келінім» бағдарламасы. Апыр-ау, ұлымды

үйлендіремін деп, үш ай бойы сол хабарға барған казак әйелдерінің есі дұрыс па? Үйі, отбасы, баека баласы, шалдарын тастап бүкіл казак еліне мазак болмағы несі. Қазак елінің салтында жоқ зуренілікті сахналағандарға Әйі!- койындар дейтін зиялы бір казактың болмағаны ма? Ең әуелі тәлім-тәрбие болмаған жерде біз қайбір білімді берекелі боламыз.

## Ойлар

Ел арасында зиялылар деген атқа ие болған қауым арасында ауызбіршілік жоқ. Осы жайды елеп-екшеп келгенде зиялы деп кімдерді айтарыңды білмей тарығасын. Қазактың саны үркердей ғана шағын ел, осы елдің әлеуметтік жағдайын көтеру жолында бірлесіп ой толғайтын, уәж айтатын зиялылар төменшектен, кімнің тарысы піесе соның торғайы болады. Ел арасында қара қылды қак жарып айтатын талай ер азаматтар баршылық, бірақ, көзі жайнап көре тұра зағиң, тілі бар бола тұра мылжаудың күйін кешеді. Киіз казык жерге кіреді, тоқпағы мықты болған соң. Көп қорқытады, терең батырады демекші, осы зиялы, білімді азаматтардың бірлесіп шындық айтар, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарар уақыты қанша болар екен. Қазактың бір сөзі бар: бір қызымнан бір қызым әлі сорақы деген. Сондай-ақ кешегі орыстарға болан болып телмірген күніміз, бүгінгі егемендік күнімізден әлде қайда артық екен. Ол кезде ауырсаң ем-домың тегін, балалардың оқуы тегін, казак жанұялары үй іздеп сандалмайтын, жұмыссыз адам болмаған. Ері жұмыс істеп, әйелі үй шаруасымен айналысып, ұл-қызды үлгілі етін тәрбиелен ер жеткізді. Қазіргі уақытта ақша қуғызың, шет елдің неше түрлі қаңсығын ұлағаттатқызып не болары тұман болып қалды. Білігіміз жемқорлыққа тоқтау салмаса, тілімізге қайрау, мәдениет пен ғылымға сынау салмаса, алпауыт елдерге келісіммен тоқтау салмаса саяси жағдайға барлау жасамаса, ауылшаруашылығын күн тәртібінен түсірмейтін болса, жерімізді кім-көрінген келіп ластап кетуіне жол бермесе, иелікті өз мәнінде игерсе, әділеттілік пен тәртіпті түбегейлі қолға алса, жастарды алдамаса ғана ісі әдәл саналар еді. Бір адам мәңгі жасамас, мәңгілік, (жеріміз тыныштықта болса ) келешек ұрпақтарда ғана болмақ.

Бір көпшілік жиында Сыпатай батырдан; Жауға салар батырды қалай танысыз деп сұрапты. Сонда мынадай жауап береді:

Өзі бұрын көрмеген, білмеген ұрғашыға іркілмей барып, сонымен тіл табысып, сөйлескен адамды жауға салуға жарайды депті.

- Ел басқаратын жақсыны қайдан табасың дегенде,

- Қойды іркілмей мықты қайырған жігіт ел басына басшылық жасауға жарайды деген екен.

- Аттың жақсысын қалай танысың дегенде, арығында камшы салдырмаса, семізінде үрікпесе- аттың жақсысы сол болады депті.

### **Түйе тарту**

Семей ауанындағы Барышбайға берілген аста, түйе тарту ойыны жарияланады. Шарты: Ортадағы қазыққа байланған түйені әйел адам тыр жалапаш шешініп барып шешіп алуы керек. Ортаға шыққан Ақалуа (Түйке) қыз, екі бұрымын тарқатып, денесін шашымен жауып барып, түйенің бұйласын тісімен шешіп алады. Сонымен бірге осы астағы балуан күресі, жамбы атуда жеңіске жеткен, аты бәйгеден бірінші келген бас жүлделер иесі Ыбырайхан атты жігіт болады. Сол батыр жігіт барлық ұтқан жүлдесін қалың мал есебінде беріп Ақалуаға үйленіпті.

Абырой - адам бойындағы ең асыл құндылықтардың, кісілік пен адамгершілік қасиеттердің жиынтығы. Кез келген іс әрекеттің, жүріс-тұрыстың, мінез-құлықтың ілкі үлгісі.

### **Накыл**

Жақсы ел несінің есіл-дергі, ел қамы болса елдің ертеңі алаңсыз. Елім деген патша ең бірінші өз елінің ана тілін құрметтейді. Басқа тілді араластырып шұбарламайды. Сонда патшаның тағы шайқалмайды. Халқынан жасырып өзге елге байлық сақтамайды. Ел саған елдігін уақытша сепіп танысып отыр. Ел саған ойыншық емес, сен осы елдің перзентісің. Алды- арыңды бықсытпай, сасытпай, сөз ілестірмей таза ұста. Елдің ақылшысы, қорғанысың. Ұмытпа! Өз өміріңмен елге өнеге көрсет. Не істесеңде халқыңның ежелгі салты, дәстүрі, жақсы ырымдарын аттама. Халық теңіз. Теңіз төңкере алмайтын кеме жоқ. Ал патша-тәуліктің жылдың қай мезгілінде де патша. Керек болса -түн ортасында, қарлы бораңда, сіркіреген жауында, бет қаратпас дауылда жылы төсегіңнен тұрасың, жер шетіндегі жақсы-жаман істің басы-қасында болуға тиіссің. Ел аманат, жер аманат! Іргең бекісін, ішкі ынтымағын жарасымды болсын. Жау көз тікпесін, көршін сұқтанбасын, бас көбейсін, елің бақуатты болсын. Қазынашың өзіңдей ел қамын ойлайтын, дүние қоқыстан биік, қанағаты мол, тектіден болуы шарт. Патша өз патшалығын кіммен жақындастырарын, туыстық-одақтың жағдайда ұсгарын, кімнен аулақ болу керектігін, кереғар елдерді, ашық жауды айқындап отыруы керек. Ең бастысы – өзін қуатты ел болсаң ғана достас елдерің көп болады. Әлжуаз, жалпақ шешей болсаң- жан-жағың түлкіге түскен тазыдай қапысын тауып, соғып алудың сәтін тосалы. Тәңірім елімізді сондайдан сақтасын. Мемлекет



қаржысыз болмайды. Қаржы жыл он екі ай ашым-салықтан түседі. Салық патшаны елмен араздастыратын да қоңыр салқын ұстайтын да, патшаны ұмыттыратын нәрсе.

Жердің асты-үстіңдегі қазынаны ашыла сайрау деп кім-көрінгеннің иелігіне берін қою да патшалыққа дертті ауру. Олай етсең тыр жалаңаш қаласың. Сондықтан өзіңнен кейінгілерге не болуың керек. Шығарған өкімің орындалатын болсын. Өкімің орындалмаса қара халық сені қолтамайды. Қаранайым халықтың денсаулығы болмай, күн көріс табысы төмен болса мемлекет қаржысы да орта деген сөз. Елдегі бала саны көбеймесе, жастардың алатын білім саласы күр даңғазалыққа айналса, келешекте кім боламыз деп армандайсың. Ал бүгіндері тәуелсіз ел болғанымызға 30 жыл болса да, биліктегілерден басқа қаранайым халық әлі еол баяғы жетімдік күй кешуде.

Бүгінгі өмірімізде, тәртіптің, әділ заңның жоқтығынан елімізде адам төзгісіз жағдайлар орын алып жатыр. Үйге қолы жетпей жүрген қазақтар, қасіретті жесірлер, көзі жасты жетімдер, жұмыссыз торығын жүрген жастар (алды жұмыс іздеп шетел асып), ауырын, емделуге қайыр сұраған науқастар, қымбатшылықтан зейнетақысын жеткізе алмай жүрген қарттар, күн көрісі үшін жатжерліктің көңілдесіне айналған әйелдер, еш сезімсіз тәндерін саудалаған қыздар, қорда-қоқыстың арасынан табылатын шақалақтар, шошалада қалған көп балалы аналар, ақыр аяғы құлдыққа сағылып, дәрігерлер қолымен жасалатын бөлшек сайман болған, қайғылы қазақ өмірі осылай өтіп жатыр. Бар байлығымызды шет елдер көріп жатыр. Дәм-тұзы таусылған көрін де сатып алуға мәжбүр. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді дегендей, лауазым иелері жемқорлық пен паракорлыққа деп қойып, мемлекет қаражатын қорларға салуда. Көзін көріп, құлағың естіген соң айтпасаңа болмайды. Ал, ендігі зиялы қауым деп ауыз толтырып айтатын оқыған-тоқыған ардақтыларымыз, қаранайым халық қамы үшін емес, өздерінің күн көрісі мен құлқын қамдары үшін шыбындаған жылқы болып тәңірісіне бас шұғыйды. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді дегендей. Араларынан аршалан аларың болғанмен.

Қазақ елінің бүгінгі күнгі билігі – өте қорқынышты, атағы мен тағы үшін, елін де, жерін де садақаға атап жібереді. Қаранайым халық үшін бүгіндері бірде беті, бірде арты болып тұр. Алда не болар екен?

## Балаларыма

Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы, дәстүрі бар. Табиғат өзі солай жаратқан. Еркектікке еркектердің өзі талассын, әйелдердің таласатын не жөні бар? Қазақтың ежелгі әдеті бойынша, ер түздікі, әйел үйдікі. Мен өз басым оған келісем. Ескінің бәрін естен шығарып тастау - әділетсіздік. Кейбіреулер бұрын тек зұлымдар, қанышазер, жауыздар ғана өмір сүргендей сөйлейді, олай емес балам. Тіршілік жаралмалы бері-ақ жамандық пен жақсылық, адалдық пен арамдық үздіксіз күресіп келе жатыр. Семьяны қалай құру, кіммен құру әркімнің жеке ісі болғандықтан, шыңдан келгенде, кімнің бас, кімнің мойын болуы да сол семьяның жеке шаруасы. Бірақ баласына әкесі, қызына шешесі айтатын сыр болса, оның жөні бір басқа. «Жаманның қасында жатқанына, жақсының аяғында жат» дейтін бір сөз бар. Астары терең, жақсыға жар болудың қияметі де зор. Сұлу әйелге үйленген еркек пен жақсы күйеуге тиген әйелдің күні ұқсас. «Қатын алсаң отын ал, бір құшағын артық ал» - дейді қазақ. Үйді асырау еркектің міндеті дегенді аңғартады ол сөз. Ал тапшықтар үйленген үйдің ішкі жарасымдылығы әйелге байланысты. Әйелді еркек тек әйел болғаны, ұрпақ туғаны үшін ғана әздектей ме; Жар бола білген жақсылығы, үйде жұмақ орнатқан ақылы үшін де ардақтайды. Мәнінше махаббатпен орнаған семьяны құлатпай сақтау - ең адымен әйелдің міндеті. Үй болған әйелге ең адымен үйдің қамын ойлау қажет. Еркектерде кездесетін еренсіздік, атүстілік - әйелге келіріміз. Үй ұстаған әйел ол үйді адалдығымен ғана ұстай алады. «Еркек күнәсін далаға тастап кетеді. Әйел күнәсін үйге алып келеді» - дейді екен орыс мақалы. Әйелдің беделін бұрғындай еркек емес, енді әйелдің өзі түсіре бастағаны да байқалады. Еркек арақ ітсе, әйелі де ішті, еркегі көзіне шөп салса, еретісін әйелі де сөйтті, сен істегенді мен неге істей алмаймын деп, ақыры талай үйдің түгін өшеді.

Әйел әрқашан әйел болып қалуға тиіс, табиғат берген оның өз міндеті бар, оны орындау білімді әйелге де, оқымаған әйелге де бірдей. Әйелдің нәзіктігі, әдептілігі мен ізеттілігі, тінгі әлсіздігі мен дәрменсіздігі – бәрі еркектен артықшылық. «Мен жапымды еркексіз де бағам, тамағымды еркексіз де тауып жеймін» - дейтіндер праволық теңдік пен табиғи ерекшелікті шатастырады. Нәзіктілігінен, қылықтылығынан айырылған әйел еркекке емес өзіне өкпелесіп. Еркек те әйелдің қолындағы қазына, қазынасын ешбір патша, құдыретті бай да о заманда бұ заман қалай болса солай шашқан емес. Ендеше өз қазынасын өзі шашып әйел неге болуға тиіс.

Әр нәрсенің бағасын нәтижесі береді. Әйелдің күйеуінен талап ететін түпкі нәтижесі – жақсы көре ме жоқ па деген мәселе. Әйел күйеуінің көнілін қасында жатқандағы қылығынан, құшағынан, сөзінен, үнінен, алақанының аясынан, еміренісінен аңғаралы. Жарының аңсап тұрғанын

білген әйел, әрине бақытты. Төсің емізің, бауырына басып отырған соң барлық сәби шешесін жақсы көреді. Ол үшін бәлендей үлкен сана қажет бола қоймас, табиғи дағдысы жеткілікті. Ал баланың әкесіне мейірі түсуін мен жақсы ырымға жоримын. Әке оған емішек бере қойған жоқ, тек мейірі мен пейілі ғана. Соны байқаған бала ана сүтін ақтайды, мейірді байқағаны мейірлі бола бастағаны деп ұғынасың.

### Әкелер пені ескермейді

Ұлым сен алаканыңды жастаның ұйықтап жатырсың, мен болсам саған қарап ойлаптың отырмын. Қан қара шаныңның бірнеше талы жіпсіген маңдайыңа жабысып қалыпты. Мен жаңа ғана тығылың, ешкімге байқатпай бөлмеңе кіргенмін. Оның алдында бірнеше минут бұрын ғана жұмыс үстеліме отырып, анау-мынау қағаздарды парактап шықпақшы болып едім, бірақ кенеттен өкініш толқыны кеудеме лықсып келіп тұрып алды. Содан да өзімнің кінәмді мойындан, сенің жататын бөлмеңе келдім.

Әкенді мынадай ойлар мазалап отыр, балам: Мен күні бойы саған тым қатал қараптың. Таңертең мектепке кетіп бара жатқаныңда орамалмен бетіңдегі кірді сүрте салғаның үшін ұрыстым. Бәтәңкеңді тазаламаңсың деп тағы да зекідім. Абайсызда зағтарыңды жерге түсіріп алғанда шыламай кетіп, саған ауыр сөздер айтып жібердім. Таңғы асты інін отырғанда да саған қиліңетін ілік таптым. Стаканадағы шырынды төгіп алдың. Тамақты қомағайланып жедің. Шыпағыңды үстел үстіне қойып отырдың. Нанға майды тым қалың етіп жақтың. Ал таңғы пойызға мінігенімде сен: «Сау бол әке!» деп айқайладың. Сонда мен басқа сөз таппағандай, қабағымды түйіп: «Иығыңды тік ұста, қане!» деп жекіп қалдым. Кешкісін тағы солай болды. Үйге қайтып келе жатсам, сен жолдастарыңмен жол үстінде тізерлеп шарик ойнап жүр екенсің. Шалбарыңның тізесі қажалып қалыпты. Достарыңның алдында ұятқа қалдыратынымды ойламастан мен сені дереу үйге қуып тықтым. Киім тегін келмейді, егер өзің сатып алсаң ғой, байқап киер едің! Осы сөз әкенің балаға айтатын сөзі ме еді?! Біраздан соң мен кітап оқып отырғанымда сен кіріп келдің де, маған кінәлі адамның көзімен қарап тұра қалдың. Мен зейінімді саған аудардым да, ұнатпаған адамдай қарап: Не керек? - деп бұрқ еттім. Сен ештеңе деген жоқсың. Жүсіріп келіп мойнымнан құшақтап, бетімнен сүйдің. Мойнымнан құшақтағанда маған деген махаббатыңды сездім. Ол махаббатты жаратушы иемнің өзі жүрегіне орналастырғандай еді. Және ол махаббат менің қаталдығыма қарамастан еш бәсеңсімеген екен. Содан соң есікке қарай беттедің. Тыпырлап жатын бөлмеге кетіп бара жатқаның естіліп тұрды. Бірнеше минут өткенде қолымдағы кітап суып түсіп кетті. Бойымды қорқыныш кернеді. Менікі не осы? Қилігу, ұрысу, зеку. Саған күніге істейтінім осы. Сондағы сенің бар кінәң - бала болғаның ба? Мен сені жақсы көрмей

індеуге келмейді. Дұрысырағы: Мен сенен тым көп нәрсе күтетін сияқтымын. Бірақ әлі сен кінкештейсің. Мен саған өзіме қоятын талаптарды қойып, өзімнің жасымдағы адамның түсінігімен қарайды екенмін. Әсілінде, сенің әрекеттерің мейірімге толы әрі шынайы да. Сенің жұдырықтай жүрегің өте үлкен болуы мүмкін. Жаңа жүгірін келін бетімнен сүйін, қайырлы түн тілеп кеткенде түсіндім. Міне енді мен кереуетте ұйықтап жатқан жеріңе келіп, тізерлен ұяттан өртеніп отырмын. Әрине бұл отырған отырысым бар кінәмді жуып-шая алмайды. Алайда, мен ертең нағыз әке болып отырамын. Мен саған дос боламын, сенің уайымың менің уайымым. Сенің қуанышың менің қуанышым болады. Тіпті саған қатқыл сөз айтқым келсе де, тілімді тістей қоюға әдеттенемін. Осыған дейін мен саған балаға қарағандай емес, үлкен адамға қарағандай қарап келіпмін. Бірақ қазір сенің бір уыс болып жатқаныңды көріп сенің әлі де балдырған екеніңді әбден түсініп отырмын. Кеше ғана анаңның иығына басыңды қойып, кеудесінде тыныш тауып жататын бөбек едің ғой. Мен сенен тым көп нәрсені талап етіпмін.

- Әкеңді түсінген балам! Кінәлі екенмін!

Уильям Ларнет.

### Әкесінің баласына өсиет сөзі

Әкесі, ұлып шақыртып, құнып-сүйін көз жасына ерік берді. Қарашығым, көзімнің нұры сен едің, енді есен бол бақилыққа жүремін. Ойыным, мүлкім қалды өзіңе, қарағым, өтпес леме, тірлік те өгер, қарағып, өгер бәрі салғанда ажал назарын. Жалған дүниенің арбауына көп түстім. Балам енді сен тыңда, жалғанға арбалма. Керекті істің бәрін жиып қойышып, нәсігіге еріп, керексізге тойышып. Мен алдандым, енді сен алданба! –Ата! –деді баласы, алып-ұшып жүрегі, - басқа амалың қалмаса, шаш малыңды, қазынаңды үлестіріп бер. Қазынаңды төгіп жаныңды алып қал ата! Аман болсаң алтын-күміс табылар! Малыңды үлестір ішкіз-жеткіз. Дүниенің түбіне жет ата. Сен түбіне жетпесең дүние сенің түбіңе жетер! Дүние емес елге керекті амандық, есендік. Құс екең құс та дәнін тірлігі үшін теріп жейді. Ай, ұлым, - деді әкесі, - өлім алтын-күмісіне қарай ма? Қарамайды! Білім, ақыл шылауыңа жарай ма? Жарамайды! Дүние мүлік өлімді тоқтата алса, бектер өлім дегенді білмес еді ғой, көр дегенді көрмес еді ғой. Біліктің білімі де сен болмас. Әкімдердің әкімдігі еп болмас. Ажалды дәрі-дәрмек тоқтата алса, оташылар өлмеседі ғой. Ажалды құзырет, мәртебе тоқтатсағ құдыретті пайғамбарлар әлі тірі жүрмес пе еді?

Туғаннан соң өзекті ерге – бір өлім,

Өлім үшін тудым дейді кім өзін.

Адам ет пен сүйек. Қалғанының бәрі жамау-жасқау, құрау-сұрау. Етпен сүйектен жаралады. Киім киіп нығыз көтеріледі. Қару-жарак асынып, лауазым алып кеудесі өсті. Атағын шығарды, даңқын асырды. Қоңілі өсіп ашыаң-ашыаң басты. Дүние жиды, мал іірді, жер басты. Соның бәрі менікі деп күшіді. Күмшіді. Ақыры ет пен сүйек күйінде кетті. Екі құлаш бөз, екі адым жер. Ол да уақытша. Жер қарынына түскен соң, ол да бір топырақ. Жан жоғалды не тара?! Болмағандай, ұшты кетті, күр сүйек пен тән ғана қалғаны. Жанның үйі – тән. Тәнің үйі енді жер қойыны. Жанның есідігі үйі жерде ме, көкте ме, кім білсін? Жан ұясы – тән еді, тән жер үйіне кірген соң, жан шырылдап баспанасыз зар қақты. Шырқырап биік ұшып жаннатқа кірді ме? Жер бауырлап тозаққа түсті ме? Кім айта алар?

Екі дүниеде кісілерге керекті үш нәрсе деді ақыл – бірі ізгі қылық, тұзу құлық. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Құлық тұзу жанға ел сенеді. Қылығы тұзу төрдеп орын тебеді. Ұят, намыс ердің абыройын сақтар. Ұятсыздық алтын басын таптар. Тұзу қылық бектің сағып сындырмас. Адамға үш нәрсе жаманатты. Біріншіден арысз жаман, мақтап жаман, жамандық жаман. Екіншіден алдау-арбау жаман, арамдық жаман. Үшіншіден, алыпсатар жаман, сараңдық жаман. Адамды ақымақ қылатын осы үш түрлі наландық. Ойлап қарасаң, пейілі тар, жаман адам жұғысқан жұмыс кері кетіп, қырсық шалар. Өтірік, өсекпен аты шыққан жаманның елге қалірі есектен төмен. Сасық қоңыз сияқты бокты терген сараңдықтан ұятты не болсын.

Алдағы үшеудің жолы – құт.

Соңғы үшеудің жолы – жұт.

Жүсін Баласағұннан.

## Тәлім-тәрбие

Бұрынғы кезде үлкендер, әке-шешелеріміз әңгіме айтқанда, баяғыда деп сөз бастаушы еді, енді сол баяғыдағыны біз айтатын болдық. Баяғыда бала кезімізде әке-шешеміз біздерді өте қатал тәртіптен тәрбиеледі. Ол кісілер не айтса соны бұлжытпай орындадық. Бір шаруаны айтса соған тиянақ қойып, баламасы жақсы үлгілі сөзбен жеткізетін. Ауыл тірлігі, алты ай қыс, алты ай жаз кезінде де екі үйден ғана көрші болып қоныстанатын. Шешеміз сол көршінің жақсылығын, ұл-қыздарының тазалығын, тәртіптілігін бізге үлгі-өнеге ретінде айтып отыратын. Сонда малшы қауымы тек малдың қамын ойлаумен өмір кешіпті. Өздерінің денсаулығы болса болғаны, басқа дүние-мүлік жинау дегенді тіпті де ойламапты. Біздің балалық шағымыз да тура сол кезенге тап келіп, үлгі-өнеге, тілалғыштық, үлкенді сыйлау, әбес сөз сөйлемей, қайырымдылық жасау тура үлкендер сияқты қалыппен алғаш ұстаз алдын көрдік. Әке –шеше тәрбиесінен кейін көргеніміз ұстаз білімі мен ұлағаты болды. Ұстазды сыйлаудың ерекшелігі

ілті бөлек еді, ол кісіні көресек тоқтай қалып, бае кимімізді қолға алып, еңкейіп тәжім ететінбіз, қашан өтіп кеткенше. Бала өмірінде ұмытылмайтын кез ол алғаш ұстаз алдына партаға отырып, қолыңа қалам алып дәптерге әріп түсіріп, ата-ана деген сөз жазып, әлішнені оқу ғой. Одан кейін зерлең болса болғаны әрі қарай тылаем өмірге қалам басасың. Бұл ұстаздар берген екінші саты білім мен саналылық. Осы тұрғыда адамдардың ұстаздарға деген алғысы шекеіз шығар. Басқаларды қайдам, өзім үшін алғашқы қолыма қалам ұстатқан ұстазым, «Жекетау» бастауыш мектебінің мұғалімі Кәдәрин Әбілжан әкеміз еді. Ол кісі Ақтау тауы баурайындағы малшылардың қадірлен, сыйлайтын адамы болды. Ол кісімен қоса Қорған мектебінің ұстазы Садуов Қайыркен болды. Осы кісіден де сабақ алып бастауыш мектепті тәмамдадым.

1959 жылдың қыркүйек айында «Айшырақ» жеті жылдық мектеп интернатының бесінші класына бардым. Бұл кез әрине білімге деген ынта-ықыластың артуы, көпшілікпен араласу, танысу, жақсыны көру тұрғысындағы сатының алғашқы баспалдағы саналатын. Бастауыш мектепте бір ғана мұғалімнен білім аласың енді әр пән бойынша сабақ беретін ұстаздар алдын көресің. Рүстемов Зейнолла ботаника, зоологиядан берді. Сабақ өткізгенде қаранайым сөзбен астарлап тап-таза, ал-анық түсіндіруші еді. Зекең интернаттағы балалар тәрбиесілігін атқарды. Интернатқа келгенде ең бірінші тазалық дейтін. Үсті-бастарың таза болсын, жатар-тұрар жерлерің таза болсын, тазалық жоқ жерде сабақ оқу әурешілік деп әр балаға ұрысын та, ақыл ғып та айтып отыратын. Сабақ оқығандарыңда бір оқып қана қоймай қайталап оқыңдар, қайталау білімнің анасы дейтін.

Отарбаев Еренғайып – ол кісі кербез болатын. Үстіне қылшық жуытпайтын. Аяғыңдағы аяқ киміңе қыста қар, көктемде лай жұқпайтын. Біздер, ұлдар, біз де осы кісідей болсақ деп армандайтынбыз. Есеп түсіндіргенде башпен асықпай шығарып, түсіндіріп, екінші қайталамайтындай ғып ұғындыратын. Сабақ үстінде өте қатал, шыбынның ызыңынан басқа дыбыс шықпайтын. Әсіресе ала көзімен қарағанда оқушылардың дымы шықпай, үзіліске шыққанда ғана дем алатындай болатынбыз.

Орманбаев Рахым – сабақ өткізгенде уақытының он минутын қызықты – ұлағатты әңгімемен немесе күлдіргі әзілмен жеткізетін. Бұрынғы өткен ақын-жазушылар өмірінен көп дәйектеме беретін. Біздің тыңдай бергіміз келеді, бірақ 45 минут тез өте шығады. Рақаң орыс тілі әдебиетінен берді. Сол уақыттарда, мен бірінші класқа барып он бір бітіргенімше ауылда бірде-бір орыс семьясы болмады десем, қазір ешкім сенбейтін шығар.

Омаров Әбдікәрім тарих сабағынан дәріс береді. Біздің ұстаздарымыздың ішіндегі ең жақсы үлкені, соғысқа қатысқан, көпті көрген, колхозда халық бақылау тобының жетекшілігін атқарған өте қағал кісі болатын. Сендер бізге қонақсындар, орта мектепті бітіріп шығарсындар, сонда нашар оқысаңдар кім боласындар, сондықтан әр басқан қаламдарыңа мән беріңдер, осы бастан дейтін.

Жақыпбеков Зекеп – қазақ тілінен сабақ берді. Сөз байлығы көп, биязы, сөзге шешен, жазуы сондай әдемі болатын. Ол кезде езілген сия дәуіті мен қаламұшты қаламмен жазамыз. Ол кісі бізге ылғи он бірінші қаламұшпен жазғызатын. Құмырсқа бел қаламұш майда жазғанымен жазуларың бұзылып кетеді деп отыратын. Менің ақылым, ең бірінші үстілерің таза, пайдаланған кітап-дәптерлеріңді ұқынған ұстаңдар, ертең өскендеріңде сендерді кім оқытқан, қайда оқыдыңдар деген сөз мектеп атына кір келтірмесін деп айта беретін.

Кұлмағанбетова Жамал – химиядан сабақ берді. Біздің «Айшырақ» мектебіне 1962 жылы келіп жас ұстаз болды. Сабағын түсіндіріп алғаннан кейін бізге өз өмірі жайлы, студенттік шағын әңгімелен беретін. Бүкіл мектеп-интернат балалары тегіс Жамал апайды жақын тартып сыйлап өтті. Бізге ең алғаш жұлдыз журналына шыққан Ш. Айтматовтың «Ана, Жер анасын» оқып беруді ұстазымыз болды. Жақсы оқыңдар, жақсы болыңдар, ертең сендер де әр мамандық иесі боласындар, сонда біздің осы айтқанымызды өздерің балаларға айтасындар деуді еді.

Торғайов Қалижан – физикадан дәріс берді. Бұл кісі шебер еді, қол еңбегі сабағынан кейін түсіндіріп үйрететін. Ең аяғы шеге түзету, шеге қағу, ағаш кесу, етол, орындық аяқтарын бекіту, ара жүзін қайрау, айыр-күрек саптаудың әдістерін үйретті. Балға, балға саптарын шауын, түрпілеп қолға жайлы етіп дайындан көрсететін.

Ахметжанова Роза – апай, көрікті, қадірлі кісі еді. Оқушыларға, не істесеңдер де тиянақты атқарыңдар, еріншектің ертеңі таусылмайды дегендей еріншек болмаңдар, пайдаланған, ұстаған заттарыңды ықтиятты ұстаңдар, қадірін біліңдер деп ақылып айтатын.

Арынбеков Әділ – днешынықтырудан берді. Бұл ұстазымыз жайдары, үнемі көңілді жүретін. Ол кезде мектеп-интернатқа отын дайындау, көмір түсіру, ағаш бұтау, су тасу тағы басқа жұмыстардың бәрі де днешынықтыру еді ғой. Мұғалімдердің шөбіне көмектесу, қой кезегіне бару бәрі де еңбек, баға еді.

Ашықбаев Мұқжыан – бұл кісі момын, оқушыларға жайлы ұстаз еді. Жүріс-тұрысы түзу үлгілі кісітін. Неміс тілінен сабақ берді. Біздер айна-свайн деген сөздерді ғана оқып шықтық.

Оспанов Амантай – он ай ғана сабақ берді. Тарих пәнінен дәріс бергенде ылғый маңғазданып отыратын.

Мектептен тысқары «Қызыл отау» кітапханасының меңгерушісі Әбдіқадыр әкеміздің де, біздер, оқырмандар үшін жасаған еңбегі қаншама? Қысы-жазы аттың қоржынына кітапты толтырып алып қойшы ауылды аралап оқырмандарын ырза қылатын. Үлкендер мен балаларға қандай кітап оқу керектігін айтып қалағалап отыратын. Сол Әбекәң әкеміздің айтқан ақылымен өз басым осы күнге шейін кітап оқудан жалыққан емесмін.

Бүгіндері ойлап отырсақ кешегі колхоз кезінде осы жоғарыдағы аты аты аталған ұстаздарымыздың әр-қайсысы бір төбе, өмірімізге, келешегімізге, бағыт-бағдар берген, жүрегі сойлеген, тілінің пәрін еккен тұлғалар екен. Бәрінің де айтары, біз бір кезде кетеміз, сендер біздің орыннымызды басасыздар, біздің тәрбиеніміздің жақсысын бойларыңа сіңіріп, үлгілі ұрпақ жалғастырыңдар дейтін.

Балам балалы болғанда білерсің дегендей сол ұстаздарымыздың берген білімі мен тәрбиесін еске ала отырып, бүгіндері білімнің, тәрбиенің төмендеп кеткеніне өкініш айтасың. Өткенді еске алмай, болашақты болжай алмайсың әрине.

Келейдің күні кіжінумен өтеді демекші, кеудесінде жүрек бар, шақшадай басында торғайдың миындай миы бар, сана-сезімі болған әрбір жан баласы елдің өсуіне, өркендеуіне, денсаулығына, білім алуына кері әсер жасап жатқан билік шенеуліктеріне айтар алғысы бола қоймас. Жасымыз ұлғайған кезде, өткен күндер мен жылдар есіңе түсіп тіркіп-ай дегенді көп айтасың. Мен де сол кездердегі өмірден өткен әке-шеше мен тәрбие алған ұстаздарыма дұға бағыштап, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын деймін. Мектеп бітіріп кәмелеттік куәлік алған соң үшінші сағы, ағалар, әкелер, үлкендер қауымына қосылып еңбек майданына араласасың. Бұл орта тәрбиесі, сені алғыр ойлылыққа, шыншылдыққа, туралыққа, адалдыққа баулып, илеген қайыстай, өрілген қамшыдай, тиянақтылыққа орнықтырады. Ауызыңнан шыққан сөзіңнің өзіне мән беруге тура келетін, қарағым, айналайын, бауырым деген сөзді айтуға аузың ашылып тілің сайрайтын кез жетіпші ондықтан асқан кезің. Жас кезімізде біреулерге, үлкендерге мінездеме беруге дәтің жетпейді. Қазіргі кезде өткендер еске түсіп келешекке мысқалдай болса да септігі, үлгісі болар деген ниетпен қолыңа қалам алып күнделік, ермек жасайсың.

Жазықтағы жан төбеге шыққанға мәз. Төбедегі биікке қуанады. Биіктегі адам – шыңға құмар. Пенденің пендешілігі – қол жеткен жақсылықтың бәрін еншілі үлесіне балайды. Екі көзі қарақты кісінің өзі үшін шықпаған шың – өкініші, арман ғана, ал айырылған асқар, ең парықсыз адамның өзі үшін арымас қайғы, талғамы мен үйреншікті биігінен айрылғанын сезінген сәтінде – топшысы үзіліп, құз түбінде жатқан сұңқардан да бақытсыз. Баяғыда бір жасы келген кісі қиналыстан, саясат-



саясат дейді, әкеңнің ауызы, саясатың алдау екен гоі депті, сол сияқты өмір – алдау.

### Есте қалған естігендерім

Жаңаарқа жерінде Сайдалы руының ішінен шыққан зиялы, құрметті адамдар көп болған екен. Соның бірі Меңдеке ұлы Қаңтарбай аталарымыз. Сайдалының биі, болыс басқарушысы болып сайланған екен. Ол кісінің баласы Иса да білімді, ел арасында сыйлы, кербез кісі болыпты. Бүгіндері Орынбай-Сасықбай жерінің шығысында Иса бидайығы деген жер бар. Ол жерлердің шөбі ығи да бітік өседі, әрі құнарлы болады дейді. Иса әкеміздің бір қасиеті үйіне қанша кісі келсе де ұялмай қарсы алатын аukatты бар адам болыпты. Осы мінезін білетін қатарлары әдейі сынамақшы болып ақылдасып, қырыққа тарта кісі болып, ыңғайсыз кезде Исаның үйіне құдайы мейманбыз деп келе қалады. Жылқы кенкі өрісіне шығып кеткен. Иса әкеміз де жанындағы көршілеріне, балаларына саспаңдар амалын өзім табам, азар болса кара жорға атты мінер, кімдікі болса да ана аттардың ішіндегі ең семізін таңдап сойындар депті. Исекең үйге кіре, ал қонақтар малға бата беріңіздер дейді. Қонақтар ішіндегі үлкені бата береді. Қонақтарды ретіне қарай екі үйге орналастырып шөл басыңыздар деп бөріне де бірдей ағаш шарамен қымыз ұсыныпты. Қымыз ішісімен шай да қайнап дайын болады. Осы келген қырық кісіге бірдей тайлы-бие шыныаяғымен шай бергізеді. Әңгіме дүкен құрып, ел арасы мен сауда жайлы сөз болады. Бір кезде ас дайын болып қалған екен, қол жуып алыңыздар деп қолға су құйғызады. Отырған қонақтар қозғалақтай, бір-біріне қарап, бұл қалай болды, сыбырласады. Сонда ішіндегі басалқы айтатын басшылары дымдарыңды шығармай, сый көріңдер депті. Екі үйдегі төрт үстелге табак тартылып тамақ желінеді. Еттен кейін сорпа ауыз тигеннен кейін қайта қымыз беріледі. Қонақ кәде жасағанда да қырық кісіге қырық жастық, қырық көрне, жайлы төсек дайын болады. Қонақтар ұйқылары қанып тұрған кезде есік алдында бірнеше сары самаурын екі иығынан дем алып, ызылдап қайнап тұр дейді. Шайдан кейін тағы да табак тартылып, сабадан қымыз құйылады. Келген қонақтар көрген сыйларына риза болып Иса әкемізге рахметін жаудырып аттанар кезде Қуат деген біреуі атының жоқтығынан ертоқымын қолына ұстап тұрса керек.

Сол кезде Исекең, әй, Әбіп балам, ана қонақтың ағы босанып кетіпті, менің ана кара жорғамды әкеп ерттеп бер дейді. Оған ағы жоғалған Қуат қуанып Исаның кара жорғасына да қол жетеді екен-ау деп ішінен тәубе айтады. Сонымен қонақтар Иса ауылынан ырза болып аттаныпты.

Иса әкеміз бір жылы Қоянды жәрмеңкесіне мал айдап апарып саудалапты. Қолының ашықтығы сондай, бір жағы атым қалсын деген ой ма кім білсін, үш сомдық қағаз ақшаға махорка орап шылым тартып,

жанындағы кісілерге де шылым шеккізіпті. Ол кезде бір семіз қой бағасы 3-сом болса керек. Жан-жақтан жәрменкеге келген игі жақсылар көзінше ақшамен (жағын) самаурын қайнатыпты деген сөз қалыпты. Жиған-тергенін үйіне келген қонақ күтумен, бергендігімен, сый жасаумен өткен көрген кісі болыпты.

Иса әкеміз жазда шөбін шапқызып алуға ағайындары мен қатарластарын шақырады. Малың сойып, ішін-жемін, қымызын мол етін дайындалады. Олармен бірге екі ағайынды кісінің Айдарбек баласы Жакыпты, Жандарбек баласы Ынтықбекті де арнайы шақырады. Ынтықбек менің әкем Қанаудың әкесі, Жакып Зікірияның әкесі. Жиналған кісілер қатар тұрып алып қол шапқымен үш күн ішінде Иса бидайығын шауып береді. Жакып әкеміз ескіше көп оқыған білімді, сонымен қоса Бекетау баласы Нұрмағанбет соныдан тәлім бата алған шарапатты кісі болыпты. Сол Жакып әкеміз Исаға, сен мені тойғызсаң ғана шөп шабам, тоймасам қолыма шалғы ұстамаймын дейді екен. Жакып әкеміз шағын шар адам болыпты, онымен тұрмай жегіш екен. Бір жылқы етін жең сабадағы қымызды тауысады екен. Оны білетін Иса ол кісіге, сен шөпшілерге, шөп басына тамақ, суын жеткізіп тұр депті. Жакып әкемізге өзінің құрдастары, әй Жакып сенің бойың, денең мынау, осыншама тамақ пен қымызды қай жеріңе ішін-жейсің, сырынды бізге айтсайшы деп сұраса оларға өмірі ауыз ашпапты. Жасы тоқсаннан асқан қартайған шағында бір жолдасы әй, Жакып!- ертең өлесің сонда сырынды көрге бірге ала кететің бе, маған айтып кет деп жні келін сұрапты.

Сонда әкеме, әй ит-ай қоймадың ғой, сертімді бұзғып болдым, олар енді менен кететін болды, менің екі шығымда екі сары балам болды, тамақты менің қолымнан сол екеуі ішін-жейтін деп досына айтып қойып, киесі қайтып кетіпті.

Әкелерімізден естігеніміз ғой, балаларымыз оқып осындай әкелеріміз болған екен деп айтып жүруі үшін жазылды. Естіген құлаққа жазық жоқ.

### Ұлағаттылық

Сонымен еркектің соры сөзінде, әйелдің соры көзінде емес пе? Еркек неме айтқаныма жетіп тынам деп тыраштанса, әйел неме көзіме көрінгенді иемденіп тынам деп әуре болмай ма? Сондықтан да, көңілі сөзден азатын еркек кіндіктіні көлденең сөзден сактандырған аталарымыз әйелді көлденең көзден қорғаштап баққан ғой. Ақ некелі қосағының құшағынан табылатын төсектен басқа жердің бәрінде де ұрғашының көзін қара түндей қара пердемен қымтап ұстаған бабалар соның бәрін білмей істеді дейсің бе? Ол немелің көзін ашып қойғаннан гөрі етегін біржолата шашып қойғанның өзі дұрыс. Көзі көргенге құмартпай тұрар ұрғашы ма? Құмартса болды, ол

пақырлар құмарына жетпей сірә тынар ма? Ұрғашының көзіндегі жас та бір, көзбояушының қолындағы алтын да бір, екеуінде де она она жоқ.

Неңде біткеннің бәрінен жоғары тұру жалғыз құдайға жарасқан дейді ғой. Адамға біткен астам даңқ, астам күш, астам өкімет, астам дәулет, астам өнер, түгітен келгенде, бәрі де бақыт емес сор шығар. Үстап тұру да, шыдау да қиынның қиыны.

Байқасаңыз, сұлу қатыны бар бай да, астына ұрлықтан түскен ат мінген адамдай болып шығады. Өз-өзінен қуыстанып, жұрттың жүзіне телміріп, екі көзі тостағандай болған бұл не дәурен! Оның өзі құлын мүшем бұзылады, осы әрімен ел алдында жүріп, атым елге мәлім болып деп бір қыздан кейін тумай қойды.

Ал ана Омардай, жылына бір ұлдан табатын кең құрсақ, кебеже қарын қатын алғанда, малың бақташысыз, дәулетің мұрагерсіз, шаңырағың иесіз қалады деп қорықпай, жағаң жайлау, омырауың төскей, төрт жағың төрт құбыла боп отырмас па едің. Олардың қайын енесі де ұлды көп тапқан кісі еді, үйіне қашан барсаң да түбегі қаңсып, жөргек сасып отыратын.

Асылы, қатын алсаң анасына қара, жолдас ертсең әкесіне қара дегенде баяғы шалдар қымыз ішіп, қызара бөртіп, шалқактан отырып емес, бастарына бірдеңе мықтап тиген соң айтқан болды ғой.

Әй, аруағыңнан айналайып ата-баба, мал бағып мақал шығарудан басқаны білмеген сендердің айтқандарыңды түгел орындап жүрсек те, басымыз бүйтін айналас еді-ау. Ести тұра ұқпай, ойымызда сайрап тұрса да ұмытып кетіп, құдай атады ғой бізді.

## Таң сыры

Дүниеде билеуші атаулы, бет ажары келіскенімен денесінде тыртығы бар сұлу әйелмен бірлей ғой. Әлгіндегі әйел сыртынан алдына келген еркектің құлқынын құртып, құмартқызып отырғанымен, ішінен әлем-жәлем боп, қорынумен болады. Сұлулығына табынған еркек денемдегі мінімді біліп қоймаса екен деп қуыстанады. Өйткені, әлгі міні әйгілі болған күні сұлу аты да құриды. Билеушілер де сыртымен ықтырып отырғанымен, ішінен сескенеді, бағыныштысын бойына дарытқысы келмейді. Ал сарай маңының сабылмаларының да нәпсікор еркектердей қашан барлық гәпті біліп болғанша өліп-өшетін ежелгі әдеті бар. Сондықтан да бұл бағыныштысының қасы мен қабағын алдымен өзі аңдиды, егер ол алда-жалда мұның бір сырына түсініп қалса, дереу көзін құртады. Өйтпесе өзіне қауіп. Өйткені билеушінің тағдыры да сұлу әйелдің тағдырындай. Қай күн жұрт оның ісі мен қылығына таңданудан қалса, сол күні оның да дәуренінің өткені.

## Құс етін далада пісіру

Далада жүрiп аң аулағанда аңшылардың бойында түз жүруi керек. Кезiккен Қыргауыл, Құр, Шiл, Бұлдырық және кiшкентай Бодененi далада иiсiргiң келсе, жүнiн жұлмай-ақ, арқасынан жарып иiшек-қарынын алып тастап, иiнiне қымыздық жапырағын түз қосып салып жарған жерiн тобылғымен түйреп, денесiнiң сыртын бiр елi қалыңдықта лаймен сылап, *жанын жатқан от ортасына тастайды*. Бiр сағатқа жетпей еттiң иiскен иiсi шығады. Домаланған күс денесiн оттан алып ыстық күйiнде сыртындағы лайды сындырса күс жүнi терiсiмен бiрге сыпырылып таза етi қалады. Үлкен түйе жапырақ үстiне бөлшектеп сал да жей бер. Сондай дәмдi болады.

### Тас қорық

Бұл да далада, көшкенде, жол үстiнде иiсiрiп iшетiн қою сүт. Жолда шөңке, бақыр басқа да ыдыс болмағанда. Үйренген қой мен ешкiнi немесе сиырды, тоқтаған, аялдаған жерде үлкен шара аякқа сауып алып, отқа қыздырылып алған қаз жұмыртқасындай ақ тастарды шараға бiрiнен соң бiрiн салып қайнатып иiсiредi. Бұл сүттiң тәттiлiгi сондай бiразға дейiн дәмi таңдайышқан кетпейдi. Әсiресе күзгi қойдан қозы айырып сауғандағы (шөптiң иiскен кезiндегi) қой-ешкi сүтi қою, тiптi өзгеше болады.

### Жау қарын

Менiң мектепте оқып жүрген кезiм, 1962 жылы жазушы Аскар Тоқмағанбетовтың «Төрт жыл яки төрт сағат» деген шағын кiтабынан оқығаным бар едi. Бiр атакты аңшы аша шығып, бас жағына биiк қамыс өскен бұлаққа келiп, сусындан, күн болса ыстық, киiктi осы жерден тосайын деп, бұлақтың ық жағынан өзiне ыңғайлы орын дайындап, шитi мылғығын оқтап тосып жағады. Бiр шамалы уақыт өткенде бұлаққа екi қасқыр жүгiре келiп, арланы бұлақ жапынан күмдi жердi жапталаса қазып, қазған жерге қаншығын шөкесiнен жатқызып коме бастайды. Қаншық қасқырды көмiп болған соң арланы келген iзiмен кейiн кетiп қалады. Ендi не болар екен деп шыдамы таусыған аңшы, не де болса тосайын деп қозғалмай жатады. Бiр шамалы уақыт өткенде бұлаққа қарай қаптап келе жатқан киiктердi байқайды. Киiктiң алды суға бас қойып iше бастайды. Аңшы да демiн ишiне тартып көз алмай бақылауда. Көмiлген қаншық қасқыр киiкпен екi ортада. Киiктердiң сағы ешкiсi ғой, бiр ешкi бiр жақ жанына елеңдеп қарай бередi, бұл ненi кордi деп, ешкi қараған жаққа қараса, бiр қураған жылқының басы көлденеңiнен жылжып киiктерге жақындағанын көредi.

Қалың киік жайбарақат су ішкені кейін шығып, ішпегендері суға бас қойып өздерімен өздері ешпәресеге алаңдамай жайбарақаттық танытуда. Аңшы мына бас қалай қозғалады деп анықтан қараса басты көлденең тістеп жербауырлап жылжып келе жатқан арланды көреді. Киіктер, бір жүріп, бір тұрып көмілген қаншыққа жақындап келеді. Аңшы да тықыршып тағатсыздануда. Киіктердің соңы суға бас қойған кезде арлан бас тасасынан оқтай атылып қалың киік тобына араласады. Не болғаны белгісіз опыртопыр, тым-тырақай қашқан киіктер аңшының екі жағынан зулап өтіп жағады. Арлан бір киік текесін шабынап жарып, қаншық та бір киікті тамағынан жапталаса сығымдап жағқанын көреді. Екі киік енді тұра алмайды не де болса өзіме таяу қаншықты атайып деп нысанаға алып шигіге от қояды. Жақынан атылған оқ қойсын ба қаншық қасқыр орынында қалады. Мылтық даусы шығысымен арлан да текені тастай салып зытып отырады. Аңшы шигісін екінші оқтауға үлгере алмай қалады.

Аңшы орышынан тұра сала екі киікті бауыздап алады. Бұл бұйрықты қойсаңшы, ойламаған жерден бір қасқыр екі киікті бір оқпен олжалау аңшының ойына келіп пе? Ауылынан алып шыққан тамағы таусылып енді тамактану қамына кіріседі. Бұлақ басына таяу жерден шынтақ бойы жер ошақ қазып ішіне тобылғы, көкпек әкеліп жағады. Оған шейін қаншық қасқыр терісін сыпырып, киік терісін түсіріп, сүйектерінен етті қырып алып, білемдеп кесіп, жуылған ешкі қарышына сиғаныпша салып, шамалы су құйып, тұз салып қарын аузына асықты жіліктің екі жағын тесіп түтік ретінде жуан жағын ашы шекпен орап байлайды. От жаққан шұңқыр әбден қызды-ау деген кезде шұңқырдағы отты шоғымен сыртына шығарып сол жерге ет салынған қарынды салып, үстіне шамалы топырақты сумен шылап лайлап, үстіне қайталан мол етіп от жағады. Қарын аузындағы жіліктің ұшы шұңқырдың бір жиегінен шығарып қояды. Отты біраз уақыт жаққаннан кейін шығып тұрған жілік өзегінен бу шығып еттің піскен иісі білінеді. Бұл екі ортала киіктің текесінің ішінен тазартып; еттерін жіліктеп терісіне орап мықтап бүрмелеп байлап тастайды. Етті де қасқыр терісін де қамыс жұлып әкеліп көлеңкелеп жауып тастайды. Біраздан кейін от табы толық басылған соң от орысын сырып тастап қарын үстіндегі топырақты абайлап алып, ши сыпырғымен қарынды жыртып алмай мұқият тазартады. Енді қарынды пышағымен тігінен және көлденеңінен тіліп кесілген жерінен сыртқа қарай қайырып тобылғы істікпен түйреп ал да жей бер. Тойғаныңша же. Бұндай тәтті етті ешкім де дәл осылай пісіре алмайды. Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген осыдан қалса керек. Далала жол үстінде, тамақ пісіретін ыдыс болмағанда жаугершілікте, жаушы-жаужәлемдегі жау қарын деген осы болады. Бұл жауқарынды ауылда да дәмдеуіштермен дәмдеп пісіріп жесе қандай ғанибет. Біз жалқау қазақтар, ауызымыз айтқанымен қолымыз қозғалмай қалады ғой.

## **Ермек**

Жарты әлемді білген Шыңғысхан да дүшекеңіз болған ба деп қаласын. Тақ билік бола тұра Шыңғысханға ешкім де, ешқандай жүзік-сақина соғып тарту жасамапты. Екі қолындағы он саусағына салған жүзік-сақиналары өзінің жаулап алған қала-қамалдардың ішіндегі сұлу қатындар, зергер, ұста және атакты жауынгерлер, дін басыларының саусақтарын қызыппен қыркып түсірін, сол саусақтағыларды жуып-сүртін саусағына салыпты.

Бұқараны шапқанда, сұлу қыздарды алдынан өткізгенде қолына қып-қызыл парі лағыл сақина таққан қаса сұлулық саусағын шаптырып алып тағыпты.

Жаулаған екінші бір қаланың әкімінің әйелінің қолындағы тауһар жүзікті де сол жолмен алыпты. Отырарды шапқанда атакты ұстаның қолындағы сіркелі күміс сақинаны да осылай алыпты. Қаз тауында астындағы сұрмойнақ атын тамағынан орын жіберген жауынгер жігіттің шынашағындағы – үр тас сақина. Термез базарында Шыңғысханшап қорқып қолындағы жүзігін жұтып қойған саудагерлердің ішінен жарғызын тауып алған күлгін жақұт сақина. Басқасы басқа бұл да Шыңғысханның ермегі болғанға саяды. Алтын-күміс адамның көз құрты дегеніңіз осы шығар.

**Шапау Қашауұлы**

**Ғұмыр ғибраты**

Мәтін редакторы

Қойлыбай Асанов

*Шиімі 60x80/16. Қағазы офсеттік.  
Баспа табағы 11.875. Көлемі 190 бет.  
Таратымы 100 дана*

*«Medet group» ЖШС, 100017  
ҚР, Қарағанды қаласы, Республика даңғылы 40*

